

ҚАЗАҚСТАН
ТЕМІР
ЖОЛЫ

2021

БІРІКТІРІЛГЕН ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП



КОМПАНИЯ ЦИФРЛАРМЕН

	2021	2020	Өзгерістер: Абсолютті мәні	Өзгерістер: %
ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР				
Негізгі қызметтен түсетін кіріс, млрд теңге	**1 328,5**	1 173,3	155,2	13,2
Жүк тасымалынан түсетін кіріс, млрд теңге	**1 184,3**	1 062,5	121,8	11,5
Жолаушылар тасымалынан түсетін кіріс, млрд теңге	**57,3**	38,2	19,1	50
Операциялық табыс, млрд теңге	**254,8**	181,6	73,2	40,3
EBITDA, млрд теңге	**408,4**	349,5	58,9	16,9
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР				
Жолаушылар тасымалы				
Жолаушы айналымы, млрд жолаушы-км	**9,5**	6,4	3,1	49,9
Тасымалданған жолаушылар, мың жолаушылар	**11 597**	8 150	3 447	42,3
Жүк тасымалдары				
Жүк айналымы, млрд т-км	**233,3**	231,8	1,5	0,7
Тасымалданған жүк, млн тонна	**288,4**	287,4	1	0,3
Контейнерлік тасымалдар				
Контейнерлермен транзит, мың ЖФБ	**1 066**	876	190	21,7
ҚОСЫМША КӨРСЕТКІШТЕР				
Тізімдегі қызметкерлер саны, адам	**112 581**	119 071	-6 490	-5,5
Әйелдер үлесі, %	**23**	23	0	0
Әлеуметтік қолдауға жұмсалған шығыстар, млрд. теңге	**11,6**	9,3	2,3	24,7
1 қызметкерді оқытуға арналған сағаттар саны	**41**	35,1	5,9	16,8
Өндірістік жарақаттану оқиғаларының саны	**35**	34	1	2,9
Қозғалыс қауіпсіздігін бұзушылықтар саны	**137**	158	-21	-13,3
Табиғат қорғау қызметіне жұмсалған шығын, млн теңге	**755,5**	817,3	-61,8	-7,6
Қалдықтар көлемі, мың тонна	**60,9**	75,9	-15	-19,7
Энергия тұтыну, мың ш.о.т.	**1 272,8**	1 237,5	35,3	2,9



ЕСЕП ТУРАЛЫ

Осы Біріктірілген жылдық есептің мақсаты біздің мүдделі тараптарымызға тұрақты дамудың үш аспектісі – **экономикалық**, **әлеуметтік** және **экологиялық** аспектілері шеңберінде Компания және оның қызметі туралы толық және шынайы ақпарат беру болып табылады. Сондай-ақ Есеп «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың 2029 жылға дейінгі Даму стратегиясы туралы ақпаратты қамтиды.

Есепте қабылданған шартты белгілер

Есепті пайдалану ыңғайлылығы үшін төменде шартты белгілер берілген.

МӘТІН

Экономикалық аспект көрсеткіштері

Көрсетілген түспен белгіленген деректер Компанияның экономикалық көрсеткіштерін көрсетеді.

МӘТІН

Әлеуметтік аспект көрсеткіштері

Көрсетілген түспен белгіленген деректер Компанияның әлеуметтік көрсеткіштерін көрсетеді.

МӘТІН

Экологиялық аспект көрсеткіштері

Көрсетілген түспен белгіленген деректер Компанияның экологиялық көрсеткіштерін көрсетеді.

GRI

GRI стандарттарын ашу көрсеткіші

GRI индексі GRI Стандарттарына сәйкес ашылған ақпаратты көрсетеді.

Маңызды тақырыптар

Біздің мүдделі тараптар мен Компания анықтаған тақырыптарды маңызды деп жариялау

Компанияның Даму стратегиясы

Компанияның Даму стратегиясын іске асыру, Компанияның мақсаттары мен жоспарлары туралы ақпарат ашып көрсетіледі.

Интернет-сілтемелер

Толық ақпаратты көрсетілген веб-сайттан таба аласыз.

Қосымша ақпарат

Толығырақ ақпарат есеп ішіндегі көрсетілген бөлімде ашып берілген.



МАЗМҰНЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ 3

1. БАСШЫЛЫҚ ҮНДЕУІ 7

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ 7

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ 9

2. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ 11

Компания тарихы 13

Компания қызметінің бағыты 13

Бизнес-модель 14

Жылдың негізгі оқиғалары 15

Халықаралық ұйымдарға, қауымдастықтарға қатысу және халықаралық қағидаттарды ұстану 23

3. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП 25

Даму стратегиясы 25

№1 мақсат. Компанияны қаржылық тәуекел аймағынан шығару және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету 29

Тарифтік реттеу 29

Борыштық жүктеме 32

№2 мақсат. Компания тиімділігін арттыру 33

Нәтижелерді шолу 33

Активтер құрылымы 47

Негізгі бизнес-бірліктер 49

Қызмет тиімділігін арттыру 59

Инвестициялық қызмет 60

Цифрлық трансформация және цифрландыру бағдарламасы 61

№3 мақсат. Клиенттердің қанағаттанушылығын арттыру 67

Клиенттердің қанағаттанушылығы 68

№4 мақсат. Поездар қозғалысы қауіпсіздігіне кепілдік беру 73

Қозғалыс қауіпсіздігі 75

Еңбекті қорғау 77

№5 мақсат. Компанияның тұрақты дамуын қамтамасыз ету 85

4. ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕП 87

Тұрақты дамуды басқару 89

Экономикалық әсер 93

Әлеуметтік жауапкершілік 103

Экологиялық жауапкершілік 127

Энергия тиімділігі және энергия үнемдеу 135

5. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП 139

Корпоративтік басқару құрылымы 141

Директорлар кеңесі 144

Басқарма 168

Лауазымды адамдардың сыйақысы 180

Корпоративтік хатшының аппараты 183

Ішкі аудит қызметі 185

Корпоративтік омбудсмен 187

Комплаенс-қызметі 189

Мүдделер қақтығысын басқару 191

Корпоративтік этика 192

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау 195

6. ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП БЕРУШІЛІК 201


7. ҚОСЫМША АҚПАРАТ 299

Есеп мазмұны мен тақырыптар шекарасын анықтау принциптері 303

Есепте GRI стандарттарын ашу көрсеткіші 305

Глоссарий 309

8. БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ 311



«ҚТЖ» ҰК» АҚ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

Даму стратегиясына сәйкес біздің басымдықтарымыз

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ



Компания теміржол көлігіндегі қауіпсіздік мәселелеріне аса көңіл бөледі.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ поездар қозғалысының қауіпсіздік деңгейі ТМД теміржол әкімшіліктерінің арасында ең үздіктердің бірі болып табылады.




Біздің қызметкерлер — Компания үшін ең құнды ресурс.

Компания қызметкерлерінің кәсіби біліктілігі – ел темір жолы дамуының негізі.


Компания өзінің әлеуметтік міндеттемелеріне ерекше көңіл бөледі және толық әлеуметтік пакет және оқыту мен кәсіби дағдыларын арттыру мүмкіндігін ұсына отырып, өз қызметкерлерінің өмірі мен жұмысы үшін барынша қолайлы жағдай жасауға ұмтылады.

2021 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың әлеуметтік шығындары 11,6 млрд теңгені құрады.



Компания көміртегі ізін төмендету бойынша шаралар қабылдауда.

Компания қоршаған ортаға теріс әсерін азайтуға тырысады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 12 желтоқсанда Климаттық амбициялар саммитінде Қазақстанның 2060 жылға қарай көміртекті бейтараптыққа қол жеткізуі туралы бастамасын қолдау шеңберінде Компанияда «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың 2060 жылға дейінгі кезеңде төмен көміртекті дамуға көшуі жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді.



Біздің қызметкерлеріміздің қауіпсіз еңбек жағдайы мен олардың денсаулығын қорғау - Компания үшін басымдыққа ие мәселе. Біздің мақсатымыз – нөлдік жарақаттану жағдайын жасау.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ нөлдік жарақаттану жағдайын жасау мақсатында әрбір қызметкерге қолжетімді, «жұмысты тоқтату» функциясын қоса алғанда, Өндірістік қауіпсіздіктің интеграцияланған жүйесін енгізді.

2021 жылы 600 қызметкер қауіпті жұмыстарды тоқтатты.



Біздің мақсатымыз – клиенттерге қызмет көрсету сапасын арттыру.

Біздің күш-жігеріміз ең алдымен клиенттеріміз үшін ұсынылатын қызметтердің сапасын жолаушылар және жүк тасымалдарында, сондай-ақ көлік-логистикалық қызметтер көрсету кезінде жақсартуға бағытталған.
2021 жылы Компания көрсетілетін қызметтер сервисін жақсартуды жалғастырды, бұған клиенттердің қанағаттану деңгейі дәлел бола алады, оның артуы Компанияның барлық негізгі еншілес ұйымдарында байқалды.



Компания үшін желіні және жылжымалы құрамды пайдалану тиімділігін тұрақты арттырудың маңызы зор.

Компанияның 2021 жылғы операциялық пайдасы 2020 жылмен салыстырғанда 40,3%-ға өсті.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

1

Құрметті акционер, серіктестер, инвесторлар және жылдық есеп оқырмандары!

Сіздердің назарларыңызға «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың 2021 жылғы қызметінің нәтижелері туралы жылдық есепті ұсынамыз.

Жылдық есеп корпоративтік басқарудың белгіленген стандарттары шеңберінде барлық мүдделі тараптар үшін ақпаратты ашудың ашықтығы мен толықтығы рухында дәстүрлі түрде қалыптастырылған.

Өткен жыл «ҚТЖ» ҰК» АҚ үшін Директорлар кеңесі жаңа құрамының сайлануымен және Компания Басқармасы жаңа командасының қалыптасуымен ерекшеленді. Біз мұны Компанияны дамытудың жаңа кезеңі және табысқа жету жолын ұстанудың мүмкіндіктерін іздеу деп білеміз.

Компания қызметкерлерінің ұйымшыл жұмысының арқасында «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың таза пайдасы 2021 жылы 2020 жылмен салыстырғанда 7,4 есеге артып, 119,1 млрд. теңге болды.

Есеп беріліп отырған кезеңде Компания корпоративтік басқару рейтингін арттыруда алға қадам жасады. Корпоративтік басқарудың тәуелсіз консалтингтік компаниясы диагностикасының қорытындысы бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ-қа «BB» рейтингісі берілді. Бұл алдыңғы бағаға қарағанда жақсырақ (2018 жылы «B» рейтингі) және Компанияның Даму стратегиясының жоспарына сәйкес келеді. Компания Директорлар кеңесі мен Басқармасының үйлесімді және тиімді жұмысы, сондай-ақ ESG мәселелеріне ерекше басымдық берілуі, көрсеткіштің жақсаруының маңызды саласы болды.

Пойыздар қозғалысы қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау Компания қызметінің басым және маңызды құрамдас бөлігі болып қала береді. 2021 жылы поездар қозғалысы қауіпсіздігін бұзу 13%-ға төмендеді, алайда, өткен жылға қарағанда жарақаттану жағдайларының саны 3%-ға ұлғайды.

Елдің көміртегі бейтараптығына қол жеткізу бөлігіне қатысты Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауын іске асыру мақсатында Компания «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарының 2060 жылға дейінгі кезеңде төмен көміртегілік дамуға көшу бойынша іс-шаралар жоспарын қалыптастырды. Іс-шаралар жоспары алдағы жылдары дәйекті түрде іске асырылатын болады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Компанияның еңбек ұжымдарының қаржылық-экономикалық мүмкіндіктерін ескере отырып, әлеуметтік тұрақтылығын қолдау үшін барлық ықтимал шараларды қабылдауда. Айталық, қызметкерлеріміздің материалдық әл-ауқатының деңгейін арттыру үшін 2021 жылы еңбекақы 22%-ға арттырылды. Сондай-ақ еңбекақыны өсіру 2022 жылы да көзделіп отыр.

Директорлар кеңесі Компанияның тұрақты дамуы, корпоративтік басқарудың озық тәжірибесін енгізу, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету және Компания қызметінің экологиялық салдарын барынша азайту жөніндегі жұмысты жалғастырады.

Жалғыз акционерге, клиенттерге, инвесторлар мен серіктестерге сенім мен жемісті ынтымақтастық үшін алғысымды білдіремін.

Компания ұжымына және сала еңбеккерлерінің әрқайсысына мамандыққа адалдығы, Қазақстан Республикасы экономикасының игілігі үшін қызметтің тиімділігін арттыруға және дамытуға ұмтылысы үшін алғыс айтамын.

Біздің 2021 жылғы жұмысымыз туралы сізге Жылдық есепте көрсетілген сандар мен фактілер толығырақ мағлұмат береді.

Құрметпен,
ШОМОДИ КАЛЬМАН,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы



ШОМОДИ КАЛЬМАН

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы

GRI 102-14

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

Құрметті әріптестер, серіктестер және жылдық есеп оқырмандары!

2021 жыл «ҚТЖ» ҰК» АҚ және жалпы еліміз үшін оңай болған жоқ. Ковидтен кейінгі кезең және жалғасып жатқан теріс жаһандық экономикалық үрдістер көлік қызметтері нарығында көшбасшылықты сақтау және қызмет тиімділігін арттыру бойынша Компанияның негізгі бағдарлары мен міндеттеріне сын-қатер болды.

Қолданыстағы Даму стратегиясын ұстанған Компания өзінің беріктігі мен ұжымының тұтастығын көрсете отырып, жоспарланған нәтижелерге қол жеткізді.

Нәтижесінде, пайдаланымдағы жүк айналымы Компания құрылған сәттен бастап максималды нәтижеге жетіп, 2021 жылы 239 млрд т-км құрады.

Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу кезеңіндегі контейнерлік транзиттің рекордтық көлемі – 1 млн ЖФБ-ден астам көлемді құрағанын ерекше атап өткен жөн. Мұны теміржолшылардың ел экономикасын дамыту ісіне қосқан елеулі үлесі және дұрыс жүргізіліп жатқан транзиттік саясаттың жарқын көрінісі деп санаймын.

Жолаушылар айналымы өткен жылмен салыстырғанда 50%-ға артты, бірақ пандемия жағдайында пойыздардың шектеулі қозғалысының сақталуына және халықтың ұтқырлығының қысқаруына байланысты жоспарлы мән – 14,8%-ға жеткен жоқ.

Активтер мен еңбек өнімділігін арттыру, жалпы және әкімшілік шығыстарды қысқарту жөніндегі шаралар нәтижесінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың операциялық пайдасы 2020 жылғы фактіге қарағанда 40,3%-ға өсіп, 254,8 млрд теңгені құрады. Таза пайда өткен жылдың фактісі мен 2021 жылға белгіленген жоспардан асып, 119,1 млрд теңге мөлшерінде қалыптасты.

Сонымен қатар «ҚТЖ» ҰК» АҚ жылжымалы құрам паркін жаңарту бойынша айтарлықтай жұмыс жүргізді. 82 жаңа жолаушылар вагоны, 957 фитингтік платформа, 1 000 жүк вагоны және 60 локомотив сатып алынды.

Компания қызметінде қозғалыс қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету сөзсіз басымдыққа ие болып қала бермек. 2021 жылдың соңындағы жағдай бойынша LTIFR (жұмыс уақытын жоғалту болатын тіркелген оқиғалардың жиілік коэффициенті) 2020 жылмен салыстырғанда 0,27-ден 0,25-ке дейін жақсарды. Компания тарапынан пойыздар қозғалысы қауіпсіздігінің бұзылу саны 13%-ға төмендеді.

Мемлекет басшысының Қазақстанның 2060 жылға қарай көміртекті бейтараптыққа қол жеткізуі туралы бастамасына сәйкес Компания көміртегі ізін төмендетуге және төмен көміртекті технологияларды енгізуге бағыт алды.

Біздің қызметкерлеріміздің материалдық әл-ауқатының деңгейін арттыру үшін 2021 жылы өндірістік персонал еңбекақысы екі рет 10%-ға ұлғайтылды.

Сонымен қатар, пандемияға қарамастан күн сайын өз міндеттерін жоғары деңгейде орындаған Компания ұжымына алғыс айтқым келеді. Сондай-ақ COVID-19-ға қарсы жалпы ұжымдық иммунитет деңгейін арттыру және Компаниядағы қалыпты жұмыс режимін тез қалпына келтіру мақсатында ерікті ревакцинациядан өткен қызметкерлердің түсінігі мен жауапкершілігін атап өткен жөн.

Сондай-ақ Жалғыз акционерге, клиенттерге, инвесторлар мен серіктестерге сенім артқаны және бірлескен жемісті қызметі үшін ризашылығымды білдіремін. Біздің ынтымақтастығымыз ары қарай тек оң жолмен дами беретініне сенемін.

Құрметпен,
САУРАНБАЕВ НҰРЛАН ЕРМЕКҰЛЫ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы



САУРАНБАЕВ НҰРЛАН ЕРМЕКҰЛЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы

2

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы («ҚТЖ» ҰК» АҚ, Компания) - көлік-логистика холдингі, Қазақстан Республикасының магистральдық теміржол желісі операторы, Ұлттық теміржол жүк және жолаушылар тасымалдаушысы.

GRI 102-1

GRI 102-5

Қазақстан Республикасының Үкіметі




SAMRUK KAZYNA

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың Жалғыз акционері – Қазақстан Республикасының Үкіметі құрылтайшысы және жалғыз акционері болып табылатын «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (Қор).

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар - тобы еліміздегі локомотивтердің, жүк және жолаушы вагондарының ең ірі меншік иесі. «ҚТЖ» ҰК» АҚ - Қазақстандағы ең ірі жұмыс беруші.



Темір жолдарының ұзындығы бойынша Қазақстан жолтабанының ені 1520 мм болып келетін ТМД мен Балтық елдері арасында 3 орынға ие.

Компанияның ресурстары мен активтері

1,8 МЫҢ
ЛОКОМОТИВ

2,4 МЫҢ
ЖОЛАУШЫЛАР ВАГОНЫ

46,2 МЫҢ
ЖҮК ВАГОНЫ

112,6 МЫҢ
ҚЫЗМЕТКЕР

Қазақстан темір жолдарының ұзындығы

21 МЫҢ КМ
БАСТЫ ЖОЛДАРДЫҢ ЖАЗЫЛУЛЫ ҰЗЫНДЫҒЫ

16 МЫҢ КМ
ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫНЫҢ ҰЗЫНДЫҒЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ тасымалдау қызметі Қазақстан Республикасының **14 облысымен** және республикалық маңызы бар 3 қаламен және 16 түйісу пункті арқылы **көршілес 5 елмен: Қытаймен, Ресеймен, Өзбекстанмен, Қырғызстанмен және Түркіменстанмен** экономикалық өзара байланысты қамтамасыз етеді.

Жүк айналымы бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ **дүниежүзінің 15 ең ірі теміржол компанияларының қатарына кіреді.**



«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ

КОМПАНИЯ ТАРИХЫ

1997

«Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны» Қазақстан Республикасының теміржол кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 31 қаңтардағы № 129 қаулысымен республикалық мемлекеттік кәсіпорындарды:

- Алматы темір жолы басқармасын
- Тың темір жолы басқармасын
- Батыс Қазақстан темір жолы басқармасын

қосу арқылы құрылды.

2002

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 наурыздағы №310 қаулысымен «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнын және оның еншілес мемлекеттік кәсіпорындарын қосу арқылы «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамы құрылды.

2004

«ҚТЖ» ҰК» ЖАҚ «ҚТЖ» ҰК» АҚ болып қайта құрылды және саладағы бәсекелестікті дамыту мен жекеменшік иинвестицияларды тартуға бағытталған Қазақстан Республикасының теміржол көлігін қайта құрылымдаудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы қабылданды. Аталған бағдарламаны іске асыру шеңберінде локомотив шаруашылығы негізінде «Локомотив» АҚ құрылды, ал бүкіл вагондардың мүкәммал паркі дербес кәсіпорын – «Қазтеміртранс» АҚ болып бөліп шығарылды.

2005

Жолаушы тасымалдаушылардың шығындарын жабуға республикалық бюджеттен субсидиялар бөліне бастады.

2016

Тасымалдау қызметі мен инфрақұрылымды бөлу арқылы жүк тасымалдаушы – «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ құрылды (2020 жылы «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС болып қайта құрылды).

КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАҒЫТЫ

GRI 102-2 | 102-6

- Магистральдық теміржол желісі қызметтері
- Теміржол жүк тасымалдары
- Теміржол жолаушылар тасымалдары
- Көлік-логистикалық қызметтер

БИЗНЕС-МОДЕЛЬ

СЕРІКТЕСТЕР

Тауарлар мен қызметтерді жеткізушілер

Теміржол әкімшіліктері

Көлік-логистикалық компаниялар

НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ

Магистральдық теміржол желісі қызметтері

Жүк тасымалдау

Жолаушылар тасымалы

ҚҰНДЫ ҰСЫНЫСТАР

Белгіленген талаптарға сәйкес ұсынылатын жүктер мен жолаушылар тасымалдау бойынша қауіпсіз, сенімді қызметтер көрсету

РЕСУРСТАР

Магистральдық теміржол желісі

Локомотивтер

Жүк вагондары

Жолаушылар вагондары

Білікті персонал

ТҰТЫНУШЫЛАР СЕГМЕНТТЕРІ

Жекеменшік жолаушылар теміржол компаниялары

Жолаушылар

Жүк вагондарының жеке паркі бар жеке компаниялар

Жүк жөнелтушілер

НЕГІЗГІ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР

Клиенттер

Акционер

Директорлар кеңесі

Қызметкерлер

Кәсіптік одақтар

Мемлекеттік органдар

Инвесторлар мен несие берушілер

БАҚ

Халық

Серіктестер

ШЫҒЫНДАР ҚҰРЫЛЫМЫ

Магистральдық теміржол желісіне қызмет көрсету және күтім жасау

Локомотивтерді жөндеу және сервистік қызмет көрсету

Жүк және жолаушылар вагондарын жөндеу және сервистік қызмет көрсету

Энергия тасымалдаушыларға арналған шығыстар

Қызметкерлерге еңбекақы төлеуге арналған шығыстар

ПАЙДА АҒЫНДАРЫ

Жолаушылар тасымалынан түскен кірістер

Жүк тасымалынан түскен кірістер

Жүктерді экспедициялаудан және жүк вагондарымен операция жасаудан түсетін кірістер

ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ

ҚАҢТАР



18 қаңтарда теміржолшылардың, жүк жөнелтушілердің және салалық қауымдастықтар өкілдерінің қатысуымен бейнеконференция өтті, онда олар экспортқа, оның ішінде ҚХР-ға жіберілетін контейнерлерде жүк тасымалдау мәселелерін талқылады.



18 қаңтарда денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі саласындағы халықаралық стандарт талаптарына сәйкес менеджмент жүйесін қайта сертификаттау аудиті шеңберінде ISO 45001:2018 халықаралық стандартының жаңа нұсқасына көшті.

АҚПАН



1 ақпанда Алтынкөл шекара бекеті және «KTZE-Khorgos Gateway» құрғақ порты арқылы Қытайдан Қырғызстанға алғашқы контейнерлік пойыз өтті.

2 ақпанда «ҚТЖ» ҰК» АҚ және «Үрімші темір жолы» ЖШҚ өкілдердің қатысуымен COVID-19 жағдайында қазақстан-қытай шекарасындағы өткізу пункттерінің жұмыс істеу мәселесі бойынша бейнеконференция өтті.

21 ақпанда «ҚТЖ» ҰК» АҚ, «Құрық порты» ЖШС және «Kaspi Grain Way» ЖШС арасында Құрық портында терминал салу бойынша ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

НАУРЫЗ

16-26 наурызда ТЖЫҰ Жүк тасымалдары жөніндегі комиссиясының кезекті отырысы өтті, онда жүктерді тасымалдау жөніндегі 2020 жылғы жұмыстың қорытындылары шығарылып, экспорттық, импорттық және транзиттік жүктерді тасымалдаудың 2021 жылға арналған көлемі келісілді.

16 наурызда Ақтау портында «KTZ Express» АҚ «KTZE Батыс» филиалының қызметкерлері контейнерлік пойызды алғаш рет электронды транзиттік декларациялаудан өткізді.



18 наурызда Стамбул қаласында (Түркия) «Транскаспий халықаралық көлік маршруты» халықаралық қауымдастығы» ЗТБ жұмыс тобының көшпелі отырысы аяқталды. Қауымдастықтың 2020 жылғы қызметінің қорытындысы шығарылып, 2021 жылға арналған даму жоспарлары қабылданды.

19 наурызда Душанбе қаласында Қазақстан-Тәжікстан экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссиясының 16-отырысы шеңберінде екі мемлекеттің теміржол әкімшіліктері арасындағы ынтымақтастықтың перспективалары талқыланды.

СӘУІР

1 сәуірде Нұр-Сұлтан қаласына Наньнин қаласының (ҚХР) Гуанси-Чжуан автономды ауданының әкімшілік орталығынан ауыр құрылыс техникасы бар пилоттық контейнерлік пойыз келді.

2 сәуірде «Жолаушылар тасымалы» АҚ Бас директоры П.Штурм Көлік және логистика саласындағы Қазақстан-Герман ынтымақтастығын дамыту мәселелері жөніндегі 10-онлайн-конференцияға қатысты.

9 сәуірде бейнеконференцбайланыс режимінде «Теміржол көлігі» Стандарттау жөніндегі техникалық комитеттің (ТК 40) кезекті отырысында 2020 жылғы жұмыс қорытындысы шығарылып, 2021 жылға арналған басым міндеттер айқындалды. 19-23 сәуірде Варшава қаласында (Польша) ТЖЫҰ темір жолдарының бас директорлары (жауапты өкілдері) конференциясының XXXVI отырысы өтті, онда 2020 жылғы қызмет қорытындылары шығарылып, 2022 және одан кейінгі жылдарға арналған жұмыс жоспарлары талқыланды.

21 сәуірде «Қазтеміртранс» АҚ Мәскеу қаласында (Ресей Федерациясы) өткен 25-ші халықаралық көлік-логистикалық қызметтер, қойма жабдықтары мен технологиялар көрмесіне қатысты. Қазақстан Республикасының аумағында «Қазтеміртранс» АҚ-тың сервистік келісімшарттары негізінде «Первая грузовая компания» АҚ мен «Новая перевозочная компания» АҚ вагондарына тиеуді ұлғайту және Ресей Федерациясының аумағында «Первая грузовая компания» АҚ және «Новая перевозочная компания» АҚ-ларының сервистік келісімшарттары негізінде «Қазтеміртранс» АҚ вагондарына тиеуді ұлғайту бойынша меморандумдарға қол қойылды.



24 сәуірде «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы Н.Сауранбаев «Российские железные дороги» ААҚ басшысы О.Белозеровпен көлік және логистика саласындағы ынтымақтастық мәселелері бойынша келіссөздер жүргізді.

27 сәуірде «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-да 2021 жыл «Планетаны таза ұста – өзіңнен баста!» ұранымен Экологиялық мәдениет жылы деп жарияланды.

МАМЫР



5 мамырда ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы Н.Сауранбаевты қабылдады, ол 2021 жылдың бірінші тоқсанындағы жүк тасымалының қорытындылары, жылжымалы құрам паркін және магистральдық теміржол желісін жаңарту, Компанияның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы баяндады.

19 мамырда «ҚТЖ» ҰК» АҚ делегациясы Халықаралық темір жолдар одағының (ХТЖО) Жүк форумына (Париж қ-сы, Франция) қатысты. Жүк тасымалы саласындағы инновациялар, цифрлық бастамалар, жүк тасымалдаудың экологиялық аспектілері, трансконтиненталдық дәліздер мен бағыттарды дамыту мәселелері талқыланды, 2019-2021 жылдардағы қолданыстағы жобалар бойынша есептер тыңдалды, сондай-ақ 2022 жылға арналған жаңа жобалық бастамалар ұсынылды.



25 мамырда Баку қаласында (Әзербайжан) «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы Н.Сауранбаев пен «Әзербайжан темір жолдары» ЖАҚ төрағасы Д.Гурбанов жүктерді тасымалдау бойынша бірлескен жұмыстың қорытындылары мен алдағы ынтымақтастықтың перспективаларын талқылады.

27 мамырда «ҚТЖ» ҰК» АҚ делегациясы Еуразиялық экономикалық комиссияның Көлік және инфрақұрылым жөніндегі консультативтік комитетінің 20-отырысына (Мәскеу қ-сы, Ресей Федерациясы) қатысты, ал 2021 жылғы 26 қазанда Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасымен Еуразиялық көлік дәліздері мен бағыттарының тізбесі бекітілді. Сондай-ақ Еуразиялық көлік дәліздерін дамытудың кешенді жоспары мен олардың пайдалану сипаттамаларын үйлестіру мәселелері талқыланды.

МАУСЫМ

8 маусымда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Теміржол көлігі жөніндегі кеңесінің жетпіс төртінші отырысы (Ресей Федерациясы, Мәскеу қ-сы) өтті, оның қорытындысы бойынша Кеңестің бірқатар нормативтік құжаттарына, оның ішінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің, Латвия Республикасының, Литва Республикасының, Эстония Республикасының теміржол әкімшіліктері арасындағы кешенді есеп айырысуларға байланысты өзгерістер қабылданды.



9 маусымда Достық станциясында тестілік режимде жаңа контейнерлік терминал жұмысын бастады, оның қуаттылығы бірінші кезеңде жылына 80 мың контейнерді құрайды. Алдағы уақытта жүк айналымын жыл сайын 330 мың контейнерге дейін жеткізу жоспарланып отыр.

15-18 маусымда «ҚТЖ» ҰК» АҚ делегациясы Темір жолдар ынтымақтастығы ұйымының (ТЖЫҰ) Министрлер кеңесінің XLIX сессиясына (Польша, Варшава қ-сы) қатысты, онда өткен жылғы ТЖЫҰ қызметінің есебі мақұлданды, көлік саясаты, теміржол көлігін дамыту стратегиясы, көлік құқығы, ТЖЫҰ академиясы, ТЖЫҰ теміржол көлік дәліздерін басқару (үйлестіру) тетігін құру мәселелері талқыланды.

24 маусымда «ҚТЖ» ҰК» АҚ делегациясы 2021-2022 жылдарға арналған ХТЖО АТАА вице-төрағасы лауазымына «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы Н.Сауранбаевты тағайындау туралы шешім қабылданған Халықаралық темір жолдар одағының Азия-Тынық мұхиты өңірлік ассамблеясының (ХТЖО АТРА) 31-отырысына қатысты, сондай-ақ «Транстелеком» АҚ орындаған «Теміржол инфрақұрылымына цифрлық технологияның көмегімен техникалық қызмет көрсетуді болжау» (PMDT) жобасының нәтижелері қабылданды.

28-29 маусымда «ҚТЖ» ҰК» АҚ және «Теміржол техникасын өндірушілер бірлестігі» коммерциялық емес серіктестігі («ТЖТӨБ» КЕС) ұйымдастырған «Теміржол жылжымалы құрамын өндіру және қызмет көрсету кезіндегі инновациялық технологиялар мен материалдар» атты бірлескен халықаралық конференция өтті.

30 маусымда Достастыққа қатысушы мемлекеттердің темiржол әкімшіліктері уәкілетті өкілдерінің IX кеңесінде қоршаған ортаны қорғау және экологиялық қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықтың өзекті мәселелері қаралды.

ШІЛДЕ



9 шілдеде еріктілердің өтініші бойынша құрғақшылықтан зардап шеккен фермерлер үшін Арыс станциясынан Маңғыстау облысына шөп тиелген алғашқы вагондар жөнелтілді.

21 шілде «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы Н.Сауранбаев «Атамекен» ҰКП Президиумының Логистика және тасымалдау комитетінің төрағасы болып сайланды.

26 шілдеде «HSE DAYS» халықаралық жобасының алаңында «Қауіпсіздіктің жазғы марафоны» өтті, онда ірі компаниялардың, соның ішінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ өкілдері еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы өз тәжірибелерімен бөлісті.

27 шілдеде «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы Н.Сауранбаев Өзбекстанның Көлік министрі И.Махкамовпен және «Узбекистон темир йуллари» АҚ басшысы Х.Хасиловпен теміржол көлігі саласындағы ынтымақтастық мәселелері бойынша келіссөздер жүргізді.

ТАМЫЗ



18 тамызда «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы Н.Сауранбаев пен «Российские железные дороги» ААҚ бас директоры О.Белозеров Қағазсыз технология бойынша жүктер мен вагондарды тасымалдауға көшуді жандандыру жөніндегі жол картасына қол қойды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ мен «Российские железные дороги» ААҚ контейнерлік пойыздармен агроөнеркәсіптік өнімді жедел жеткізуді көздейтін «Агроэкспресс» мамандандырылған сервисін ұйымдастыру мен дамытудағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

20 тамызда Шолпан-ата қаласында ЕАЭО Үкіметаралық кеңесі аясында «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы Н.Сауранбаев, «Российские железные дороги» ААҚ Бас директоры О. Белозеров және Беларусь темір жолының бастығы В.Морозов Еуразиялық экономикалық одаққа (ЕАЭО) мүше мемлекеттер темір жолдарының транзиттік әлеуеті мен экологиялық қауіпсіздігін тұрақты дамытуға жәрдемдесу туралы меморандумға қол қойды.

20 тамызда Еуразиялық үкіметаралық кеңес отырысында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің 2021–2023 жылдарға арналған үйлестірілген (келісілген) көлік саясатының негізгі бағыттары мен іске асыру кезеңдерін жүзеге асыру жөніндегі

іс-шаралар жоспары (жол картасы) және «ҚТЖ» ҰК» АҚ қатысуымен әзірленген ЕАЭО мен оның мүше мемлекеттері және ҚХР арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту мүддесінде теміржол жүк тасымалдарын цифрландыру жөніндегі бірінші кезектегі іс-шаралар жоспары қабылданды.



23 тамызда «ҚТЖ» ҰК» АҚ делегациясы Шанхай ынтымақтастық ұйымына (ШЫҰ) мүше мемлекеттердің теміржол әкімшіліктері басшыларының үшінші кездесуіне қатысты. Кездесу ШЫҰ Бас хатшысы В.Норовтың қатысуымен өтті. Теміржол инфрақұрылымының өзара байланысын дамыту, инфрақұрылымды дамыту жоспарларының саясаттары мен стратегияларын, теміржол көлігінде техникалық инновацияларды дамыту жоспарларын ұштастыру, бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, мультимодальдық тасымалдардың тиімділігін арттыру жөніндегі бірлескен шаралар талқыланды.

ҚЫРКҮЙЕК



8 қыркүйекте «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы Н.Сауранбаев Түркіменстанның Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Б.Реджеповпен кездесті. Кездесу барысында транзит-көліктік өзара іс-қимылдың мүмкіндіктері мен перспективалары талқыланды.

22-24 қыркүйекте Нұр-Сұлтан қаласында Қазақстан машина жасаушыларының IX форумында секциялық отырыс өтті, онда теміржол машинасын жасауды дамыту мәселелері талқыланды.

23-24 қыркүйекте Баку қаласында (Әзербайжан) «Транскаспий халықаралық көлік маршруты» халықаралық қауымдастығы» ЗТБ басқарма және жалпы жиналысының отырысында «ҚТЖ» ҰК» АҚ басшысы Н.Сауранбаев «Транскаспий халықаралық көлік маршруты» халықаралық қауымдастығы» ЗТБ басқарма төрағасы болып бекітілді.

29 қыркүйекте онлайн режимде Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және сала ардагері, мемлекет қайраткері Н.Исинғариннің 80 жылдығына арналған «Қазақстанның көлік әлеуеті: бастау көздері мен болашағы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.

ҚАЗАН

10 қазанда «Жолаушылар тасымалы» АҚ әйел адамдар үшін жол жүру құжаттарын (билеттерін) ресімдеу бойынша жаңа қызметті іске қосты.

13 қазанда «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы Н.Сауранбаев Алматы қаласында өткен III қазақстандық халықаралық «Көлік және логистика» көрмесі аясында өткен конференцияда сөз сөйледі.



14 қазанда «ҚТЖ» ҰК» АҚ Халықаралық темір жолдар одағымен бірлесіп Еуропа және Азия-Тынық мұхиты өңірі елдерінің теміржол саласын стандарттаудың өзекті мәселелеріне арналған халықаралық семинар (ҚР, Нұр-Сұлтан қ-сы) өткізді.



26 қазанда «ҚТЖ» ҰК» АҚ делегациясы 2022 жылға арналған жобалар тізбесі, соның ішінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың «Темір жолда қолдану мүмкіндігін талдау мақсатында сутегі технологияларын зерттеу және талдау» жобасы келісілген Халықаралық темір жолдар одағының Азия-Тынық мұхиты өңірлік ассамблеясының (ХТЖО АТРА) 32-отырысына (Франция, Париж қ-сы) қатысты.

30 қазанда «Digital Bridge» форумы аясында Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевқа «Энергодиспетчерлік тартым автоматтандырылған басқару жүйесі» (ЭДТ АБЖ) жобасы таныстырылды. Жүйе әр локомотивті нақты уақыт режимінде басқаруға мүмкіндік береді.

30 қазанда ТМД елдері теміржол әкімшіліктерінің 30-шы Тарифтік конференциясында 2022 фрахт жылына халықаралық қатынаста жүк тасымалдаудың жаңа тарифтік саясаты қабылданды.

ҚАРАША

4 қарашада Қазақстан Республикасының Президенті қ-сыТоқаев Екібастұз қаласындағы теміржол кластерімен танысып, «Проммашкомплект» теміржол көлігіне арналған доңғалақтар шығаратын зауытта болды және серпімді клеммалар мен бұрандалар шығаратын «Ферротранстрейд» зауытын іске қосты.

9 қарашада Ланьчжоу станциясынан (ҚХР) Достық станциясы арқылы Қарағанды ферроқорытпа зауытына арналған жүк – рудотермиялық пеш бар пилоттық контейнерлік пойыз жөнелтілді.

9 қарашада «KTZ Express» АҚ пен әлемдегі ең ірі порттар мен терминалдар операторларының бірі «PSA International» Азия - Еуропа бағыттары бойынша цифрлық тасымалдарды ұйымдастыруға қатысты ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

11 қарашада Қостанай станциясынан Достық станциясы арқылы Қытайдың Чунцин қаласына бидай кебегі тиелген алғашқы контейнерлік пойыз жөнелтілді. Пойыз 46 қырық футтық контейнерден жасақталды.

12 қарашада «S&P Global Ratings» халықаралық рейтинг агенттігі «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың ұзақ мерзімді рейтингін «BB» деңгейіне дейін, ұлттық шәкіл бойынша рейтингін - «kzA» - дан «kzA+»-ға дейін көтерді. Болжам - «тұрақты». Рейтингтердің жоғарылауы компания көрсеткіштерінің жақсаруына байланысты болды.

22 қарашада 22 қарашада (Ресей Федерациясы, Мәскеу қ-сы) Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің теміржол көлігі жөніндегі кеңесінің жетпіс бесінші отырысы өтті, оның қорытындысы бойынша кеңестің жүк вагондарын пайдалану, есепке алу және пайдалану үшін есеп айырысу тәртібін регламенттейтін бірқатар нормативтік құжаттарына өзгерістер қабылданды.



26 қарашада Алматы қаласында өткен «Логистика, көлік және білім берудегі инновациялық технологиялар» халықаралық конгресі шеңберінде теміржолдағы қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.

27 қарашада «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының Трансформациялау және цифрландыру жөніндегі бірінші орынбасары Ә.Ахметжанов бастаған делегация «Беларусь темір жолы» мемлекеттік мекемесіне өндірістік қызметтегі озық технологиялар, тасымалдау процесін автоматтандыру және инфрақұрылымды дамыту саласында тәжірибе алмасу мақсатында сапар шегіп, аралады.

30 қарашада Алматы станциясынан «Кедентранссервис» АҚ терминалынан Қытайдың Сиань қаласына LCL (Less than Container Load) қағидаты бойынша бірінші құрама жүк контейнерлік пойыз құрамында жөнелтілді, онда бүкіл контейнерді резервке қоюдың қажеті жоқ, тек оның бір бөлігін ғана резервке қою жеткілікті.

30 қараша-1 желтоқсан аралығында «ҚТЖ»ҰК» АҚ делегациясы ХТЖО Азия-Тынық мұхиты өңірінің өкілі ретінде (Франция, Париж қ-сы) «Темір жолдардың болашағы: модальдық жылжуларды қалай жасауға болады» симпозиумына қатысты.

30 қараша-3 желтоқсан аралығында «ҚТЖ» ҰК» АҚ делегациясы ТЖЫҰ Министрлер Кеңесі мүшелері уәкілетті өкілдерінің бірлескен кеңесіне және 2022 жылға арналған жұмыс жоспары бекітілген ТЖЫҰ темір жолдарының бас директорлары (жауапты өкілдері) конференциясына қатысты.

ЖЕЛТОҚСАН

1 желтоқсанда жолаушылар пойыздарының 2 сағаттан астам кешігуі туралы хабарлау бойынша жолаушыларға арналған SMS-хабарландыру жүйесі іске қосылды.



4 желтоқсанда «ҚТЖ» ҰК» АҚ бірінші басшылары өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жыл сайынғы III форумда өндірістік қауіпсіздік бойынша жеке міндеттемелерге қол қойды.



10 желтоқсанда Ақтау теңіз портына құрамында Қытайдың Сиань қаласынан Түркияның Мерсин қаласына жөнелтілген миллионыншы транзиттік контейнері бар пойыз келді.

14 желтоқсанда Калининград қаласында «ҚТЖ» ҰК» АҚ және «Российские железные дороги» ААҚ стратегиялық ынтымақтастық жөніндегі бірлескен жұмыс тобының X отырысы өтті.

15 желтоқсанда «ҚТЖ» ҰК» АҚ және «Узбекистон темир йуллари» АҚ өкілдері теміржол көлігі саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту және Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы темір жолдарының қатысуымен жүк тасымалдау көлемін арттыру мәселелерін талқылады.



«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРҒА, ҚАУЫМДАСТЫҚТАРҒА ҚАТЫСУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАҒИДАТТАРДЫ ҰСТАНУ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ әлемдік көлік жүйесіне ықпалдасу, теміржол көлігінің жұмыс істеуіне қолайлы жағдайлар жасау және дамыту, халықаралық қатынаста жүктер мен жолаушылар тасымалын жүзеге асыру үшін халықаралық құқықтық негіздерді жетілдіру, теміржол көлігі қызметтерін тұтынушылармен диалог жүргізу және т. б. мақсаттарда халықаралық ұйымдар мен қауымдастықтардың жұмысына белсенді қатысады.

1992 жылдан бері
Достастыққа қатысушы мемлекеттердің Теміржол көлігі жөніндегі кеңесі
Мәскеу қаласы, Ресей Федерациясы
www.sovetgt.org

1993 жылдан бері
Темір жолдар ынтымақтастығы ұйымы (ТЖЫҰ) (ҚР қатысуы)
Варшава қаласы, Польша Республикасы
www.osjd.org

1998 жылдан бері
Трансеуразиялық тасымалдар жөніндегі халықаралық үйлестіру кеңесі (ТТҮК)
Берн қаласы, Швейцария Конфедерациясы
www.icctt.com

2001 жылдан бері
Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ҚР қатысуы)
Пекин қаласы, Қытай Халық Республикасы
www.sectsco.org

2001 жылдан бері
Қазақстан ұлттық экспедиторлар ассоциациясы (ҚҰЭА)
Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы
www.kffanek.kz

2004 жылдан бері
Темір жолдардың халықаралық одағы (ТЖХО)
Париж қаласы, Француз Республикасы
www.uic.org

2010 жылдан бері
«Қазақстан машина жасаушылары одағы» ЗТБ
Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы
www.smkz.kz

2010 жылдан бері
Теміржолшы спортшылардың халықаралық одағы (USIC)
Прага қаласы, Чех Республикасы
www.usic-sports.org

2011 жылдан бері
БҰҰ Ғаламдық шарты
Нью-Йорк қаласы, Америка Құрама Штаттары
www.unglobalcompact.org

2013 жылдан бері
«KAZLOGISTICS» көлік және логистика ұйымдары мен ассоциациялары» ЗТБ
Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы
www.kazlogistics.kz

2015 жылдан бері
«KAZLOGISTICS» корпоративтік қоры
Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы
www.kazlogistics.kz

2014 жылдан бері
«Теміржол техникасын өндірушілер бірлестігі» коммерциялық емес серіктестігі
Мәскеу қаласы, Ресей Федерациясы
www.opzt.ru

2009 жылдан бері

«Қазақстан салық төлеушілері ассоциациясы» ЗТБ

Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

www.ank.kz

2014 жылдан бері

ҚР «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы

Нұр-Сұлтан, Қазақстан Республикасы

www.atameken.kz

2015 жылдан бері

Еуразиялық экономикалық одақ (ҚР қатысуы)

www.eaeunion.org

2016 жылдан бері

«Бәсекелестік және тауар нарығын дамыту ассоциациясы» ассоциация нысанындағы ЗТБ

Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы

www.ark.org.kz

2017 жылдан бері

«Транскаспий халықаралық көлік маршруты» халықаралық ассоциациясы» ЗТБ

Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы

www.middlecorridor.com



3

GRI 102-26

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП

Даму стратегиясы

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың 2029 жылға дейінгі Даму стратегиясы[1] Компанияның миссиясын, пайымдауын және стратегиялық мақсаттарын, сондай-ақ он жылдық кезеңге белгіленген мақсаттарға қол жеткізу үшін дамудың стратегиялық бағыттарын айқындайды.

МИССИЯСЫ

Қазақстанның жүйе құрушы көлік компаниясы бола тұрып, біз клиенттеріміздің бизнесінің тұрақты өсуі үшін сапалы негізді қамтамасыз етеміз, Акционер үшін баға құрамыз және қауіпсіз әрі бәсекеге қабілетті тасымалдау қызметтерін көрсету арқылы тұтынушылар мен тұтастай қоғамға пайда келтіреміз.

ПАЙЫМДАУЫ

Біз - бизнесті жүргізудің озық тәжірибесіне сәйкес әрекет ететін тиімділігі жоғары көлік компаниясымыз.

Біз - жүк және жолаушы тасымалдарын қоса алғанда, көлік инфрақұрылымдары қызметтерінің сенімді провайдеріміз.

Біз - бизнес-процестерді жетілдіру, қызметтерді цифрландыру және қызметкерлеріміздің кәсіби біліктілігін арттыру есебінен тұрақты даму, сапа және көрсетілетін қызметтердің экономикалық тиімділігі бойынша балама компаниялар арасында көшбасымыз.

Компанияның миссиясы мен пайымдауына қолжеткізу 5 стратегиялық мақсатты іске асыру арқылы қамтамасыз етіледі:

1. Компанияны қаржылық тәуекел аймағынан шығару және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету.
2. Компанияның тиімділігін арттыру.
3. Клиенттердің қанағаттанушылығын арттыру.
4. Пойыздар қозғалысы қауіпсіздігіне кепілдік беру.
5. Компанияның тұрақты дамуын қамтамасыз ету.

Стратегияны іске асыру мақсатында «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың 2029 жылға дейінгі Даму стратегиясын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспары әзірленіп, жүзеге асырылуда.

---

[1]«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 6 қыркүйектегі шешімімен (№13 хаттама) бекітілген.

Стратегиялық ҚНК іске асыру

Алға қойылған мақсаттарға қолжеткізу өлшемі стратегиялық қызметтің негізгі көрсеткіштерін (бұдан әрі – ҚНК) орындау арқылы жүргізіледі.

ҚНК-ның мақсатты мәндері 2021-2025 жылдарға арналып бекітілген Бизнес-жоспарға сәйкес «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен белгіленді.

ҚНК атауы	Өлшем бірл.	Факт 2020 жыл[2]	Мақсат 2021 жыл[3]	2021 жылғы[4] факт	Өзгеру: 2021 жылғы факт / мақсат, %	Өзгеру: 2021 жылғы факт / 2020 жылғы факт, %
1-мақсат. Компанияны қаржылық тәуекел аймағынан шығару және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету						
Таза кіріс	млрд теңге	16,2	87,9	119,1	35,4	635,2
Қарыз/EBITDA	коэффициент	4,89	4,4	4,13	-6,1	-15,5
3-мақсат. Клиенттердің қанағаттанушылығын арттыру						
Клиенттердің қанағаттану деңгейі	%	67,3	65	69,6	7,1	3,4
4-мақсат. Поездар қозғалысы қауіпсіздігіне кепілдік беру						
Қозғалыс қауіпсіздігі деңгейі	оқиға/млн. поезд-км	1,0	1,0	0,81	-19	-19
5-мақсат. Компанияның тұрақты дамуын қамтамасыз ету						
Экологиялық әсер ету деңгейі	коэффициент	0,641	0,630	0,630	0	-1,7
Әлеуметтік тұрақтылық деңгейі	коэффициент	75	74	72	-2,7	-4
Корпоративтік басқару рейтингі	рейтинг	-	BB	BB	-	-



[2]«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 29 сәуірдегі шешімімен (№7 хаттама) бекітілген.
[3]«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 4 қарашадағы шешімімен (№18 хаттама) бекітілген.
[4]«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі шешімімен (№7 хаттама) бекітілген.

2021 жылдың нәтижесі бойынша ҚНК орындалуы

«Таза кіріс» көрсеткішінің нақты мәні жоспарлы көрсеткішпен салыстырғанда 31,2 млрд теңгеге жақсарды. Өсім негізінен негізгі қызметтен түсетін кірістердің 11,1 млрд теңгеге өсуі және 19,3 млрд теңге мөлшеріндегі жалпы және әкімшілік шығыстардың төмендеуі есебінен болған.

«Қарыз/EBITDA» көрсеткіші жоспардан 6,1%-ға төмендеді. Көрсеткіштің жақсаруы операциялық қызметтен түсетін кірістердің 13,2%-ға өсуіне байланысты EBITDA көрсеткішінің ұлғаюымен байланысты болып отыр.

«Клиенттердің қанағаттану деңгейі» көрсеткішінің мәні 2020 жылғы деңгеймен салыстырғанда 2021 жылы 4,6%-ға ұлғайды.

«Қозғалыс қауіпсіздігі деңгейі» көрсеткіші жоспардағы 1,0 жағдай/млн.поезд-км орнына 0,81 жағдай/млн.поезд-км болды. Көрсеткіштің жақсаруы қауіпсіздікті бұзуға жол берілген оқиғалар санының 2020 жылғы 158 оқиғадан 2021 жылы 137 оқиғаға дейін төмендеуімен байланысты болды.

«Экологиялық әсер ету деңгейі» көрсеткішінің орындалуы 2020 жылмен салыстырғанда қоршаған ортаға эмиссиялардың 18,5%-ға төмендеуінен болды.

Есеп беріліп отырған жылы «Әлеуметтік тұрақтылық деңгейі» көрсеткіші былтырғы жылмен салыстырғанда 3 пункткте төмендеді. Персоналдың еңбекақы мөлшерімен қанағаттану деңгейі анағұрлым нашарлады.

Корпоративтік басқару диагностикасының қорытындысы бойынша 2021 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ «BB» рейтингісіне ие болды, бұл 2017- 2018 жылдарғы соңғы тәуелсіз диагностика қорытындысы бойынша қол жеткізілген «B» рейтингісінің көрсеткішінен жақсы деп танылады және мақсат етілген мәнге сәйкес келеді.

2021 жылдың қорытындысы бойынша Даму стратегиясын іске асыру нәтижелеріне шолу

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың 2029 жылға дейінгі Даму стратегиясын іске асыру туралы толық ақпаратпен Сіз Есептің шартты белгісі бар беттерінде таныса аласыз.

КОМПАНИЯНЫҢ 2022 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

1. Компанияны қаржылық сауықтыру жұмысын жалғастыру.
2. Өзгерген дүниежүзілік геосаяси жағдайда транзит көлемін сақтап қалу.
3. Компания активтерін – инфрақұрылым мен жылжымалы құрамды жаңарту.
4. Жолаушылар тасымалымен әсіресе анағұрлым қажет кезеңде және қажет маршруттарда қамтамасыз ету.
5. «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының бейінді емес активтерін иеліктен шығару жұмысын жалғастыру.
6. Қозғалыс қауіпсіздігін, еңбекті қорғауды және қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайтуды қамтамасыз ету.

№1 МАҚСАТ
КОМПАНИЯНЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛ АЙМАҒЫНАН ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың 2029 жылға дейінгі Даму стратегиясына сәйкес, Компанияның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету меншікті және қарыз қаражатының теңгерімділігі, операциялық тиімділікті арттыру, сондай-ақ тарифтік реттеуді жетілдіру есебінен қарастырылған.

ТАРИФТІК РЕТТЕУ

Алдыңғы жылдары тасымалдаушылардың көптігі жағдайында теміржол көлігі қызметтерінің тарифтері мен баға белгілеу жүйесін өзгерту бойынша үлкен жұмыс жүргізілді, соның аясында:

- МТЖ және локомотивтік тартым қызметтеріне жол учаскелерінің үлгілері мен тартым түрлері бойынша реттелетін тарифтерді саралау енгізілді;
- жолаушылар локомотивтерін жеке заңды тұлға – «ҚТЖ – Жолаушылар локомотивтері» ЖШС-ні бөліп шығару арқылы жолаушылар тасымалын әділ, нысаналы және ашық субсидиялау енгізілді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті жүргізген жұмыстардың нәтижелері бойынша:


- 2021 жылдан бастап 2025 жылға дейінгі кезеңге МТЖ қызметтеріне тарифтер, тарифтік смета және инвестициялық бағдарлама бекітілді. МТЖ қызметтерінің тарифтері электрлендірілген және электрлендірілмеген учаскелерге бөлінген (2020 жылғы қараша);
- 2021 жылға арналған жүк және жолаушы тасымалдарындағы локомотивтік тартым қызметтеріне шекті бағалар, шығыстар сметалары және инвестициялық бағдарламалар келісілді. Жүк тасымалдарындағы локомотив тартымына қатысты тарифтер тепловоз және электровоз тартымына бөлінген. Жүк тасымалдарындағы локомотивтік тартым қызметтеріне қатысты тарифтік сметадан жолаушылар локомотивтік тартымының шығыстары алынып тасталды, бұл локомотивтік тартым тарифі бағасы деңгейінің төмендеуіне әсер етті (2020 жылғы желтоқсан).



Нәтижесінде 2021 жылға теміржол тасымалдарына (МТЖ қызметтері, локомотивтік тартым қызметтері, жүк және коммерциялық жұмыс қызметтері) жалпы реттелетін тарифтің өсуі орта есеппен 13%-ды құрады.

2021 жылғы қаңтарда пилоттық режим шеңберінде ұсынылған өтінімдерге сәйкес қызмет көрсетудің қосымша бағыттарын ұсыну жолымен жұмыс істеп тұрған екі жеке жүк тасымалдаушыны магистральдық теміржол желісіне жіберуді кеңейту жүзеге асырылды.

2022 жылы тасымалдаушылардың көп болуының жаңа жағдайларында жұмыс істеуді қамтамасыз ететін қажетті нормативтік құқықтық және әдіснамалық базаны, экономикалық және технологиялық жағдайларды қалыптастыру бойынша жұмыс жалғастырылатын болады.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КЕЙБІР ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРІНЕ ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне энергетика, көлік және мемлекеттік наградалар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 9 қарашадағы № 373-VI ҚР Заңын іске асыру мақсатында, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің 2019 жылғы 2 тамыздағы № 612 бұйрығымен бекітілген Темiржол көлігімен жүктерді тасымалдау қағидаларына (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің 2021 жылғы 5 мамырдағы № 220 бұйрығымен өзгерістер енгізілді.

Осылайша, құқықтық олқылықтың орнын толтыру мақсатында Компанияның бастамасымен Қағидалар меншікті бос вагондарды (контейнерлерді) тасымалдау тәртібін реттейтін жаңа тараумен толықтырылды, жүктерді тасымалдауға байланысты қызметтердің тізбесі (Ережелерге 12-қосымша) жаңартылды.

Сонымен қатар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы №399-VI ҚРЗ Заңын жүзеге асыру барысында Компания уәкілетті органмен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің 2022 жылғы 20 қаңтардағы № 21 бұйрығымен бекітілген Темір жолдарды жаңғыртуды қаржылық лизингілеу және кредиттеу кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидаларын әзірледі.

БОРЫШТЫҚ ЖҮКТЕМЕ

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның шоғырландырылған борышы номиналды құны бойынша 1 937 366 миллион теңгені және баланстық құны бойынша 1 637 010 миллион теңгені құрады.

Борыш/EBITDA көрсеткіші 2020 жылдың соңындағы 4,89-дан 2021 жылдың соңына қарай 4,13-ке дейін төмендеді.

2021 жылы Компания қарыздардың жоспарлы өтелуін белгіленген мерзімде толық көлемде жүзеге асырды, соның ішінде:

- «Қазақстан Халық банкі» АҚ 25 000 млн теңге сомасында (2021 жылғы қаңтар);
- Official Credit Institute 1 096 мың АҚШ доллары сомасында (2021 жылғы маусым);
- «МКБ» КАҚ 19 400 миллион рубль сомасында. (2021 жылғы желтоқсан);
- HSBC France 22 458 мың еуро сомасында (2021 жылы).

Сонымен қатар Компания «Жолаушылар тасымалы» АҚ-қа жолаушылар вагондарын сатып алу үшін жалпы сомасы 14 700 млн теңгеге жеңілдетілген қаржыландыру тартты.

«МКБ» КАҚ несиесі 2021 жылдың желтоқсан айында «Банк ВТБ» КАҚ-тан тартылған қаражат есебінен өтелді.

Тұрақты валютадағы борыш үлесі 2021 жылдың соңына қарай 34,8%-ды құрады (2020 жылы - 34,2%).

Қордың борышты және қаржылық тұрақтылықты басқару саясатына сәйкес Компанияның кредиттік тәуекелдің қызыл аймағында болуына байланысты, қарыз қаражаты есебінен ірі инвестициялық жобаларды іске асыруға шектеулер енгізілді.

2022 жылы Компания өзінің қаржылық тұрақтылығын жақсартуды, оның ішінде тұрақты валютада қарыз үлесін азайту арқылы жалғастырады. Осыған байланысты:

- 185 млн швейцар франкі сомасына еурооблигацияларды сатып алуды жүзеге асыруға қаражат тарту;
- «ҚТЖ-Финанс» ЖШҚ-ның 15 000 млн ресей рублі сомасындағы қарызын қайта қаржыландыруды жүзеге асыру жоспарлануда.

Бұдан басқа, «Жолаушылар тасымалы» АҚ үшін жолаушылар вагондарын және «ҚТЖ – Жолаушылар тасымалы» ЖШС үшін жолаушылар локомотивтерін сатып алуға жеңілдікті қаржыландыруды тарту бойынша жұмыс жалғастырылады. «ҚТЖ - Жүк тасымалы» ЖШС үшін жүк локомотивтерін сатып алуға қаржыландыру тетіктерін қарастыру жоспарлануда.

Вагондарды, фитингтік платформалар мен локомотивтерді сатып алу үшін қаржылық лизинг келісімшарттары бойынша сыйақы мөлшерлемесіне республикалық бюджеттен субсидия алу бойынша, 29,2 млрд теңге көлемінде купондық сыйақы мөлшерлемелері бойынша субсидия алуға қатысты жұмысты жалғастыру жоспарлануда.





№2 МАҚСАТ

КОМПАНИЯ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

«Компанияның тиімділігін арттыру» стратегиялық мақсаты бірқатар маңызды бастамаларды қамтиды, олардың шеңберінде транзитті және ішкі тасымалдарды дамыту бойынша шаралар қабылданады, Компания құрылымын қайта құрылымдау, өндірістік активтерді пайдалану сапасын арттыру, бағдарламаларды және Цифрлық трансформация және цифрландыру бағдарламасын іске асыру бойынша шаралар қабылданады.

GRI 102-6

НӘТИЖЕЛЕРГЕ ШОЛУ

2021 ЖЫЛҒЫ ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫ


2021 жылы Қазақстан экономикасы коронавирустық инфекция пандемиясының әсерінен және онымен байланысты шектеу шараларынан кейін қалпына келтіруді жалғастырды.

2021 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның ЖІӨ 2020 жылдың деңгейіне қатысты 4,1%-ға өсті, экономиканың келесі секторларында оң динамика байқалды:

- құрылыс – 7,6%;
- сауда – 9,2%;
- өңдеу өнеркәсібі – 5,6%;
- тау-кен өндіру өнеркәсібі – 1,7%;
- көлік және қоймалау – 3,6%.

Ауыл шаруашылығы саласында өсу қарқынының төмендеуі 2,4% болды.

2021 жылы Қазақстанның сыртқы сауда көлемі 2020 жылғы деңгейден 17,4%-ға жоғарылады, экспорт 26,9%-ға, импорт 5,8%-ға өсті.



ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨЛІК САЛАСЫ

Пандемияның көлік саласының дамуына ықпалының біртіндеп төмендеуі 2020 жылмен салыстырғанда жүк айналымының өсуіне алып келді.

Карантин шараларының жеңілдетілуі және халықаралық әуе қатынасы мен жолаушылар пойыздарының біртіндеп қалпына келуі әуе және теміржол көлігі жолаушылар айналымының өсуіне әсер етті. Бұл ретте автомобиль тасымалдарында бұрынғысынша көрсеткіштің төмендеуі байқалды, бұл елдегі жалпы жолаушылар айналымының төмендеуіне әсер етті.

ЖҮК ТАСЫМАЛЫ НАРЫҒЫНА ШОЛУ

2021 жылы Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Ұлттық статистика бюросының статистикалық деректеріне сәйкес көліктің барлық түрлерінің жүк айналымы 597 196,2 млн т-км болды, бұл 2020 жылғы деңгейден 1,5%-ға жоғары. Елдің жалпы жүк айналымының жартысын иеленетін теміржол көлігінің жүк айналымы 2021 жылдың қорытындысы бойынша 1%-ға төмендеп, 299 170,8 млн т-км құрады.

Есеп беріліп отырған жылы әуе көлігімен жүк айналымы 45,4%-ға, құбыржол көлігімен 11,1%-ға, су көлігімен 6,9%-ға ұлғайды.

Жүк айналымы көлемінің ең көп – 12,4%-ға қысқаруы теңіз көлігінде байқалды.



«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ

КӨЛІК ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖҮК АЙНАЛЫМЫ[5]

Көлік түрі	Жүк айналымы, млн т-км			Жалпы жүк айналымындағы үлес, %	
	2021	2020	Өзгерістер 2021/2020, %	2021	2020
Барлық көлік	597 196,2	588 679,4	1,45	100	100
Құбыржол көлігі	139 012,6	125 088,5	11,13	23,28	21,25
Әуе көлігі	81,7	56,2	45,37	0,01	0,01
Су көлігі	66,4	62,1	6,92	0,01	0,01
Теміржол көлігі	299 170,8	302 156,1	-0,99	50,10	51,33
Автомобиль және қалалық электр көлігі	158 311,9	160 685,5	-1,48	26,51	27,30
Көлік түрі	552,8	631,0	-12,39	0,09	0,11

Жолаушылар тасымалы нарығына шолу

ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ақпаратына сәйкес есеп беріліп отырған кезеңде жолаушылар айналымы 106 813,1 млн жолаушы-километр болды, бұл 2020 жылға қарағанда 1,4%-ға аз.

Автомобиль және қалалық электр көлігімен тасымалдау 12,7%-ға азайды. Бұл саладағы төмендеу жалпы көрсеткішке қатты әсер етті, өйткені дәл осы көлік түрі жолаушылар айналымының жалпы үлесінде 74,6%-ды құрайды.

Жолаушылар айналымының едәуір ұлғаюы авиатасымалдарда байқалды, ол 2021 жылдың қорытындысы бойынша 77,8%-ға өсті.

Теміржол көлігінің жолаушылар айналымында да 2020 жылғы деңгеймен салыстырғанда 42%-ға өсу болды.

[5]Дереккөз: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы.



«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨЛІК ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ЖОЛАУШЫЛАР АЙНАЛЫМЫ[6]

Көлік түрі	Жолаушылар айналымы, млн ж-км			Жалпы жолаушы айналымындағы үлесі, %	
	2021	2020	Өзгерістер 2021/2020, %	2021	2020
Барлық көлік	106 813,1	108 283,6	-1,36	100	100
Автомобиль және қалалық электр көлігі	79 709,3	91 298,4	-12,69	74,63	84,31
Әуе көлігі	14 815,7	8 335,0	77,75	13,87	7,70
Теміржол көлігі	12 286,1	8 649,3	42,05	11,50	7,99



«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ


ӨНДІРІСТІК НӘТИЖЕЛЕР

GRI 102-7

Жүк тасымалы

2021 жылы Компанияның тарифтік жүк айналымы 233,3 млрд т-км болды, бұл 2020 жылғы деңгейден 0,7%-ға жоғары.

2019-2021 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ЖҮК АЙНАЛЫМЫ, МЛРД Т-КМ



[6]Дереккөз: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы.

№2 МАҚСАТ

Қатынастар түрлерінің құрылымындағы жүк айналымы былай қалыптасты:

- республикаішілік қатынаста жүк айналымы 2020 жылғы деңгейде сақталды, осы ретте тасымалдау көлемі 2020 жылғы көрсеткіштен 99,8%-ды құрады, бұл құрылыс жүктерінің, тыңайтқыштардың, түсті кеннің төмендеуімен байланысты.


- экспорттық қатынаста жүк айналымы 2020 жылғы көрсеткішке қарағанда тасымалдау көлемінің 1,5%-ға төмендеуі есебінен 1,8%-ға төмендеді, бұл мұнай, мұнай өнімдері, астық, тыңайтқыштар, қара металдар, түсті кен, түсті металдар, цемент, бидай ұны тасымалдарының қысқаруымен байланысты.

- импорттық қатынаста жүк айналымы 2020 жылғы көрсеткіштен тасымалдау көлемінің 113,6%-ға ұлғаюы есебінен 12,5%-ға артты, бұл астық, көмір, құрылыс жүктері, мұнай өнімдері, тас көмір коксы, цемент, ХТТ жеткізілімдерінің өсуімен байланысты.

- транзиттік қатынаста тасымалдау көлемінің 2%-ға ұлғаюы есебінен өсім 1,5%-ды құрады. Ресейден Иранға және ОА елдеріне астық; Ресейден Қытайға, Қытайдан Польшаға химикаттар мен сода; Ресейден ОА елдеріне және Қытайға, Өзбекстаннан Қытайға, Вьетнамға және Украинаға тыңайтқыштар тасымалдау ұлғайды.

2021 жылы теміржол көлігімен тасымалдауға ұсынылатын жүк айналымындағы негізгі жүктердің құрылымы мен үлесі былайша қалыптасты:

КОМПАНИЯНЫҢ 2021 ЖЫЛҒЫ ЖҮК АЙНАЛЫМЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ЖҮКТЕРДІҢ ҮЛЕСІ



2021 жылы 2020 жылмен салыстырғанда келесі жүктерге қатысты жүк айналымы артты:

- көмір – 1%;
- мұнай өнімдері – 6,2%;
- астық – 6,0%;
- химиялық жүктер – 8,8%.

Транзиттік тасымалдар

2021 жылдың қорытындысы бойынша транзиттік жүк тасымалдарының оң динамикасы қалыптасып, 2020 жылға қарағанда 2%-ға ұлғайды. Транзиттік жүк тасымалдарының көлемі 20,9 млн тоннаға жетті, бұл тәуелсіз Қазақстанның ең жоғары көрсеткіші болып табылады.

Транзиттік тасымалдар көлемінің өсуі, түсті кен (+186%), тыңайтқыш (+79%), химикаттар (+34%), астық (+5%) және өзге де жүк (+2%) тасымалдарының ұлғаюымен байланысты.

Түсті руда тасымалының өсуі қытайлық компаниямен 2 жыл мерзімге жасалған келісімшарт бойынша Ресейден (Михеевский ТКБК, Тамерлан станциясы) Қытайға мыс концентратын жеткізумен байланысты.

Өзбекстаннан тыңайтқыш транзитінің ұлғаюы Еуропа елдері бағытында машруттарды (Украинада «ТД Узкимеимпэкс-Украина» өкілдігінің ашылуы) әртараптандырумен байланысты .

Күкірттің әлемдік нарығында 2021 жылы жоғары тұтынушылық белсенділігі байқалады, бұл сақталып отырған ұсыныс тапшылығы жағдайында жоғары сұранысқа және өнім бағасы белгіленімінің одан әрі өсуіне ықпал етті. Сонымен қатар Мубарек газ өңдеу зауытында табиғи газ өндірісінің өсуі және Кандым газ өңдеу кешенінің (Өзбекстан) ашылуы 2021 жылы Өзбекстанның күкірт қосылыстары өнімдері экспортының өсуіне, ал бұл Қазақстан аумағы бойынша осы жүк түрлерінің транзиттік тасымалын ұлғайтуға әсер етті.

Өзге жүктер тасымалының өсуі Өзбекстанға шикі қант, Қытайдан Еуропаға, Кореядан Өзбекстанға контейнерлердегі машиналар мен жабдықтар, Қытай – Еуропа, Қытай – Өзбекстан, Еуропа – Қытай бағытындағы контейнерлердегі жүк жеткізілімдерінің ұлғаюымен байланысты.

Транзиттік жүк тасымалдарының ең көп өсімі контейнерлік тасымалдармен байланысты болды. Іс жүзінде барлық бағыттар бойынша контейнерлік жүк ағыны оң динамиканы көрсетті:

Контейнерлердегі транзит 2020 жылға қарағанда 22%-ға өсті және 1 066 мың ЖФБ-ні құрады.


Транзиттік контейнерлік тасымалдардың негізгі үлесін Қытай – Еуропа – Қытай бағыты алады, оның үлесі 62%-ды құрайды.

Қазақстан, Ресей және Беларусь теміржол әкімшіліктерінің бірлескен кәсіпорны – БКЛК ЕРА-ның сәтті жұмысы, осы маршрут бойынша тасымалдау көлемінің өткен жылмен салыстырғанда 28%-ға өсуіне мүмкіндік берді.

Транзиттік тасымалдар көлемін ұлғайту мақсатында шекарадан өту кезінде әкімшілік кедергілерді азайту, транзиттік жүктерді тексеріп қарауды барынша азайту және вагондарды мемлекетаралық түйісу пункттеріндегі қайта өңдеу мерзімдерін қысқарту басым мәселе болып табылады.

2021 жылғы маусымда Мемлекет басшысы ҚР Үкіметіне транзиттік жүктер үшін «жасыл дәліз» қалыптастыру мәселесін қарауды тапсырған болатын. Бұл мәселені тиісті уәкілетті орган белсенді түрде пысықтауда.

2019 ЖӘНЕ 2021 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДАҒЫ КОНТЕЙНЕРЛЕРДЕГІ ТРАНЗИТ, МЫҢ ЖФБ



Қытай – Еуропа - Қытай
662,2 МЫҢ ЖФБ (+28% 2020 ЖЫЛҒА ҚАРАҒАНДА)

Қытай – Ресей – Қытай
69,7 МЫҢ ЖФБ (2020 ЖЫЛҒА ҚАРАҒАНДА +88%)


Қытай – Орталық Азия елдері – Қытай
216,6 МЫҢ ЖФБ (2020 ЖЫЛ ДЕҢГЕЙІНДЕ)

Транскаспий халықаралық көлік маршруты (ТХКМ)
14,7 МЫҢ ЖФБ (2020 ЖЫЛҒА ҚАРАҒАНДА +82%).


№2 МАҚСАТ

2019 ЖӘНЕ 2021 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДАҒЫ БАҒЫТТАР БОЙЫНША ТРАНЗИТТІК ТАСЫМАЛДАР, МЫҢ ЖФБ


ҚХР-ЕО-ҚХР




ҚХР-ОА-ҚХР



ҚХР-РФ-ҚХР



ТХҚМ




Компания транзиттік тасымалды дамыту мақсатында:

- Кавказ, Иран және Түркия елдері бағытында қазақстандық теңіз порттары арқылы транзиттік жүк айналымын ұлғайту бойынша жұмыс жүргізуде;
- Ақтау портынан ирандық Энзели және Амирабад портттары бағытында тұрақты фидерлік қатынас ұйымдастырылды. Қытай бағытында Түркіменбашы – Ақтау порты маршруты бойынша фидерлік рейстер жүзеге асыруда;
- әкімшілік кедергілерді барынша азайту жұмысын жүргізуде;
- өткізу қабілетін арттыру мақсатында жоспарланған инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру жұмыстарын жүргізуде.

Жолаушылар тасымалы

2021 жылы Компанияның жолаушылар айналымы 2020 жылмен салыстырғанда 49,9%-ға өсті және 9 524,3 млн. ж-км-ді құрады. Жолаушылар ағынының артуы карантиндік шаралардың жеңілдетілуіне және коронавирустық инфекцияға байланысты пойыздар қозғалысына қойылған шектеулердің алынуына байланысты болды.


ЖОЛАУШЫ АЙНАЛЫМЫ, МЛН ЖОЛАУШЫ-КМ



«Жолаушылар тасымалы» АҚ тарапынан 2021 жылы жөнелтілген жолаушылар саны 11 597 мың жолаушыны құрады, оның ішінде:

- «Жолаушылар тасымалы» АҚ жасақтаған пойыздарда – 9 489 мың жолаушы;
- «Қала маңындағы тасымал» АҚ жасақтаған пойыздарда – 2108 мың жолаушы.

ЖӨНЕЛТІЛГЕН ЖОЛАУШЫЛАР САНЫ, МЫҢ АДАМ





«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ

GRI 102-7

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

2021 жылғы негізгі қызметтен түскен кірістер 1 328,5 млрд теңге болды, бұл 2020 жылғы фактіден 13,2%-ға жоғары. Өсім негізінен жүк тасымалының 11,5%-ға (жүк тасымалының 0,7%-ға ұлғаюы есебінен) және жолаушылар тасымалының 50,0%-ға (жолаушылар айналымының 49,9%-ға артуы) ұлғаюы есебінен болды.

НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН КІРІСТЕР, МЛРД ТЕҢГЕ



Жүк айналымынан түскен кіріс 2020 жылмен салыстырғанда 11,5%-ға өсті, ол негізінен жүк айналымының 0,7%-ға артуы; транзиттік тасымалдардан түсетін кірісті есептеу үшін валюта бағамының (швейцариялық франк) өзгеруі; тарифтердің көтерілуінің орташа деңгейінің өзгеруінен түсетін табыстың ұлғаюы және т.б. есебінен болды.

ЖҮК ТАСЫМАЛДАУДАН ТҮСКЕН КІРІСТЕР, МЛРД ТЕҢГЕ



2021 жылға жолаушылар тасымалының кірісі 57,3 млрд теңгені құрады, бұл жолаушылар ағынының 49,9%-ға артуы есебінен 2020 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 50,0%-ға жоғары.

ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫНАН ТҮСКЕН КІРІСТЕР, МЛРД ТЕҢГЕ



2021 жылға EBITDA 408,4 млрд теңгені құрады, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 16,9%-ға жоғары.

EBITDA, МЛРД ТЕҢГЕ



2021 жылғы операциялық пайда 254,8 млрд теңгені құрады, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 40,3%-ға жоғары.

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ПАЙДА, МЛРД ТЕНГЕ





2021 жылы Жалғыз акционерге тиесілі таза кіріс 119 085 млн теңгені құрады, бұл көрсеткіш 2020 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 102 852 млн теңгеге жоғары. Ұлғаю негізінен негізгі қызметтен түскен кірістің 13,2%-ға артуы және 41 500 млн.теңге сомасына теріс бағамдық шығынды (сальдо) азайту есебінен орын алды.



2021 жылғы Таза табыс көрсеткіші 119 085 млн теңгені құрады

Стратегиялық қаржылық ҚНК

2021 жылға Таза табыс көрсеткіші 119 085 млн теңгені құрады, жоспарланғаннан 31 126 млн теңгеге артық (пайда 87 959 млн теңге), бұл негізінен мыналардың есебінен іске асты:

- негізінен швейцариялық франк бағамының өзгеруі (жоспар 1 CHF = 453 теңге, ҚР Ұлттық банкінің деректері бойынша факт CHF = 466,13 теңге) және транзиттік қатынастағы жүк айналымы көлемінің 0,7%-ға өсуі есебінен транзиттік тасымалдардан түсетін кірістің 25 106 млн теңгеге өсуі себебінен жүк тасымалдарынан түсетін кірістің 23 056 млн теңгеге (2,0%) ұлғаюы;
- салық салынатын базаның өзгеруіне және кейінге қалдырылған салықтың көрсетілуіне байланысты КТС шығыстарының 10 167 млн теңгеге төмендеуі;
- қауымдасқан және бірлесіп бақыланатын ұйымдардың қаржылық нәтижесін жақсарту есебінен ұйымдардың үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін пайда үлесінің 6 440 млн теңгеге өсуі;
- 5 754 млн теңге сомасына айыппұлдардан нақты алынған кіріс;
- ҚР ИИДМ-нен субсидиялардың нақты бөлінуіне байланысты жолаушыларды тасымалдау шығындарын жабуға бөлінетін субсидиялардың 3 919 млн теңге сомасына ұлғаюы;
- бөгде ұйымдарға қосалқы қызметтер көрсетуден түсетін кірістердің 1 561 млн теңгеге ұлғаюы;
- өзіндік құн бойынша шығыстарды 352 млн теңгеге, жалпы және әкімшілік шығыстар бойынша 19 333 млн теңгеге және қаржыландыруға арналған шығыстар бойынша 4 378 млн теңгеге үнемдеу.

Негізгі қызметтен түсетін кірістің 11 147 млн теңгеге жалпы ұлғаюы жағдайында төтенше жағдай режимінің (2021 жылғы қаңтарда) әсері және 2021 жылы жалғасқан коронавирус пандемиясы кезеңінде Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жолаушыларды тасымалдауға енгізілген шектеулердің салдарынан жолаушылар айналымы көлемінің 14,8%-ға төмендеуі себебінен жолаушылар тасымалынан түсетін кіріс жоспарының 18 513 млн теңгеге (24,4%) азаюы, сондай-ақ ТМҚ-ны өткізуден түсетін кірістің 4 630 млн теңге сомасына төмендеуі байқалады.

Сонымен қатар теріс әсер ету факторлары:

- негізгі құралдардың және өзге де ұзақ мерзімді қаржылық емес активтердің құнсыздануы себебінен активтердің құнсыздануына арналған шығыстарды 999 млн теңгеге ұлғаюы;
- мемлекеттің «ҚТЖ» ҰК» АҚ-қа 29 184 млн теңге мөлшерінде қарыздың пайыздық мөлшерлемесін жабуға дотация ұсынбауы себебінен негізгі емес қызметтен түсетін пайданың 6 876 млн теңгеге азаюы;
- валюта бағамының өзгеруі (жоспар 1$ = 430 теңге, ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша 31.12.2021 ж. нақты 1$ = 431,67 теңге) есебінен бағамдық айырмадан (сальдо) шығынның 11 147 млн теңгеге ұлғаюы;
- миноритарлық акционерлері бар еншілес ұйымдардың қаржылық нәтижесін жақсарту есебінен бақыланбайтын үлестің 1 667 млн теңгеге ұлғаюы.

Әсер ету факторлары	Ауытқу, млн теңге
ТАЗА КІРІС, МЛН. ТЕҢГЕ	**31 127**
Соның ішінде	
Оң факторлар:	
• жүк тасымалдарынан түсетін кірістің ұлғаюы	23 056
• ЖӘШ үнемдеу	19 333
• КТС бойынша шығыстардың төмендеуі	10 167
• үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін, ұйымдар пайдасы үлесінің ұлғаюы	6 440
• айыппұлдардан түсетін кіріс	5 754
• қаржыландыруға шығыстарды үнемдеу	4 378
• субсидиялардың ұлғаюы	3 919
• бөгде ұйымдарға қосалқы қызметтер көрсетуден түсетін кірістердің ұлғаюы	1 561
• өзіндік құн бойынша үнемдеу	352
Теріс факторлар:	
• жолаушылар тасымалынан түсетін табыстың азаюы	(18 513)
• бағамдық айырмадан (сальдо) шығынның ұлғаюы	(11 147)
• негізгі емес қызметтен түсетін пайданың (сальдо) азаюы	(6 876)
• ТМҚ кірістерінің азаюы	(4 630)
• бақыланбайтын қатысу үлесінің ұлғаюы	(1 667)
• активтердің құнсыздануына шығындардың ұлғаюы	(999)



«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ

№2 МАҚСАТ

2021 жылға ROACE[7] көрсеткіші 7,42%-ды құрайды, бұл бақыланбайтын қатысу үлесі шегерілгенге дейін таза кірістің 32 794 млн теңгеге өсуі себебінен NOPAT[8] көрсеткішінің 28 846 млн теңгеге ұлғаюы есебінен жоспардан (6,44%) 0,98 пайыздық тармаққа жоғары. Бақыланбайтын үлесті шегеруге дейін таза кірісті ұлғайтудың негізгі себептері мыналар болып табылады:

- негізінен швейцариялық франк бағамының өзгеруі (жоспар 1 CHF = 453 теңге, ҚР Ұлттық банкінің деректері бойынша факт CHF = 466,13 теңге) және транзиттік қатынастағы жүк айналымы көлемінің 0,7%-ға өсуі есебінен транзиттік тасымалдардан түсетін кірістің 25 106 млн теңгеге өсуі себебінен жүк тасымалдарынан түсетін кірістің 23 056 млн теңгеге (2,0%) ұлғаюы;
- салық салынатын базаның өзгеруіне және кейінге қалдырылған салықтың көрсетілуіне байланысты КТС шығыстарының 10 167 млн теңгеге төмендеуі;
- қауымдасқан және бірлесіп бақыланатын ұйымдардың қаржылық нәтижесін жақсарту есебінен ұйымдардың үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін пайда үлесінің 6 440 млн теңгеге өсуі;
- 5 754 млн теңге сомасына айыппұлдардан нақты алынған кіріс;
- ҚР ИИДМ-нен субсидиялардың нақты бөлінуіне байланысты жолаушыларды тасымалдау шығындарын жабуға бөлінетін субсидиялардың 3 919 млн теңге сомасына ұлғаюы;
- бөгде ұйымдарға қосалқы қызметтер көрсетуден түсетін кірістердің 1 561 млн теңгеге ұлғаюы;
- өзіндік құн бойынша шығыстарды 352 млн теңгеге, жалпы және әкімшілік шығыстар бойынша 19 333 млн теңгеге және қаржыландыруға арналған шығыстар бойынша 4 378 млн теңгеге үнемдеу.

Алайда банктерге сыйақы түріндегі шығыстардың (КТС-ты ескере отырып) 3 948 млн теңгеге төмендеуі NOPAT көрсеткішіне теріс әсер етеді, бұл валюта бағамының өзгеруіне байланысты.

Тұтастай алғанда, ROACE көрсеткішіне іске қосылған капиталдың орташа мәнінің өзгеруі теріс әсер етеді, ол 2020 жылғы қызмет қорытындылары бойынша нақты деректерді ескере отырып, кіріс сальдосының өзгеруімен және валюталар бағамының өзгеруіне байланысты 2021 жыл ішінде қарыз капиталының ұлғаюымен байланысты.

Әсер ету факторлары	Ауытқу, млн теңге
ROACE, %	**-0,98%**
соның ішінде:	
NOPAT ұлғаюы	28 846
оның ішінде:	
бақыланбайтын қатысу үлесін шегергенге дейінгі таза кіріс (залал)	32 794
сыйақы түріндегі шығыстар (КТС есепке алумен)	(3 948)
ACE ұлғаюы (орташа мәні)	(18 105)
оның ішінде:	
2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша CE (ұлғаюы)	(24 477)
оның ішінде:	
меншікті капитал (төмендеуі)	17 844
қарыз міндеттемелері (ұлғаюы)	(42 321)
2021 жыл ішінде CE өзгеруі	(11 732)
оның ішінде:	
меншікті капитал (төмендеуі)	34 528
қарыз міндеттемелері (ұлғаюы)	(46 260)

[7]ROACE - орташа қолданыстағы енгізілген капиталдың рентабельділігі.
[8]NOPAT – салықтан кейінгі операциялық кіріс

2021 жылға NAV[9] көрсеткіші 995 478 млн теңгені құрады, бұл 2020 жылғы қызмет қорытындылары бойынша нақты деректерді ескере отырып, кіріс сальдосының 3 640 млн теңгеге өзгеруі (азаюы) есебінен, сондай-ақ Patentes Talgo технологиялық процесі бойынша 62 жолаушылар вагонын құрастыруды аяқтау үшін үшін РБ-дан ақша қаражатының түсу шарттарын өзгеруі есебінен РБ-дан «ҚТЖ» ҰК» АҚ жарғылық капиталына салымды 36 214 млн теңгеге төмендету және «Достық – Ақтоғай - Мойынты теміржол транзиттік дәлізін жаңғырту» инвестициялық жобасын 40 000 млн теңгеге қаржыландырудың болмауы есебіненжоспардан (1 005 077 млн теңге) 9 599 млн теңгеге төмен. Бұл ретте «ҚТЖ» ҰК» АҚ 2021 жыл ішінде 37 859 акция шығарды, оны Қор 3 786 млн теңге сомасына материалдық емес активтермен төледі.



Әсер ету факторлары	Ауытқу, млн теңге
NAV, млн. теңге	**(9 599)**
соның ішінде:	
Бас компанияның акционеріне жататын меншікті капитал	(22 841)
соның ішінде:	
кіріс сальдосы (2020 жылғы факт)	(3 640)
кезеңдегі капиталдағы өзгеріс	(19 201)
Жарғылық капиталға салым	36 214
оның ішінде Patentes Talgo технологиялық процесі бойынша 62 жолаушылар вагонын құрастыруды аяқтау үшін үшін республикалық бюжеттен ақша қаражатының түсу шарттарын өзгеруі және «Достық-Ақтоғай-Мойынты теміржол транзиттік дәлізін жаңғырту» инвестициялық жобасын қаржыландырудың болмауы	40 000
Акционер материалдық емес активтермен төлеген 37 859 акция	(3 786)
Үкіметтен және басқалардан қарыздар бойынша дисконт	(22 972)

[9]NAV – активтердің таза құны

GRI 102-7

GRI 102-10

GRI 102-49

АКТИВТЕР ҚҰРЫЛЫМЫ

Компания активтерінің оңтайлы бизнес-моделін және нысаналы құрылымын қалыптастыру Компания қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі стратегиялық бастама ретінде Компанияның даму стратегиясымен айқындалған.

Компанияның құнын арттыру және оның кірістілігін ұлғайту мақсатында Компания құрылымын қайта құрылымдау, заңды тұлғалардың санын, активтерді басқару деңгейлерін қысқарту және бейінді емес активтерден шығу Компанияға өз ресурстарын тиімді қайта бөлуге мүмкіндік береді.

Компанияның корпоративтік портфелі 5 блоктан тұрады:

Р/с№	Бағыты	Ұйымның атауы	Қатысу үлесі[10]
1	Магистральдық теміржол желісі	«ҚТЖ» ҰК» АҚ «Магистральдық желі дирекциясы» филиалы	-
2	Жүк тасымалы	«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС, «Қазтеміртранс» АҚ	100%
		«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС, «Қазтеміртранс» АҚ	100%
3	Жолаушылар тасымалы	«Жолаушылар тасымалы» АҚ	100%
		«ҚТЖ-Жолаушылар локомотивтері» ЖШС	100%
4	Көлік-логистика блогы	«KTZ Express» АҚ	100%
		«Кедентранссервис» АҚ	100%
		«Еуразиялық теміржол альянсы» бірлескен көліктік-логистикалық компаниясы» АҚ (БКЛК-ЕРА)	33,33%
		«Құрық порты» ЖШС	100%
		«Ақтау теңіз сауда порты» ҰК» АҚ	сенімді басқаруда
5	Бейінді-қосалқы блок	«Транстелеком» АҚ	25%
		«Әскерилендірілген теміржол күзеті» ЖШС	100%
		«Теміржолсу» АҚ	100%
		«Dosjan temir zholy»АҚ	46,046%
		«ҚТЖ Финанс»ЖШҚ	100%

Компанияның Даму стратегиясы аясында «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының бейінді емес активтерін иеліктен шығару бойынша жұмыс жалғасуда.

2021 жылы Компания құрылымында келесі өзгерістер болды:

- «Қазтеміртранс» АҚ-қа қосу арқылы «Локомотивжөндеу» АҚ және «Қамқор» жөндеу корпорациясы» ЖШС қайта ұйымдастыру бойынша іс-шаралар аяқталды;
- «Logistic System Management B. V.» компаниясы таратылды.

2019 және 2021 жылдар аралығындағы кезеңде «ҚТЖ» ҰК» АҚ периметрінен барлығы 24 компания шығарылды.

Компанияның негізгі бизнес-бірліктері туралы толығырақ ақпарат Компанияның негізгі бизнес-бірліктері бөлімінде берілген.

[10]01.01.2022-дегі жағдай бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының құрылымы (1, 2-деңгей).



«ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобына 44 ұйым кіреді.

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ

КОМПАНИЯНЫҢ НЕГІЗГІ БИЗНЕС БІРЛІКТЕРІ

«ҚТЖ-ЖҮК ТАСЫМАЛЫ» ЖШС

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Қазақстан Республикасының аумағындағы ірі жүк тасымалдаушы және локомотив тартымы операторы болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қыркүйектегі қаулысымен «ҚТЖ-Жүк тасымалы»[11] АҚ-қа Ұлттық жүк тасымалдаушы мәртебесі берілді.

Бизнес-бірліктің шолуы

Құрылған жылы 2016

«ҚТЖ» ҰК» АҚ иеленетін үлесі 100%

РЕСУРСТАРЫ

Тізімдік саны	44 894 адам
Жылжымалы құрамы	1 678 локомотив
Инфрақұрылымы	17 вагон депосы 30 локомотив депосы 831 станция
Өңірлік филиалдары	17 өңірлік филиал, 3 өкілдік: Қытайда, Иранда және Ресейде

ІСКЕРЛІК ҚЫЗМЕТІ

Тұтынушылар сегменттері:

- жүк жөнелтушілер;
- жүк алушылар;
- экспедиторлар;
- тармақ иелері;
- тасымалдау процесіне қатысушылар.

Бағалы ұсынысы:

- пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін және тасымалданатын багаждың, жүк багаждың, жүктің сол қалпында сақталуын қамтамасыз ете отырып, экономика мен халықтың теміржол көлігімен жүк тасымалдауға қажеттіліктерін толассыз және сапалы қамтамасыз ету.
- мультимодальдық тасымалдардың қолданылуын, жылжымалы құрам операторларымен және иелерімен өзара іс-қимылды ескере отырып, бірыңғай оператор функцияларын қалыптастыру және магистральдық теміржол желісіне қолжетімділікті ұсыну.
- көлік дәліздерінің магистральдық және терминалдық инфрақұрылымын дамыту

Басты қызметі:

- теміржол көлігімен жүк тасымалдау;
- теміржол көлігімен әлеуметтік жүктерді тасымалдау;
- локомотив тартымы қызметтерін көрсету;
- локомотив бригадалары қызметтерін көрсету;
- тартқыш жылжымалы құрам мен мотор-вагонды жылжымалы құрамды магистральдық желіге жіберуге дайындау қызметтерін көрсету;
- тартым құрастырушылар, тауар кассирлері, қабылдап-тапсырушылар қызметтерін көрсету;
- жүк вагондарын тиеуге дайындау қызметтерін көрсету.

[11] 2020 жылы «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС болып қайта құрылды.

Қызметтің негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2019	2020	2021	Өзгерістер 2020/2019, %	Өзгерістер 2021/2020, %
Ақшалай түсім, млрд теңге	934,9	1 019,2	**1 178,9**	9	15,7
Операциялық пайда, млрд теңге	61,2	110,8	**50,5**	81	-54,4
EBITDA, млрд теңге	79,8	129,2	**68,8**	61,8	-46,8
Тарифтік жүк айналымы, млрд ткм	222,3	229,7	**225,6**	3,3	-1,8
Тасымалданған жүк, млн тонна	275,6	278,3	**267,7**	1	-3,8
Қызметкерлер саны, адам, соның ішінде:	50 344	47 301	**44 894**	-6	-5,1
Әйелдер үлесі, %	28	26	**26**	-7,1	0
Әкімшілік-басқару персоналы, адам	2 654	1 910	**1 666**	-28	-12,8
Өндірістік персонал, адам	47 690	45 391	**43 228**	-4,8	-4,8
Әлеуметтік тұрақтылық индексі, %	73	72	**69**	-1,4	-4,2
Өндірістік жарақаттанушылық деңгейі (LTIFR)	0,22	0,23	**0,24**	4,5	4,3
Қалдықтар көлемі, мың тонна	10,8	9,3	**9,1**	-13,9	-2,2

2021 жылы Компанияның жүк айналымы 233,3 млрд т-км құрады, бұл 2020 жылғы деңгейден 0,7%-ға артық. Өсім импорттық және транзиттік қатынастардағы жүк айналымының артуына байланысты, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бойынша жүк айналымы 225,6 млрд т-км құрады.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС түсімі есеп беріліп отырған кезеңнің қорытындылары бойынша 2020 жылдың фактісіне қатысты 15,7%-ға өсті, бұл транзиттік тасымалдардан түсетін кірістерді есептеу бойынша валюта бағамының және теміржол әкімшіліктері арасындағы өзара есеп айырысу бойынша кірістердің өсуіне байланысты.



«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ

№2 МАҚСАТ



«Жолаушылар тасымалы» АҚ

«Жолаушылар тасымалы» АҚ ауданаралық, облысаралық және халықаралық қатынастарда жолаушылар, пошта жөнелтілімдерін, багаж бен жүк-багажды теміржол көлігімен тасымалдауды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 25 желтоқсандағы № 1389 қаулысымен «Жолаушылар тасымалы» АҚ-қа Жолаушылар, багаж, жүк-багаж бен пошта жөнелтілімдерін тасымалдау жөніндегі ұлттық тасымалдаушы мәртебесі берілді.

Бизнес бірліктің шолуы

Құрылған жылы 1998

«ҚТЖ» ҰК» АҚ иеленетін үлесі 100%

РЕСУРСЫ

Тізімдік саны	10 766 адам
Жылжымалы құрамы	2 223 жолаушылар көлігі
Өңірлік филиалдары	Батыс, Солтүстік, Оңтүстік, Экспресс, «Жолаушылар тасымалы» АҚ – «Қала маңындағы тасымалдар»

ІСКЕРЛІК ҚЫЗМЕТІ

Тұтынушылар сегменттері:

- жолаушылар;
- багаж бен жүк-багажды жөнелтушілер;
- тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетілетін ұйымдар.

Бағалы ұсынысы:

халықаралық, облысаралық, ауданаралық, ішкі және қала маңындағы қатынастарда теміржол көлігімен жолаушылар, багаж, жүк-багаж, пошта жөнелтілімдерін тасымалдау жөніндегі сапалы әрі қауіпсіз қызметтерді ұсыну.

Басты қызметі:

- теміржол көлігімен жолаушы тасымалдау;
- багаж, жүк-багажы және пошта жөнелтілімдерін тасымалдау.

Қызметтің негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2019	2020	2021	Өзгерістер 2020/2019, %	Өзгерістер 2021/2020, %
Ақшалай түсім, млрд теңге	123	68,9	**91,6**	-44	32,9
Операциялық пайда, млрд теңге	5,9	-14,1	**-5,2**	-337,7	-63,5
EBITDA, млрд теңге	14,3	-4,8	**4,6**	-133,8	-195,7
Жолаушылар айналымы, млрд жол.-км	14	6,4	**9,5**	-54,5	49,9
Тасымалданған жолаушылар, млн жол.	16,5	8,2	**11,6**	-50,7	42,3
Қызметкерлер саны, адам, соның ішінде:	12 577	11 611	**10 766**	-7,7	-7,3
Әйелдер үлесі, %	34	33	**33**	-2,9	0
Әкімшілік-басқару персонал, адам	697	663	**634**	-4,9	-4,4
Өндірістік персонал, адам	11 880	10 948	**10 132**	-7,8	-7,5
Әлеуметтік тұрақтылық индексі, %	54	71	**65**	31,5	-8,5
Өндірістік жарақаттанушылық деңгейі (LTIFR)	0,23	0,32	**0,41**	39,1	28,1
Зиянды заттар шығарындылары, тонна	954,3	862,3	**795**	-9,6	-7,8
Қалдықтар көлемі, мың тонна	12,1	10,3	**10,2**	-14,9	-1

2019 және 2020 жылдың қорытындылары бойынша «Операциялық пайда» және «EBITDA» көрсеткіштері бойынша деректер «ҚТЖ» ҰК» АҚ Қаржы-шаруашылық қызметінің бухгалтерлік есеп шоттары жоспарының өзгеруіне байланысты түзетілді.

2021 жылдың қорытындысы бойынша жолаушылар айналымының өсуіне байланысты 2020 жылға қарағанда түсім 33%-ға, операциялық пайда 63%-ға, EBITDA 2 есе өсті. Есеп беріліп отырған жылы өндірістік көрсеткіштердің өсуі пойыздар қозғалысының жандануымен байланысты (пойыздар қозғалысының шектелуі 2020 жылы Қазақстанда төтенше жағдай режимінің енгізілуіне, республиканың жекелеген өңірлерінде енгізілген карантиндік шектеулерге, бірқатар «Тальго» коммерциялық пойыздарының тоқтатылуына байланысты болды).



«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ

№2 МАҚСАТ



«KTZ Express» АҚ

«KTZ Express» АҚ порт инфрақұрылымын, қоймалар мен терминалдар желісін қолданумен теміржол, теңіз және автокөлік тасымалдарын біріктіре отырып, барлық қатынас түрлерінде көлік-логистикалық қызметтердің толық спектрін көрсетеді. Сондай-ақ LCL принципі бойынша құрама жүктерді тасымалдауды, ұйымдастырылған шаттл-пойыздарда жүктерді тасымалдауды, сондай-ақ температуралық режимге сезімтал жүктерді тасымалдауды жүзеге асырады.

Бизнес бірліктің шолуы

Құрылған жылы 2013

«ҚТЖ» ҰК» АҚ иеленетін үлесі 100%

РЕСУРСЫ

Тізімдік саны	559 адам
Жылжымалы құрамы	20 және 45 футтық 7721 контейнер 1 919 фитингтік платформа
Өңірлік филиалдары	3 өңірлік филиал, 2 шетелдегі өкілдік – Мәскеу қаласы (Ресей), Берлин қаласы (Германия)

ІСКЕРЛІК ҚЫЗМЕТІ

Тұтынушылар сегменттері:

- экспедиторлар
- жүк жөнелтушілер.

Бағалы ұсынысы:

кедендік ресімдеу, жүктерді ауыстырып тиеу, «бір терезе» арқылы қызмет көрсету сияқты қосымша сервистерді ұсына отырып, клиенттерге кешенді қызмет көрсету.

Басты қызметі:

- көлік-экспедиторлық қызметтерді көрсету;
- логистикалық қызмет;
- габаритсіз, ауыр салмақты және қауіпті жүктерді тасымалдау;
- көлік-логистикалық инфрақұрылым объектілерін басқару;
- жүк тасымалдарын ақпараттық сүйемелдеуді қамтамасыз ету;
- кедендік ресімдеу, сақтандыру, тәуекелдердің барлық түрлері бойынша кепілдіктер беру, жүктерді ұйымдастыру, сүйемелдеу, күзету, сертификаттау.



Қызметтің негізгі көрсеткіштері


Көрсеткіштер	2019	2020	2021	Өзгерістер 2020/2019, %	Өзгерістер 2021/2020, %
Ақшалай түсім, млрд теңге	32,7	30,9	**32,7**	-5,5	5,8
Операциялық пайда, млрд теңге	-15,3	9,3	**20,8**	-160,5	124,6
EBITDA, млрд теңге	-8,7	14,6	**24,4**	-267,2	67,2
Контейнерлік тасымалдарды экспедициялау, мың ЖФБ	226,0	355,4	**329,7**	57,3	-7,2
Теміржол тасымалдарын экспедициялау, мың тонна	9 533	6 471	**3 372**	-32,1	-47,9
Қызметкерлер саны, адам, соның ішінде:	602	571	**559**	-5,1	-2,1
Әйелдер үлесі, %	41	43	**42**	4,9	-2,3
Әкімшілік-басқару персоналы, адам	207	181	**181**	-12,6	0
Өндірістік персонал, адам	395	390	**378**	-1,3	-3,1
Әлеуметтік тұрақтылық индексі, %	72	79	**87**	9,7	10,1
Қалдықтар көлемі, тонна	336,3	307,5	**401,58**	-8,6	30,6
Стационарлық көздерден ластағыш заттардың атмосфераға шығарындылары, тонна	24,7	13,9	**16,57**	-43,7	19,2

Ескертпе. «Контейнерлік тасымалдарды экспедициялау» және «Теміржол тасымалдарын экспедициялау» көрсеткіштері бойынша деректер 2019 және 2020 жылдардың қорытындылары бойынша «KTZ Express»АҚ орталық аппаратының, ЕТҚ және өңірлік филиалдарының көлем көрсеткіштерінің шоғырлануына байланысты өзгертілді. Бұған дейін тек Қоғамның орталық аппаратының көлемі бойынша ақпарат жарияланған болатын.

2021 жылы «KTZ Express» АҚ-тың ақшалай түсімі 32 672 млн теңгені құрады, бұл 2020 жылғы деңгейден 5,8%-ға жоғары, ұлғаю алдыңғы кезеңдердегі кірістерді көрсету есебінен болды.

Контейнерлік тасымалдарды экспедициялау 2021 жылы 329 671 ЖФБ құрады, бұл Қытай темір жолдары тарапынан тасымалдау жоспарларын келісу қиындықтарына, сондай-ақ БКЛК ЕРА тасымалдарындағы «KTZ Express» АҚ үлесінің төмендеуіне байланысты 2020 жылдың көрсеткішінен 7,2%-ға төмен.

2021 жылы теміржол тасымалдарын экспедициялау 3 372 мың тоннаны құрады, бұл 2020 жылғы деңгейден 47,9%-ға төмен. Көрсеткіштің төмендеу себептері клиент тарапынан алюминий тасымалын автокөлікке қайта бағдарлау, шаттл-тасымалдарды тоқтата тұру, сондай-ақ Ауғанстанның мұнай жүктерін тиеуден бас тартуы (2021 жылғы маусымнан бастап, себебі ел аумағынан АҚШ әскерлері шығарылды) болып табылады.



№2 МАҚСАТ

«Қазтеміртранс» АҚ

«Қазтеміртранс» АҚ еліміздің жүк вагондары паркінің ірі операторы болып табылады, жүк вагондарын операциялар жүргізуге береді, арнаулы жылжымалы құрамды жалға беруді, металл сынықтарын сақтау және сатуды жүзеге асырады.

«Қазтеміртранс» АҚ вагондарында тасымалданатын жүктердің негізгі үлесі көбінесе көмір, астық, ұн мен тартылған өнімдер, кендер, минералды тыңайтқыштар және цемент сияқты жаппай үйілмелі жүктер болып табылады.

Бизнес бірліктің шолуы

Құрылған жылы 2003

«ҚТЖ» ҰК» АҚ иеленетін үлесі 100%

РЕСУРСЫ

Тізімдік саны	1 138 адам
Жылжымалы құрамы	42,4 мың жүк вагоны
Өңірлік филиалдары	10 өңірлік филиал
Инфрақұрылымы	«Сарыөзек» өндірістік базасы

ІСКЕРЛІК ҚЫЗМЕТІ

Тұтынушылар сегменттері:

негізгі сегмент – үйілмелі жүктердің (көмір, астық, ұн мен тартылған өнімдер, кен, минералды тыңайтқыштар және цемент) иелері.

Бағалы ұсынысы:

жүк тасымалдау бойынша сапалы қызметтерді ұсыну

Басты қызметі:

- металл сынықтарын сақтау және сату, жүк вагондарын операциялар жүргізуге беру;
- арнаулы жылжымалы құрамды жалға беру;
- металл сынықтарын сақтау және сату



Қызметтің негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2019	2020	2021	Өзгерістер 2020/2019, %	Өзгерістер 2021/2020, %
Ақшалай түсім, млрд теңге	154,9	147,9	**149,0**	-4,5	0,8
Операциялық пайда, млрд теңге	30,5	30,9	**8,8**	1,5	-71,6
EBITDA, млрд теңге	52,1	54,8	**32,0**	5,2	-41,7
Тасымалданған жүк, млн тонна	93,7	86,5	**82,8**	-7,7	-4,3
Қызметкерлер саны, адам, соның ішінде:	1 318	903	**1 138**	-31,5	26,0
Әйелдер үлесі, %	46	48	**43**	4,3	- 10,4
Әкімшілік-басқару персоналы, адам	411	326	**342**	-20,7	4,9
Өндірістік персонал, адам	907	577	**796**	-36,4	38,0
Әлеуметтік тұрақтылық индексі, %	70	80	**80**	14,3	0

2021 жылдың қорытындысы бойынша «Қазтеміртранс» АҚ түсімі 0,8%-ға өсті, бұл тауар-материалдық құндылықтарды өткізумен байланысты болды. Операциялық пайда негізгі қызмет: жүк вагондарын операциялар жүргізуге және жалға беру бойынша кірістер жоспарының орындалмауына байланысты 71,6%-ға қысқарды.



№2 МАҚСАТ

«Кедентрассервис» АҚ

«Кедентранссервис» АҚ Қазақстан Республикасындағы логистикалық терминалдардың жетекші операторы болып табылады. Қоғам жүктерді терминалдық өңдеу саласында активтер мен құзыреттерге ие, сондай-ақ Достық және Алтынкөл шекаралық станцияларында ҚХР-дан әкелінетін жүктерді қайта тиеу бойынша қызметтерді жүзеге асырады.

Бизнес бірліктің шолуы

Құрылған жылы 1997

«ҚТЖ» ҰК» АҚ иеленетін үлесі 100%

РЕСУРСЫ

Тізімдік саны	1 755 адам
Жылжымалы құрамы	20, 60, 80 футтық 4 403 контейнер
Өңірлік филиалдары	11 өңірлік филиал, 3 өкілдік: Қытайда, Өзбекстанда және Беларусьте

ІСКЕРЛІК ҚЫЗМЕТІ

Тұтынушылар сегменттері:

- жүк жөнелтушілер;
- жүк алушылар;
- экспедиторлар.

Бағалы ұсынысы:

жүктерді терминалдық өңдеу бойынша сапалы қызметтер көрсету, Достық және Алтынкөл шекаралық станцияларында қайта тиеуді жүзеге асыру, фитингтік платформалармен жұмыс істеу, әртүрлі бағыттар бойынша контейнерлік тасымалдарды жүзеге асыру.

Басты қызметі:

- фитингтік платформаларды ұсыну;
- ауыстырып тиеу қызметтері (Достық және Алтынкөл станцияларында);
- терминалдық қызметтер;
- контейнерлік тасымалдау сервисі.



«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ




Қызметтің негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2020	2021	Өзгерістер 2021/2020, %
Ақшалай түсім, млрд теңге	24,2	**37,3**	53,8
Операциялық пайда, млрд теңге	3,5	**7,6**	113,7
EBITDA, млрд теңге	5,9	**12,7**	114,6
Жылжымалы құраммен жұмыс істеу, мың ЖФБ	219,6	**243**	10,7
Қызметкерлер саны, адам, оның ішінде:	1 921	**1 755**	-8,6
Әйелдер үлесі, %	19	**20**	5,3
Әкімшілік-басқару персоналы, адам	561	**553**	-1,4
Өндірістік персонал, адам	1 360	**1 202**	-11,6
Әлеуметтік тұрақтылық индексі, %	-	**84**	100
Қалдықтардың көлемі, мың тонна	3,8	**3,8**	0

2020 жылғы деңгеймен салыстырғанда 2021 жылы операциялар жүргізуге беру көлемінің 10,7%-ға өсуіне импорттық, экспорттық және республикаішілік қатынастардағы тасымалдарды ұлғайту есебінен қол жеткізілді.


2021 жылы түсім 2020 жылмен салыстырғанда негізінен COVID-19 пандемиясының өндірістік қызметке теріс әсерін азайту есебінен 54,1%-ға өсті.

EBITDA көрсеткішінің 114,6%-ға өсуі 2021 жылғы қаңтардан бастап «Қазтеміртранс» АҚ-тан вагондарды беру себебінен болды.




ҚЫЗМЕТ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

ЛОКОМОТИВТІҢ ОРТАША ТӘУЛІКТІК ӨНІМДІЛІГІ, МЫҢ Т-КМ БРУТТО



2021 жылы локомотивтің орташа тәуліктік өнімділігі 2020 жылғы деңгеймен салыстырғанда локомотивтің орташа тәуліктік жүрісінің төмендеуі себебінен төмендеді. Жүріс карантиндік шараларды (COVID-19) күшейтуге байланысты қытай тарапының уақтылы қабылдамауынан қозғалыстан қалып қойған пойыздардың өсуі салдарынан (2020 жылға қарағанда 53%-ға өсу) азайды.

ПОЙЫЗДАР ТАРТЫМЫНА ДИЗЕЛЬДІК ОТЫННЫҢ ҮЛЕСТІК ШЫҒЫСЫНЫҢ ӨЗГЕРУ ДИНАМИКАСЫ, КГ/ӨЛШ.



2021 жылы пойыз тартымына жалпы үлестік шығыс 2020 жылмен салыстырғанда 0,4% және 2019 жылдың деңгейіне қарағанда 3,7%-ға төмендеді.

ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІ, КЕЛТІРІЛГЕН, МЫҢ ТН. КМ/АДАМ



2021 жылы еңбек өнімділігінің өсуі персонал санының азаюынан және жүк айналымы мен жолаушылар айналымының ұлғаюынан болды.

GRI 203-1

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ инвестициялық қызметі теміржол көлігінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыруға, тасымалдау қызметтерінің сапасы мен қауіпсіздігін арттыруға бағытталған.

2021 жылы теміржол инфрақұрылымын дамытуға, жылжымалы құрамды жаңартуға 374 млрд теңге сомасында инвестиция бағытталды.

Осы қаражат есебінен келесі ірі іс-шаралар орындалды:

- Құрық портында паромдық кешен құрылысын аяқтау және әмбебап жүк-жолаушы паромдарын пайдалану бойынша жұмыстар жалғастырылды;
- 582 км жолдың жоғары құрылысын жетілдіру және жөндеу жөніндегі жұмыстар орындалды;
- 66 бір. локомотив сатып алынды және 50 бірлігіне күрделі жөндеу жүргізілді;
- 1 957 бір. жүк вагоны сатып алынды және 961 бірлігіне күрделі жөндеу жүргізілді;
- 82 бір. жолаушылар вагоны сатып алынды және 56 бірлігіне күрделі жөндеу жүргізілді;
- сондай-ақ теміржол инфрақұрылымын жаңарту мен оңалтуға, көлік логистикасын дамытуға және қозғалыс қауіпсіздігі деңгейін арттыруға бағытталған басқа да іс-шаралар іске асырылды.

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзиттік жүк ағынын ұлғайту жөніндегі мемлекеттік міндетті іске асыру шеңберінде негізгі көлік дәліздерінің қажетті өткізу қабілетін қамтамасыз ету мақсатында «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасымен ұзақ мерзімді кезеңге арналған мынадай теміржол инфрақұрылымдық жобалары басым болып айқындалды:

1) Қытаймен шекарадағы Достық-Мойынты теміржол учаскесінде екінші жол салу және электрлендіру;

2) Дарбаза – Мақтаарал теміржол желісін салу, ол Өзбекстан бағытында, әсіресе жүктерді тиеудің ең жоғары маусымдық кезеңдерінде өткізу қабілетінің тапшылығын төмендетуге мүмкіндік береді;

3) Алматы айналма теміржол желісін салу.

Жобалардың стратегиялық маңыздылығын ескере отырып, оларды қаржыландыру көзін айқындау мәселесі талқылануда.



ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Цифрлық трансформация

«ҚТЖ» ҰК» АҚ цифрлық трансформациясы» бағдарламасы Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу құралдарының бірі болып табылады.

Бағдарламаның мақсаты «ҚТЖ» ҰК» АҚ құнын ұлғайту және көрсетілетін қызметтердің экономикалық тиімділігін арттыру, бизнес-процестерді жетілдіру, қызметті цифрландыру және автоматтандыру, сондай-ақ қызметкерлердің кәсібилігін арттыру есебінен іргелі өзгерістерді іске асыру болып табылады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ цифрлық трансформациясы»[12] бағдарламасы жобаларының ағымдағы портфелі 16 жобаны қамтиды:

1) Қорларды басқару;
2) Деректерді басқарудың жаңа моделін енгізу;
3) Біріктірілген жоспарлау жүйесі (БЖЖ);
4) Пойыздар қозғалысын басқару орталығы (қайта жүктеу);
5) Локомотивтерді «бір тұлға» арқылы басқаруға ауыстыру;
6) «Кедентранссервис» АҚ терминалдар қызметінің тиімділігін арттыру;
7) «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-да коммерциялық функцияларды орталықтандыру және автоматтандыру;
8) «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС отын мен электр энергиясының үлестік шығысын оңтайландыру;
9) Локомотивтік тартым тиімділігін арттыру;
10) Маневрлік жұмыстың тиімділігін арттыру;
11) Операциялық тиімділік;
12) Теміржол жолаушылар тасымалы саласындағы маркетинг және сату;
13) Достық және Алтынкөл шекара маңы станцияларындағы импорт-транзит жүк ағынын басқару және үйлестіру;
14) «Жолаушылар тасымалы» АҚ жаңа ұйымдастыру моделі және компанияны басқару жүйесі, IT Даму стратегиясы;
15) Негізгі емес қызмет түрлеріне аутсорсинг;
16) «Магистраль» АБЖ шеңберінде ұтқыр диагностикалық құралдарды енгізу;

[12] «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 9 желтоқсандағы шешімімен (№15 хаттама) бекітілген.


«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ

2021 жылы Бағдарлама аясында келесі жобалар аяқталды:

1) «ҚТЖ» ҰК» АҚ-та еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздік саласында АТ шешімдерді енгізу.

- «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың 106 мыңнан астам тіркелген пайдаланушылары (97%).
- 2021 жылы 66 739 бұзушылық анықталды, оның ішінде жойылды - 66 136 бұзушылық, немесе 99%.
- Өндірістік қауіпсіздік саласындағы есептілікті дайындау уақыты қысқартылды (нақты уақыт режимінде өндірістік қауіпсіздік көрсеткіштерін бақылау).
- Қолмен енгізу, қағаз жазбаларын басқару алынып тасталды.
- Бұрын қағаз жеткізгіштерде болған ақпаратты (тергеу материалдарын, құжаттық куәліктерді және т.б.) іздеу уақыты қысқартылды.
- Барлық ықтимал оқиғалар АЖ-да тіркеледі («Қауіпсіздіктің іс-қимыл диалогы» бағдарламасы қауіпті іс-әрекеттерді (ҚӘ), қауіпті оқиғаларды (ҚО), салдары жоқ оқиғаларды (Near Miss) анықтауға бағытталған, бұл оқиғаларды проактивті басқаруға мүмкіндік береді.


2) Маркетинг пен сатудың жаңа моделін енгізу (қайта жүктеу).

- «KTZ Express» АҚ және «Қазтеміртранс» АҚ клиенттерінің қанағаттанушылық деңгейін арттыру.
- Клиенттер өтініштерінің 100%-ы CRM жүйесінде тіркеледі, сақталады және өңделеді.
- 2016 жылмен салыстырғанда жасалған шарттар бойынша ұтып алынған тендерлер сомасы 88 есеге артты.
- Клиенттерге коммерциялық ұсыныстар 100% CRM арқылы беріледі, бұл коммерциялық ұсыныстарды беру және шарт жасасу уақытын 2 күнге дейін қысқартты (енгізгенге дейін 5 күннен артық).
- Тасымалдауға өтінімдердің 85% астамы клиенттің жеке кабинеті арқылы ресімделеді (енгізгенге дейін – 5 күннен артық, енгізгеннен кейін – 1 күннен артық емес).
- Кіші кодтарды ұрлау мүмкіндігінің жолы кесілді (нұсқаулық адамның қатысуынсыз жеке кабинет арқылы беріледі).

3) «Магистраль» АБЖ шеңберінде мобильді диагностикалық кешендерді енгізу.

- 6 бірлік жолөлшегіш вагон, 290 бірлік ескірген ақаутапқыш арба, 580 бірлік ақаутапқыш арба операторы оңтайландырылды.
- Теміржол жағдайының бақыланатын параметрлерін ұлғайту және диагностика нәтижелерінің деректерін өңдеу процестерін автоматтандыру есебінен пойыздар қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету деңгейі арттырылды.
- Пойыздар қозғалысы жылдамдығын шектеу бойынша шаралар қабылдап, бұрандамалы түйістіргіштердің жай-күйіне бақылау жүргізіледі.
- Түйіспесіз жолдың істен шығу алдындағы жай-күйін анықтау және жер төсемінің жай-күйін мониторингтеу үшін қосымша Талдамалық бағдарламалар қолданылады.
- Жолдың жай-күйіне мониторинг жүргізіледі және жол дистанциялары да, мердігерлік ұйымдар да жүргізетін жөндеу жұмыстарының әр түрі бағаланады.
- Габаритті емес жүктерді қауіпсіз өткізуді қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдай отырып, құрылыстардың жақындау габариттері мен жол осьтері арасындағы қашықтықтарға тұрақты бақылау жүргізіледі.

№2 МАҚСАТ



4) Ақпараттық қауіпсіздіктің жаңа моделін енгізу (қайта жүктеу).

Ақпараттық қауіпсіздік бойынша 3 құрал енгізілді:

1) желілік трафикті талдау жүйесі;

2) бастапқы кодты талдау жүйесі;

3) желілік қатынасты басқару жүйесі.

Аталған АҚ құралдары қазіргі уақытта сәтті пайдаланылуда және жобаның негізгі пайдаланушыларының күнделікті жұмысында қолданылады.

5) Жүк вагондарын сервистік қызмет көрсетуге беру.

- «Қазтеміртранс» АҚ жүк вагондарына сервистік қызмет көрсету бойынша жұмыстарды ұзақ мерзімді сатып алу туралы шарт жобасы әзірленді және «Самұрық-Қазына Келісімшарт» ЖШС-мен келісілді.
- «Жүк вагондарын жөндеу» сатып алу санаттық стратегиясы әзірленді және бекітілді.
- «Қазтеміртранс» АҚ жүк вагондарын жөндеу бағдарламасы әзірленді.
- «Қазтеміртранс» АҚ вагондарының жұмыс істемейтін паркте болу уақыты мынадай себептер бойынша қысқартылды: КЗХ бойынша ағымдағы ағыту жөндеуге (ААЖ) ағыту 40 тәуліктен 18 тәулікке дейін, КЗХ бойынша деполық жөндеуге (ДЖ) ағыту 30 тәуліктен 12 тәулікке дейін.

Бағдарламаның 2022 жылға арналған жоспарлары мен міндеттері:

- 17,9 млрд теңге көлемінде пайдаға қол жеткізу;
- жүктерді артық тиеу бойынша тиеу алаңдарының, контейнерлерді меншік иелерімен жұмыс істеу технологиясын, көлемді бөлу тәртібін, артық тиелген жүкті, контейнерлерді есепке алу тәртібін, тізілімдердің атқарым тәртібін, орындалған жұмыстар актілерін қалыптастыруды айқындау;
- Оңтүстік және Солтүстік өңірлердің «ҚТЖ - Жүк тасымалы» ЖШС филиалдары - тасымалдау бөлімшелерін қалыптастыруды аяқтау;
- диспетчерлік учаскелерді басқаруды ауыстыра отырып, Солтүстік өңірдің пойыздар қозғалысын басқару орталығын іске қосу;
- жүкті қабылдап-тапсырушының функцияларын сабақтас қызметтер қызметкерлеріне беру және «Жүкті қабылдап алу мен тапсыру жөніндегі мобильді жұмыс орнын» енгізу жөніндегі №1 пилоттық жобаны аяқтау;
- Нұр-Сұлтан станциясының базасында Клиенттерге қызмет көрсету орталығын құру жөніндегі № 2 пилоттық жобаны аяқтау;
- бір тұлға жүргізетін маневрлік қозғалыс түрін толық ауыстыруды аяқтау;
- бір тұлға басқаратын жолаушылар локомотивтерін пилоттық пайдалануды аяқтау;
- Батыс өңірдегі негізгі (ТЧЭ) және айналым (ТД) локомотив деполарын реформалауды аяқтау («пилоттық жоба»);
- «Кедентранссервис» АҚ клиенттерімен өзара қарым-қатынасты басқару процесін автоматтандыру;
- Алматы-1 терминалының операциялық қызметін басқару процесін автоматтандыру;
- «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС 2023-2027 жылдарға арналған бизнес-жоспарының нысаналы өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін БСЖ-да есептеу;
- «Қазтеміртранс» АҚ 2023-2027 жылдарға арналған бизнес-жоспарының нысаналы өндірістік көрсеткіштерін есептеу.

Цифрландыру



Есеп беріліп отырған жылы Компанияда бизнесті тиімді басқару мен икемділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ ескірген ақпараттық жүйелерге жаңғырту жүргізу мақсатында «ҚТЖ» ҰК» АҚ 2022-2026 жылдарға арналған ақпараттық технологияларды дамыту стратегиясы[13] әзірленді.

Компаниядағы ақпараттық технологиялардың (АТ) нысаналы жай-күйі бағдарламалық және аппараттық инфрақұрылым интеграциясының жоғары деңгейімен сипатталатын болады.

АТ-ны басқару және дамыту жөніндегі барлық жұмыс Компания бизнесін дамытудың мақсаттары мен міндеттеріне бағынады, бір басқару орталығына ие болады және мынадай тәсілдерге негізделеді:

- Компанияның цифрлық сегментіндегі ұйымдастырушылық және көшбасшылық рөлі шешімдер қабылдаудың бірыңғай орталығы – «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Автоматтандыру және цифрландыру дирекциясы» филиалына бекітіледі, бұл АТ жобаларына бастамашылық жасаудың, іске асырудың және іске қосудың барлық кезеңдерінде филиалдың қатысуы, сондай-ақ олардың Компанияның инвестициялық блогымен синхрондалуын қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады;
- тиімсіз қадамдарды, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау, қызмет көрсету мерзімдерін қысқарту мақсатында процестерді қайта қарауды және өзгертуді көздейтін қолданыстағы процестердің реинжинирингі;
- технологиялық жетілдіру және цифрландырудың платформалық және микросервистік моделіне көшу;
- «Big Data» тұжырымдамасын енгізу және «Data Driven Company» принципіне көшу;
- қызметкерлердің құзыреттілігін арттыру бойынша міндеттерді іске асыру және бизнес-қоғамдастықпен өзара қарым-қатынас;
- ақпараттандыру объектілерін жүйелі және инфрақұрылымдық қорғауды қалыптастыру;
- инновациялық экожүйені құру;
- Компанияның экономикалық және технологиялық мүдделеріне айтарлықтай зиян келтіретін үшінші тарап компанияларына тәуелділікке жол бермеу;
- сапалы инфрақұрылымға сәйкес жобаларға басымдық беру.

[13] «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 16 наурыздағы шешімімен (№5 хаттама) бекітілген.

№2 МАҚСАТ

Аталған Стратегияны іске асыру шеңберінде 2022 жылы:

- Бірыңғай қызмет көрсету орталығы (БҚКО) шеңберінде коммерциялық функцияны орталықтандыру. Клиент «бір есік» арқылы қызмет алады, көрсетілген қызметтердің саны мен сапасын бақылау процестердің ашықтығы есебінен күшейтіледі;
- қағазсыз технология бойынша тасымалдауды ұйымдастыру үшін көршілес елдер арасында электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) өзара тану және IFTMIN хабарламаларды (жүкті жөнелту туралы электрондық хабарлама) беруді жетілдіру жөніндегі жұмысты жандандыру;
- жүк тасымалдарын басқаруды цифрландыруды жалғастыру, оның ішінде:
  - шаруашылықтардың (жол, сигнализация және байланыс, энергетика) жұмысын және МТЖ технологиялық терезелерін басқаруды цифрландыру. Процесс айқын және едәуір болжамды болады;
  - станциялық және жергілікті жұмысты автоматтандыруды жетілдіру;
  - диспетчерлендіру процестерін автоматтандыруды жетілдіру (маневрлік жұмысты жоспарлау, пойыздарды қол жұмысынан автоматикалыққа дейін қалыптастыру, алгоритмдер желідегі жағдайға байланысты оңтайлы қозғалыс графиктерін автоматты түрде құрастыратын және қайта құратын болады).
- корпоративтік сервистерді жетілдіру, соның ішінде:
  - мобильдік қосымшада онлайн сервистерді ұсына отырып, қызметкердің жеке кабинетін құру (еңбекақы бойынша үзінді көшірме алу, анықтамалар алу, демалыстарды, іссапарларды ресімдеу және т. б.);
  - бұлтты құжат айналымына көшу, еншілес және тәуелді ұйымдармен орталықтандыру;
- Компанияның АЖ мемлекеттік органдармен интеграциялау, бұл клиенттерге сервистерді артық қағаздарсыз жылдам алуға мүмкіндік береді;
- деректерді өңдеу орталықтарын (ДӨО) және еншілес ұйымдарды орталықтандыру, бұл есептеу қуатын 30%-дан астамға оңтайландыруға және өсіруге мүмкіндік береді;
- ескірген ақпараттық жүйелерді жаңғырту;
- SAP (System Analysis and Program Development) жүйесін енгізу, бұл қаржы-есеп жүйелерінде бизнес-процестердің реинжинирингін жүргізуге мүмкіндік береді;
- күнделікті тапсырмаларды роботтандыру, бұл процестерді орындау уақытын қысқартады, адами фактормен байланысты қателерді жояды және т. б.;
- кешенді бейнебақылау жүйесін әзірлеу, оның ішінде пойыз нөмірлерін тану мақсатында (нақты вагондарды камералар арқылы тексеру және алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықты немесе тасымалдаудағы жеке бас пайдасын жою үшін олардың нөмірлерін салыстыру).




Билетная касса
Ticket office
АҚПАРАТ
АҚПАРАТ
9
10



№3 МАҚСАТ

КЛИЕНТТЕРДІҢ ҚАНАҒАТТАНУШЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУ


Компания тұтынушыларының жүк, жолаушылар тасымалы және көлік-логистикалық қызметтер саласында көрсетілетін қызметтер сапасына қанағаттануы – Компанияның стратегиялық мақсаттарының бірі.

КЛИЕНТТЕРДІҢ ҚАНАҒАТТАНУШЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙІ

Клиенттердің қанағаттанушылық деңгейін ұдайы бағалау клиенттермен өзара қарым-қатынастағы күшті және әлсіз тұстарды анықтап, Компанияның еншілес ұйымдарында клиенттердің Компанияға деген тілектестігі және қанағаттанушылық деңгейін арттыруға бағытталған алдағы даму қадамдары туралы дер кезінде шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Клиенттер арасындағы сұрау Компанияның еншілес ұйымдарының корпоративтік сайттарында орналастырылған сауалнамаларды толтыру арқылы жүргізіледі.

КЛИЕНТТЕРДІҢ 2019 ЖЫЛДАН 2021 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАНАҒАТТАНУШЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙІ, %



*«Кедентранссервис» АҚ-та 2019 жылдың соңында тұтынушылардың қанағаттану деңгейі бағаланған жоқ



«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ

№3 МАҚСАТ

ЖҮК ТАСЫМАЛЫ САЛАСЫНДА



«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС

Клиенттердің тілектестігін арттыру үшін ағымдағы мәселелерді бірге талқылап, шешу үшін мемлекеттік органдар өкілдерін тарта отырып экспедиторлық компаниялармен, жүк жөнелтушілердің/жүк қабылдаушылардың қатысуымен тұрақты түрде кездесулер өткізіледі. Жүк жөнелтушілермен, экспедиторлармен және операторлық компаниялармен өзара іс-қимыл бойынша барлық өзекті және жаңа ақпараттар «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС сайтындағы «Клиенттерге» бөлімінде жарияланады.

Тасымал құжаттарын қағазсыз технологиямен ресімдеуді дамыту бойынша қарқынды жұмыстар жүргізілуде. Бүгінгі таңда ішкіреспубликалық қатынастағы қағазсыз технология бойынша тасымал құжаттарын ресімдеу пайызы 93%-ды құрайды. Халықаралық тасымалда қағазсыз технологияны қолдану және осындай құжаттардың заңды күшін мойындау «РЖД» ААҚ-пен және 2021 жылдың 1 маусымынан бастап экспериментті негізде Беларус темір жолымен бірге жүзеге асырылуда.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бекітілген тәртіпте ЖЭО және елдегі халықтың қажеттілігіне қарай әлеуметтік маңызды жүк – көмір тасымалын жасайды. Дер кезінде жеткізудің ерекше маңыздылығына байланысты тасымал мәселесі «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС басшылығының бақылауында болады, көмір компаниялары өкілдерінің тікелей қатысуымен жедел штаб отырыстары өткізіледі. Осылайша тасымалдаушы клиенттерден түсетін өтінімдер бойынша уақытылы жеткізудегі міндеттемелерін толық көлемде орындайды.

Сонымен қатар есеп беріліп отырған жылы құрғақшылықтан жапа шеккен өңірлердегі үй жануарларын жеммен және шөппен қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізілді. Зардап шеккен өңірлерді қолдау мақсатында бұл бағыттағы тасымал жедел түрде және толық көлемде орындалды.

Клиенттердің қанағаттанушылық деңгейін анықтау бойынша олардан сауалнама алу нәтижесінде «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС клиенттерінің қанағаттанушылық деңгейін арттыруға бағытталған шаралар жоспары жасалды.

«Қазтеміртранс» АҚ

«Қазтеміртранс» АҚ клиенттерінің қанағаттанушылық деңгейінің артуы клиенттермен өзара қарым-қатынасты жақсарту, жаңа IT құралдар енгізу, бәсекеге қабілеттілікті арттыру арқылы қамтамасыз етіледі.

Клиенттердің жайлылығы үшін әрбір клиент онлайн түрде жүк тасымалы, мөлшерлеме есебі бойынша өтінім бере алатын, вагондардың қайда келе жатқанын қадағалай алатын, келісімшарт офертасын жасап, сонымен қатар «Қазтеміртранс» АҚ-қа арыз-өтініш жаза алатын жеке кабинет жұмыс істейді.

2021 жылы «Қазтеміртранс» АҚ сайтында кері байланыс қызметі енгізілді, ол клиенттердің браузер арқылы байланыс орталығына телефон соғып немесе көрсетілген байланыс деректері арқылы өтінім қалдыруына мүмкіндік береді, содан кейін барып маман кері байланысқа шығады. Сонымен қатар Telegram-бот арқылы ақпарат алу мүмкіндігі туды.



№3 МАҚСАТ

ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ САЛАСЫНДА



Электронды билеттер сату жүйесі

2021 жылы «Жолаушылар тасымалы» АҚ электронды билеттер сату жүйесін жетілдіру бойынша жұмыстарды жалғастыруда:

- «Мобиус» ФКЖ электронды билеттер сату жүйесіндегі «Күту парағы» қызметін жаңа мүмкіндіктермен толықтырылды: бос орын болған жағдайда қызметке қолжетімділік ашылды (ал бұрын бос орындар мүлдем болмаған жағдайда бронь қойылатын), Күту парағына кезекке тұруға өтінім беруде шекті баға бекітілді;
- азаматтардың мобильді базасынан билет сату жүйесін және bilet.railways.kz сайтында жеңілдікпен билет сатып алуда клиенттің әлеуметтік мәртебесін идентификациялауды біріктіру бойынша міндеттер жүзеге асырылды;
- bilet.railways.kz сайтында жүк тасымалы мен жүк багажына есеп жүргізу бойынша онлайн калькулятор қызметі іске асырылды;
- «Әйелдер вагоны» жаңа өнімі қанатқақты жоба ретінде пайдалануға берілді. Сауалнама нәтижесінде респонденттердің 74%-ы бұл жобаны оң бағалады;
- жолаушылар және қала маңы пойыздарының қозғалыс кестесінен жолаушылар пойыздарының 3 сағаттан артық кешігуі туралы хабарламаны жолдайтын жолаушыларға арналған SMS-хабарлама қызметі жүзеге асырылды;
- күту парағынан дисконтты картаның барлық түрлері бойынша жеңілдікпен билет ресімдеу жөнінде міндеттер атқарылды;
- Теміржол көлігіндегі багаж және жүк багажы, жолаушылар тасымалы қағидасының талаптарына сәйкес жолаушының ЖСН-ін көрсете отырып, жол жүру құжаттарын ресімдеу бойынша міндеттер жүзеге асырылды;
- пойыздардың кешіктірілгені үшін айыппұл төлеу бойынша «Жолаушылар тасымалы» АҚ билет кассаларындағы қызметтер автоматтандырылды.

2021 жылдың соңына қарай онлайн сатылған билеттердің үлесі 70%-ды құрады (2020 жылы – 55%).

Жылжымалы құрам паркін жаңарту

2021 жыл ішінде «Тұлпар» вагон құрастыру зауыты» ЖШС зауытының 82 жаңа жолаушылар вагоны жеткізілді, солар арқылы келесі маршруттар бойынша пойыздардың құрамдары ішінара жаңартылды: Атырау - Алматы, Алматы - Маңғыстау, Қызылорда - Семей, Нұр-Сұлтан - Семей, Алматы - Өскемен.

Сервисті жақсарту

2021 жылы «Жолаушылар тасымалы» АҚ жолаушылар пойыздарындағы жолаушыларға ұсынылатын сервистік қызметтердің ауқымы көңіл көтеруге арналған мультимедиалық порталмен кеңейтілді.

Жолаушылар дербес электронды құрылғылар көмегімен Wi-Fi-ға қосылу арқылы ақпараттық ресурстар, көркем, деректі және мультипликациялық фильмдер көруге, музкалық шығармалар тыңдауға, түрлі қызықты ойындар және т.б. мүмкіндік ала отырып мультимедиалық порталды пайдалана алады.

КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР САЛАСЫНДА

«KTZ Express» АҚ

Қазақстан арқылы өтетін «KTZ Express» АҚ-ның барлық маршруттарына ең қолайлы тарифтік шарттар жасалып, жылдамдық пен жүктерді сақтау бойынша барлық параметрлер сақталған.

Клиенттердің жайлылығы үшін барлық онлайн сервистер жолға қойылып, Қытай, Ресей, Еуропа мен Қазақстанның ірі қалаларында халықаралық кеңселер ашылды.

2021 жылы ұсынылатын қызметтер сапасын жақсарту мақсатында келесідей іс-шаралар атқарылды:

- «KTZ Express» АҚ корпоративтік сайтында Тариф калькуляторын іске қосу бойынша жұмыстар жүргізілді. Тариф калькуляторына 1210 есептеу бағдары негізіндегі тарифтік шарттар есебі (тасымал бағыттары) және LCL тасымалы қызметтері бойынша есептер жатады;
- «Aikey CRM» жүйесінде, CRM жүйесінде және клиенттің жеке кабинетінде бағалар хаттамасына қол қоюды автоматтандыру;
- Контейнерлік және вагон тасымалы бойынша клиенттермен Клиенттік ақпараттық күнді өткізу (жарты жылда екі рет).

«Кедентранссервис» АҚ

Есеп беріліп отырған жылы «Кедентранссервис» АҚ клиенттердің қызметке қанағаттануын арттыру мақсатында 7 бағыт бойынша, соның ішінде клиенттерге қызмет көрсету және сату мәселесінде, сонымен қатар қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша ұсыныстар мен шағымдарды қабылдау жөнінен IVR мәзірі (интерактивті дауыс мәзірі) бар байланыс орталығы іске қосылды. Коммерциялық ұсыныстар беру және мөлшерлеме мен тарифтер ұсынуға үндеулер (өтінімдер) қабылдау бойынша клиенттермен өзара қарым-қатынасты басқарудың автоматты жүйесі (CRM жүйе) енгізілді.





№4 МАҚСАТ

ПОЕЗДАР ҚОЗҒАЛЫСЫ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ КЕПІЛДІК БЕРУ

Поездар қозғалысы қауіпсіздігін, қауіпсіз еңбек жағдайын және қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету Компания қызметінің маңызды құрамдас бөлігі және негізгі басымдық берілетін саласы саналады.

Аталған мақсат шеңберінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ Стратегиясында қарастырылған стратегиялық бастамалар тасымал үдерісіне қауіпсіз басқару жүйесін жетілдіріп, нөлдік жарақат алу жағдайына жетуге бағытталған.



ҚОЗҒАЛЫС ҚАУІПСІЗДІГІ

Компания бойынша қозғалыс қауіпсіздігін басқару жүйесін ұдайы жақсарту және мониторингтеу, жүзеге асыру, жоспарлау талаптарын анықтайтын, қозғалыс қауіпсіздігі саласындағы негізге алынатын құжат – Қозғалыс қауіпсіздігін басқару нұсқаулығы. Нұсқаулық қозғалыс қауіпсіздігі саласындағы Компанияның жергілікті актілері және ISO9001:2015 халықаралық стандарты, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес жасалған.

Поездар қозғалысы қауіпсіздігі саласындағы басымдық берілетін міндеттер:

- адамдар өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету;
- жүктер, жылжымалы құрам, инфрақұрылым нысандарының сақталуын қамтамасыз ету;
- қозғалыс қауіпсіздігінің міндет етілген деңгейін қамтамасыз ету;
- көлік оқиғаларының салдарын азайту.


Тасымалдау процесіндегі қауіпсіздікті басқару жүйесін жақсарту бойынша негізгі бағыттар:


- қозғалыс қауіпсіздігі саласындағы тәуекелдерді басқару жүйесін дамыту;
- қозғалыс қауіпсіздігінің оң мәдениетін қалыптастыру;
- тасымалдау процесінің сенімділігі және қозғалыс қауіпсіздігінің техникалық-технологиялық базасын дамыту;
- қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету және апаттық-қалпына келтіру бөлімшелері қызметіндегі көлік оқиғаларын зерттеу рәсімдерін жетілдіру.

Магистральдық желіде 2021 жылы 2020 жылға қарағанда тасымалдау процесіне барлық қатысушылар қозғалыс қауіпсіздігі оқиғаларының 147-ге өсуіне жол берді. Қауіпсіздікті бұзу фактілерінің жалпы саны 853 оқиғаны құрады (2020 жылы – 706 оқиға).

Бұл ретте «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының қозғалыс қауіпсіздігін бұзу фактілерінің саны 2020 жыл деңгейіне қарағанда 13% төмендеді, 137 оқиғаға жол берілді (2020 жылы – 158 оқиға), немесе жалпы бұзушылықтардың 16%-ы.


ТАСЫМАЛДАУ ПРОЦЕСІНЕ БАРЛЫҚ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫС ҚАУІПСІЗДІГІН БҰЗУЫ, ОҚИҒА





«Қозғалыс қауіпсіздігі деңгейі» көрсеткіші жыл сайын жақсарып келеді, 2021 жылдың қорытындысы бойынша Компания «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітіліп, мақсат етілген көрсеткішке қол жеткізді.

ҚОЗҒАЛЫС ҚАУІПСІЗДІГІ ДЕҢГЕЙІНІҢ МАҚСАТТЫ КӨРСЕТКІШІ, ОҚИҒАЛАР/МЛН. ПОЙЫЗ-КМ



2021 жылы Компания пойыздар қозғалысы жағдайын жақсартуға бағытталған шараларды жүзеге асыруды жалғастырды, бұл қозғалыс қауіпсіздігі көрсеткіштерінің оң динамикасын сақтауға мүмкіндік берді.

Сонымен есеп беріліп отырған жылы келесі бағыттар бойынша іс-шаралар іске асырылды:

темір жолдарда адамдардың жарақат алу оқиғаларын азайту:

- 10 станцияда темір жолдар арқылы өтетін жолаушылар өткелдерінің құрылысы аяқталды;
- 95 мыңнан астам адамды қамтитын 4 мыңнан астам жиын өткізілді;
- әкімшілік айыппұлдар сала отырып рейдтер өткізілді;
- БАҚ-та мақалалар жарияланып, сөз сөйленді.


Қозғалыс қауіпсіздігі мәдениетін арттыру:

- 6 мың қызметкер оқытылды;
- еңбегімен көзге түскен қызметкерлер ақшалай сыйақыға және марапаттарға ие болды.

Жылжымалы құрам, электрмен жабдықтау және түйіспе желі, СОБ және байланыс саласын жарақтандыру жолдарының сенімділігін арттыру:

- 12 мыңнан астам жылжымалы құрамға техникалық қызмет көрсетіліп, жөндеу жүргізілді;
- 582 км жолға күрделі жөндеу жүргізілді.

ҚОЗҒАЛЫС ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ БҰЗЫЛУ ФАКТІЛЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТҮРДЕГІ САНЫ, БАРЛЫҒЫ/МЛН. ПОЕЗД-КМ[14]



2021 жыл қорытындысы бойынша Достастыққа қатысушы мемлекеттердің халықаралық қатынасындағы теміржол әкімшіліктерінің қауіпсіздік көрсеткіштерін салыстыра талдау Компанияда млн пойыз-км-ға қозғалыс қауіпсіздігін бұзу факітілері саны Беларуссия және Ресейден басқа елдердің қарастырылып отырған теміржол әкімшіліктерінің көрсеткіштерінен төмен екенін көрсетті.

ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚОРҒАУ


GRI 403-1
GRI 403-3
GRI 403-4

Өндірістік қауіпсіздік процестерін басқару «ҚТЖ» ҰК» АҚ және оның еншілес ұйымдарындағы өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесі бойынша, «Денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігі менеджменті жүйесі. Талаптар және қолдану жөніндегі басшылық» ISO 45001:2018 халықаралық стандарттар, «Еңбек қауіпсіздігі стандарттары жүйесі. Еңбек қорғауды басқару жүйесі. ILO OSH2001 жалпы талаптары» МемСТ 12.0.230 мемлекетаралық стандарттар талаптарына сәйкес жасалған Нұсқауға сәйкес жүзеге асырылады және «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобында еңбек қорғау және қауіпсіздікті басқару бойынша қызметті реттейтін негізгі құжат болып саналады. ISO 45001:2018 стандарты қағидаттарының сақталуы «Интерсертифика-ТЮФ» фирмасы» ТЮФ Тюрингенмен бірлескен» ЖШҚ халықаралық аудиторларынан алынған сәйкестік сертификатымен расталады.

Есеп беріліп отырған жылда Компанияда өндірістік жарақаттанушылықтың және кәсіпте пайда болатын аурулардың алдын алу, еңбек жағдайын жақсарту бойынша жұмыстар жалғасын тапты. Барлығы 3061 іс-шара жүзеге асырылды. Еңбек қорғау және жағдайын жақсарту бойынша іс-шараларды орындауға барлық қаржыландыру көздерінен (еншілес ұйымдарды есептегенде) 14 млрд теңге жұмсалды.

[14]Дереккөз: Достастыққа қатысушы мемлекеттердің Теміржол кәлігі жөніндегі кеңесінің дирекциясы.

2021 ЖЫЛЫ ЕҢБЕК ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСАРТУ БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАР ШЫҒЫНЫ, МЛРД ТЕҢГЕ



Еңбек қорғау және жағдайын жақсарту бойынша іс-шаралар шығыны қайта есептеу кезінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ-та бір қызметкерге орташа есеппен 31,7 мың теңгені құрады (2020 жылы – 26,3 мың теңге).

2021 жылдың соңындағы жағдай бойынша Компанияда өндірістік нысандарды аттестациялау нәтижесі бойынша еңбек жағдайына сай 24 152 жұмыс орны құрылды (2020 – 24 601), онда зиянды, ауыр, қызу жұмыс жағдайына 45 984 қызметкер, немесе «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлерінің жалпы санының 42%-ы тартылған.



«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ

№4 МАҚСАТ

ӨҢІРЛЕР, ЖАСЫ МЕН ЖЫНЫСЫ БОЙЫНША ЕСЕП БЕРІЛІП ОТЫРҒАН КЕЗЕҢ СОҢЫНА ҚАУІПТІ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ЗИЯНДЫ ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЫМЕН АУЫР ЖҰМЫСҚА ТАРТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ

		Жынысы бойынша		Соның ішінде жасы бойынша			
	Жалпы саны	Әйел	Ер	35 жасқа дейін	36-45 жас	46-50 жас	50 жастан асқан
Қазақстан Республикасы	45 984	3 541	42 443	15 278	11 984	9 893	8 829
Нұр-Сұлтан қ-сы	38	30	8	9	10	8	11
Алматы қ-сы	2	1	1	0	1	0	1
Шымкент қ-сы	54	4	50	18	14	12	10
Ақмола облысы	4 069	301	3 768	1 552	1 012	843	662
Ақтөбе облысы	6 485	849	5 636	1 981	1 776	1 404	1 324
Алматы облысы	4 081	62	4 019	1 375	1 082	825	799
Атырау облысы	1 494	6	1 488	711	169	515	99
Шығыс Қазақстан облысы	2 383	288	2 095	1 090	554	430	309
Жамбыл облысы	4 215	120	4 095	1 095	1 141	1 027	952
Батыс Қазақстан облысы	487	16	471	153	120	80	134
Қарағанды облысы	4 551	133	4 418	1 412	1 460	1 021	658
Қостанай облысы	4 040	256	3 784	1 295	1 251	741	753
Қызылорда облысы	2 895	85	2 810	947	702	458	788
Маңғыстау облысы	2 366	171	2 195	938	690	349	389
Павлодар облысы	5 182	1 001	4 181	1 402	1 486	911	1 383
Солтүстік Қазақстан облысы	383	36	347	104	105	82	92
Түркістан облысы	3 259	182	3 077	1 196	411	1 187	465

GRI 403-2

GRI 403-3



Өндірістік жарақаттану

2021 жылы өндірістік жарақаттану көрсеткіштері 35 қайғылы жағдайды құрады,(2020 жылы – 34 жағдай, 36 зардап шегуші), соның ішінде арты өліммен аяқталған 8 жағдай (2020 жылы – 8 жағдай, 9 зардап шегуші), арты мүгедек болумен аяқталған 7 жағдай (2020 жылы – 7 жағдай).

Еңбекке жарамдылығынан айырылуға қатысты тіркелген оқиғалардың орташа жиілік коэффициенті Компания бойынша 0,25 (2020 жылы - 0,27) құрады, материалдық шығын 463 344 мың теңге болды (2019 жылы – 478 075 мың теңге).


ЖЫНЫСЫ, ӨҢІРЛЕРІ, ЖАРАҚАТТАНУШЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙІ БОЙЫНША ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТТАНУШЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙІ (УАҚЫТША ЕҢБЕККЕ ЖАРАМСЫЗДЫҚ, АУЫР, ӨЛІММЕН АЯҚТАЛҒАН); ЕСЕП БЕРІЛІП ОТЫРҒАН КЕЗЕҢ СОҢЫНА ӨҢІРІ, ЖАС ШАМАСЫ ЖӘНЕ ЖЫНЫСЫ БОЙЫНША

		Жынысы бойынша		Соның ішінде жасы бойынша			
	Жалпы саны	Әйел	Ер	35 жасқа дейін	36-45 жас	46-50 жас	50 жастан асқан
Жарақаттанушылық деңгейі: уақытша еңбекке жарамсыздық							
Қазақстан Республикасы	**20**	2	18	8	3	4	5
Нұр-Сұлтан қ-сы	1	0	1	0	0	0	1
Алматы қ-сы	1	0	1	0	0	0	1
Ақмола облысы	1	0	1	0	1	0	0
Ақтөбе облысы	4	1	3	3	0	0	1
Алматы облысы	2	0	2	1	0	1	0
Шығыс Қазақстан облысы	1	0	1	0	0	1	0
Жамбыл облысы	1	0	1	0	1	0	0
Батыс Қазақстан облысы	1	0	1	0	0	0	1
Қарағанды облысы	1	0	1	1	0	0	0
Қостанай облысы	1	0	1	0	0	1	0
Қызылорда облысы	1	0	1	1	0	0	0
Маңғыстау облысы	1	0	1	1	0	0	0
Павлодар облысы	2	1	1	1	0	0	1
Түркістан облысы	1	0	1	0	0	1	0
Илецк (РФ)	1	0	1	0	1	0	0
Жарақаттанушылық деңгейі: ауыр							
Қазақстан Республикасы	**7**	1	6	1	2	1	3
Ақтөбе облысы	2	1	1	1	1	0	0
Батыс Қазақстан облысы	1	0	1	0	0	0	1
Павлодар облысы	3	0	3	0	0	1	2
Түркістан облысы	1	0	1	0	1	0	0
Жарақаттанушылық деңгейі: өліммен аяқталған							
Қазақстан Республикасы	**8**	0	8	2	3	1	2
Нұр-Сұлтан қ-сы	2	0	2	1	1	0	0
Батыс Қазақстан облысы	1	0	1	0	0	1	0
Қарағанды облысы	1	0	1	1	0	0	0
Қостанай облысы	1	0	1	0	1	0	0
Маңғыстау облысы	1	0	1	0	0	0	1
Солтүстік Қазақстан облысы	2	0	2	0	1	0	1

№4 МАҚСАТ



2019 – 2021 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТТАНУШЫЛЫҚ ДИНАМИКАСЫ, ЗАРДАП ШЕККЕНДЕР САНЫ, АДАМ



Есеп беріліп отырған жылда Компанияда өндірістік жарақаттанушылықты төмендетуге бағытталған шаралар қабылданды, соның ішінде:

- 475 станцияның техникалық-басқару актісіне маневрлік жұмыстар жүргізу кезінде қауіпсіздік шараларына қатысты толықтырулар енгізілді;
- есеп беріліп отырған кезең соңында 1,2 мыңнан астам тексеру жүргізіліп, жойылған кемшіліктер мен сәйкессіздіктердің үлесі 92%-ды құрады;
- бір мезгілде электр қауіпсіздігіне байланысты электровоздарға 399 тексеру жүргізіліп, соның барысында 3 локомотивте электр қорғау сұлбасында талапқа сәйкес келмейтін кемшіліктер анықталды;
- барлық жол бөлімшелерінде «Абайла, пойыз құрастырушы», «Қашанда биікте, жұмыс барысында да жоғарыда» атты мақсатты айлықтар өткізілді.
- ӨҚ БЖ-не Компания қызметкерлері қауіпті әрекеттер немесе қауіпті жағдайлар туралы 21,5 мың белгіні енгізді;
- Компанияның 65 мыңнан астам қызметкері оқытылды;
- ықтимал қауіпті жағдайлардың және т.б алдын алғаны үшін өндірістік персонал қызметкерлерін ақшалай сыйақымен ай сайын ынталандыру.

Қызметкерлерді оқыту

Өндірістегі қайғылы жағдайлардың санын азайтуға бағытталған, еңбек қорғауды басқару жүйесіндегі негізгі превентивті шаралардың бірі басшыларды, мамандар мен қызметкерлерді еңбек қорғау және қауіпсіздік талаптарына оқыту болып саналады.

Ішкі жаттықтырушылар күшімен онлайн режимінде 65 470 қызметкер (11 1815 оқыту сағаты) «Қауіпсіздіктің іс-қимыл диалогы», «Ішкі бақылау», «Қоршаған ортаны қорғау», «Тәуекелді бағалау», «Өндірістік нысандарды аттестациялау», «Оқиғаларды басқару», «ТЖ басқару» бағдарламалары бойынша оқытылды.

Өндірістік қауіпсіздік бойынша форум

2021 жылы желтоқсанда «Тұрақты даму саласындағы әлеуметтік және экологиялық сипаттағы сын-қатерлер» тақырыбында өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау бойынша III форум өткізілді.

Форум мақсаты – еңбек қауіпсіздігін паш етіп, нөлдік жарақаттану тұжырымдамасын ілгерілету және экологиялық жауапкершілікті арттыру.

Форум нәтижесі бойынша өндірістік қауіпсіздік мәселелеріне басшылықтың бейілділігі жөнінде топ-менеджмент міндеттеріне қол қойылды.

Өндірістік қауіпсіздіктің біріктірілген жүйесі

Компанияда «Өндірістік қауіпсіздіктің біріктірілген жүйесі» (ӨҚБЖ) автоматтандырылған жүйесі сәтті жүзеге асырылуда. Жүйе ішкі бақылау, қауіпсіздіктің іс-қимыл диалогы, оқиғаларды, төтенше жағдайларды басқару, қабырға газеттері мен бюллетеньдер, қоршаған ортаны қорғау, еңбек жағдайы бойынша өндірістік нысандарды аттестациялау модульдерін, анкета жүргізу, қауіпсіздік минуттарын қамтиды.

ӨҚ БЖ қолданушылары 100 мың қызметкерден асады. Мобильді қосымша арқылы Компанияның әрбір қызметкері егер өзі мен әріптестеріне жұмыс орнында әлеуетті қауіп төнгенін байқаса, қауіпті жұмысты тоқтату үшін құқығын пайдалана алады.

2021 жылы осылай жұмысты тоқтату мүмкіндігін 600 қызметкер пайдаланды.

ЦИФРМЕН БЕРІЛГЕН МОБИЛЬДІ ПЛАТФОРМА

88 811
анықталған кемшілік (ҚІҚД+ІБ)

404 737
оқытылған сабақтар сағаты

86 276
кемшілікті жою (ҚІҚД+ІБ)

103 100
тіркелген қолданушы

35 945
жүзеге асырылған қауіпсіздік диалогы

98,2%
тіркелгендер үлесі

52 866
өткізілген инспекция

600
шығарынды есебінің автоматтандырылған әдісі

178
шығарылған қабырға газеті мен бюллетень

16
ҚБ және ЕҰ қамтылғаны

ЖҰМЫСТЫ ТОҚТАТУ ДИНАМИКАСЫ

2 937
жұмыстан шеттетілген

1 076
пайдалануды тоқтату

1 151
пайдаланудан алып тастау

1 135
пайдалануға тыйым салу

1 494
ІБ+ҚІҚД жұмысын тоқтату

25 363
сол орнында жою




ҚІҚД – Қауіпсіздіктің іс-қимыл диалогы; ІБ - ішкі бақылау

ӨҚ БЖ халықаралық деңгейде мойындалып, наградаларға ие болды:

2-орын – Халықаралық темір жолдар одағының (ХТЖО) «UIC DIGITAL AWARDS 2020» байқауында «Қауіпсіздік» аталымы бойынша;



«Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы шеңберінде «Digital Samruk 2020» конференциясында «Үздік цифрлы жоба» аталымы.





№5 МАҚСАТ

КОМПАНИЯНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Компания дамуында тұрақты даму қағидаттарына қатты мән береді. «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың 2029 жылға дейін тұрақты дамуы стратегиялық мақсат – тұрақты дамуды қамтамасыз етуден тұрады, ол 3 стратегиялық бастаманы жүзеге асыруды қарастырады:


- **әлеуметтік тұрақтылықты арттыру және кадрлық әлеуетті дамыту;**
- **экологиялық тұрақтылық;**
- **корпоративтік басқаруды жетілдіру.**



4

ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ



GRI 103-2



ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ бүгінде қабылданатын шешімдердің ықтимал салдарын түсіне және сезіне отырып, өз дамуында экономикалық өсімді, әлеуметтік өркендеуді және экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ететін тұрақты даму қағидаттарына бағдарланады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ өз қызметінде мына жетістіктерге жетуге тырысады:

- Қазақстанның транзиттік және экспорттық әлеуетін дамыта отырып, ұлттық экономикалық өсімді қамтамасыз ету;
- жаңа жұмыс орындарын құра, көлік құрамдас бөлігін азайта, халықтың мобильділігін арттыра және қайырымдылық жобаларын жүзеге асыра отырып Қазақстан халқының тұрмыс жағдайын жақсарту;
- қызметкерлерге толық әлеуметтік пакет пен оқу және кәсіби машықтарын арттыру мүмкіндігін ұсына отырып өз қызметкерлерінің жұмысы мен өмірі үшін барынша қолайлы жайлы жағдай жасау;
- қозғалыс қауіпсіздігі мен еңбек қорғауды қамтамасыз ету;
- теміржол тасымалын дамыта отырып заманауи жылжымалы құрамды және жаңа технологияны енгізе отырып қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайту.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың тұрақты даму саласындағы саясаты[15] Компанияның тұрақты дамуы саласындағы басқару жүйесін жетілдіру бойынша Компанияның негізге алынатын құжаты болып саналады.

Саясат тұрақты даму саласындағы қағидаттар, мақсаттарды анықтап, мақсатқа қол жеткізу механизмдерін және тұрақты даму қағидаттарын енгізуді, мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды басқарудың тиімді жүйесін құруды белгілейді.

[15] «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 24 қазандағы шешімімен бекітілген (№7 хаттама).

БҰҰ ЖАһАНДЫҚ ШАРТЫ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА БЕЙІЛДІЛІК

Бұл есеп БҰҰ Жаһандық шарты шеңберінде прогресс туралы біздің хабарламамыз болып саналады.

Бұл қол жеткен прогрестер туралы хабарлама БҰҰ Жаһандық шартын сөзсіз қолдау туралы Компанияның үндеуі болып саналады және «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың өз жұмысында БҰҰ Жаһандық шартының адам құқықтары, еңбек қатынастары, қоршаған ортаны қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы 10 қағидатын басшылыққа алуға дайын екендігін көрсетеді және компания қызметінің барлық қырларында осы маңызды қағидаттарды енгізу бойынша біздің күш салатынымызды айғақтайды.

Адам құқықтары	1-қағидат	Іскерлік орталар халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын құрметтеп, қолдауы керек.
	2-қағидат	Іскерлік орталардың адам құқықтарының бұзылуына қатысы болмауы керек.
Еңбек қатынастары	3-қағидат	Іскерлік орталар ұжымдық шарт жасауға нақты мойындау мен бірігу еркіндігін қолдауы керек.
	4-қағидат	Іскерлік орталар еңбектің барлық мәжбүрлеу және міндеттеу формаларын жоюды жақтауы керек.
	5-қағидат	Іскерлік орталар балалар еңбегін толықтай жоюды жақтауы керек.
	6-қағидат	Іскерлік орталар еңбек және жұмыспен қамту саласында кемсітушілікті жоюды жақтауы керек.
Қоршаған орта	7-қағидат	Іскерлік орталар абайлау қағидаттарына негізделген экологиялық мәселелерге бастар жолды қолдауы керек.
	8-қағидат	Іскерлік орталар қоршаған орта жағдайы үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамаларды қабылдауы керек.
	9-қағидат	Іскерлік орталар экологиялық қауіпсіз технологияны дамыту және таратуды қолдауы керек.
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	10-қағидат	Іскерлік орталар пара беру және бопсалаушылықты қоса алғанда сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне қарсы тұруы керек.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ «Біздің әлемнің қайта жаңғыруы: 2030 жылға дейінгі кезеңде тұрақты даму саласында күн тәртібі» бағдарламасының шеңберінде БҰҰ қабылдаған тұрақты даму саласындағы Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) барлық мақсаттарын ұстанады.

Компания қызметін БҰҰ мақсаттарымен қатар қоя отырып, біз 6 мақсатты анықтадық, соларды басты назарға ала отырып, оларға қол жеткізуге жағдай жасаймыз.



Қол жеткізу барысында біз айтарлықтай үлес қоса алатын мақсаттар:



Тұрақты даму саласындағы қызметтің негізгі көрсеткіштері (ҚНК) аталған мақсаттарға қол жеткізуді бағалайды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ТЫҢ 2019-2021 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДАҒЫ КЕЗЕҢДЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ

БҰҰ мақсаттары



«ҚТЖ» ҰК» АҚ мақсаттарының орындалуы

*«LTIFR» (жұмыс уақытын жоғалтумен байланысты тіркелген жиілік коэффициенті **

2019	2020	2021
-	0,27	0,25



*Басқарушылық қызметтегі әйелдердің үлесі ***

2019	2020	2021
-	-	21



Әлеуметтік тұрақтылық деңгейі

2019	2020	2021
71	75	72

Әкімшілік персоналды тарту деңгейі

2019	2020	2021
57	81	81



Тасымал қауіпсіздігінің деңгейі, оқиға/млн.пойыз-км

2019	2020	2021
1,04	1	0,81



*Энергия үнемдеу бойынша шаралар жоспарын орындау, %****

2019	2020	2021
-	-	10



Экологиялық әсер деңгейі

2019	2020	2021
0,657	0,641	0,630

2021 жылдың қорытындысы бойынша «LTIFR», «Тасымал қауіпсіздігінің деңгейі», «Экологиялық әсер деңгейі» көрсеткіштері бойынша 2020 жылдағы деңгеймен салыстырғанда оң динамика байқалады.

«Әкімшілік персоналдың ынталану деңгейі» көрсеткішінің мәні 2020 жылғы деңгейде қалды. «Әлеуметтік тұрақтылық деңгейі» көрсеткіші бойынша 2020 жылғы 75%-дан 2021 жылғы 72%-ға дейін төмендеді. (Әлеуметтік тұрақтылық).

*2019 жылы «Жарақаттанушылық деңгейі» КІҚК, көрсеткіштің іс жүзіндегі мәні 0,23 жағдай, мың адам болды

**«Басшылық қызметтегі әйелдердің үлесі» КІҚК 2021 жылы бекітілді.

***«Энергия үнемдеу бойынша шаралар жоспарын орындау» КІҚК 2021 жылы бекітілді



ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘСЕР

«ҚТЖ» ҰК» АҚ өз қызметін жүзеге асыра отырып, ұлттық экономиканы, қатысатын өңірлер мен жалпы қоғамды тұрақты дамытуға айтарлықтай үлес қосады.

Компанияның тікелей экономикалық әсері жұмыс орындарының саны, төленетін салық, қызметкерлердің еңбекқысы және олардың дамуы, инвестициялары, экологияға әсері және басқа да үлесімен анықталады.

2019-2021 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ҚҰРЫЛҒАН ЖӘНЕ ҮЛЕСТІРІЛГЕН ТІКЕЛЕЙ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰН

GRI 201-1

Көрсеткіштер	2019	2020	2021	Өзгерістер 2020/2019, %	Өзгерістер 2021/2020, %
EBITDA, млрд теңге	321,9	349,5	**408,4**	8,6	16,9
Түсім жиынтығы, млн теңге	1 139,1	1 173,3	**1 328,5**	3	13,2
Жүк тасымалы, млрд теңге	959,8	1 062,5	**1 184,3**	10,7	11,5
Жолаушылар тасымалы, млрд теңге	84,8	38,2	**57,3**	-55	50
Субсидиялар, млрд теңге	31,4	25,5	**39,2**	-18,8	53,7
Басқалар, млрд теңге	63,2	47,1	**47,8**	-25,5	1,5
Жүзеге асырудың өзіндік құны, млрд теңге	872,4	885,4	**980,9**	1,5	10,8
Операциялық кіріс, млрд теңге	159,1	181,6	**254,8**	14,1	40,3
Жалғыз акционерге қарайтын таза кіріс, бір жылдағы, млрд теңге	-70,2	16,2	**119,1**	-123,1	635,2
EBITDA margin, %	27,8	29,8	**30,7**	7,2	3
Операциялық шығындар, млрд теңге[1]	980,1	992	**1 075**	1,2	8,4
Еңбекақы және басқа да төлемдер, млрд теңге	322,5	329,5	**383,6**	2,2	16,4

Ескертпе. [1]Қаржылық есептіліктің өзгеруі себепті 2019-2020 жылдары түзетілген деректер.


GRI 207-1

Салық аударымдары

«ҚТЖ» ҰК» АҚ елдегі ең ірі салық төлеуші болып саналады, «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарының есеп беріліп отырған жылдағы Қазақстан Республикасының бюджетіне төленген басқа да міндетті төлемдері және салық сомасы 140 402,8 млн теңгені құрады (2020 жылы - 108 629 млн теңге).

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БЮДЖЕТІНЕ 2021 ЖЫЛЫ ӨҢІРЛЕР БОЙЫНША ТӨЛЕНГЕН САЛЫҚТАР МЕН БАСҚА ДА МІНДЕТТІ ТӨЛЕМДЕР, МЫҢ ТЕҢГЕ

Қатысатын өңірлер	Жиынтығы, мың теңге	Үлесі, %
ЖИЫНТЫҒЫ	**140 402 815**	**100**
Нұр-Сұлтан қ-сы	**85 028 223**	60,6
Алматы қ-сы	**4 313 320**	3,1
Шымкент қ-сы	**2 098 964**	1,5
Ақмола облысы	**5 431 565**	3,9
Ақтөбе облысы	**8 159 388**	5,8
Алматы облысы	**3 752 877**	2,7
Қарағанды облысы	**7 692 355**	5,5
Жамбыл облысы	**3 946 857**	2,8
Батыс Қазақстан облысы	**100 226**	0,1
Шығыс Қазақстан облысы	**3 143 887**	2,2
Солтүстік Қазақстан облысы	**232 990**	0,2
Атырау облысы	**2 069 641**	1,5
Павлодар облысы	**3 431 806**	2,4
Қызылорда облысы	**2 277 101**	1,6
Түркістан облысы	**651 234**	0,5
Маңғыстау облысы	**4 627 022**	3,3
Қостанай облысы	**3 445 359**	2,5



«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ

Жанама экономикалық ықпал

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың үлесі тек тікелей экономикалық ықпалмен ғана шектелмейді. «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлердің тұтынушылық шығындары мен сатып алу есебімен Компания елдің басқа да секторлары мен салаларына айтарлықтай әсер етеді. Компания қосымша жұмыс орындарының нақты санын мердігер компанияларда қамтамасыз етеді, бұл өз қызметкерлері үшін еңбекақы мен табысты түрлендіруге, сонымен қатар қосымша салық түсімдерінің елдің бюджетіне түсуіне мүмкіндік береді.

Жұмыс орындарымен қамтамасыз ету, еңбекақы төлеу, өз қызметкерлеріне әлеуметтік пакет ұсыну есебімен Компания олардың отбасы мүшелеріне жанама экономикалық ықпал етеді.

Компанияның өңірлерге өзінің қатысуымен жанама экономикалық ықпалы Компанияда келесі көрсеткіштер арқылы бағаланады:

- Компания қызметкерлері отбасылары мүшелерінің саны;
- ТМҚ, жұмыс және қызмет алуға келісімшарт сомасы;
- Компанияның инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруы, жаңа кәсіпорындар ашуы нәтижесінде құрылған жаңа жұмыс орындарының саны

Есеп беріліп отырған жылда Компанияда жаңа жұмыс орындары құрылмады.

2021 ЖЫЛҒА «ҚТЖ» ҰК» АҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ОТБАСЫЛАРЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ САНЫ, АДАМ

Өңірлер	Отбасы мүшелері, адам	Соның ішінде кәмелет жасқа жетпеген балалар, адам
ЖИЫНТЫҒЫ	**283 569**	**146 863**
Нұр-Сұлтан қ-сы	21 550	10 561
Алматы қ-сы	15 861	9 753
Шымкент қ-сы	8 097	5 039
Ақмола облысы	14 783	6 728
Ақтөбе облысы	28 835	15 258
Алматы облысы	31 405	14 792
Қарағанды облысы	22 947	9 605
Жамбыл облысы	24 689	14 689
Батыс Қазақстан облысы	4 012	1 737
Шығыс Қазақстан облысы	11 721	9 045
Солтүстік Қазақстан облысы	2 609	1 578
Атырау облысы	17 520	8 600
Павлодар облысы	13 228	8 011
Қызылорда облысы	18 507	9 831
Түркістан облысы	14 356	7 850
Маңғыстау облысы	18 189	8 738
Қостанай облысы	15 260	5 048

GRI 102-9


GRI 204-1

Сатып алу тәжірибесі

Сатып алу қызметін жүзеге асыру кезінде Компания ұйымдар мен «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың сатып алу қызметін басқару ережелерін басшылыққа алады, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасы шешімімен бекітілген Сенімді басқару немесе жекеменшік құқығындағы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-қа тікелей немесе жанама жататын елу және одан да көп дауыс берілген акциялардың пайызы (қатысу үлесі), Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Сенімді басқару немесе жекеменшік құқығындағы Қорға тікелей немесе жанама жататын елу және одан да көп дауыс беру акциясының пайызын (қатысу үлесі) ұйымдар және Қордың сатып алуын жүзеге асыру тәртібін, Қор Басқармасының шешімімен бекітілген Сенімді басқару және жекеменшік құқығындағы Қорға тікелей немесе жанама жататын дауыс беру акциясының (қатысу үлесі) елу және одан көп дауыс беру акциясы пайызын ұйымдар және Қордың Сатып алу қызметінің басқару стандартын басшылыққа алады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың сатып алу туралы барлық ақпараты Компанияның корпоративтік http://www.railways.kz сайтында, сонымен қатар арнайы сатып алу http://www.zakup.sk.kz порталында орналастырылады және барлық әлеуетті жеткізушілерге қол жетімді болады. Электронды сатып алу жүйесі сатып алу процесінің тиімділігін айтарлықтай арттыруға және оған үлкен айқындылық беруге мүмкіндік берді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ТЫҢ 2019-2021 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДАҒЫ САТЫП АЛУ ТӘСІЛДЕРІ БОЙЫНША САТЫП АЛУЫ, МЛРД ТЕҢГЕ



«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ТЫҢ ӨҢІРЛЕР БОЙЫНША 2019-2021 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДАҒЫ САТЫП АЛУЫ, МЛН ТЕҢГЕ

	2019	2020	2021
Жалпы жиынтығы, млн теңге	**614 438**	**603 266**	**691 267**
Қазақстан Республикасы	583 429	548 218	**670 882**
Нұр-Сұлтан қ-сы	463 009	413 013	**534 089**
Алматы қ-сы	44 015	42 089	**44 014**
Шымкент қ-сы	4 709	2 799	**6 977**
Ақмола облысы	5 003	4 000	**3 945**
Ақтөбе облысы	4 089	5 009	**4 130**
Алматы облысы	3 808	7 043	**8 555**
Атырау облысы	1 700	2 201	**1 644**
Шығыс Қазақстан облысы	7 010	7 031	**5 313**
Жамбыл облысы	3 003	3 055	**6 039**
Батыс Қазақстан облысы	1 013	1 010	**451**
Қарағанды облысы	24 000	20 243	**20 879**
Қостанай облысы	1 801	2 003	**2 481**
Қызылорда облысы	1 100	1 089	**1 064**
Маңғыстау облысы	4 114	3 680	**11 639**
Павлодар облысы	12 006	13 005	**15 034**
Солтүстік Қазақстан облысы	1 044	9 039	**855**
Түркістан облысы	2 005	11 909	**3 773**
Резидент еместер	31 009	55 048	**20 385**


Жылдық сатып алу жоспарына сәйкес жыл ішінде жасалған шарттар сомасы көрсетілген.

2019-2021 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ТАУАРЛАР, ЖҰМЫСТАР ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТЕР САТЫП АЛУДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ҮЛЕС, %

Көрсеткіштер	2019	2020	2021	Өзгерістер 2020/2019, %	Өзгерістер 2021/2020, %
Тауарлар	60	64	65	6,7	1,6
Жұмыстар және қызметтер	82	92	92	12,2	0



2019-2021 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ОТАНДЫҚ ТАУАР ӨНДІРУШІЛЕРМЕН ШАРТ ОФФТЕЙКІ, МЛРД ТЕҢГЕ



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

GRI 205-1

GRI 205-2

GRI 205-3

2021 жылдың қорытындысы бойынша Компания және оның еншілес ұйымдары сыбайлас жемқорлықпен күрес шеңберінде келесі шараларды атқарған:

Жүк тасымалы саласында

2021-2022 жылдарға «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-де Сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша жол картасына қол қойылып, жүзеге асырылуда.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС, «ТД «ТЭК-Казахстан» ЖШС және «Транстелеком» АҚ электронды тәуліктік тізімдемесін жасау үшін Автоматтандырылған мәліметтер беруді қамтамасыз ету бойынша жол картасы жасалып, бекітілді.

Жүк тасымалы жүйесін цифрландыру және автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізілді, соның ішінде:

1) мемлекеттік мүліктер тізілімі веб-порталында электронды сауда жолымен жүргізілетін қызметтер ұсынуда қолданылмайтын теміржол жолдарын мүліктік жалдауға (жалға алу) беру процесі (www.gosreestr.kz интернет-ресурсы);

2) «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-нің барлық станцияларында (шамамен 456 станция) «Шарттық және коммерциялық жұмыс» автоматтандырылған басқару жүйесі сәтті енгізілді. Жүйе жүк жөнелтушілер/жүк алушылар, экспедиторлық ұйымдар бойынша анықтамалықтан тұрады, сонымен қатар электронды өтінімдерді басқа мекенжайға жіберуді, бірыңғай жеке шот беруді, жіберу кодын беруді, экспедиторлық қызметтер көрсетуге шарттар жасауды қамтамасыз етеді. Жүйеде шамамен 50 мыңдай клиент тіркелген (жүк жөнелтушілер, жүк алушылар, экспедиторлық ұйымдар).

ҚР ИИДМ-нің 2021 жылғы 5 мамырдағы №220 бұйрығымен Жүк тасымалы ережелеріне қағазсыз технологияны да қарастыратын өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.



Жолаушылар тасымалы саласында

Жолаушылар тасымалында тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты жою мақсатында Алматы-1 және Алматы-2 станцияларының вокзалдарында жолаушылардың қол жүктерін өлшеу бойынша шаралар пилотты түрде қабылданды. Багаждың салмағы асып кеткенде тасымал ақылы түрде ресімделеді. Қанатқақты жоба нәтижесінде барлық вокзалдарда жүк багажын өлшеу бойынша шешім қабылданды.

Билетсіз тұлғаларды мінгізу және ресімделмеген багаж/жүк багажы фактілеріне нөлдік төзушілік қағидаттарын енгізу бойынша жұмыстар жалғасын тапты.

Персоналды іріктеу және жалдау саласында

«ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобы бойынша персоналды іріктеу және бағалау, іздеу процедураларын орталықтандыру жөніндегі жобалар аяқталды. Жобаның периметріне орталық аппарат, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың барлық филиалдары мен еншілес ұйымдары жатқызылды. Орталықтандырылған жалдау процесіне job-порталдарда бос жұмыс орындарын жариялау, резюме скринигі, үміткерлерді бағалау (тестілеу) және Конкурстық комиссиямен әңгімелесу жүргізу жатады. Сонымен бірге Конкурстық комиссияның отырыстарына тәуелсіз бақылаушылар мен HR бизнес-серіктестер қатысады. Әрбір үміткермен әңгімелесу барысы техникалық құралдар - бейне/аудио жазбалар көмегімен жазып алынып, олар әңгімелесудің әділетті түрде және айқындылықпен жүргізілгендігіне байланысты Конкурстық комиссия шешімін мониторингтеу үшін адами ресурстарды басқару департаментіне жолданады. Сонымен қатар басшылық қызметке үміткерлердің сыбайлас жемқорлық жасау ықтималдығы, сонымен қатар үлеске ортақтығы мен мүдделер қақтығысына қатысының болуы бойынша міндетті тексеру механизмі енгізілді.

Сатып алу саласында

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту мақсатында сыбайлас жемқорлық белгілерін тудыратын себептер мен жағдайларды жою бойынша нақты шаралар жасалды.

Бүгінгі таңда бизнес-процестер иелері келесі жұмыстарды жүргізді:

1) сыбайлас жемқорлық белгілерінің көрініс табуы және жауапкершілікті арттырып, бақылау рәсімдерін енгізу үшін жағдай жасайтын дискрециялық өкілдік және нормаларды жою саласындағы ішкі құжаттарды өзекті ету;

2) салалық министрлік пен мемлекеттік органдарға бағытталған қызметтер көрсету үдерісін автоматтандыру және цифрландыру бойынша ұсыныстар дайындау;

3) тауарлар, жұмыстары және қызметтер сатып алу бойынша Конкурстық комиссия отырыстарын өткізу үшін арнайы кабинет ашылды. Кабинеттің жұмыс регламентінде отырыстың аудио, бейне жазбасы, сонымен қатар олардың есебі мен тіркелуі, сақталуы қарастырылған. Кабинет сатып алу ережелерін бұзуға жол бермеу, сенімді және білікті жеткізушілер тарту, сатып алу процесіне қатысу үшін тек мүмкіндіктермен қамтамасыз етуге бағытталған Конкурстық комиссияның тиімді жұмысы үшін барлық қажеттіліктермен жабдықталған. Конкурстық комиссия отырысын жүргізуге арналған арнайы кабинеттер сонымен қатар еншілес ұйымдарда, өңірлік темір жол бөлімшелерінде жұмыс істейді;

4) әлеуетті контрагенттердің іскерлік мәртебесі мен азаматтық-құқықтық әлеуеттілігін, сонымен қатар онымен «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарының лауазымды тұлғаларының тұрақты түрде үлеске ортақтығын тексеру рәсімдері енгізілді;



5) шарттарды орындау барысы мен сатып алу мониторингі жүргізіліп, алаяқтық, сыбайлас жемқорлық белгілері, мүдделер қақтығысы белгілерін анықтау үшін дебиторлық қарыздың пайда болу факторларына ерекше мән беріледі;

6) Компания филиалдары мен орталық аппараты сатып алу блогы мамандарын аттестациялау жүргізіледі;

7) Компания жасаған барлық мәмілелерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпелер енгізіледі.

Профилактикалық іс-шаралар

2020-2021 жылдары сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңға енгізілген өзгерістер шеңберінде Компанияда келесі жұмыстар жүргізілді:

1) «ҚТЖ» ҰК» АҚ-та сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат келесі негізгі толықтырулар арқылы өзекті етілді:

- тиісті салық декларациясын ұсынбағаны үшін лауазымды тұлғалар, үміткерлер және олардың жұбайларының жауапкершілігі мен қаржылық бақылау шаралары бекітілді;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер тізімі, соның ішінде лауазымды тұлғалардың әрекеті немесе әрекетсіздігі үшін материалдық сыйақы, сыйлықтар немесе қызмет алуға толық тыйым салуға қатысты тізім толықтырылды;
- лауазымды тұлғалардың олардың жақын туыстары, жұбайы және (немесе) жекжаттары істейтін қызметке тікелей бағынышты болатын қызметке тұруы, сонымен қатар жақын туыстары, жұбайлары және (немесе) жекжаттарын өз қарамағында ұстау мүмкін еместігі туралы талаптарды қабылдауы керек;
- лауазымды тұлғалар мен олардың жұбайларының декларациясында көрсетілген деректерді жариялау үшін HR қызмет жауапкершілігін беру;

2) «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ пен оның еншілес ұйымдарындағы мінез-құлық және әдеп кодексіне осы кодекс арқылы бекітілген әдеп қағидаттары мен мінез-құлық нормаларын сақтау қажеттілігі туралы талаптар енгізу қажет шарттарға үшінші тұлғаларды тарту туралы бөлім, сонымен қатар бәсекелестікті шектеуге бағытталған іс-қимылдар мен жөнсіз бәсеке, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулермен байланысты бөлім енгізілді;



3) 2021 жылғы 1 шілдеде ҚР Әкімшілік процедуралық-процессуалдық кодексінің іске қосылуына байланысты және «Жеке және заңды тұлғалардың арыздарын қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы №221-III ҚР Заңының күші жойылуына байланысты «ҚТЖ» ҰК» АҚ-та құпия ақпараттандыру саясаты өзекті етілді;

4) «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың 2022 жылға арналған Сыбайлас жемқорлық профилактикасы және алдын алу бойынша жоспары бекітілді;

5)жұмысқа қабылдау кезінде мүдделер қақтығысы және үлеске ортақ болудың бар/жоқтығына CEO-1 және CEO-2 қызметіне үміткерлерді тексеру рәсімі енгізілді.

Өңірлерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шараларды күшейту мақсатында:

1) Компания басшылығының өңірлер басшыларымен (жол бөлімшелерінің, магистральдық желі бөлімшелерінің бастықтары, филиалдар директорлары) әлеуметтік тұрақтылық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, Мінез-құлық және әдеп кодексі ережелерін сақтау қажеттілігі бойынша өндірістік отырыстар ұйымдастырылды;

2) Компанияның өңірлік бөлімшелері мен оның еншілес ұйымдарында 2020-2021 жылдарға сыбайлас жемқорлық профилактикасы бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді.

Жоспарда жұмыс нәтижелерін көрсету бойынша қоғамдық ұйымдармен және азаматтармен өзара іс-қимыл үшін Компанияның барлық басшыларын тарту және ашықтық пен айқындылық қағидаттарын енгізу қарастырылған.

Оқыту шаралары

Компанияның комплаенс-қызметі тұрақты түрде сыбайлас жемқорлықпен күрес, әдеп және мінез-құлық мәселелері бойынша оқыту семинарларын өткізеді.

Аппараттық отырыстар форматында сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша 15 шара, оқыту тренингтері, «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен оның еншілес ұйымдарының бірінші басшыларының, «ҚТЖ» ҰК» АҚ комплаенс-қызметінің, ҚР Сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі агенттігі мен «Адал жол» жобалық кеңсесінің қатысуымен дөңгелек үстелдер өткізілді, солардың арқасында әдеп және мінез-құлық нормалары, заңды сақтау, сыбайлас жемқорлыққа нөлдік төзушілік қажеттілігі туралы Компания қызметкерлеріне негізгі мақсатты жеткізу мүмкін болды.

2021 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарының 52 мыңнан астам қызметкерлері оқытылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, халықты және «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлерін ақпараттандыруды арттыру бойынша жұмыстарының қарқынын күшейту мақсатында аумақтық бөлімшелеріне филиалдар директорлары деңгейінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің «Антикор Life» жобасы базасында тікелей эфирлер өткізу және кездесулер ұйымдастыру тапсырылды.

2021 жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің барлық аумақтық департаменттерімен бірге барлық филиалдардың директорлары осы жұмысқа қатысты. «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың барлық аумақтық бөлімшелерінде бөлімшелер басшылары орынбасарлары қызметінен төмен емес деңгейде сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылыққа жол бермеу мәселелері бойынша қызметкерлерді ақпараттандыру деңгейін арттыру, мінез-құлық әдебін сақтау, сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылығы профилактикасы бойынша шараларды реттеуді қамтамасыз ететін жауапты тұлғалар тағайындалды.

«Адал жол» жобалық кеңсесі өкілдерінің қатысуымен сыбайлас жемқорлық профилактикасы бойынша жүргізілетін жұмыстар туралы аумақтық бөлімшелердің бірінші басшыларының ай сайынғы есебі тыңдалды.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

«ҚТЖ» ҰК» АҚ ірі жұмыс беруші болып табылады және өз қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайына және кадрлық әлеуеттің дамуына үлкен көңіл бөледі.

Компания әлеуметтік жауапкершілік принциптерін ұстанады және:

- **өз қызметкерлеріне толық әлеуметтік пакет және оқыту мен кәсіби дағдыларды арттыру мүмкіндігін ұсына отырып, олардың өмірі мен жұмысы үшін барынша қолайлы жағдай жасауға;**
- **жаңа жұмыс орындарын құра отырып, көлік құрамдасын азайта отырып, халықтың ұтқырлығын арттыра және қайырымдылық жобаларды іске асыра отырып, Қазақстан халқының өмір сүру жағдайын жақсартуға ұмтылады.**

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ

КАДР САЯСАТЫ

Компания стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді орындау тұрғысында Директорлар кеңесі 2019 жылғы қыркүйекте «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың 2019-2029 жылдарға арналған жаңа Кадр саясатын бекітті.

Кадр саясаты Компанияда және оның еншілес ұйымдарында 2029 жылға дейін адами ресурстарды басқару функцияларын дамытудың негізгі тәсілдерін, принциптерін, талаптары мен бағыттарын айқындайтын негіз қалаушы құжат болып табылады.

Жүргізіліп отырған кадр саясатын іске асыру тиімділігін мониторингтеу мақсатында тиімділіктің негізгі көрсеткіштері айқындалды.

2021 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША КАДР САЯСАТЫН КІРШІКСІЗ ОРЫНДАУ

Кадрлық саясат ПӘК	Жоспар	Факт
Еңбек өнімділігі	2 703 мың тн.км/адам берілген	2 759 мың тн.км/адам берілген
Қауіпсіздік деңгейі (өндірістік қауіпсіздік диалогы бойынша оқытылған қызметкерлердің саны)	111 695 адам-сағат оқыту	111 815 адам-сағат оқыту
Кадр саясатын іске асыру	100%	100%
HR-функцияға қанағаттанушылық	90% кем емес	91%
Персоналдың тартылуы	80% төмен емес	79%
Кадрлық резерв қызметкерлерін ілгерілету	15% төмен емес	16%



«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ

GRI 102-7

КОМПАНИЯ ПЕРСОНАЛЫ

Компания қызметкерлерінің тізімдік саны 2021 жылдың соңына 112 581 адамды (2020 жылы - 119 071 адам) құрады.

Компания қызметінің ерекшелігін ескере отырып, гендерлік сипаты бойынша персонал құрылымында негізгі үлес, жалпы санының 77%-ы ерлерге келеді. 2021 жылы әйелдердің үлесі 2020 жылғы деңгейде қалып, 23%-ды құрады.

Қызметкерлердің жалпы санынан өндірістік персонал 104 705 адамды, немесе 93%-ды, әкімшілік-басқарушы персоналы 7 876 адамды, немесе 7%-ды (2020 жылы тиісінше 92,5% және 7,5%) құрайды.

30-39 жас, 40-49 жас, 50 жастан асқан жас топтары бөлінісінде қызметкерлердің үлесі біркелкі. 30 жасқа дейінгі жас қызметкерлердің үлесі аз, қызметкерлердің жалпы санының 19%.


2021 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-та басшы қызметкерлердің жалпы санынан басшы әйелдердің үлесі 21%-ды құрады.

GRI 405-1

ЕСЕП БЕРІЛІП ОТЫРҒАН КЕЗЕҢНІҢ СОҢЫНА ЖЫНЫСЫ МЕН ӨҢІРЛЕР БОЙЫНША БӨЛІНГЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ТІЗІМДІК САНЫ, АДАМ


		соның ішінде	
	Жалпы саны	әйелдер	ерлер
Барлығы	**112 581**	**26 400**	**86 181**
Нұр-Сұлтан қ-сы	13 233	4 785	8 448
Алматы қ-сы	7 418	1 837	5 581
Шымкент қ-сы	2 067	461	1 606
Ақмола облысы	4 935	1 004	3 931
Ақтөбе облысы	11 143	2 535	8 608
Алматы облысы	7 522	1 505	6 017
Атырау облысы	5 403	1 414	3 989
Шығыс Қазақстан облысы	6 649	1 471	5 178
Жамбыл облысы	8 406	1 308	7 098
Батыс Қазақстан облысы	860	313	547
Қарағанды облысы	11 868	2 733	9 135
Қостанай облысы	7 266	1 684	5 582
Қызылорда облысы	6 001	918	5 083
Маңғыстау облысы	5 004	1 036	3 968
Павлодар облысы	7 966	2 214	5 752
Солтүстік Қазақстан облысы	1 240	228	1 012
Түркістан облысы	4 084	520	3 564
Ресей Федерациясы	1 516	434	1 082

2019-2021 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДАҒЫ КЕЗЕҢДЕ САНАТТАРЫ БОЙЫНША БӨЛІНГЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ТІЗІМДІК САНЫ







ЕСЕП БЕРІЛІП ОТЫРҒАН КЕЗЕҢДЕ САНАТТАРЫ БОЙЫНША БӨЛІНГЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР, %




ЕСЕП БЕРІЛІП ОТЫРҒАН КЕЗЕҢДЕ ГЕНДЕРЛІК СИПАТЫ БОЙЫНША БӨЛІНГЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР, %



ЕСЕП БЕРІЛІП ОТЫРҒАН КЕЗЕҢДЕ ЖАСЫ БОЙЫНША БӨЛІНГЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР, %



ГЕНДЕРЛІК СИПАТЫ БОЙЫНША БӨЛІНГЕН БАСШЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР, %



Еңбек қатынастары тоқтатылған қызметкерлердің саны есеп беріліп отырған кезеңде 18 185 адамды құрады, бұл 2020 жылғы деңгейден 16,6%-ға жоғары, оның ішінде өндірістік персоналдың үлесіне 93,4% (2020 жылы – 93,2%), әкімшілік-басқарушы персоналдың үлесіне 6,6% (2020 жылы – 6,8%) келеді.

GRI 401-1

КОМПАНИЯДАН КЕТКЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ САНАТТАРЫ БОЙЫНША БӨЛІНГЕН САНЫ, АДАМ

	2019	2020	2021	Өзгерістер 2020/2019, %	Өзгерістер 2021/2020, %
ЖИЫНТЫҒЫ	**11 880**	**15 600**	**18 185**	**31,31**	**16,57**
Әкімшілік-басқарушы персонал	835	1 055	1 192	26,35	12,99
Өндірістік персонал	11 045	14 545	16 993	31,69	16,83

КОМПАНИЯДАН КЕТКЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖЫНЫСЫ БОЙЫНША БӨЛІНГЕН САНЫ, АДАМ

	2019	2020	2021	Өзгерістер 2020/2019, %	Өзгерістер 2021/2020, %
ЖИЫНТЫҒЫ	**11 880**	**15 600**	**18 185**	**31,31**	**16,57**
Әйелдер	2 389	3 761	3 231	57,43	-14,09
Ерлер	9 491	11 839	14 954	24,74	26,31

КОМПАНИЯДАН КЕТКЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖАСЫ БОЙЫНША БӨЛІНГЕН САНЫ, АДАМ

	2019	2020	2021	Өзгерістер 2020/2019, %	Өзгерістер 2021/2020, %
ЖИЫНТЫҒЫ	**11 880**	**15 600**	**18 185**	**31,31**	**16,57**
Әйелдер	2 389	3 761	3 231	57,43	-14,09
30 жасқа дейін	1 502	574	871	-61,78	51,74
31-50 жас	706	1 863	1 974	163,88	5,96
50 жастан асқан	181	1 324	386	631,49	-70,85
Ерлер	9 491	11 839	14 954	24,74	26,31
30 жасқа дейін	2 133	2 713	3 157	27,19	16,37
31-50 жас	5 995	5 585	9 638	-6,84	72,57
50 жастан асқан	1 363	3 541	2 159	159,79	-39,03




КОМПАНИЯДАН КЕТКЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ӨҢІРЛЕР БОЙЫНША БӨЛІНГЕН САНЫ, АДАМ

	2019	2020	2021	Өзгерістер 2020/2019, %	Өзгерістер 2021/2020, %
Әйелдер	**2 389**	**3 761**	**3 231**	**57,43**	**-14,09**
Қазақстан Республикасы	2 389	3 761	3 231	57,43	-14,09
Нұр-Сұлтан қ-сы	625	807	735	29,12	-8,92
Алматы қ-сы	311	356	171	14,47	-51,97
Шымкент қ-сы	51	43	20	-15,69	-53,49
Ақмола облысы	98	176	123	79,59	-30,11
Ақтөбе облысы	110	361	138	228,18	-61,77
Алматы облысы	108	206	83	90,74	-59,71
Атырау облысы	53	158	521	198,11	229,75
Шығыс Қазақстан облысы	97	270	207	178,35	-23,33
Жамбыл облысы	200	141	74	-29,5	-47,52
Батыс Қазақстан облысы	41	22	15	-46,34	-31,82
Қарағанды облысы	211	290	162	37,44	-44,14
Қостанай облысы	127	268	152	111,02	-43,28
Қызылорда облысы	20	97	276	385	184,54
Маңғыстау облысы	109	132	289	21,1	118,94
Павлодар облысы	186	322	202	73,12	-37,27
Солтүстік Қазақстан облысы	21	19	29	-9,52	52,63
Түркістан облысы	21	93	34	342,86	-63,44
Ерлер	**9 491**	**11 839**	**14 954**	**24,74**	**26,31**
Қазақстан Республикасы	9 491	11 839	14 954	24,74	26,31
Нұр-Сұлтан қ-сы	1 359	1 484	1 844	9,2	24,26
Алматы қ-сы	615	811	720	31,87	-11,22
Шымкент қ-сы	296	225	159	-23,99	-29,33
Ақмола облысы	676	565	613	-16,42	8,50
Ақтөбе облысы	634	1 105	852	74,29	-22,90
Алматы облысы	726	1 032	833	42,15	-19,28
Атырау облысы	370	497	1 575	34,32	216,90
Шығыс Қазақстан облысы	803	887	950	10,46	7,10
Жамбыл облысы	615	651	707	5,85	8,60
Батыс Қазақстан облысы	170	124	132	-27,06	6,45
Қарағанды облысы	883	1 243	1 055	40,77	-15,12
Қостанай облысы	936	989	869	5,66	-12,13
Қызылорда облысы	151	371	1 781	145,7	380,05
Маңғыстау облысы	261	346	1 290	32,57	272,83
Павлодар облысы	754	1 004	1 038	33,16	3,39
Солтүстік Қазақстан облысы	97	152	206	56,7	35,53
Түркістан облысы	145	353	330	143,45	-6,52




ЕСЕП БЕРІЛІП ОТЫРҒАН КЕЗЕҢДЕ КОМПАНИЯДАН КЕТКЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ САНАТТАРЫ БОЙЫНША БӨЛІНГЕН ҮЛЕСІ, %



Өндірістік персонал

Әкімшілік-басқарушы персонал

ЕСЕП БЕРІЛІП ОТЫРҒАН КЕЗЕҢДЕ КОМПАНИЯДАН КЕТКЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ГЕНДЕРЛІК СИПАТЫ БОЙЫНША БӨЛІНГЕН ҮЛЕСІ




Әйелдер

Ерлер



ЕСЕП БЕРІЛІП ОТЫРҒАН КЕЗЕҢДЕ КОМПАНИЯДАН КЕТКЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖАСЫ БОЙЫНША БӨЛІНГЕН ҮЛЕСІ %



30 жасқа дейін

31-49 жас

50 жастан асқан

2019-2021 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДАҒЫ КЕЗЕҢДЕ КАДРЛАРДЫҢ ТҰРАҚТАМАУЫ, %

	2019	2020	2021
Коэффициенті	8,9	8,2	**11,09**

КОМПАНИЯҒА ҚАБЫЛДАНҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ГЕНДЕРЛІК СИПАТЫ БОЙЫНША БӨЛІНГЕН САНЫ, АДАМ

	2019	2020	2021	Өзгерістер 2020/2019, %	Өзгерістер 2021/2020, %
ЖИЫНТЫҒЫ	**10 025**	**8 283**	**10 746**	**-17,38**	**29,74**
Әйелдер	2 615	1 156	1 660	-55,79	43,60
Ерлер	7 410	7 127	9 086	-3,82	27,49


КОМПАНИЯҒА ҚАБЫЛДАНҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖАСЫ БОЙЫНША БӨЛІНГЕН САНЫ, АДАМ

	2019	2020	2021	Өзгерістер 2020/2019, %	Өзгерістер 2021/2020, %
ЖИЫНТЫҒЫ	**10 025**	**8 283**	**10 746**	**-17,38**	**29,74**
Әйелдер	2 615	1 156	1 660	-55,79	43,60
30 жасқа дейін	1 122	456	629	-59,36	37,94
31-49 жас	1 272	573	897	-54,95	56,54
50 жастан асқан	221	127	134	-42,53	5,51
Ерлер	7 410	7 127	9 086	-3,82	27,49
30 жасқа дейін	2 905	3 227	4 242	11,08	31,45
31-49 жас	3 344	3 146	4 082	-5,92	29,75
50 жастан асқан	1 161	754	762	-35,06	1,06


КОМПАНИЯҒА ҚАБЫЛДАНҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ӨҢІРЛЕР БОЙЫНША БӨЛІНГЕН САНЫ, АДАМ

	2019	2020	2021	Өзгерістер 2020/2019, %	Өзгерістер 2021/2020, %
Әйелдер	2 615	1 156	1 660	-55,79	43,60
Қазақстан Республикасы	2 613	1 156	1 660	-55,76	43,60
Нұр-Сұлтан қ-сы	513	185	290	-63,94	56,76
Алматы қ-сы	320	112	100	-65	-10,71
Шымкент қ-сы	33	8	8	-75,76	0,00
Ақмола облысы	159	93	96	-41,51	3,23
Ақтөбе облысы	265	74	95	-72,08	28,38
Алматы облысы	78	97	98	24,36	1,03
Атырау облысы	105	55	59	-47,62	7,27
Шығыс Қазақстан облысы	177	97	104	-45,2	7,22
Жамбыл облысы	123	49	67	-60,16	36,73
Батыс Қазақстан облысы	22	6	21	-72,73	250,00
Қарағанды облысы	290	88	218	-69,66	147,73
Қостанай облысы	168	140	185	-16,67	32,14
Қызылорда облысы	55	15	14	-72,73	-6,67
Маңғыстау облысы	54	20	23	-62,96	15,00
Павлодар облысы	189	104	230	-44,97	121,15
Солтүстік Қазақстан облысы	48	3	16	-93,75	433,33
Түркістан облысы	14	10	36	-28,57	260,00
Ерлер	7 410	7 127	9 086	-3,82	27,49
Қазақстан Республикасы	7 319	7 127	9 086	-2,62	27,49
Нұр-Сұлтан қ-сы	1 174	1 009	1 534	-14,05	52,03
Алматы қ-сы	716	608	417	-15,08	-31,41
Шымкент қ-сы	58	79	156	36,21	97,47
Ақмола облысы	471	362	669	-23,14	84,81
Ақтөбе облысы	532	544	678	2,26	24,63
Алматы облысы	380	618	721	62,63	16,67
Атырау облысы	299	276	295	-7,69	6,88
Шығыс Қазақстан облысы	639	557	580	-12,83	4,13
Жамбыл облысы	275	475	556	72,73	17,05
Батыс Қазақстан облысы	56	60	89	7,14	48,33
Қарағанды облысы	749	895	971	19,49	8,49
Қостанай облысы	759	605	775	-20,29	28,10
Қызылорда облысы	93	64	160	-31,18	150,00
Маңғыстау облысы	214	93	139	-56,54	49,46
Павлодар облысы	679	592	977	-12,81	65,03
Солтүстік Қазақстан облысы	58	132	206	127,59	56,06
Түркістан облысы	167	158	163	-5,39	3,16

ЕСЕП БЕРІЛІП ОТЫРҒАН КЕЗЕҢДЕ КОМПАНИЯҒА ҚАБЫЛДАНҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ГЕНДЕРЛІК СИПАТЫ БОЙЫНША БӨЛІНГЕН ҮЛЕСІ, %



ЕСЕП БЕРІЛІП ОТЫРҒАН КЕЗЕҢДЕ КОМПАНИЯҒА ҚАБЫЛДАНҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖАСЫ БОЙЫНША БӨЛІНГЕН ҮЛЕСІ, %



2021 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЕҢБЕКПЕН ҚАМТЫЛУЫНЫҢ ТҮРІ БОЙЫНША БӨЛІНГЕН ТІЗІМДІК САНЫ, АДАМ

		соның ішінде	
	Жалпы саны	ерлер	әйелдер
Қызметкерлердің тізімдік саны	112 581	86 181	26 400
толық қамтылуы	112 581	86 181	26 400
ішінара қамтылуы	0	0	0

GRI 102-8

2021 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНА ЖАЛДАУ ТУРАЛЫ ЕҢБЕК ШАРТТАРЫНЫҢ МЕРЗІМДЕРІ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ БӨЛІНГЕН ТІЗІМДІК САНЫ, АДАМ

		соның ішінде	
	Жалпы саны	ерлер	әйелдер
Қызметкерлердің тізімдік саны	112 581	86 181	26 400
Жұмыс істеу мерзімі белгіленбеген еңбек шарттары бойынша жұмыс істейтіндері	116 416	89 965	26 451
Уақытша (мерзімді) еңбек шарттары бойынша жұмыс істейтіндері	2 655	1 448	1 207

2021 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНА ШТАТТАҒЫ ЖӘНЕ ШТАТТАН ТЫС ЖҰМЫС ІСТЕУІ БОЙЫНША БӨЛІНГЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ТІЗІМДІК САНЫ, АДАМ

		соның ішінде	
	Жалпы саны	ерлер	әйелдер
Қызметкерлердің тізімдік саны	112 581	86 181	26 400
Штаттағы қызметкерлер	112 581	86 181	26 400
Штаттан тыс қызметкерлер	0	0	0

GRI 401-3

2021 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНА БАЛА БАҒУ БОЙЫНША ДЕМАЛЫСТАҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ТІЗІМДІК САНЫ

		соның ішінде	
	Жалпы саны	ерлер	әйелдер
Бала бағу бойынша демалыстағы қызметкерлердің барлығ	3 894	277	3 617

2021 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНА БАЛА БАҒУ БОЙЫНША ДЕМАЛЫСТАН ҚАЙТЫП КЕЛГЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ТІЗІМДІК САНЫ

		соның ішінде	
	Жалпы саны	ерлер	әйелдер
Ана/әке болуына байланысты демалыстан қайтып келген қызметкерлердің барлығы	728	70	658



Жаңа қызметкерлердің бейімделуі

Компания жаңа қызметкерлердің бейімделуі бойынша шаралар қолданады. Жаңа қызметкердің бейімделуі қызметкердің Компания өндірістік қызметіне тартылуын дамытуға, қызметкерді Компанияның копоративтік құндылықтарына және корпоративтік мәдениетті дамытуға тартуға, қызметкерге Компаниядағы әлеуметтік және ұйымдастырушылық-экономикалық еңбек жағдайларын түсінуге көмек көрсетуге, қызметкердің Компаниямен ұзақ еңбек қатынастарының пайда болуына көмектесуге, бірінші жұмыс жылында қызметкерлердің тұрақтамауы пайызының төмендеуіне бағытталған іс-шаралар кешенінің көмегімен жүзеге асырылады

Бейімделу курсы аясында жаңа қызметкерлерге Welcome-тренинг өткізу қарастырылған. Осы кезеңде жаңадан қабылданған қызметкер Компанияның құрылу және қалыптасу тарихымен, миссиясымен, корпоративтік құндылықтарымен, құрылымымен, комплаенс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл принциптерімен, тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесімен және т.б. таныстырылады.

2022 жылға бейімделу процесін автоматтандыру жоспарланған.

«Жас өркен» және «Цифровое лето» бағдарламалары

Компанияда «Жас өркен» және «Цифровое лето» жас мамандарды дамыту бағдарламасы іске асырылуда, Қор аясында ЖОО студенттері үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобында тағылымдамадан, практикадан өту мүмкіндігі бар.

Бағдарламалардың негізгі мақсаты – жас мамандарды тәлімгерлік арқылы дамыту, сондай-ақ Қор компаниялары тобы үшін болашақ көшбасшыларды даярлау.

2019-2021 жылдар аралығындағы кезеңде «Жас өркен» және «Цифровое лето» бағдарламаларына қатысушылар тиісінше 15 және 23 жас маман болды, олардың ішінде 10 түлек «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобына жұмысқа орналастырылды (6 - «Жас өркен» бағдарламасының қорытындысы бойынша, 4 – «Цифровое лето» бағдарламасы бойынша).

Персоналды бағалау

Қызметкерлердің қызметін бағалау барлық құрылымдық бөлімшелерде, сондай-ақ «ҚТЖ» ҰК» АҚ еншілес ұйымдарында жүргізіледі.

2021 жылы орталық аппарат қызметкерлері үшін мақсаттар қою және бағалау процесі HR KPI жүйесінде автоматтандырылған.


Есеп беріліп отырған жылы Компания қызметкерлерінің қызметін 2020 жылдың қорытындысы бойынша кешенді бағалаудың қорытындылары шығарылды. Қызметкерлердің 95,4%-ы, оның ішінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ орталық аппараты - 94,7%, филиалдары - 98,9%, еншілес ұйымдары – 92,4% бағалаумен қамтылды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Кадр резервін қалыптастыру және ротациялау қағидаларына[16] сәйкес қызметті бағалау қорытындысы бойынша 393 қызметкер кадр резервіне енгізілді, оның ішінде 63 резервші ротацияға ие болды.


[16]«ҚТЖ» ҰК» АҚ 2020 жылғы 26 наурыздағы шешімімен бекітілді.

GRI 404-3

КАДР РЕЗЕРВІНЕ АЛЫНҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ, АДАМ



РОТАЦИЯ АЛҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ, АДАМ





«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ



ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін сезіне отырып, Компания қызметкерлерінің, Компания қызмет ететін өңірлердегі халықтың және жалпы қоғамның өміріне әлеуметтік жауапты қатысуы бойынша ерікті міндеттемелер қабылдайды.

Компания өз қызметкерлеріне жеңілдіктердің кең ауқымын қамтитын әлеуметтік пакет ұсынады, кәсіби және жеке дамуы үшін барлық жағдай жасайды, жастар саясатына, салауатты өмір салтын насихаттауға ерекше көңіл бөледі, ауқымды қайырымдылық науқанын жүргізеді. Зейнеткерлер мен қызметкерлердің отбасыларына айтарлықтай қолдау көрсетіледі.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлерін әлеуметтік қолдау шығыстары 2021 жылы 24,7%-ға артып, 11,6 млрд. теңгені құрады (2020 жылы – 9,3 млрд. теңге).

Сонымен, есеп беріліп отырған жылы Компания:

- зейнеткерлерге денсаулығын жақсарту және қолдау үшін 190 млн.теңге сомасына;
- қызметкерлерге бала тууына орай 916 млн. теңге сомасына;
- мүгедектігі бар балаларды жалғыз тәрбиелеп отырған қызметкерлерге 41 млн. теңге сомасына;
- қызметкерлерге некені тіркеуге байланысты 72 млн. теңге сомасына және т.б. көмек көрсетті

2021-2023 жылдарға арналған Әлеуметтік-еңбек мәселелері жөніндегі салалық келісім мен Ұжымдық шарт шеңберінде Компания қызметкерлеріне еңбек құқықтарын қорғау, ақы төлеу, еңбекті қорғау, қызметкерлер мен олардың балаларын сауықтыру және олардың демалысы бойынша әлеуметтік кепілдіктер, сондай-ақ қызметкерлердің әлеуметтік жағдайын жақсарту бойынша қосымша нормалар ұсынылады.

Компания қызметкерлерінің денсаулығын қорғау мақсатында Ұжымдық шартта барлық қызметкерлерге медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету, қызметкерлер мен зейнеткерлерді санаторлық-курорттық сауықтыру, балалардың жазғы сауықтыру демалысы, мүгедектігі бар адамдардың емделуі мен күтіміне арналған шығыстарды өтеу және т. б. көзделген.

Ұжымдық шартта Компанияның келесі міндеттемелері көрсетілген:

- әлеуметтік-еңбек қатынастары саласындағы нормаларды сақтау;
- қызметкерлерге, жұмыс істемейтін зейнеткерлерге, Компаниядағы мүгедек адамдарға, сондай-ақ өндірістегі жазатайым оқиғалардан және кәсіптік аурулардан зардап шеккендерге материалдық қолдау мен әлеуметтік кепілдіктер ұсыну;
- Компания қызметкерлері балаларының жазғы демалысы мен сауықтыруын қоса алғанда, жастарға, қызметкерлердің отбасыларына әлеуметтік кепілдіктер ұсыну.

Бұдан басқа, Ұжымдық шарттың ережелеріне сәйкес Компания қызметіндегі персоналдың еңбек жағдайларына әсер ететін елеулі өзгерістер туралы қызметкерлерге және олардың өкілдеріне хабарлама жіберу туралы Компанияның міндеттемелері көзделген (бос тұрып қалу туралы – күнтізбелік он бес күн бұрын, құрылымдық бөлімшені тарату туралы - бір ай бұрын). Штатты ұлғайту кезінде штаттың қысқартылуына байланысты жұмыстан босатылған қызметкерлер (соңғы алты айда) қызметкерлердің бос жұмыс орындары бар екені туралы хабардар етіледі.

2021 жылдың қорытындысы бойынша ұжымдық шарттармен қамтылған қызметкерлердің үлесі 92,5% құрады.

GRI 102-41

GRI 402-1

Әлеуметтік тұрақтылық

Компаниядағы әлеуметтік тұрақтылық Қордың Әлеуметтік өзара іс-қимыл және коммуникациялар орталығы жүргізетін әлеуметтік тұрақтылық индексін зерттеу шеңберінде айқындалады.

Компанияның 2021 жылғы әлеуметтік тұрақтылығының көрсеткіші 72%-ды (2020 жылы – 75%) құрады.

Есеп беріліп отырған жылы персоналдың қатысу және әлеуметтік тыныштық көрсеткіштері тиісінше 2 және 5 тармаққа төмендеді.

Компания зерттеу нәтижелері бойынша алдағы жылға арналған Әлеуметтік тұрақтылық және персоналдың қатысу деңгейін жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарында баяндалған, дамуды талап ететін салалар бойынша шаралар қабылдайды.

2022 жылы Компания мен оның еншілес ұйымдары қолайлы және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, сондай-ақ Компанияның еңбек ұжымдарында салауатты және сындарлы өзара қарым-қатынасты қолдау арқылы әлеуметтік тұрақтылық пен персоналдың қатысу деңгейін жақсарту бойынша жұмысты жалғастырады.

Персоналды әлеуметтік жауаптылықпен босату

Әлеуметтік шиеленісті тудырмай, персоналды барынша жауапты босату мақсаттарына қол жеткізу үшін 2020 жылы Персоналды әлеуметтік жауапкершілікпен босату бағдарламасы қабылданды.

Бағдарламаның мақсаты Компания қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шараларды іске асыру шеңберінде қызметкерлер мен Компания үшін барынша қолайлы және экономикалық негізделген құралдар арқылы еңбек ұжымдарында әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету.

Осындай құралдардың бірі Ерте зейнетке шығу бағдарламасы болды. Ерте зейнетке шығу бағдарламасы Компания қызметкерлерінің ерікті түрде ерте зейнетке шығуы есебінен қызметкерлер санын ауыртпалықсыз оңтайландыруға бағытталған.

ҚР заңнамасына сәйкес зейнеткерлік жасқа толғанға дейін 5 және одан аз жыл қалған, ерекше жағдайларда 6 және одан аз жыл қалған қызметкерлер бағдарламаға қатысушы бола алады және лауазымдық еңбекақысы мен өтіліне байланысты өтемақы алады.

2021 жылы Ерте зейнетке шығу бағдарламасы шеңберінде барлығы 631 адам босатылды.

Материалдық ынталандыру

Компания теміржол саласы қызметкерлерінің әлеуметтік тұрақтылығын сақтау және әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту мәселелеріне зор мән береді. 2021 жылы мынадай шаралар іске асырылды:

- 1 қаңтардан және 1 шілдеден бастап қызметкерлердің еңбекақы мөлшері 10%-ға арттырылды;
- салалық жарыстар принципі бойынша рейтингтік бағалау қорытындысы бойынша ең үздік нәтиже көрсеткен «ҚТЖ» ҰК» АҚ өңірлік филиалдары мен еншілес ұйымдарының қызметкерлеріне ынталандыру ақысы төленді;
- ЕҚК қолдана отырып, өндірістік персоналға сыйлықақы беру жүйесін дамыту бойынша жұмыс жүргізілді. Сыйақы берудің көрсетілген түрі жол монтерлері мен бригадирлерінде, электрмен жабдықтау және сигнализация мен байланыс дистанциялары электр монтерлері, электр механиктерінде енгізілген;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлеріне, оның ішінде бала күтімі бойынша демалыста, сондай-ақ ұзақ демалыстарда жүргендерге 1 АЕК мөлшерінде сыйлықақы беру;
- мемлекеттік және ведомстволық наградаларға төленетін төлем мөлшері 2 есеге ұлғайды;
- 8 Наурыз Халықаралық әйелдер күнін мерекелеуге орай Компания қызметкерлеріне біржолғы сыйлықақы төленді;
- кәсіби мереке – Көлік қызметкерлері күніне және Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне бір реттік сыйлықақы төленді.

Жүргізілген іс-шаралардың нәтижесінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобы бойынша орташа айлық еңбекақының 2020 жылғы деңгейге қарағанда 22%-ға өсуі қамтамасыз етілді.

САНАТТАР БОЙЫНША БӨЛУМЕН ОРТАША АЙЛЫҚ ЕҢБЕКАҚЫ ДЕҢГЕЙІ, ТЕҢГЕ

	2019	2020	2021	Өзгеруі 2020/2019, %	Өзгеруі 2021/2020, %
Әкімшілік-басқару персоналы	316 570	345 763	417 192	9,2	20,7
Өндірістік персонал	175 436	192 649	236 287	9,8	22,7

ЕСЕП БЕРІЛІП ОТЫРҒАН КЕЗЕҢДЕГІ ЕРЛЕР МЕН ӘЙЕЛДЕРДІҢ БАЗАЛЫҚ ЕҢБЕКАҚЫСЫНЫҢ ДЕҢГЕЙІ

GRI 405-2

	Әкімшілік персонал[17]	Өндірістік персонал[18]
Базалық еңбекақының мөлшері		
әйелдер, теңге	228 000	66 612
ерлер, теңге	228 000	66 612

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ЖЫНЫСЫ БОЙЫНША ЕҢ ТӨМЕНГІ ЕҢБЕКАҚЫ ДЕҢГЕЙІНІҢ ЕСЕП БЕРІЛІП ОТЫРҒАН КЕЗЕҢДЕГІ БЕЛГІЛЕНГЕН ЕҢ ТӨМЕНГІ ЕҢБЕКАҚЫ ДЕҢГЕЙІНЕ ҚАТЫНАСЫ

GRI 202-1

Ең төмені еңбекақы	
әйелдер, теңге[19]	66 612
ерлер, теңге[20]	66 612
еңбекақының ең төменгі мөлшері[21]	42 500





[17] «ҚТЖ» АҚ орталық аппараты еңбекақысының мөлшері (13-грейд).

[18] «ҚТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС тазалаушы еңбекақысының мөлшері (2-разряд).

[19] «ҚТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС тазалаушы еңбекақысының мөлшері (2-разряд).

[20] «ҚТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС тазалаушы еңбекақысының мөлшері (2-разряд).

[21] «2021-2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» ҚР 2020 жылғы 2 желтоқсандағы № 379-VI Заңында белгіленген Қазақстан Республикасындағы еңбекақының ең төменгі мөлшері.

ПЕРСОНАЛДЫ ДАМЫТУ

Компанияның әрбір қызметкерінің кәсіби және жеке әлеуетін арттыру мақсатында қызметкерлерді оқытуды қамтамасыз ету және корпоративтік және басқарушылық құзыреттерін дамыту бойынша жұмыс тұрақты негізде жүргізіледі.

Компанияда еліміздің түрлі өңірлерінде орналасқан және кәсіптік оқытудың корпоративтік жүйесінің негізін қамтамасыз ететін 5 оқу орталығы жұмыс істейді. 2021 жылы оқу орталықтары базасында 22 671 қызметкер (2020 жылы – 15 642 қызметкер) оқытудан өтті.


Есеп беріліп отырған жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың барлығы 34 812 қызметкері (2020 жылы – 26 757 қызметкер) жалпы сомасы 1,49 млрд теңгеге (2020 жылы - 1,07 млрд теңге) оқытылды.

ЕСЕП БЕРІЛІП ОТЫРҒАН КЕЗЕҢДЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ БАҒЫТТАР БОЙЫНША БӨЛІП ОҚЫТУ, %



- Компанияның оқу орталықтарында кәсіби оқыту
- бөгде ұйымдарда біліктілікті арттыру
- тілге оқыту (ағылшын тілі)

ЕСЕП БЕРІЛІП ОТЫРҒАН КЕЗЕҢДЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ГЕНДЕРЛІК БЕЛГІСІ БОЙЫНША БӨЛІП ОҚЫТУ, %



- әйелдер
- ерлер

Компанияда корпоративтік ішкі жаттықтырушылар бар, олар өз саласының сарапшылары болып табылатын жоғары білікті қызметкерлер. 2021 жылы ішкі жаттықтырушы сертификатын 24 қызметкер алды. Ішкі жаттықтырушылардың жалпы саны 57 адам. Есеп беріліп отырған жылы ішкі жаттықтырушылардың күшімен «Қауіпсіздіктің іс-қимыл диалогы», «Ішкі бақылау», «Қоршаған ортаны қорғау», «Оқиғаларды басқару», «ТЖ», «Өндірістік объектілерді аттестаттау», «Тәуекелдерді бағалау» бағдарламалары бойынша онлайн форматта 65 470 қызметкер оқытылды.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» тақырыбы бойынша 17 861 қызметкер, «Іскерлік этика кодексі» тақырыбы бойынша 17 304 қызметкер онлайн форматта, сондай-ақ қашықтан оқыту және тестілеу жүйесінде оқытылды.

GRI 404-1

ЕСЕП БЕРІЛІП ОТЫРҒАН КЕЗЕҢДЕ ОҚЫТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ САНЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ САНАТТАРЫ БОЙЫНША ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН ШЫҒЫСТАР

	Соның ішінде			
	Жоғары басшылық	Орта басшылық	Әкімшілік персонал	Өндірістік персонал
Оқытылған қызметкерлер саны, адам	20	1 146	12 139	21 507
Оқытуға жұмсалатын шығыстар, мың теңге	7 598	106 398	464 447	917 531
Бір қызметкерді оқытуға кететін орташа жылдық сағат саны	14,2	19,1	41	24

«Топжарған: жаңа күш» бағдарламасы

«Топжарған: жаңа күш» көшбасшылықты дамыту бағдарламасы Компанияның тораптық және желілік деңгейдегі басшыларының, HR, баспасөз қызметі және басқа да бөлімшелері қызметкерлерінің жеке-іскерлік қасиеттерін дамытуға бағытталған.

Осы бағдарлама бойынша 3 000 қызметкерді оқытумен қамту жоспарланып отыр, олардың 400-і оқытылды.

«Игілік» бағдарламасы

«Игілік» даму бағдарламасы шеңберінде түрлі қызмет өкілдері және қайраткерлерімен (БЖЗҚ, Отбасы банкі, «Медикер» МО өкілдерімен, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Дәулеткерей Кәпұлымен, Нұр-Сұлтан қаласы бойынша ТЖД өкілдерімен) 26 оқыту іс-шарасы мен кездесулер, сондай-ақ жеке-іскерлік және кәсіби құзыретті дамыту бойынша тренингтер ұйымдастырылды. 3 000-нан астам қызметкер бағдарламаға қатысты.



«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕМЕУШІЛІК ҚЫЗМЕТ

«Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобына қайырымдылық көмек көрсету бойынша бірыңғай саясатты іске асыруды «Samruk-Kazyna Trust» корпоративтік қоры жүзеге асырады.

Сонымен қатар Компания салауатты өмір салтын насихаттауға, жастар саясатын іске асыруға, халықтың қорғалмаған топтарына, тұрмысы төмен азаматтарға көмек көрсетуге және басқаларға бағытталған бағдарламаларды іске асырады.

Зейнеткерлерге қамқорлық

Компанияда 2013 жылы құрылған және жұмыс істемейтін зейнеткерлерге әлеуметтік қолдау көрсетуге бағытталған «ҚТЖ» ҰК» АҚ Теміржолшы-ардагерлердің орталық кеңесі жұмыс істейді.

- науқас және жалғыз басты зейнеткерлердің үйлерінде болу мен ауруханаларға бару;
- мерейтой иелерін мерейтойларымен – 70, 80, 90, 100-ге келуімен құттықтау;
- кеңес беру, түсіндіру және практикалық көмек көрсету.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ жұмыс істемейтін зейнеткерлеріне мыналарды қамтитын әлеуметтік пакет ұсынады:

- жыл сайынғы тегін жол жүру;
- санаторлық-курорттық сауықтыру;
- олар 70, 80, 90, 100 жасқа толғанына орай біржолғы материалдық көмек;
- Әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді қарау жөніндегі комиссияның шешімі бойынша материалдық көмек;
- мерекелерге – Көлік қызметкерлері күніне, Жеңіс күніне және т.б. материалдық көмек.

Есеп беріліп отырған кезең ішінде 7 000-нан астам қызметкер мен зейнеткер сауықтырылды, оның ішінде 2 600-ден астам қызметкер «ҚТЖ - Жүк тасымалы» ЖШС қарамағындағы Сәкен Сейфуллин атындағы санаторий-профилакторийде санаторий-курорттық сауықтырудан өтті.

Жас қызметкерлерге қамқорлық

Компания жас қызметкерлердің кадрлық әлеуетін дамытуға ерекше көңіл бөледі және осы мақсатта корпоративтік жастар саясатын іске асыруда.

Жастар саясатының бағдарламасы кәсіби дағдыларды жақсартуға, корпоративтік рухты көтеруге, жастарды тарту жүйесін дамытуға, оны тиімді бейімдеуге және Компанияда бекітуге, жастарды корпоративтік міндеттерді шешуге тартуға, халықаралық жастар ынтымақтастығын дамытуға, жастарды рухани-адамгершілік, патриоттық тұрғыдан тәрбиелеуге, сондай-ақ жастар арасында салауатты өмір салты мен спорт құндылықтарын ілгерілетуге бағытталған.

Жастар саясаты шеңберінде «ҚТЖ 100 жас тұлғасы», «Корпоративтік блогер мектебі», «Жас үздік маман» бағдарламалары іске асырылуда.



Салауатты өмір салтын насихаттау

«ҚТЖ» ҰК» АҚ құрамына 24 мемлекет кіретін Халықаралық спортшы теміржолшылар одағының (USIC) мүшесі бола отырып, USIC іс-шараларына, сондай-ақ Одақ Конгресіне белсенді қатысады.

2021 жылы салауатты өмір салтын және дене шынықтыруды насихаттау мақсатында онлайн форматта 10 спорттық пән (тыныс алу гимнастикасы, өндірістік гимнастика, үстел ойындары және т.б.) бойынша вебинарлар өткізілді.

Бұдан басқа, теміржолшылар 15 мыңнан астам адам қатысқан 100-ден астам спорттық іс-шараға қатысты.

GRI 403-2

Денсаулық сақтау және медициналық қамтамасыз ету

Қызметкерлердің денсаулығын сақтау және медициналық қамтамасыз ету мәселелері «ҚТЖ» ҰК» АҚ жүргізіп отырған әлеуметтік саясаттың маңызды басымдықтарының бірі.

2021 жылы 75 мыңнан астам қызметкерге 3 342 млн теңге сомасына ерікті медициналық сақтандыру шарттары жасалды.

2021 жылы Компания өз қызметкерлерін коронавирус инфекциясына қарсы вакцинациялауды бастады, Covid-19-ға қарсы ұжымдық иммунитеттің жалпы пайызы - 95%.

2019 ЖЫЛДАН БАСТАП 2021 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ АУРУЫ БОЙЫНША ЕҢБЕККЕ ЖАРАМСЫЗДЫҚ КҮНДЕРІ САНЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ, КҮН



Науқастануы бойынша еңбекке жарамсыздық күндерінің саны 1 277 202 күнді құрады, оның ішінде әйелдерге 357 616 күн келеді, немесе 28%, ерлерде науқастануы бойынша еңбекке жарамсыздық күндерінің саны 919 586 күнді, немесе 72%-ды құрады.

Теміржолшылардың жұмыс жағдайлары бірқатар қолайсыз факторлармен, оның ішінде айтарлықтай физикалық, психо-эмоциялық шамадан тыс жүктememен, жүріп-тұру сипатындағы жұмыспен, сондай-ақ ашық ауада ұзақ уақыт болумен байланысты.


Мұндай жұмыс жағдайлары тыныс алу, жүрек-қан тамырлары, ас қорыту жүйелері, тірек-қимыл аппараты, кәсіби интоксикация ауруларының дамуы үшін негізгі қауіп-қатер факторы болып табылады.

Есеп беріліп отырған кезеңде 74 272 адам мерзімдік медициналық тексеруден өтті. Қызметкерлерге 7 400 мыңға жуық ауысым алдындағы (рейс алдындағы) және ауысымнан кейінгі (рейстен кейінгі) медициналық тексеру жүргізілді.

Ауысым алдындағы медициналық тексерулердің нәтижелері бойынша 3 273 адам, немесе тексерілгендердің жалпы санының 0,04%-ы ауысымнан шеттетілді.



ЕСЕП БЕРІЛІП ОТЫРҒАН КЕЗЕҢДЕГІ АУЫСЫМ АЛДЫНДАҒЫ/РЕЙС АЛДЫНДАҒЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚАРАП-ТЕКСЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ АУЫСЫМНАН ШЕТТЕТУ СЕБЕПТЕРІ (АУРУЛАРЫ), %




Денсаулықтың кенеттен нашарлауы

Есеп беріліп отырған жылы жұмыс орнында денсаулықтың кенеттен нашарлауының (ДКН) 35 оқиғасына тексеру жүргізілді, бұл 2020 жылғы деңгейден 15%-ға төмен (2020 жылы - 41 жағдай). ДКН оқиғалары санының төмендеуін қабылданған қатаң санитарлық-карантиндік шектеулермен де, профилактикалық және ауысым алдындағы/рейс алдындағы медициналық тексерулерді жүргізуге бақылауды күшейту шараларымен де түсіндіруге болады.

Оқиғалардың негізгі үлесі «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-ға және «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Магистральдық желі дирекциясы» филиалына келеді, сәйкесінше 14 және 12 жағдай.

ЕСЕП БЕРІЛІП ОТЫРҒАН КЕЗЕҢДЕГІ ДКН СЕБЕПТЕРІ (АУРУЛАРЫ), %



Тұтастай алғанда Компания бойынша ДКН салдарынан болған өлім-жітім саны – 16 (2019 жылы – 13 жағдай). Бұлардың барлығында жүрек-қан тамыр жүйесі аурулары өлімнің себебі болды: 75% – миокард инфарктісі, 25% – инсульт. Бұл ретте жол шаруашылығы қызметкерлерінің арасында өлім-жітімнің жоғары деңгейі байқалады (барлық өлім жағдайларының 40%-ға жуығы).

2021 жылы ДКН оқиғаларын төмендету мақсатында «ҚТЖ» ҰК» АҚ персоналын сауықтыру бойынша іс-шаралар жоспары қабылданды, ол келесі бағыттарды қамтиды:

- салауатты өмір салтын насихаттау: ӨҚ БЖ, БАҚ, әлеуметтік желілер арқылы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары; СӨС челлендждері және дене шынықтыру-сауықтыру іс-шаралары;
- негізгі жұқпалы және жұқпалы емес аурулардың белгілері мен алдын алу шаралары туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді;
- алғашқы көмек көрсету туралы оқу курстары/роликтер;
- бірінші басшылар тарапынан көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасына қатаң бақылауды жүзеге асыру;
- әр кәсіпорында диспансерлік бақылауды қажет ететін қызметкерлер базасын құру;
- декреттегі қызметкерлер контингентінің еңбек және демалыс жағдайларын талдау;
- еңбек жағдайлары ауыр, қауіпті және зиянды, өндірісте жазатайым оқиғаларға, оның ішінде ДКН-ға жиі ұшырайтын қызметкерлер үшін ерте зейнетке шығу және/немесе салалық жәрдемақыны қайта қарау.

Ауыз сумен қамтамасыз ету

«ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлері қызмет көрсететін жекелеген станциялар мен разъездерде таза ауыз су тапшы.

Компания елді мекендерді тасымалы сумен қамтамасыз етеді. Компанияның қызметкерлерін де, сондай-ақ осы өңірлерде тұратын халықты қамтамасыз етеді.

Есеп беріліп отырған жылы 14 934 адам таза ауыз сумен қамтамасыз етілген.



«ҚТЖ» ҰК» АҚ ТАСЫМАЛДАНАТЫН СУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТКЕН АДАМДАР САНЫ, ӨҢІРЛЕР БОЙЫНША, АДАМ

Өңірлер	Жиынтығы, адам
ЖИЫНТЫҒЫ	**14 934**
Орталық және Шығыс	2 340
Оңтүстік	2 805
Солтүстік	3 353
Батыс	6 436




ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Табиғи ресурстарды пайдалануға жауапкершілікпен қарау – Компанияның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігінің негізгі құрамдас бөлігінің бірі және тұрақты дамуының маңызды факторы.

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ

Экологиялық менеджмент жүйесі

2021 жылы сертификаттау органы - «Интерсертифика-ТЮФ» фирмасы» ТЮФ Тюрингенмен бірлескен» ЖШҚ аудиторлары жүргізген «ҚТЖ» ҰК» АҚ бақылау аудитінің нәтижелері Компанияның экологиялық менеджмент жүйесінің ISO 14001:2015 «Экологиялық менеджмент жүйелері» халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігін растады.



«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ


GRI 305-1

GRI 307-1


Қоршаған ортаға эмиссиялар

Компания табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, ластағыш заттардың шығарындыларын, төгінділерін біртіндеп азайту, қалдықтардың пайда болу көлемін азайту және оларды қайта қолдану, сондай-ақ энергия үнемдейтін технологияларды пайдалану арқылы қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайтуға қол жеткізеді.


2019 ЖӘНЕ 2021 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ СТАЦИОНАРЛЫҚ ҚОНДЫРҒЫЛАРДАН АТМОСФЕРАҒА ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ ДИНАМИКАСЫ, МЫҢ ТОННА



2019 ЖӘНЕ 2021 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЭМИССИЯЛАР ДИНАМИКАСЫ, МЫҢ ТОННА




ЛАСТАҒЫШ ЗАТТАР ЭМИССИЯСЫНЫҢ ҮЛЕСІ, %




Эмиссияны төмендету бойынша орындалатын іс-шаралар:

- ластағыш заттарды аз шығаратын «ЭВОЛЮШН» сериялы тепловоздарды енгізу, бұл ескі үлгідегі тепловоздармен салыстырғанда атмосфералық ауаға шығарындыларды 2,2 еседен астам төмендетуге мүмкіндік береді;
- аралас жылытуы бар және тұйық үлгідегі дәретханалармен жабдықталған жаңа жолаушылар вагондарын сатып алу, бұл ластағыш заттардың шығарындыларын азайтуға және теміржол төсемінің фекальды микрофлорамен бактериялық ластануын болдырмауға мүмкіндік береді;
- қазандықтарды қатты отыннан газ тәріздес отынға көшіру, өндірістік ғимараттарды жылытуды электр жылуымен жабдықтауға қосу, бұл стационарлық көздерден атмосфералық ауаның ластануын төмендетуге ықпал етеді;
- қалдықтарды (макулатура, ақаулы электрондық жабдық (АЭЖ), пластик, металл сынықтары, пайдаланылған май, аккумуляторлар, шиналар) бөлек жинауды жүзеге асыру, кейіннен өтеулі негізде қайта өңдеу үшін бөгде ұйымдарға беру.

2019 ЖӘНЕ 2021 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ЛАСТАҒЫШ ЗАТТАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ, ТӨГІНДІЛЕРІНІҢ КӨЛЕМІ, ТОННА




2019 ЖӘНЕ 2021 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ҮШІН АЙЫППҰЛ ЭКОНОМИКАЛЫҚ САНКЦИЯЛАРЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ, МЛН ТЕҢГЕ




Есеп беріліп отырған жылы ластағыш заттардың апаттық және тұрақты емес төгінділеріне жол берілген жоқ.

2019-2021 АРАЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӨЛЕМДЕР ДИНАМИКАСЫ, МЛН ТЕҢГЕ



2019 ЖӘНЕ 2021 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІ ШЫҒЫНДАРЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ, МЛН ТЕҢГЕ






«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ

ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ ІС-ШАРАЛАРЫНА АРНАЛҒАН ШЫҒЫНДАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, %




Есеп беріліп отырған жылы ішкі жаттықтырушылар экологиялық қауіпсіздік бойынша онлайн оқыту жүргізді және 3 704 қызметкер оқытылды.

2019 ЖӘНЕ 2021 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІККЕ ОҚЫТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ, АДАМ




2019 ЖӘНЕ 2021 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮРГІЗУ БАРЫСЫНДА КОМПАНИЯНЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ СТАНДАРТТАР МЕН НОРМАЛАРДЫҢ ТАЛАПТАРЫН АНЫҚТАЛҒАН ЖӘНЕ ЖОЙЫЛҒАН БҰЗУШЫЛЫҚТАР САНЫ, БҰЗУШЫЛЫҚ





«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ

КОМПАНИЯНЫҢ ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮРГІЗУ БАРЫСЫНДА АНЫҚТАЛҒАН ТАЛАПТАРДЫ БҰЗУ ҚҰРЫЛЫМЫ, %



Ағынды сулардың төгінділері


Ағынды сулармен ластағыш заттардың төгінділері 306,5 тоннаны құрады, бұл 2020 жылғы деңгейден 23%-ға аз (396,5 тонна).

Төгінділер көлемінің төмендеуі «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Ақмола бөлімшесі филиалының Астана пайдалану вагон депосының Анар станциясы бойынша вагондарды жуу пунктіне берілетін вагондар санының азаюымен, сондай-ақ вагон жуу кәсіпорындарының су тұтыну көлемін азайтуымен байланысты болды.

Компания вагондарды жуу кезінде ағынды суларды сүзу алаңдарына, тұндырғыш-жинақтағыштарға ағызуды жүзеге асырады, су бұру сүзгі құдығы бар септикке жүзеге асырылады. ағынды сулар тазартылғаннан кейін қалалық кәрізге ағызу үшін шығарылады.

Төгіндінің шекті жол берілетін нормаларын есептеу ҚР Экологиялық кодексінің негізінде жүргізіледі. Су объектісін ластайтын негізгі ингредиенттер мұнай өнімдері, фенол, нитраттар, нитриттер, амоний азоты, жүзінді заттар, фосфаттар, хлоридтер, сульфаттар және т. б.






GRI 303-1

Қалдықтармен жұмыс істеу

2021 жылы Компания қалдықтарының көлемі 2020 жылғы деңгеймен салыстырғанда 19,7%-ға төмендеп, 60 921 тоннаны құрады.

2019 ЖӘНЕ 2021 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЛДЫҚТАР КӨЛЕМІ, ТОННА



Полигонға шығарылатын қалдықтарды азайту және қоршаған ортаға әсерін төмендету үшін Компанияда қалдықтарды бөлек жинау, одан әрі кәдеге жарату және мүдделі ұйымдарға тапсыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

2021 жылы Компания бойынша қайта өңдеу және пайдалану үшін 6 169 мың теңге сомасына 107,5 тонна қалдық өңдеу жүзеге асырылды. Есеп беріліп отырған жылы берілді:

- макулатура – 47,2 тонна;
- пластик – 9,3 тонна;
- шыны – 6,8 тонна;
- пайдаланылған аккумуляторлық батареялар – 3,2 тонна;
- пайдаланылған ұйымдастыру техникасы – 3,6 тонна;
- пайдаланылған автомобиль шиналары – 7,6 тонна.


GRI 306-2

Суды тұтыну

Ресурсты үнемдеу Компанияның экологиялық жауапкершілігінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Компанияның негізгі қызметі үшін пайдаланған судың жалпы көлемі есеп беріліп отырған жылы 7 673 мың м³ құрайды, оның ішінде жерүсті сулары – 2 712 мың м³, немесе 35,3%, жерасты сулары (ұңғымалар) 4 040 мың м³, немесе 52,7%, сатып алынғандар – 921 мың м³, немесе 12%.

2019 ЖӘНЕ 2021 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ СУДЫ ТҰТЫНУ ДИНАМИКАСЫ, МЫҢ М³



Ескертпе. «Теміржолсу» АҚ су тұтыну деректері.

Темір жолдарда мал басу оқиғалары

Темір жолдарда қараусыз жайылып жүрген мал теміржол көлігінің қалыпты жұмысының бұзылуына себеп болып табылады. Теміржол төсемінің жанында мал жаю жануарды теміржол көлігінің басып кету қаупін арттырады, бұл малдың өліміне әкеледі. 2018 және 2021 жылдар аралығындағы кезеңде Компания есебіне жатқызылған 12 мал басу оқиғасы болды, оның ішінде 2021 жылы – 2 оқиға.


Малды басып кету оқиғаларының алдын алу мақсатында 2021 жылы локомотив машинистері 775 шұғыл тежеу қолданды.



ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ

Энергетикалық менеджмент жүйесі

2021 жылы сертификаттау органы - «Интерсертифика-ТЮФ» фирмасы» ТЮФ Тюрингенмен бірлескен» ЖШҚ аудиторлары жүргізген «ҚТЖ» ҰК» АҚ қайта сертификаттау аудитінің нәтижелері Компанияның энергетикалық менеджмент жүйесінің ISO 50001:2018 «Энергетикалық менеджмент жүйесі» халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігін растады.



Энергия тиімділігі

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Қазақстан Республикасындағы энергия ресурстарын ең көп тұтынушы болып табылады. 30%-ға дейін дизель отынын тұтыну және 4%-ға дейін электр энергиясын тұтыну Компанияның үлесіне келеді. Компания энергия ресурстарының шығарындылары мен тұтынуды азайту саясатын жүргізу арқылы тиімділікті үздіксіз жақсартуға ұмтылады.

Қазақстан БҰҰ Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясының (БҰҰ КӨНК), оған Киото хаттамасының және 2021 жылдан бастап Киото хаттамасын ауыстыратын Париж келісімінің тарапы болып табылады.

«Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын орындау шеңберінде, сондай-ақ Мемлекеттік энергетикалық тізілімнің субъектісі бола отырып, «ҚТЖ» ҰК» АҚ әрбір 5 жылда кемінде бір рет міндетті энергия аудитінен өтеді, оның нәтижесінде энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша және отын энергетикалық ресурстарына жыл сайынғы шығыстарды төмендетуге ықпал ететін іс-шаралар әзірленеді.

2020 жылы жүргізілген «ҚТЖ» ҰК» АҚ Энергия аудиті нәтижесінде энергия тиімділігін арттыру бойынша іс-шаралар қабылданды. Энергия үнемдеу іс-шараларының ықтимал әлеуеті (шартты отынмен) шамамен 9 944 т.ш.о., немесе 2018 жылғы деңгейге қатысты ОЭР жалпы тұтынуының 2,6%-ын құрайды. Ақшалай мәндегі жалпы үнемдеу шамамен 868 млн теңгені құрайды. Іс-шараларды іске асыру мерзімі - 2021 жылдан бастап 2024 жылға дейінгі кезең.

2021 жылдың қорытындысы бойынша 1 іс-шара орындалды (жылыту құрылғыларының артындағы қабырғаларға жылу шағылыстырғыш экрандарды орнату), нәтижесінде шартты отынмен үнемдеу 12,004 т.ш.о. құрады, ақшалай мәнде 1 845,79 мың теңгеге тең.

2022 жылы Компания энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды іске асыруды жалғастырады.

2019 ЖӘНЕ 2021 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ПАЙДАЛАНУ-ӨНДІРІСТІК (ТАРТЫМДЫҚ ЕМЕС) МҰҚТАЖДЫҚТАРЫНА ОЭР ТҰТЫНУ

Көрсеткіш	2019	2020	2021	Өзгеруі 2020/2019, %	Өзгеруі 2021/2020, %
Электр энергиясы, мың кВт-сағ.	332 086,7	325 196,7	327 092,2	-2,1	0,6
Көмір, тонна	31 410,2	30 839,2	30 316,3	-1,8	-1,7
Табиғи газ, мың м³	1 869,1	1 894,4	1 787,6	1,4	-5,6
Бензин, тонна	7 104,3	6 847,6	5 229,8	-3,6	-23,6
Дизель отыны, тонна	20 695,1	21 771,3	19 859,9	5,2	-8,8
ОЭР шығысы, т.ш.о.	103 289,5	103 292,3	97 891,2	0,0	-5,2
ОЭР құны, млн теңге (ҚҚС-пен)	13 305,2	11 868,6	14 112,04	-10,8	18,9
ОЭР құны, мың тг./т.ш.о	128,8	114,9	144,16	-10,8	25,5

Энергия ресурстарына жұмсалатын шығыстың ақшалай мәнде ұлғаюы энергия ресурстарына бағаның жыл сайынғы өсуімен түсіндіріледі, бұл ретте заттай мәндегі шығыстар төмендейді.

2019 ЖӘНЕ 2021 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ТАРТЫМДЫҚ МҰҚТАЖДЫҚТАРЫНА (ЖЫЛУ ТАРТЫМДЫҒЫ ЖӘНЕ ЭЛЕКТР ТАРТЫМДЫҒЫ) ОЭР ТҰТЫНУ

Көрсеткіш	2019	2020	2021	Өзгеруі 2020/2019, %	Өзгеруі 2021/2020, %
Жұмыс көлемі, млрд т.км. бр.	423,8	429,1	423,07	1,3	-1,4
Пойыздардың тартымдығына ОЭР шығысы т.ш.о.	1 157	1 134,2	1 174,9	-2	3,6
Энергия сыйымдылығы, кг.ш.о./10 т.т.км. бр	27,3	26,4	27,77	-3,3	5,2

2019 ЖӘНЕ 2021 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ЖҰМЫС БІРЛІГІНЕ ОЭР ҮЛЕСТІК ШЫҒЫСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ, КГ.Ш.О. / 10 МЫҢ Т. КМ. БРУТТО

Көрсеткіш	2019	2020	2021	Өзгеруі 2020/2019, %	Өзгеруі 2021/2020, %
Жұмыс бірлігіне ОЭР үлестік шығысының тиімділігі, кг.ш.о./10 мың т.км брутто	29,70	28,84	30,08	-2,9	4,3

Көміртегі ізін төмендету

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың 2020 жылғы 12 желтоқсанда Климаттық амбиция саммитінде жарияланған Қазақстанның 2060 жылға қарай көміртекті бейтараптыққа қол жеткізуі туралы бастамасын қолдау мақсатында Компанияда көміртегі ізін төмендету бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Сонымен, төмен көміртекті технологияларды дамыту және енгізу мақсатында

«ҚТЖ» ҰК» АҚ аккумуляторлық маневрлік локомотив жобасын әзірлеуді, магистральдық локомотивтерде сұйытылған табиғи газды қолдану жөніндегі пилоттық жобаны енгізуді көздейді.

Бұдан әрі әлемдік технологиялық прогрестің дамуына байланысты сутегі технологияларын қолдану қаралатын болады.

Осы мақсатта Компанияда «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың 2060 жылға дейінгі кезеңде төмен көміртекті дамуға көшу жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді.

Бұл ретте көрсетілген жобаларды іске асыру мемлекеттің іс-шараларды іске асыру жөніндегі нақты қадамдарды көрсете отырып, нормативтік құжаттарды бекітуіне байланысты болады және едәуір дәрежеде мемлекеттік қаржыландыру мүмкіндігімен байланысты болады.

5

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ корпоративтік басқаруды жетілдірудің маңызды екенін сезінеді және қызметтің ашық әрі айқын болуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Корпоративтік басқару кодексінің негізгі принциптерін іс жүзінде енгізуге ұмтылады.


ТЕМІР ЖОЛЫ

GRI 102-18

Корпоративтік басқару құрылымы

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР

Жоғары органы Жалғыз акционер – Қор болып табылады. Жалғыз акционердің заңнамада және Жарғыда көзделген құқықтары болады. Жалғыз акционер Компанияның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Компанияның өзге органдарының кез келген шешімін жоюға құқылы.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

«Акционерлік қоғамдар туралы» Заңмен және Жарғымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Компания қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқару органы.

Директорлар кеңесінің комитеттері
Директорлар кеңесінің жанындағы комитеттер жұмысының мақсаты Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін арттыру және корпоративтік басқару құрылымын жетілдіру болып табылады. Директорлар кеңесінің жанында: Тағайындау мен сыйақы жөніндегі; Стратегия және қаржы жөніндегі; Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі; Аудит жөніндегі 4 комитет жұмыс істейді.

Ішкі аудит қызметі
Ішкі аудит қызметінің мақсаты «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару саласындағы бағалауды, корпоративтік басқару саласындағы құжаттарды орындауды және «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының қызметін жетілдіру мақсатында кеңес беруді жүзеге асыру болып табылады.

Комплаенс-қызмет
Комплаенс-қызметтің мақсаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша реттеушілік талаптардың сақталуын қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың үздік халықаралық практикасына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу тетіктерін енгізу болып табылады.

Корпоративтік хатшы
Корпоративтік хатшы Компанияның органдары мен лауазымды тұлғаларының Жалғыз акционердің құқықтары мен мүддесін іске асыруға кепілдік беретін корпоративтік басқару қағидалары мен рәсімдерін сақтауын қамтамасыз етеді. Корпоративтік хатшының жанында Корпоративтік хатшының аппараты жұмыс істейді.

Корпоративтік омбудсмен
Корпоративтік омбудсменнің негізгі функциялары оған жүгінген Компания қызметкерлеріне консультациялар беру және еңбек дауларын, жанжалдарды, әлеуметтік-еңбек сипатындағы проблемалық мәселелерді шешуге, сондай-ақ Компания қызметкерлерінің іскерлік этика принциптерін сақтауға жәрдем көрсету болып табылады.

БАСҚАРМА

Басқарма құзыретіне «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен, өзге де заңнамалық актілерімен және Жарғымен Компанияның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Компания қызметінің барлық мәселелерін шешу жататын «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың алқалы атқарушы органы болып табылады.


Басқарма комитеттері
Басқарма қабылдайтын шешімдердің тиімділігін арттыру мақсатында 4 комитет жұмыс істейді: Даму жөніндегі; Инвестициялық; Бюджеттік және Кредиттік.

Басқарма Хатшылығы қызметі
Басқарма хатшылығы қызметінің негізгі міндеттері Басқарманың жұмысын ұйымдастырушылық-хаттамалық қамтамасыз ету, Компания Басқармасы Төрағасының қызметін ұйымдастырушылық-құжаттамалық қамтамасыз ету, Басқарма шешімдерінің және Компания Басқармасының Төрағасы тапсырмаларының уақтылы және сапалы орындалуына бақылауды жүзеге асыру болып табылады.

Корпоративтік басқару кодексі

Корпоративтік басқару кодексі Жалғыз акционердің 2015 жылғы 27 мамырдағы шешімімен бекітілген (Қор Басқармасы отырысының №22/15 хаттамасы).
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Корпоративтік басқару кодексі Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Самұрық-Қазына» АҚ ішкі құжаттарына және «Самұрық-Қазына» АҚ трансформациялау бағдарламасына сәйкес әзірленді. Кодексте Қазақстанда және әлемде қабылданған корпоративтік басқару практикасы ескерілген, Компанияда корпоративтік басқару жүйесі негізделетін қағидаттарды бекітеді.

Кодекстің мақсаттары корпоративтік басқаруды жетілдіру, басқарудың ашықтығын қамтамасыз ету және тиісті корпоративтік басқару стандарттарын ұстануды растау болып табылады. Кодексте Компаниядағы корпоративтік басқару жүйесі негізделетін қағидаттар бекітілген. Директорлар кеңесі Кодекс ережелерінің Компанияда енгізілуіне бақылауды жүзеге асырады.



«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау туралы есеп

Кодекстің талаптарына сәйкес Корпоративтік хатшы Comply or explain («Сақта немесе түсіндір») тәсілін қолдана отырып, Кодекстің қағидаттары мен ережелерін Компанияның сақтауы мәніне оған жыл сайын талдау жүргізеді.

Кодекс ережелерінің орындалуына бақылау жасау «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесіне жүктеледі.

Корпоративтік басқару кодексі принциптері мен ережелерін сақтау туралы 2021 жылғы есеп «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесін 2022 жылғы 25 мамырдағы шешімімен (№9 хаттама) бекітілген.

Жүргізілген талдау нәтижелеріне сәйкес Компанияда Кодекс ережелерінің 88%-ы сақталады, Кодекс ережелерінің тағы 4%-ы ішінара сақталады[22] және ережелердің тағы 7%-ы Компанияға қатысты қолдануға жарамайды.

Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне сәйкес есеп беріліп отырған кезеңде Қордың тапсырмасы бойынша консалтингтік компания «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ты корпоративтік басқаруға сыртқы тәуелсіз диагностика жүргізді

Диагностиканың қорытындысы бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ-қа «BB» деңгейіндегі корпоративтік басқару рейтингісі берілді. Бұл рейтинг Компанияның корпоративтік басқару жүйесі барлық маңызды аспектілерде белгіленген критерийлердің көпшілігіне сәйкес келетіндігін, бірақ жүйенің тиімді жұмыс істейтіндігі туралы жеткілікті растау жоқ екенін білдіреді

Осы рейтинг корпоративтік басқару рейтингісі деңгейінің 2017- 2018 жылдары жүргізілген соңғы сыртқы тәуелсіз диагностика қорытындылары бойынша қол жеткізілген «B» деңгейінен жоғарылағанын куәландырады.

Аталған прогресс көп жағдайда «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бойынша іс-шаралардың орындалуын жүйелі бақылауының арқасында мүмкін болды.

Компания диагностика қорытындысы бойынша консалтингтік компанияның ұсынымдары негізінде корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру шеңберінде Компанияны корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі 2022- 2023 жылдарға арналған жоспар дайындады. Жоспардың іс-шараларын іске асыру Компанияның Директорлар кеңесі мен атқарушы органы қызметінің тиімділігін арттыруды, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін жетілдіруді, ақпаратты ашу саласындағы озық стандарттарды сақтауды, сондай-ақ ESG қағидаттарын енгізуді қамтамасыз етеді.

Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру және компаниялар тобы бойынша корпоративтік басқарудың озық практикасын енгізу мақсатында «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен оның еншілес ұйымдарында корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі жол картасы және «ҚТЖ» ҰК» АҚ еншілес ұйымдарында корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі 2021-2022 жылдарға арналған кешенді жоспар[23] қабылданды.

Жол картасын орындау шеңберінде бизнес-процестерді оңтайландыру, басқару және Компанияның еншілес ұйымдарымен өзара іс-қимыл тиімділігін арттыру бойынша тиісті шаралар қабылдануда.

Тоқсан сайынғы негізде «ҚТЖ» ҰК» АҚ еншілес ұйымдарының кешенді жоспарларды орындауына мониторинг жүргізіледі. Корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесіне сәйкес 2020 жылдан бастап жыл сайын «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің «ҚТЖ» ҰК» АҚ еншілес ұйымдарының директорлар кеңестерін тыңдау өткізіледі, оның қорытындысы бойынша Компанияның еншілес ұйымдары қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған нақты тапсырмалар беріледі.

Бұдан басқа, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да Қордың Басқарма Төрағасының бұйрығын[24] іске асыру шеңберінде LSE, АХҚО листингі қағидаларының талаптарына сәйкес корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелерін енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспары[25] бекітілді.

[22] Корпоративтік басқару кодексінің ережелерін орындау бойынша жұмыс әрі қарай жалғасатын болады.
[23] Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 29 сәуірдегі шешімімен (№7 хаттама) бекітілді.
[24] 2021 жылғы 27 тамыздағы №110-П бұйрық.
[25] Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 19 қарашадағы шешімімен (№13 хаттама) бекітілді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі Компания қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің шешімдері Қазақстан Республикасының заңнамасында және Компанияның Жарғысында айқындалған тәртіппен қабылданады. Директорлар кеңесі Компанияның қауіпсіз, табысты және тұрақты дамуын, сондай-ақ ұзақ мерзімді акционерлік құнын қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Директорлар кеңесі Компания қызметінің басымды бағыттарын белгілейтін даму стратегиясын бекітеді, перспективалық жоспарлары мен қызметінің негізгі бағдарламаларын бекітеді, тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастырудың жалпы принциптері мен тәсілдерін айқындайды.

Компанияның Директорлар кеңесінің қызметі Компанияның Жарғысымен, Корпоративтік басқару кодексімен және Директорлар кеңесі туралы ережемен реттеледі және ұтымдылық пен тиімділік принциптеріне сүйене отырып, жыл сайын әзірленетін жұмыс жоспарына және отырыстар өткізу графигіне сәйкес жүзеге асырылады. Қажет болған жағдайда Директорлар кеңесі жұмыс жоспарына енгізілмеген мәселелерді қарайды.

Директорлар кеңесінің құрамы

Директорлар кеңесінің сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін Жалғыз акционер белгілейді. Жеке тұлға ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады. Компания Басқармасының Төрағасын қоспағанда, Басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Компанияның Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайланбайды.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамына төрт тәуелсіз директорды қоса алғанда, 9 директор кіреді. Директорлар кеңесінің Төрағасы тәуелсіз директор болып табылады. Директорлар кеңесі мүшелерінде Компания акциялары/үлестес компаниялардың жарғылық капиталына қатысу үлестері жоқ, сондай-ақ Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын/жарғылық капиталына қатысу үлестерін иеленбейді.

Директорлар кеңесінің құрамындағы өзгерістер

Есеп беріліп отырған кезеңде Директорлар кеңесінің құрамында мынадай өзгерістер болды:

- Қор Басқармасының 2021 жылғы 7 сәуірдегі шешімімен (№12/21 хаттама) С.М.Мыңбаевтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды;
- Қор Басқармасының 12.04.2021 жылғы 12 сәуірдегі шешімімен(№13/21 хаттама) Н.Е.Сауранбаев «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы және Директорлар кеңесінің мүшесі болып тағайындалды;
- Қор Басқармасының 2021 жылғы 26 сәуірдегі шешімімен (№17/21 хаттама) А.М.Сәтқалиевтің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды;
- Қор Басқармасының 2021 жылғы 26 сәуірдегі шешімімен (№17/21 хаттама) Б.О.Ақшолақов «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Қор мүддесін білдіруші болып сайланды;
- Қор Басқармасының 2021 жылғы 17 маусымдағы шешімімен (№26/21 хаттама) «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар Кеңесі барлық мүшелерінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды;
- Қор Басқармасының 2021 жылғы 7 қазандағы шешімімен (№45/21 хаттама) үш жылға өкілеттік мерзімімен «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа құрамы сайланды.

2021 жылдың соңына «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі мына құрамда болды:

ТАӘ	Лауазымы
Шомоди К.	**Директорлар кеңесінің төрағасы,** Тәуелсіз директор
Сауранбаев Н.Е.	**Директорлар кеңесінің мүшесі,** Басқарма Төрағасы
Байдәулетов Н.Т.	**Директорлар кеңесінің мүшесі,** Жалғыз акционердің мүддесін білдіруші
Кравченко А.Н.	**Директорлар кеңесінің мүшесі,** Жалғыз акционердің мүддесін білдіруші
Жанәділ Е.Б.	**Директорлар кеңесінің мүшесі,** Жалғыз акционердің мүддесін білдіруші
Акшолақов Б.У.	**Директорлар кеңесінің мүшесі,** Жалғыз акционердің мүддесін білдіруші
Вокурка У.	**Директорлар кеңесінің мүшесі,** Тәуелсіз директор
Аханзарипов Н.З.	**Директорлар кеңесінің мүшесі,** Тәуелсіз директор
МакКей Дж. (Й.)	**Директорлар кеңесінің мүшесі,** Тәуелсіз директор

Тәуелсіз директорларды тарту

Компания Директорлар кеңесінің құрамындағы тәуелсіз директорлар саны бөлігінде Кодекс талаптарына сәйкес келеді, оған сәйкес тәуелсіз директорлар саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының 50%-ын құрайды.

Тәуелсіз директорларды іріктеген кезде Жалғыз акционер мен Компания Қазақстан Республикасы заңнамасының, Корпоративтік басқару кодексінің, Компания Жарғысының және Жалғыз акционердің жергілікті актілерінің тәуелсіз директорлар лауазымына конкурстық негізде үміткерлерді іздеу және іріктеу рәсімін белгілейтін талаптарын басшылыққа алады

Тәуелсіз директорлар К.Шомоди, У.Вокурка, Н.З.Аханзарипов, Дж.(Й.) МакКей Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәуелсіздік өлшемдеріне сәйкес келеді. Осылайша, аталған тәуелсіз директорлар қабылдайтын шешімдерге елеулі әсер етіп тұрған немесе әсер етуі мүмкін ешқандай қатынастар немесе жағдаяттар жоқ.

ШОМОДИ КАЛЬМАН



Директорлар кеңесінің төрағасы, Тәуелсіз директор

Директорлар кеңесінің құрамына 2021 жылдан бері кіреді.

Туған жылы:
1959

Азаматтығы:
Венгрия

Білімі:

Ленинград теміржол көлігі инженерлері институты, автоматика, телемеханика және байланыс инженері;

Будапешт техникалық университеті, «Тасымалдау процестерін автоматтандыру және басқару» мамандығы.

Еңбек жолы:

Әр жылдары ТЖЫҰ комитетінің атқарушы хатшысы, ТЖЫҰ басқарушы органы – Темір жолдар бас директорлары конференциясының тұрақты хатшысы; Қаржылық дауларды реттеу жөніндегі комиссияның төрағасы; Венгрия Көлік министрінің ТЖЫҰ-дағы, сондай-ақ Венгрия Мемлекеттік темір жолының (МАВ) тұрақты өкілі лауазымдарын атқарды.

2009 және 2011 жылдар аралығында, 2015 жылы - Венгрия Мемлекеттік теміржол басқармасының бастығы;

2006 және 2012 жылдар аралығында, 2014 және 2016 жылдар аралығында - Тәуелсіз директор – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

Компанияның, Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленбейді.

САУРАНБАЕВ НҰРЛАН ЕРМЕКҰЛЫ

Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма Төрағасы



Директорлар кеңесінің құрамына 2021 жылдан бері кіреді.

Туған жылы:
1967

Азаматтығы:
Қазақстан Республикасы

Білімі:

С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті, «Экономика» мамандығы.

Еңбек жолы:

Әр жылдары «Қазақстан темір жолы» РМК, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-та басшылық лауазымдарында жұмыс істеген, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Басқарушы директоры, ҚР Индустрия және жаңа технологиялар вице-министрі, ҚР Қорғаныс министрінің орынбасары, ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесі ұйымдастыру комитетінің басшысы лауазымдарында болған.

2017 және 2018 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласының әкімі.

2019 және 2021 жылдар аралығында ҚР Президенті Әкімшілігінің Мемлекеттік бақылау және аумақтық-ұйымдастыру жұмысы бөлімінің меңгерушісі.

2021 жылғы сәуірден бастап бүгінгі күнге дейін «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы.

Компанияның, Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленбейді.

БАЙДӘУЛЕТОВ НҰРЖАН ТӘЛІПҰЛЫ



Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің мүддесін білдіруші

Директорлар кеңесінің құрамына 2018 жылдан бері кіреді

Туған жылы:
1960

Азаматтығы:
Қазақстан Республикасы

Білімі:

Мәскеу теміржол көлігі инженерлері институты, Ресей Федерациясы, теміржол көлігінде тасымалдау процесін басқару.

Еңбек жолы:

Пойыз құрастырушысынан бастап «Қазақстан темір жолы» РМК басшылық лауазымдарына дейінгі кәсіби жолдан өтті.

Әр жылдары ҚР Көлік және коммуникация министрлігінің Теміржол көлігі департаментінің директоры; ҚР Көлік және коммуникация вице-министрі; ҚР Көлік және коммуникация министрлігі Қатынас жолдары комитетінің төрағасы; Қорда басшы лауазымдарында болды.

2016 жылдан бастап осы уақытқа дейін - «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.

2021 жылдан бастап осы уақытқа дейін - «Эйр Астана» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.

Компанияның, Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленбейді.

КРАВЧЕНКО АНДРЕЙ НИКОЛАЕВИЧ

Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің мүддесін білдіруші



Директорлар кеңесінің құрамына 2018 жылдан бастап 2022 жылға дейін кірген.

Туған жылы:
1966

Азаматтығы:
Қазақстан Республикасы

Білімі:

С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті., Қазақстан Республикасы, заңгер

Мәскеу бизнес мектебі, Ресей Федерациясы, іскерлік әкімшілендіру магистрі.

Еңбек жолы:

Әр жылдары Талдықорған облысының прокуроры, аға прокуроры, ҚР Бас прокурорының орынбасары лауазымдарында болды.

2018 және 2022 жылдар аралығында Қордың Басқарма мүшесі – Құқықтық сүйемелдеу және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директоры.

Компанияның, Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленбейді.

ЖАНӘДІЛ ЕРНАР БЕЙСЕНҰЛЫ

Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің мүддесін білдіруші



Директорлар кеңесінің құрамына 2018 жылдан бастап 2022 жылға дейін кірген.

Туған жылы:
1984

Азаматтығы:
Қазақстан Республикасы

Білімі:

Манчестер бизнес мектебі, Ұлыбритания, қаржы және есепке алу жөніндегі магистр.

Еңбек жолы:

Әр жылдары «Philip Morris Kazakhstan» компаниясында, «ЭлитСтрой» ЖШС-да, «PricewaterhouseCoopers» компаниясында, Қорда жұмыс істеген.

2016 және 2018 жылдар аралығында Қорда Қаржылық бақылаушы, Қаржы және операциялар жөніндегі басқарушы директор лауазымдарында болған.

2018 және 2021 жылдар аралығында Қорда Экономика және қаржы жөніндегі қоса басқарушы директоры лауазымында жұмыс істеген.

2021-2022 жылдары Қор Басқармасының мүшесі – Инвестициялар, жекешелендіру және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі басқарушы директоры болды

2022 жылғы ақпаннан бастап Қорды дамыту және жекешелендіру жөніндегі басқарушы директор.

Компанияның, Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленбейді.

БОЛАТ ОРАЛҰЛЫ АҚШОЛАҚОВ

Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің мүддесін білдіруші



Директорлар кеңесінің құрамына 2021 жылдан бастап 2022 жылға дейін кірген.

Туған жылы:
1971

Азаматтығы:
Қазақстан Республикасы

Білімі:

Қазақ мемлекеттік басқару академиясы, Есеп және экономикалық кибернетика факультеті, «Экономист» мамандығы;

Мұнай-газ өнеркәсібінің білім беру орталығы, «Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарды бағалау» және «Мұнай өндіру экономикасы» мамандануы

Еңбек жолы:

Әр жылдары банк секторында басшылық лауазымдарында болды; ҚР Энергетика және минералдық ресурстар, ҚР Мұнай және газ, ҚР Энергетика вице-министрі; Қордың Электр энергетикалық және мұнай-газ активтерін басқару мәселелері жөніндегі басқарушы директор; «PSA» ЖШС, «Almex Petrochemical» ЖШС, «KAZENERGY» қауымдастығының Бас директоры; «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ президенті лауазымдарында болды,

2021 жылдан 2022 жылдың қаңтарына дейін Қор активтерін басқару жөніндегі басқарушы директор.

Компанияның, Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленбейді.

ВОКУРКА УЛЬФ



Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор

Директорлар кеңесінің құрамына 2021 жылдан бері кіреді.

Туған жылы:
1962

Азаматтығы:
Германия Федеративтік Республикасы

Білімі:

Мартин Лютер атындағы Университет (Германия);

KCPO CIM Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институты (ММХҚИ), «Халықаралық қатынастар» факультеті.

Еңбек жолы:

«Deutsche Bank AG», «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдинг» АҚ, «Metzler Asset Management GmbH» компанияларында жұмыс істеді.

Әр жылдары «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы қызметін атқарды; ҚР Президенті жанындағы Қазақстандық Шетелдік инвесторлар кеңесі қауымдастығының төрағасы және Басқарма мүшесі; «Казкоммерцбанк» АҚ Басқарма Төрағасы және Директорлар кеңесінің мүшесі, «Цеснабанк» АҚ Басқарма Төрағасы лауазымдарында жұмыс істеген.

2019 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «KEGOC» АҚ, «АХҚО Әкімшілігі» АҚ және «KAZAKH INVEST» ҰК» АҚ тәуелсіз директоры.

Компанияның, Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленбейді.

АХАНЗАРИПОВ НҰРЛАН ЗАМАНБЕКҰЛЫ

Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор



Директорлар кеңесінің құрамына 2021 жылдан бері кіреді.

Туған жылы:
1965

Азаматтығы:
Қазақстан Республикасы

Білімі:

Семей технологиялық институты, Шәкәрім атындағы Семей университеті. «Бухгалтер-экономист», «Есеп және аудит» мамандықтары бойынша;

ҚР Президенті жанындағы Қазақстан Менеджмент, экономика және болжам институты, MBA, Іскерлік әкімшілендіру шебері;

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті, «Геофизика» мамандығы.

Еңбек жолы:

Мұнай-газ секторында басшылық лауазымында болды, «ҚХА» Қазақстанның Салық төлеушілер Қауымдастығының Басқарушы Кеңесінің, «KAZENERGY» Қауымдастығының және Ресей Федерациясының Тәуелсіз Директорлар Қауымдастығының (РФ ТДҚ) Сараптамалық Кеңесінің мүшесі; «Альфабанк Қазақстан ЕБ» АҚ, «Қазақстан Инжиниринг» Ұлттық Компаниясы» АҚ, «Әрекет» жоғары технологиялар қоры» АҚ және «Инжиниринг және технологиялар трансферті орталығы» АҚ компанияларының Тәуелсіз директоры - Директорлар кеңесінің мүшесі болған.

Қазіргі уақытта «KEGOC» АҚ және «АстанаГаз ҚМГ» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі.

Компанияның, Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленбейді.

ДЖОН (ЙАН) МАККЕЙ



Директорлар кеңесінің мүшесі
Тәуелсіз директор

Директорлар кеңесінің құрамына 2021 жылдан бері кіреді.

Туған жылы:
1955

Азаматтығы:
Ұлыбритания

Білімі:

Стирлинг университеті, білім беру және ағылшын тілін үйрену;

Медиация және қақтығыстарды басқару сертификаты, Core Solutions, Эдинбург;

Стирлинг университетінің менеджмент мектебінің құрметті профессоры.

Еңбек жолы:

«Lothian Buses Ltd.» компанияларының директорлар кеңестерінде (2006 жылдан бастап) айтарлықтай жұмыс тәжірибесі бар, «Critiqom Ltd.», NHS UK еңбекақысын тексеру жөніндегі орган, Шотландия колледждері, Эдинбург колледжі, Шотландия бойынша Ofcom консультативтік комитеті, Security Industry Authority және т. б.

2012 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін - «Otherhand Ltd» компаниясының құрылтайшысы-директоры.

2015 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін - Стирлинг университетінің Менеджмент мектебі Халықаралық кеңесінің Директорлар кеңесінің мүшесі; «Police Negotiating Board & SPCF» тәуелсіз төрағасы.

Компанияның, Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленбейді.



Директорлар кеңесінің қызметі

Директорлар кеңесінің отырыстары күнтізбелік жыл басталғанға дейін бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес өткізілді. Қажет болған жағдайда Директорлар кеңесінің кезектен тыс отырыстары өткізілді.

2021 жылы Директорлар кеңесі жоспар бойынша 7 отырыс өткізді - 17 отырыс, оның ішінде бетпе-бет нысанда – 13 отырыс, сырттай дауыс беру нысанында - 4 отырыс.

2021 жылы өткізілген Директорлар кеңесінің отырыстарында Компания қызметінің түрлі бағыттары бойынша 190 мәселе қаралды. Ең маңызды мәселелер күндізгі сессияларда қаралды.

ЕСЕП БЕРІЛІП ОТЫРҒАН ЖЫЛЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ОТЫРЫСТАРЫНДА ҚАРАҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Мәселелер санаты	Мәселелер саны
Директорлар кеңесіне бағынатын қызметтер жұмысы	32
Корпоративтік басқару	30
Кадр саясаты, орталық аппараттың құрылымы және басқа да кадр мәселелері	29
Стандартты есептер (қаржылық және т. б. қоса алғанда)	28
Ірі мәмілелер	25
Тәуекел-менеджмент	10
Трансформация	8
Өзге де сұрақтар	28

2021 жылы Директорлар кеңесі негізгі функциялар мен міндеттерді іске асыру аясында:

- Қазақстан Республикасының заңнамасына және Компанияның Жарғысына сәйкес ірі мәмілелер мен оларды жасасуға Компанияның мүддесі бар мәмілелерді жасасу туралы шешімдер қабылдады, алдын ала Компанияның жылдық қаржылық есептілігін бекітті;

- еңбек өнімділігін арттыру мақсатында өндірістік персоналдың еңбекақысын көтеруді мақұлдады, Компанияның ұйымдастырушылық құрылымына өзгерістер енгізді, Компанияның атқарушы органдары мен еншілес ұйымдарының құрамын қайта қарады, Компанияның стратегиялық кадрлық резерві сабақтастығының жаңартылған жоспарын бекітті;

- Компанияның стратегиялық бейінді емес активтерін шығару жөніндегі атқарушы органының қызметін үйлестіреді, сонымен қатар Компаниялар тобындағы бейінді емес қызмет түрлерін айқындау және аутсорсинг саясатын әзірлеуге бастамашылық етті;

- «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың Даму стратегиясының, жоспарының іске асырылуына бақылауды жүзеге асырды және «Цифрлық трансформация» бағдарламасының жобаларын талқылауға белсенді қатысты;

- «Жолаушылар тасымалы» АҚ-тың жолаушылар вагондарын шығару бойынша әлемдік көшбасшы – «Stadler» швейцариялық компаниясымен Стратегиялық ынтымақтастық туралы келісім жасасуын мақұлдады, жүк және жолаушылар электровоздарын сатып алу үшін қаражат тартуды мақұлдады, «DB Engineering & Consulting GmbH» және «Жолаушылар тасымалы» АҚ бірлескен жобасының іске асырылуына тұрақты негізде мониторинг жүргізді;

- Компания Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды қарап, мақұлдады, Компанияның тұрақты даму саласындағы саясатын, Компанияның 2030 жылға дейінгі Қаржы стратегиясын, Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі жол картасын және т. б. бекітті;

- үздік халықаралық тәжірибеге сәйкес Компанияның 2020 жылға арналған біріктірілген жылдық есебін бекітті, онда жылдық қаржылық есептілік пен Компанияның тұрақты дамуы туралы есептің мазмұны біріктірілген;

- Корпоративтік басқару кодексінің, LSE, АХҚО листинг ережелерінің талаптарына және үздік әлемдік тәжірибеге сәйкес тәуекелдерді басқару, холдингті корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру мәселелеріне ерекше назар аударды;

- Компанияның басшы қызметкерлері қызметінің шешуші көрсеткіштері картасына қауіпсіздік және трансформация мәселелері бойынша кешенді көрсеткіштерді енгізуге бастамашылық етті;


- Компания бойынша кешенді қауіпсіздік және еңбекті қорғау жай-күйі туралы есепті жүйелі қарады, басқарудың желілік деңгейіндегі кәсіпорындардағы еңбекті қорғау жай-күйімен танысу мақсатында Қарағанды және Алматы жол бөлімшелеріне шығуды жүзеге асырды.




«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ

ЕСЕП БЕРІЛІП ОТЫРҒАН КЕЗЕҢДЕ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСТАРЫНА ҚАТЫСУЫ

Директорлар кеңесінің мүшесі	Есеп беріліп отырған кезең	Отырысқа қатысуы
Кун К., Директорлар кеңесінің төрағасы - Тәуелсіз директор	01.01.2021-17.06.2021	10/10
Шомоди К., Директорлар кеңесінің төрағасы - Тәуелсіз директор	07.10.2021-31.12.2021	7/7
Мыңбаев С.М., Директорлар кеңесінің мүшесі - Басқарма Төрағасы	01.01.2021-07.04.2021	1/5
Сауранбаев Н.Е., Директорлар кеңесінің мүшесі - Басқарма Төрағасы	12.04.2021-31.12.2021	11/11
Байдәулетов Н.Т., Директорлар кеңесінің мүшесі - Жалғыз акционердің мүддесін білдіруші	01.01.2021-31.12.2021	17/17
Кравченко А.Н., Директорлар кеңесінің мүшесі - Жалғыз акционердің мүддесін білдіруші	01.01.2021-31.12.2021	16/17
Жанәділ Е.Б., Директорлар кеңесінің мүшесі - Жалғыз акционердің мүддесін білдіруші	01.01.2021-31.12.2021	15/17
Сәтқалиев А.М., Директорлар кеңесінің мүшесі - Жалғыз акционердің мүддесін білдіруші	01.01.2021-26.04.2021	6/6
Ақшолақов Б.О., Директорлар кеңесінің мүшесі - Жалғыз акционердің мүддесін білдіруші	26.04.2021-31.12.2021	11/11
Боккер К., Директорлар кеңесінің мүшесі - Тәуелсіз директор	01.01.2021-17.06.2021	10/10
Құдабаев Е.А., Директорлар кеңесінің мүшесі - Тәуелсіз директор	01.01.2021-17.06.2021	10/10
Фрейтаг Л., Директорлар кеңесінің мүшесі - Тәуелсіз директор	01.01.2021-17.06.2021	10/10
Вокурка У., Директорлар кеңесінің мүшесі - Тәуелсіз директор	07.10.2021-31.12.2021	7/7
Аханзарипов Н.З., Директорлар кеңесінің мүшесі - Тәуелсіз директор	07.10.2021 -31.12.2021	7/7
МакКей Дж. (Й.), Директорлар кеңесінің мүшесі - Тәуелсіз директор	07.10.2021-31.12.2021	7/7





GRI 102-18
GRI 102-20
GRI 102-22
GRI 102-31

Директорлар кеңесінің комитеттері

Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін арттыру және корпоративтік басқару құрылымын жетілдіру мақсатында Директорлар кеңесі жанында 4 комитет құрылды:

- Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитет;
- Стратегия және қаржы жөніндегі комитет;
- Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет;
- Аудит жөніндегі комитет.

Комитеттердің негізгі міндеті олардың құзыретіне жатқызылған мәселелерді алдын ала жан-жақты зерделеу және Директорлар кеңесінің негізделген және сараланған шешімдер қабылдауы үшін ұсынымдар дайындау болып табылады.

Комитеттердің құрамына Комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі, құзыреттері мен дағдылары бар Директорлар кеңесінің мүшелері кіреді.

Директорлар кеңесі комитеттерінің қызметі олар туралы тиісті ережелерде регламенттелген. Комитеттер туралы ережелерге сәйкес Аудит жөніндегі комитеттің мүшесі болып тек тәуелсіз директорлар сайлануы мүмкін, басқа комитеттердің құрамында тәуелсіз директорлар көпшілікті құрауы тиіс. Тәуелсіз директорлар Директорлар кеңесі комитеттерінің төрағалары болып табылады.

Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитет

Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитет (ТСК) кадрлық саясат, тағайындаулар, бағалау және сыйақы, сондай-ақ Компанияның әлеуметтік мәселелері саласындағы мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің хабардар болуына және ұсынымдарды дайындауға жәрдемдеседі.
Отырысты өткізгеннен кейін ТСК төрағасы өткен отырыс барысында қаралған аса маңызды мәселелер туралы Директорлар кеңесін хабардар етеді.

2021 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНА ТАҒАЙЫНДАУ МЕН СЫЙАҚЫ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ ҚҰРАМЫ

ТАӘ	Лауазымы
МакКей Дж. (Й.)	**Комитет төрағасы,** Директорлар кеңесінің мүшесі - Тәуелсіз директор
Кравченко А.Н.	**Комитет мүшесі,** Директорлар кеңесінің мүшесі - Жалғыз акционердің мүддесін білдіруші
Вокурка У.	**Комитет мүшесі,** Директорлар кеңесінің мүшесі - Тәуелсіз директор
Аханзарипов Н.З.	**Комитет мүшесі,** Директорлар кеңесінің мүшесі - Тәуелсіз директор



ЕСЕП БЕРІЛІП ОТЫРҒАН КЕЗЕҢДЕ КОМИТЕТ МҮШЕЛЕРІНІҢ КОМИТЕТ ОТЫРЫСТАРЫНА ҚАТЫСУЫ

ТАӘ	Есеп беріліп отырған кезең	Отырысқа қатысу
Боккер К., Комитет төрағасы	01.01.2021-17.06.2021	5/5
МакКей Дж. (Й.), Комитет төрағасы	15.10.2021-31.12.2021	4/4
Кравченко А.Н., Комитет мүшесі	01.01.2021-31.12.2021	7/9
Кун К., Комитет мүшесі	01.01.2021-17.06.2021	5/5
Құдабаев Е.А., Комитет мүшесі	01.01.2021-17.06.2021	5/5
Вокурка У., Комитет мүшесі	15.10.2021-31.12.2021	4/4
Аханзарипов Н.З., Комитет мүшесі	15.10.2021-31.12.2021	4/4

КОМИТЕТТІҢ 2021 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ

2021 жылы ТСК жұмысы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылға арналған жұмыс жоспарын ескере отырып әзірленген Комитеттің 2020 жылғы 25 қарашадағы шешімімен (№11 хаттама) бекітілген Жұмыс жоспарына сәйкес жүргізілді.

2021 жылы ТСК 9 отырысы өткізілді (жоспарланғаны 7 отырыс).

ТСК есеп беріліп отырған жылы қараған және тиісті ұсынымдар берген мәселелер:

- кадр саясаты;
- персоналды негізгі басқарушы позицияларға тағайындау;
- қызметті бағалау және сыйақы;
- басқа мәселелер бойынша.

ТСК 2021 жылы қараған және мақұлдаған құжаттар:

- «ҚТЖ» ҰК» АҚ кадрлық саясатын іске асыру аясында HR мәселелері жөніндегі есептер
- Өз қызметінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесіне, Корпоративтік омбудсменге және Корпоративтік хатшыға есеп беретін лауазымдарға, сондай-ақ CEO-1 және CEO-2 лауазымдарына персоналды іздестіру және іріктеу қағидасы;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ стратегиялық кадрлық резервінің сабақтастығы жоспары;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ кейбір филиалдары мен еншілес ұйымдарындағы өндірістік қарым-қатынасты мониторингтеу аясында жүргізілетін анонимдік сауалнамалардың нәтижелері туралы есеп;
- 2024 жылғы дейін босатуға жоспарланған персоналды әлеуметтік жауапкершілікпен босату жөніндегі бағдарламаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ орталық аппаратының құрылымы;
- 2020 жылдың қорытындылары бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ Корпоративтік омбудсменнің жұмысы туралы есеп;
- 2020 жылдың қорытындылары бойынша ТСК және Директорлар кеңесінің жұмысы туралы есеп;
- LSE, АХҚО листинг қағидаларының талаптарына сәйкес корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелерін енгізу бойынша іс-шаралар жоспары.

Стратегия және қаржы жөніндегі комитет

Стратегия және қаржы комитеті (СҚК) Компания қызметінің басым бағыттарын айқындайтын Даму стратегиясын қарау, қаржылық тұрақтылығы, Компанияның Даму жоспарын бекіту және мониторингтеу, инвестициялық қызмет, Компания активтерінің портфелін басқару мәселелері бойынша Директорлар кеңесінің хабардар болуына және ұсынымдарды дайындауға жәрдемдеседі.

Отырысты өткізгеннен кейін СҚК Төрағасы өткен отырыс барысында қаралған аса маңызды мәселелер туралы Директорлар кеңесін хабардар етеді.



2021 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНА СТРАТЕГИЯ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ ҚҰРАМЫ

ТАӘ	Лауазымы
Вокурка У.	**Комитет төрағасы,** Директорлар кеңесінің мүшесі - Тәуелсіз директор
Шомоди К.	**Комитет мүшесі,** Директорлар кеңесінің төрағасы - Тәуелсіз директор
Аханзарипов Н.З.	**Комитет мүшесі,** Директорлар кеңесінің мүшесі - Тәуелсіз директор
Байдәулетов Н.Т.	**Комитет мүшесі,** Директорлар кеңесінің мүшесі - Жалғыз акционердің мүддесін білдіруші
Ақшолақов Б.У.	**Комитет мүшесі,** Директорлар кеңесінің мүшесі - Жалғыз акционердің мүддесін білдіруші
Жанәділ Е.Б.	**Комитет мүшесі,** Директорлар кеңесінің мүшесі - Жалғыз акционердің мүддесін білдіруші



ЕСЕП БЕРІЛІП ОТЫРҒАН КЕЗЕҢДЕ КОМИТЕТ МҮШЕЛЕРІНІҢ КОМИТЕТ ОТЫРЫСТАРЫНА ҚАТЫСУЫ

ТАӘ	Есеп беріліп отырған кезең	Отырысқа қатысуы
Фрейтаг Л., Комитет төрағасы	01.01.2021-17.06.2021	9/9
Вокурка У., Комитет төрағасы	15.10.2021- 31.12.2021	3/3
Кун К., Комитет мүшесі	01.01.2021-17.06.2021	9/9
Шомоди К., Комитет мүшесі	15.10.2021- 31.12.2021	3/3
Құдабаев Е.А., Комитет мүшесі	01.01.2021-17.06.2021	7/9
Аханзарипов Н.З., Комитет мүшесі	15.10.2021-31.12.2021	3/3
Жанәділ Е., Комитет мүшесі	01.01.2021-31.12.2021	2/12
Байдәулетов Н.Т., Комитет мүшесі	01.01.2021-31.12.2021	12/12
Ақшолақов Б.У. Комитет мүшесі	15.10.2021- 31.12.2021	3/3

КОМИТЕТТІҢ 2021 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ

2021 жылы СҚК жұмысы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылға арналған жұмыс жоспарын ескере отырып әзірленген Комитеттің 2020 жылғы 26 қарашадағы шешімімен (№16/2020 хаттама) бекітілген Жұмыс жоспарына сәйкес жүргізілді.

2021 жылы СҚК 12 отырысы өткізілді (жоспарланғаны 7 отырыс).

СҚК есеп беріліп отырған жылы қарағаны және тиісті ұсынымдар берген мәселелер:

- стратегия және қаржылық тұрақтылық;
- инвестициялық жобаларды іске асыру;
- бизнесті трансформациялау;
- активтерді басқару.

СҚК 2021 жылы қарағаны және мақұлдаған құжаттар:

- «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобындағы бейінді емес қызмет түрлерін анықтау және аутсорсинг саясаты;
- 2020-2029 жылдарға арналған «Жолаушылар тасымалы» АҚ жылжымалы құрам паркі стратегиясының орындалу прогресі және алыс жолға жүретін пойыздар үшін ұйықтайтын вагондарды («стандартты жылжымалы құрам») сатып алу туралы есеп;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ цифрлық трансформациясы» бағдарламасының жобалар портфеліне жаңа жобаларды енгізу және іске асыруды бекіту;
- «Жолаушылар локомотивтері» ЖШС-нің ағымдағы мәртебесі туралы есеп;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ 2029 жылға дейінгі Даму стратегиясының іске асырылу барысы туралы есеп;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобынан шығаруға жататын стратегиялық емес активтердің тізбесі;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ еншілес ұйымдарының үлгілік жарғыларын бекіту;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ 2022-2026 жылдарға арналған даму жоспары;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ Мүлік сату ережелеріне өзгеріс енгізу;

- 2020 жылдың қорытындылары бойынша СҚК жұмысы туралы есеп;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегия және қаржы жөніндегі комитетінің 2022 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту.


Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет

Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет (ҚҚОҚК) қызметкерлердің қауіпсіздігін арттыру және еңбекті қорғау мәселелері, Компания мен оның еншілес ұйымдарының операциялық қызметін жүзеге асыру кезінде теміржол инфрақұрылымының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша, сондай-ақ Компанияның операциялық қызметінің тұрақты дамуы мен тиімділігін арттыру мәселелері бойынша Директорлар кеңесінің хабардар болуына және ұсынымдарды дайындауға жәрдемдеседі

Отырысты өткізгеннен кейін ҚҚОҚК төрағасы өткен отырыс барысында қаралған аса маңызды мәселелер туралы Директорлар кеңесін хабардар етеді.

2021 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНА ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ ҚҰРАМЫ

ТАӘ	Лауазымы
Шомоди К.	**Комитет төрағасы,** Директорлар кеңесінің төрағасы - Тәуелсіз директор
Байдәулетов Н.Т.	**Комитет мүшесі,** Директорлар кеңесінің мүшесі - Жалғыз акционердің мүддесін білдіруші
МакКей Дж. (Й.)	**Комитет мүшесі,** Директорлар кеңесінің мүшесі - Тәуелсіз директор



«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ

ЕСЕП БЕРІЛІП ОТЫРҒАН КЕЗЕҢДЕ КОМИТЕТ МҮШЕЛЕРІНІҢ КОМИТЕТ ОТЫРЫСТАРЫНА ҚАТЫСУЫ

ТАӘ	Есеп беріліп отырған кезең	Отырысқа қатысуы
Кун К., Комитет төрағасы	01.01.2021-17.06.2021	5/5
Шомоди К., Комитет төрағасы	15.10.2021-31.12.2021	2/2
Сәтқалиев А.М., Комитет мүшесі	01.01.2021-26.04.2021	2/3
Боккер К., Комитет мүшесі	01.01.2021-17.06.2021	3/5
МакКей Дж. (Й.), Комитет мүшесі	15.10.2021-31.12.2021	2/2
Байдәулетов Н.Т., Комитет мүшесі	01.01.2021-31.12.2021	7/7

КОМИТЕТТІҢ 2021 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ

2021 жылы ҚҚОҚК жұмысы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылға арналған жұмыс жоспарын және графигін ескере отырып әзірленген Комитеттің 2020 жылғы 25 қарашадағы шешімімен (№6/2020 хаттама) бекітілген Жұмыс жоспарына сәйкес жүргізілді.

2021 жылы ҚҚОҚК 7 отырысы өткізілді (жоспарланғаны 7 отырыс).

ҚҚОҚК есеп беріліп отырған жылы қарағаны және тиісті ұсынымдар берген мәселелер:

- кешенді қауіпсіздік және еңбекті қорғау;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ тұрақты дамуы;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың операциялық қызметіне байланысты.



ҚҚОҚК 2021 жылы қарағаны және мақұлдағаны құжаттар:

- «ҚТЖ» ҰК» АҚ тұрақты даму саласындағы саясаты;
- 2020 жылдың, сондай-ақ 2021 жылдың 1-тоқсаны, 1-жарты жылдығы және 9 айының қорытындылары бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ кешенді қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жай-күйі туралы есептер;
- 2020 жылдың, 2020 жылдың 1-тоқсаны мен 9 айының қорытындылары бойынша операциялық көрсеткіштердің орындалуы туралы есептер;
- өлімге әкелген жазатайым оқиғалар туралы есептер;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ 2020-2022 жылдарға арналған Жылжымалы құрамның қызметкерлерді басып кетуінің алдын алу жөніндегі кешенді іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы есеп;
- 2020 жылдың қорытындылары бойынша ҚҚОҚК жұмысы туралы есеп.



Аудит жөніндегі комитет

Аудит жөніндегі комитет (АК) Қоғамның қаржылық есептілігінің толықтығын, дәлдігін және анықтығын қамтамасыз етуді бақылау және қаржылық және өзге де есептілікті ұсыну; сыртқы аудиттің тәуелсіздігін және объективтілігін қамтамасыз ету; тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің қызмет етуінің сенімділігі мен тиімділігіне бақылауды; корпоративтік басқару жүйесінің дамуын қамтамасыз ету; ішкі аудит функциясының тәуелсіздігін және объективтілігін қамтамасыз ету; комплаенс функциясын орындау тәжірибесіне бақылауды қамтамасыз ету мәселелері бойынша Директорлар кеңесінің хабардар болуына және ұсынымдарды дайындауға жәрдемдеседі

Отырысты өткізгеннен кейін АК төрағасы өткен отырыс барысында қаралған аса маңызды мәселелер туралы Директорлар кеңесін хабардар етеді.

2021 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНА АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ ҚҰРАМЫ

ТАӘ	Лауазымы
Аханзарипов Н.З.	**Комитет төрағасы,** Директорлар кеңесінің мүшесі - Тәуелсіз директор
Шомоди К.	**Комитет мүшесі,** Директорлар кеңесінің төрағасы - Тәуелсіз директор
Вокурка У.	**Комитет мүшесі,** Директорлар кеңесінің мүшесі - Тәуелсіз директор
МакКей Дж. (Й.)	**Комитет мүшесі,** Директорлар кеңесінің мүшесі - Тәуелсіз директор

ЕСЕП БЕРІЛІП ОТЫРҒАН КЕЗЕҢДЕ КОМИТЕТ ОТЫРЫСТАРЫНА КОМИТЕТ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚАТЫСУЫ

ТАӘ	Есеп беріліп отырған кезең	Отырысқа қатысуы
Құдабаев Е.А., Комитет төрағасы	01.01.2021-17.06.2021	8/9
Аханзарипов Н.З., Комитет төрағасы	15.10.2021-31.12.2021	2/2
Боккер К., Комитет мүшесі	01.01.2021-17.06.2021	9/9
Фрейтаг Л., Комитет мүшесі	01.01.2021-17.06.2021	9/9
Шомоди К., Комитет мүшесі	15.10.2021-31.12.2021	2/2
МакКей Дж. (Й.), Комитет мүшесі	15.10.2021-31.12.2021	2/2
Вокурка У., Комитет мүшесі	15.10.2021-31.12.2021	2/2

КОМИТЕТТІҢ 2021 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ

2021 жылы АК жұмысы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылға арналған жұмыс жоспарын және графигін ескере отырып әзірленген Комитеттің 2020 жылғы 26 қарашадағы шешімімен (№10/2020 хаттама) бекітілген Жұмыс жоспарына сәйкес жүргізілді.

2021 жылы АК 11 отырысы өткізілді (жоспарланғаны 8 отырыс).

АК есеп беріліп отырған жылы қарағаң және тиісті ұсынымдар берген мәселелер:

- Компанияның қаржылық есептілігінің толықтығын, дәлдігін және анықтығын қамтамасыз етуді бақылау және қаржылық және өзге де есептілікті ұсыну;
- сыртқы аудиттің тәуелсіздігін және объективтілігін қамтамасыз ету;
- тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің қызмет етуінің сенімділігі мен тиімділігін бақылау;
- корпоративтік басқару жүйесінің дамуын қамтамасыз ету;
- ішкі аудит функциясының тәуелсіздігін және объективтілігін қамтамасыз ету, сондай-ақ комплаенс функциясын орындау тәжірибесін бақылау.

АК 2021 жылы қарағаң және мақұлдаған құжаттар:

- «ҚТЖ» ҰК» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатына өзгерістер мен толықтырулар;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ салықтық есептік саясатына өзгерістер мен толықтырулар;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мүдделер қақтығысын алдын алу және реттеу жөніндегі саясат;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ инсайдерлік ақпаратқа билік ету және оны пайдалануды ішкі бақылау қағидалары;
- 2020 жылдың қорытындылары бойынша АК жұмысы туралы есеп.



Директорлар кеңесінің қызметіне баға беру

Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Директорлар кеңесіне, Директорлар кеңесінің комитеттеріне және мүшелеріне жыл сайынғы негізде баға берілуі тиіс. Бұл ретте кем дегенде 3 жылда 1 рет баға беру тәуелсіз кәсіби ұйымды тарту арқылы жүргізіледі.


Баға беру Директорлар кеңесінің және оның әрбір мүшесінің Компанияның ұзақ мерзімді құнының өсуіне және тұрақты дамуына қосатын үлесін айқындауға, сондай-ақ Директорлар кеңесінің қызметін жақсарту үшін бағыттарды анықтауға және шараларды ұсынуға мүмкіндік береді. Баға беру нәтижелері Директорлар кеңесі мүшелерін қайта сайлау немесе өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату кезінде назарға алынады.

2021 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ ұйымдары Директорлар кеңестерінің қызметіне баға беру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес алғаш рет, 2019-2020 жылдардың нәтижелері бойынша Компанияның Директорлар кеңесінің қызметін өзін өзі бағалау жүргізілді.

Директорлар кеңесінің қызметін өзін-өзі бағалау аясында мынадай іс-шаралар жүргізілді:

- Директорлар кеңесінің мүшелеріне сауалнама жүргізілді, оның барысында Директорлар кеңесі қызметінің 13 негізгі компонентін қамтитын сауалнама-сұрақнама әзірленіп, Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілді;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да корпоративтік басқару саласында қолданыстағы құжаттарға талдау жүргізілді;
- 2019-2020 жылдардың қорытындылары бойынша Директорлар кеңесінің қызметіне статистикалық талдау жүргізілді;
- Директорлар кеңесінің Төрағасы мен Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитет төрағасының Директорлар кеңесінің әрбір мүшесімен интервью жүргізді;
- Директорлар кеңесі қызметінің мәселелері және Директорлар кеңесі Төрағасының жұмысы бойынша түсініктемелер алынды;
- өзара баға беру және Директорлар кеңесі мүшелерінің құзыреттерін өзін өзі бағалау жүргізілді.

Жүргізілген өзін-өзі бағалау нәтижелері Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 29 сәуірдегі шешімімен (№7 хаттама) бекітілген «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау туралы есепте көрсетілген.



«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ

БАСҚАРМА

Басқарма алқалы атқарушы орган ретінде ұйымның күнделікті қызметіне басшылықты жүзеге асырады және оның стратегияға, даму жоспарына және Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдерге сәйкес келуін қамтамасыз етеді.

Басқарманың негізгі міндеттері Компания қызметінің стратегиясы бойынша ұсыныстарды әзірлеу, Компанияның қаржы-шаруашылық саясатын іске асыру, оның ағымдағы шаруашылық қызметінің маңызды мәселелері бойынша шешімдер әзірлеу және оның бөлімшелерінің жұмысын үйлестіру, тәуекелдерді бақылау жүйесі мен мониторингтеу жүйесінің тиімділігін арттыру, Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүддесін қамтамасыз ету болып табылады.

Басқарма Компанияның ұзақ мерзімді құнының өсуіне және тұрақты дамуына ұмтылады.

Басқарма құрамы

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Жарғысына сәйкес Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, Басқарма мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады. Басқарма төрағасын тағайындау және өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату Жалғыз акционердің құзыретіне жатады.

Басқарма құрамындағы өзгерістер

2021 жылы Басқарманың құрамында мынадай өзгерістер болды:

- Қор Басқармасының 2021 жылғы 7 сәуірдегі шешімімен (№12/21 хаттама) С.М.Мыңбаевтың өкілеттілігі мерзімінен бұрын тоқтатылды;
- Қор Басқармасының 2021 жылғы 12 сәуірдегі шешімімен (№13/21 хаттама) Н.Е.Сауранбаев «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы болып тағайындалды;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 29 сәуірдегі шешімімен (№7 хаттама) Басқарма құрамына С.Ж.Кеулімжаев, Е.А.Жанғаулов, Е.К.Нағаспаев, Б.П.Орынбасаров сайланды;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 29 сәуірдегі шешімімен (№7 хаттама) С.С.Әбденов, А.Ж.Мұқышев, С.К.Құрманов, Д.О.Бимовтың өкілеттілігі мерзімінен бұрын тоқтатылды;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 28 қазандағы шешімімен (№12 хаттама) Басқарма құрамына Ә.М.Ахметжанов, С.Ж.Кеулімжаев, Б.П.Орынбасаров, Е.Х.Қойшыбаев, Е.А.Жанғаулов, Е.К.Нағаспаев сайланды.



2021 жылдың соңында «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының келесі құрамына мыналар кірді:

ТАӘ	Лауазымы
Сауранбаев Н.Е.	**Басқарма Төрағасы**
Әлмағамбетов Қ.Е.	**Басқарма мүшесі,** Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары
Ахметжанов Ә.М.	**Басқарма мүшесі,** Басқарма Төрағасының трансформациялау және цифрландыру жөніндегі бірінші орынбасары
Кеулімжаев С.Ж.	**Басқарма мүшесі,** Басқарма Төрағасының корпоративтік мәселелер және HR жөніндегі орынбасары
Көшеров Д.А.	**Басқарма мүшесі,** Басқарма Төрағасының қаржы жөніндегі орынбасары
Орынбасаров Б.П.	**Басқарма мүшесі,** Басқарма Төрағасының инфрақұрылым жөніндегі орынбасары - «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының директоры
Жүзбаева М.А.	**Басқарма мүшесі,** Даму жөніндегі басқарушы директор
Қойшыбаев Е.Х.	**Басқарма мүшесі,** Басқарма Төрағасының логистика жөніндегі орынбасары
Жанғаулов Е.А.	**Басқарма мүшесі,** Құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директор
Нағаспаев Е.К.	**Басқарма мүшесі,** Қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директор

САУРАНБАЕВ НҰРЛАН ЕРМЕКҰЛЫ

Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма Төрағасы



Басқарма құрамына 2021 жылдан бері кіреді.

Туған жылы:
1967

Азаматтығы:
Қазақстан Республикасы

Білімі:

С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті, «Экономика» мамандығы.

Еңбек жолы:

Әр жылдары «Қазақстан темір жолы» РМК, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-та басшылық лауазымдарында жұмыс істеген, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Басқарушы директоры, ҚР Индустрия және жаңа технологиялар вице-министрі, ҚР Қорғаныс министрінің орынбасары, ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесі ұйымдастыру комитетінің басшысы лауазымдарында болған.

2017 және 2018 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласының әкімі.

2019 және 2021 жылдар аралығында ҚР Президенті Әкімшілігінің Мемлекеттік бақылау және аумақтық-ұйымдастыру жұмысы бөлімінің меңгерушісі.

2021 жылғы сәуірден бастап бүгінгі күнге дейін «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы.

ӘЛМАҒАМБЕТОВ ҚАНАТ ЕСМҰХАНҰЛЫ

Басқарма мүшесі



Басқарма құрамына 2018 жылдан бері кіреді.

Туған жылы:
1962

Азаматтығы:
Қазақстан Республикасы

Білімі:

Алматы теміржол көлігі инженерлері институты, «Темір жолдарды пайдалану» мамандығы;

М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы, «Теміржол көлігіндегі экономика және менеджмент» мамандығы.

Еңбек жолы:

Пойыз құрастырушысынан бастап «Қазақстан темір жолы» РМК басшылық лауазымдарына дейінгі кәсіби жолдан өтті.

Әр жылдары «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Ақмола тасымалдау бөлімшесі» филиалының директоры, «Қазтеміртранс» АҚ вице-президенті, Президенті, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың Тасымалдау процесі жөніндегі, Пайдалану жұмысы жөніндегі басқарушы директоры, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Президентінің Кеңесшісі лауазымдарында болды.

2015 және 2018 жылдар аралығында – «KAZLOGISTICS» көлік және логистика ұйымдары мен қауымдастықтары одағы» ЗТБ Бас директоры.

2018 жылғы желтоқсаннан бастап осы уақытқа дейін - «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары.

АХМЕТЖАНОВ ӘНУАР МҰРАТҰЛЫ

Басқарма мүшесі



Басқарма құрамына 2021 жылдан бері кіреді.

Туған жылы:
1975

Азаматтығы:
Қазақстан Республикасы

Білімі:

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, «Халықаралық экономикалық қатынастар» мамандығы;

Джонс Хопкинс университеті, «Халықаралық қаржы» мамандығы.

Еңбек жолы:

Әр жылдары «ҚазМұнайТеңіз» ТМК АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «Самұрық-Қазына» холдингі» АҚ, «ҚазГерМұнай» БК ЖШС-да басшылық лауазымдарда; Қарағанды облысы әкімінің өнеркәсіп, шағын және орта бизнесті дамыту, индустрияландыру және инвестициялар мәселелері жөніндегі орынбасары; ҚР Президенті Әкімшілігінің инспекторы; ҚР Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Жауапты хатшысы лауазымында болды

2020 және 2021 жылдар аралығында - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі бірінші вице-министрі.

2021 жылдың шілдесінен 2022 жылдың ақпанына дейін - «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының Трансформациялау және цифрландыру жөніндегі бірінші орынбасары.

2022 жылғы ақпаннан бастап осы уақытқа дейін - «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының Стратегия және цифрландыру жөніндегі бірінші орынбасары.

КЕУЛІМЖАЕВ СЕРІК ЖЕТКЕРГЕНҰЛЫ

Басқарма мүшесі



Басқарма құрамына 2021 жылдан бері кіреді.

Туған жылы:
1966

Азаматтығы:
Қазақстан Республикасы

Білімі:

Халықтар Достығы орденді Ростов медицина институты, «Медициналық-профилактикалық іс», «Медицина қызметін жалпы ұйымдастыру» мамандықтары.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті. «Мұнай, газ және көмір химиялық технологиясы» мамандығы.

Ресей Федерациясы Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы, Корпоративтік басқарудың жоғары мектебі (DBA).

Еңбек жолы:

Әр жылдары «PricewaterhouseCoopers» консалтингтік компаниясының бас менеджері лауазымында жұмыс істеді, жеке компанияларда, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-та басшылық лауазымдарда болды.

2021 жылдың сәуірінен 2022 жылдың ақпанына дейін - «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының Корпоративтік мәселелер және HR жөніндегі орынбасары.

2022 жылдың ақпан айынан бастап осы уақытқа дейін - «ҚТЖ» ҰК» АҚ Аппарат басшысы.

КӨШЕРОВ ДАЙЫР ӘДІЛБЕКҰЛЫ

Басқарма мүшесі



Басқарма құрамына 2008 жылдан бері кіреді.

Туған жылы:
1977

Азаматтығы:
Қазақстан Республикасы

Білімі:

Индиана университеті, қаржы бакалавры;

Қазақ мемлекеттік басқару академиясы, «Халықаралық экономика» мамандығы.

Еңбек жолы:

Әр жылдары «Интергаз Орталық Азия» АҚ Корпоративтік қаржыландыру департаменті директорының орынбасары, директоры, «ҚазТрансОйл» АҚ Қаржы директоры, «ҚазТрансГаз»АҚ Корпоративтік қаржыландыру департаментінің директоры, Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор, Бас директорының Экономика және қаржы жөніндегі орынбасары лауазымдарында болды.

2018 жылғы желтоқсаннан бастап 2022 жылдың ақпанына дейін - «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының Қаржы жөніндегі орынбасары.

2022 жылғы ақпаннан бастап осы уақытқа дейін - «ҚТЖ» ҰК» АҚ Қаржы жөніндегі басқарушы директоры.

ОРЫНБАСАРОВ БАУЫРЖАН ПАЗЫЛБЕКҰЛЫ

Басқарма мүшесі



Басқарма құрамына 2021 жылдан бері кіреді.

Туған жылы:
1970

Азаматтығы:
Қазақстан Республикасы

Білімі:

Алматы теміржол көлігі инженерлері институты, «Теміржол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» мамандығы.

Еңбек жолы:

Еңбек жолын Батыс Қазақстан теміржолы Қызылорда теміржол станциясының жолдар кезекшісі қызметінен бастады. Әр жылдары теміржол саласында түрлі лауазымдарды атқарған: «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарушы директоры – Бас инженері, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Пайдалану жұмысы жөніндегі басқарушы директоры; «Қазтеміртранс» АҚ Президентінің міндетін атқарушы, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Вице-президенті, Бас инженері лауазымдарында болды.

2017 және 2018 жылдар аралығында - «ҚТЖ» ҰК» АҚ Инфрақұрылымдық жобалар жөніндегі вице-президенті;

2018 және 2020 жылдар аралығында - «ҚТЖ» ҰК» АҚ Инфрақұрылым жөніндегі басқарушы директоры - «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының директоры.

2020 және 2021 жылдар аралығында - «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының инфрақұрылым жөніндегі орынбасары - «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының директоры.

2022 жылдан бастап осы уақытқа дейін - «ҚТЖ» ҰК» АҚ Өндірістік процестер жөніндегі басқарушы директоры.

ЖҮЗБАЕВА МЕЙРАМКҮЛ АЛТЫНБЕККЫЗЫ

Басқарма мүшесі



Басқарма құрамында 2019 жылдан бастап 2022 жылға дейін болды.

Туған жылы:
1966

Азаматтығы:
Қазақстан Республикасы

Білімі:

В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институты;

Қ.И.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті.

Еңбек жолы:

Еңбек жолын 1987 жылы «Каззолото» ТКК негізгі өндіріс шебері болып бастады.

Әр жылдары ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының орынбасары, «Қазақойл» ҰК» АҚ және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Атқарушы директоры, «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ Стратегия және корпоративтік басқару департаментінің директоры, коммерциялық компаниялардың бірінші басшысы, «Атамекен» ҚР ҰКП Басқарма Төрағасының орынбасары – Басқарма мүшесі лауазымдарында болды.

2016 жылдан бастап осы уақытқа дейін - «Атамекен» ҚР ҰКП Төралқа мүшесі.

2018 жылғы желтоқсаннан 2022 жылдың ақпанына дейін - «ҚТЖ» ҰК» АҚ Даму жөніндегі басқарушы директоры.

ҚОЙШЫБАЕВ ЕРЛАН ХАМАРДИНҰЛЫ

Басқарма мүшесі



Басқарма құрамына 2021 жылдан бері кіреді.

Туған жылы:
1985

Азаматтығы:
Қазақстан Республикасы

Білімі:

American University in Dubai, Бакалавриат, «Қаржы және банк ісі» мамандығы;

Қазақ көлік және коммуникация академиясы, магистратура, «Логистика» мамандығы;

Ресей Федерациясы Президентінің жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы, MBA.

Еңбек жолы:

Әр жылдары ҚР Қаржы министрінің көмекшісі, «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС Инвестициялық жобалар департаментінің директоры, «Ұлттық көлік логистикасын дамыту орталығы» АҚ Вице-президенті, «Көлік қызметтері орталығы» АҚ Президенті лауазымдарында болды.

2015 және 2018 жылдар аралығында - «KTZ Express» АҚ Логистика жөніндегі вице-президенті.

2018 және 2019 жылдар аралығында - «Қазақстандық индустрияны дамыту институты» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.

2019 және 2021 жылдар аралығында - Қостанай облысы әкімінің орынбасары.

2021 жылдан бастап 2022 жылдың ақпанына дейін - «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының логистика жөніндегі орынбасары.

2022 жылғы ақпаннан бастап осы уақытқа дейін - «ҚТЖ» ҰК» АҚ Логистика жөніндегі басқарушы директоры.

НАҒАСПАЕВ ЕРСАЙЫН ҚАЙЫРҒАЗЫҰЛЫ

Басқарма мүшесі



Басқарма құрамына 2021 жылдан бері кіреді.

Туған жылы:
1980

Азаматтығы:
Қазақстан Республикасы

Білімі:

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, «Халықаралық экономикалық қатынастар» мамандығы.

Еңбек жолы:

Әр жылдары ҚР Сыртқы істер министрлігінің Инвестициялар комитеті өңірлік халықаралық жобалар бөлімінің атташесі, ҚР РФ-дағы Елшілігінің атташесі (Мәскеу қ-сы); ҚР Көлік және коммуникация министрлігінің Көлік саясаты және халықаралық ынтымақтастық департаменті директорының орынбасары; «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» РМК Аппаратының басшысы, ҚР Премьер-Министрі Орынбасарының кеңесшісі; Қарағанды қаласы Қазыбек би атындағы аудан әкімінің орынбасары; Қарағанды облысы Шахтинск қаласының әкімі; Астана қаласы әкімінің экономика және қаржы жөніндегі орынбасары лауазымдарында болды.

2015 жылы - «Астана» ӘКК» АҚ Басқарма Төрағасы.

2016 және 2020 жылдар аралығында - «Новострой Астана» ЖШС директорының стратегиялық даму жөніндегі орынбасары.

2021 жылғы сәуірден 2022 жылғы ақпанға дейін - «ҚТЖ» ҰК» АҚ Қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директоры.

2022 жылғы ақпаннан бастап осы уақытқа дейін - «ҚТЖ» ҰК» АҚ Жаңа жобалар жөніндегі басқарушы директоры.

ЖАНҒАУЛОВ ЕРЖАН АРЫСТАНБЕКҰЛЫ

Басқарма мүшесі



Басқарма құрамында 2019 жылдан бастап 2022 жылға дейін болды.

Туған жылы:
1968

Азаматтығы:
Қазақстан Республикасы

Білімі:

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, «Заңгер» мамандығы;

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті, «Экономика» мамандығы.

Еңбек жолы:

Әр жылдары ҚР Премьер-Министрінің Кеңсесінде, ҚР Президенті Іс Басқармасында басшылық лауазымдарды атқарды.

2002 және 2017 жылдар аралығында – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Шаруашылық шарттар және талап-арыз жұмысы департаментінің директоры, Вице- президенттің кеңесшісі, Құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі атқарушы директор, Заң қызметінің бастығы, Құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директор, Құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі бас менеджер -Басқарма мүшесі, Құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі вице-президент лауазымдарында болды.

2017 жылдан 2021 жылға дейін - «ЦПИиА» ЖШС Бас директоры.

2021 жылғы сәуірден 2022 жылғы ақпанға дейін - «ҚТЖ» ҰК» АҚ Құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директоры.

2022 жылғы ақпаннан бастап «ҚТЖ» ҰК» АҚ Заң қызметінің басшысы - Құқықтық қамтамасыз ету департаментінің директоры.

Басқарманың 2021 жылғы қызметі

2021 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының 42 отырысы өткізілді, онда 358 мәселе қаралды.

Есеп беріліп отырған кезеңде Компания Басқармасы Компанияның операциялық қызметі мәселелерін, Даму стратегиясын, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің шешімдерін іске асыру бойынша мәселелерді қарады.

Басқарма мәмілелерді жасасуда Компанияның мүдделілігі бар мәміле жасасу туралы 20 мәселені қарады. Мәселелерді қарау қорытындылары бойынша Компания Басқармасы Директорлар кеңесінің қарауына 57 мәселені шығарды, Компания Басқармасының шешімі қабылданған соң ірі мәмілелер жасасу туралы 1 мәселе Директорлар кеңесінің қарауына түсті.

Сондай-ақ 2021 жылы Басқарма 44 ішкі құжатты, Басқарманың шешімімен мақұлданған және Директорлар кеңесінің қарауына жіберілген 29 есепті бекітті, олардың ішінде:

- «ҚТЖ» ҰК» АҚ тұрақты даму саласындағы саясаты;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың 2020 жылғы біріктірілген жылдық есебі;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ ЕҰ 2029 жылға дейінгі Даму стратегиясының іске асырылу барысы туралы есеп;
- Тәуекелдер тізілімі, «ҚТЖ» ҰК» АҚ тәуекелдер картасы;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ және оның еншілес ұйымдарының аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласындағы саясаты;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың 2020 жылғы жылдық қаржылық есептілігі;
- 2020 жылдың қорытындылары бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ бойынша кешенді қауіпсіздік және еңбекті қорғау жай-күйі туралы есеп және т.б.

Компания лауазымды тұлғаларының сыйақылары

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасы мүшелеріне жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы беру «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 12 шілдедегі шешімімен (№5 хаттама) бекітілген Басшы қызметкерлерге, Корпоративтік омбудсмен аппаратының қызметкерлеріне, Корпоративтік хатшы аппаратының қызметкерлеріне, Ішкі аудит қызметі және Комплаенс-қызмет қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру қағидасына сәйкес жүзеге асырылады.

Жоғарыда аталған Қағида төмендегі қағидаттарға негізделген:

- сыйақының «ҚТЖ» ҰК» АҚ және оның Жалғыз акционерінің мүдделеріне жауап беретін тапсырмаларды орындаумен өзара байланысы;
- сыйақы мөлшерінің «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметі нәтижелерімен және қызметкерлердің нәтижелігімен байланысы.

Басшы қызметкерлерге сыйақы төлеу туралы шешімді «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі қабылдайды

Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы белгілеу тәртібі Қор Басқармасының 2016 жылғы 26 қыркүйектегі шешімімен (№35/16 хаттама) бекітілген Қор компанияларының Директорлар кеңесі құрамдарын құру жөніндегі қағидада көзделген. Директорлар кеңесі құрамындағы Жалғыз акционердің Өкілдері мен Басқарма Төрағасы сыйақы алмайды.

2021 жылы Басқарма мен Директорлар кеңесінің мүшелеріне берілетін сыйақының жалпы сомасы, еңбекақыны қоса алғанда, 807 млн теңгені құрады.

Жалғыз акционермен өзара іс-қимыл

КЕЗ-КЕЛГЕН ОРНАЛАСТЫРУДА БАС КОМПАНИЯНЫҢ ҚАТЫСУЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2021 жылғы 28 маусымда «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің шешіміне (2020 жылғы 19 наурыздағы №4 хаттама) сәйкес Жалғыз акционер 3 785 900 000 теңге сомасына мүлікті беру арқылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ жарғылық капиталына төлем жүргізді (2021 жылғы 15 наурыздағы №19-ЦДАЦ/1278-И қосалқы лицензиялық шартына сәйкес SAP бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану құқығы), әрбір акция үшін 100 000 теңге орналастыру бағасы бойынша жарияланған акциялар саны шегінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ 37 859 жай акциясы орналастырылды;

2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша:

жарияланған жай акциялар саны – 502 040 458;

орналастырылған жай акциялар саны – 496 692 665;

«ҚТЖ» ҰК» АҚ жарғылық капиталы 1 086 085 094 000 теңгені құрайды.



ДИВИДЕНДТЕР

Дивидендтік саясаттың мақсаты Қор мен Компания мүдделерінің теңгерімін, дивидендтердің мөлшерін, оларды төлеу шарттары мен тәртібін айқындау кезіндегі тәсілдің болжамдылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету болып табылады.

Дивидендтік саясаттың негізгі принциптері:

1) Қордың акциялар пакетіне Қорға дивидендтер төлеуге кепілдік беруді қамтамасыз ету;

2) Қордың және Қор тобы компанияларының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету;

3) Қордың қаражаты есебінен іске асырылатын қызметтің жаңа түрлерін және инвестициялық жобаларды қаржыландыруды қоса алғанда, Қордың қызметін қаржыландыруды қамтамасыз ету;

4) Компаниялардың дамуға арналған шығыстарды, оның ішінде өзінің инвестициялық қызметін қаржыландыру қажеттігі болып табылады.

2019 жыл бойы Компания 2013 және 2014 жылдардың жарияланған нәтижелері бойынша Акционерге 16 425 млн теңге сомасында дивидендтер төледі. 2020 және 2021 жылдары Компания жариялаған жоқ және Акционерге дивидендтер төлеген жоқ.

Акцияға шаққанда негізгі пайданы есептеуде акцияға шаққанда пайда жыл ішінде шығарылған жай акциялардың орташа өлшенген саны негізінде есептеледі. Жай акциялар мен ажырату әсері бар жай акциялар бойынша сомалар тең, өйткені Компанияда ажырату әсері бар құралдар жоқ.

Көрсеткіштер	2019	2020	2021
Жай акцияға (залал)/пайда (теңге)	(141)	33	240
Бір акцияның баланстық құны (теңге)[26]	2 259	2 218	2 470

[26]Акциялардың баланстық құны KASE талаптарына сәйкес есептеледі.

Директорлар кеңесі мүшелерінің Басқармамен өзара іс-қимылы

Стратегияны табысты іске асыру мақсатында Компанияның барлық басқару органдары ынтымақтастық рухында өзара іс-қимыл жасайды және тұрақты диалогты қолдайды.

2021 жыл ішінде Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің бастамасы бойынша тұрақты негізде кездесулер мен кеңестер, оның ішінде еншілес ұйымдардың басшыларымен кездесулер өткізілді. Директорлар кеңесінің мүшелері Компания мен Қордың бизнесті трансформациялау командасы ұйымдастырған жұмыс кездесулеріне тұрақты түрде қатысты.

2021 жылғы желтоқсанда Директорлар кеңесінің мүшелері Компанияның өндірістік қауіпсіздік блогының бастамашылығымен III Халықаралық өндірістік қауіпсіздік жөніндегі форумға қатысты. Директорлар кеңесі мүшелерінің осындай іс-шараларға қатысуы жоғары басшылықтың еңбек қауіпсіздігі мәселелеріне мүдделілігін көрсетеді.

Елдегі және әлемдегі қолайсыз эпидемиологиялық жағдайға байланысты Директорлар кеңесі мүшелерінің қатысуымен іс-шаралар мерзімді түрде онлайн форматта өткізілгенін атап өткен жөн.

Қаржылық есептілік

«ҚТЖ» ҰК» АҚ және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі бірлесіп – «компаниялар тобы») қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының (бұдан әрі – ХҚЕС) талаптарына, соның ішінде ХҚЕС (IAS) 1 «Қаржылық есептілік ұсыну» талаптарына сәйкес келеді

Компания тұрақты негізде ХҚЕС-тегі өзгерістерді, олардың компаниялар тобының қаржылық есептілігіне әсері мәніне шолу, талдау және сәйкестендіруді жүргізеді.

Кезеңді, бухгалтерлік кітаптарды жабу және компаниялар тобының есептілікті дайындау процесін дер кезінде қамтамасыз ету үшін Кезеңді жабу регламенті, Жедел қаржылық және басқарушылық есептілікті дайындау және қалыптастыру регламенті, Компаниялар тобының шоғырландырылған қаржылық есептілігін шоғырландыру және дайындау регламенті бекітіледі және сақталады.

Компания ХҚЕС бойынша қаржылық есептілікте ашылатын ақпараттың бақылау тізбесін әзірледі. Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде компаниялар тобы қаржылық есептілікте ашылатын ақпаратты тексеру және тиісті құрылымдық бөлімшелермен және еншілес ұйымдармен келісу процесін енгізген. Компаниялар тобының шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер ететін жағдайлар мен күнделікті жүргізілмейтін операцияларға талдау жүргізіледі.

Компанияның құрылымдық бөлімшелері мен еншілес ұйымдарының қаржылық есептілікті дайындау және сыртқы аудитті жүргізу үшін қажет ақпаратты беру жөніндегі тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ жекелеген және шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау және «ҚТЖ» ҰК» АҚ жекелеген және шоғырландырылған қаржылық есептілігінің аудиті шеңберінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың сыртқы аудиторлармен өзара іс-қимыл регламенті бекітілген.

Компаниялар тобының шоғырландырылған қаржылық есептілігін шығару үшін басшылық бекітеді, оны алдын ала Компания Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті мақұлдайды және одан әрі Директорлар кеңесі мен Акционер бекітеді.

2021 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитін «Делойт» ЖШС жүргізген.

Жыл сайын «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті сыртқы аудитордың объективтілігі мен тәуелсіздігі туралы, сондай-ақ сыртқы аудиторға төлеуге жататын сыйақы туралы мәселені қарайды. 2021 жылы «Делойт» ЖШС компаниялар тобына аудиторлық емес қызметтерді көрсеткен жоқ. «Делойт» ЖШС Аудит жөніндегі комитетке Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңестің Кәсіби бухгалтерлер этикасы кодексіне және компаниялар тобының шоғырландырылған қаржылық есептілігінің аудитіне қолданылатын этика нормаларына сәйкес компаниялар тобына қатысты тәуелсіздікті сақтау туралы хабардар етті.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілігімен Шоғырландырылған қаржылық есептілік бөлімінде танысуға болады.



КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ АППАРАТЫ

Корпоративтік хатшы және оның аппараты туралы ережеге сәйкес Корпоративтік хатшы лауазымы Компанияның органдары мен лауазымды тұлғаларының Компания Жалғыз акционерінің құқықтары мен мүдделерін іске асыруға кепілдік беретін корпоративтік басқару қағидалары мен рәсімдерін сақтауын қамтамасыз ету мақсатында енгізіледі.

Корпоративтік хатшы өз қызметінде Компанияның Директорлар кеңесіне есеп береді және Компанияның атқарушы органынан тәуелсіз.

Корпоративтік хатшының өз функцияларын орындауын қамтамасыз ету үшін Компанияда Корпоративтік хатшының аппараты жұмыс істейді.

Есеп беріліп отырған кезеңде Корпоративтік хатшы мен Корпоративтік хатшының аппараты Директорлар кеңесінің тиімді қызметін, сондай-ақ Директорлар кеңесі, Жалғыз акционер және Компания басшылығы арасындағы нақты және тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді қоса алғанда, Компанияның ішкі құжаттарында көзделген міндеттер мен функциялардың кең ауқымын іске асыруды қамтамасыз етті.

Негізгі функциялар мен міндеттерді іске асыру шеңберінде 2021 жылы Корпоративтік хатшы аппараты:

1) Компания мен еншілес ұйымдарда корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі жол картасын орындау бөлігінде:

- Компанияның еншілес ұйымдарында корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі кешенді жоспарлар әзірледі және бекітті;
- еншілес ұйымдардың үлгілік жарғыларын әзірлеуге және бекітуге қатысты;
- Еншілес ұйымдардың директорлар кеңестерінің/байқау кеңестерінің құрамын қалыптастыру және директорлар кеңесінің/байқау кеңестерінің мүшелеріне сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу қағидаларын әзірледі және бекітті;
- Директорлар кеңесі бекітетін құжаттар мен аса маңызды мәселелер тізбесін бекітті;
- компаниялар тобы бойынша корпоративтік басқару саласындағы бірыңғай тәсілдер мен практикаларды енгізу мақсатында еншілес ұйымдардың корпоративтік хатшыларының қызметіндегі проблемалық мәселелерді және оларды шешу жолдарын талқылау үшін тұрақты кездесулер өткізе отырып, олардың қызметіне жетекшілік ету практикасын енгізді;

2) негізгі функциялар мен міндеттерді іске асыру бөлігінде:

- Қордың тапсырмасы бойынша консалтингтік компания өкілдерінің қатысуымен Компанияның корпоративтік басқаруына сыртқы тәуелсіз диагностика жүргізу орталықтандырылған түрде ұйымдастырды;
- Компанияның корпоративтік басқаруын жетілдіру жөніндегі жоспарлар іс-шараларының орындалуын үйлестіруді жүйелі түрде жүргізді;
- Қордың тапсырмасы бойынша LSE, АХҚО листинг қағидаларының талаптарына сәйкес Корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелерін енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірледі және бекітті;
- Корпоративтік хатшы және оның аппараты туралы ережеге Еншілес ұйымдарды басқару және өзара іс-қимыл жасау жөніндегі саясатқа сәйкес келтіру мақсатында өзекті сипат берді;
- Директорлар кеңесінің қызметіне өзін өзі бағалау жүргізу шеңберінде Директорлар кеңесінің мүшелеріне сауалнама жүргізді, корпоративтік басқару саласындағы құжаттарға талдау жасады, Директорлар Кеңесінің қызметіне статистикалық талдау жүргізді және есеп дайындады;
- 2020 жылға «ҚТЖ» ҰК» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары мен ережелерін сақтау туралы есеп, Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің қызметі туралы шоғырландырылған есеп беріліп отырған жаңартылған форматта дайындады;
- Директорлар кеңесінің 17 отырысы, оның Комитеттерінің 39 отырысы, сондай-ақ негізгі еншілес ұйымдарды тыңдау, жұмыс кездесулері, воркшоптар, соның ішінде бейнеконференция форматында өткізілді.

Корпоративтік хатшының қызметі Директорлар кеңесінің қызметін өзін-өзі бағалау процесі және Компанияның корпоративтік басқаруына сыртқы тәуелсіз диагностика жүргізу шеңберінде оң бағаланғанын атап өткен жөн.



ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

Ішкі аудит қызметі «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобы қызметін жетілдіру мақсатында «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылауды, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару саласындағы, корпоративтік басқару және консультация беру саласындағы құжаттарды басқаруды бағалауды жүзеге асыратын «ҚТЖ» ҰК» АҚ органы болып табылады.

Қызмет «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және оның алдында өзінің жұмысы туралы есеп береді. Қызметке жетекшілік етуді Аудит жөніндегі комитет жүзеге асырады.

Қызмет өзінің қызметін қолдану үшін міндетті Ішкі аудит кәсіби тәжірибесінің халықаралық негіздерін (КТХН, (IPPF)) сақтай отырып, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 3 мамырдағы шешімімен (№2 хаттама) бекітілген «ҚТЖ» ҰК» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

2021 жылы Ішкі аудит қызметі «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 27 қарашадағы шешімімен (№21 хаттама) бекітілген 2021 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспарда көзделген 18 аудит объектісін қамти отырып, барлық 16 аудиторлық тапсырманы орындады.

Еншілес ұйымдардағы инвестициялық қызмет, сатып алу қызметі, негізгі құралдар мен тауар-материалдық қорлардың сақталуы, дебиторлық берешекті басқару, HR процестерді енгізу аудиті, ақпараттық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздік сияқты түйінді бизнес-процестер аудитпен қамтылды, «Қазтеміртранс» АҚ еншілес ұйымында корпоративтік басқаруға диагностика жүзеге асырылды, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тағы ішкі бақылау жүйесінің және тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің тиімділігі бағаланды.

Осылайша, Ішкі аудит қызметі ресурстары «ҚТЖ» ҰК» АҚ Тәуекелдер тізілімі мен Тәуекелдер картасына сәйкес жоғары және орта мәнді тәуекелдер тән «ҚТЖ» ҰК» АҚ және оның еншілес ұйымдарының бизнес-процестері мен қызметінің бағыттарында топталған болатын. Сондай-ақ Тәуекелдер картасында көзделмеген бизнес-процестер де (фактор - тәуекелге шалдыққыш) рейтинг критерийлерінің барабарлығын және тәуекелдер тобын анықтаудың дұрыстығын растау, сондай-ақ аудитпен жан-жақты қамтуды қамтамасыз ету үшін аудитке ұшырады.



Орындалған аудиторлық тапсырмалардың қорытындылары бойынша Ішкі аудит қызметі тиісті ұсынымдар берді және орындалуына мониторингті Ішкі аудит қызметі тұрақты негізде жүзеге асыратын түзету іс-қимылдарының жоспарларын аудит объектілерінің қабылдауы қамтамасыз етілді.

Есеп беріліп отырған жылы Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері ішкі аудит және бақылау, бухгалтерлік есеп, ХҚЕС, басқару және ақпараттық технологиялар салаларында біліктілік арттыру және сертификаттау курстарынан өткен.

Ішкі аудит қызметі қызметтерінің нәтижелері тоқсан сайынғы негізде «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің қарауы үшін енгізіледі.

Есеп беріліп отырған жылы ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Ішкі аудит және бақылау, бухгалтерлік есеп, ХҚЕС, басқару негіздері және ақпараттық технологиялар салаларында біліктілікті арттыру және сертификаттау курстарынан өтті.

Ішкі аудит қызметі жұмысының нәтижелері тоқсан сайынғы негізде «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің қарауына енгізіледі.

Ішкі аудиттің халықаралық кәсіптік стандарттарына сәйкес Ішкі аудит қызметі жұмысының тиімділігіне тәуелсіз сыртқы бағалау жүргізу қамтамасыз етілген.

«КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС жүргізген тәуелсіз сыртқы бағалау нәтижелері бойынша есепке сәйкес Ішкі аудит қызметінің жұмысы жалпы Ішкі аудиттің анықтамасына, Этика кодексіне және Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына, сондай-ақ ішкі құжаттарға, практикаларға және қолданылатын заңнамалық және нормативтік талаптарға сәйкес келеді.

Ішкі аудит қызметі жұмысының Ішкі аудиттің халықаралық кәсіптік стандарттарының талаптарына сәйкестігін қорытынды бағалау 95%-ды құрады.

Ішкі аудит қызметінің Стратегиялық жоспарына сәйкес «ҚТЖ» ҰК» АҚ 2022-2024 жылдарға Ішкі аудит қызметінің өз миссиясына, қойылған мақсаттарына қол жеткізуге және қызметінің тиімділігін одан әрі арттыруға бағытталған іс-шараларды белгіледі.





GRI 412-2

КОРПОРАТИВТІК ОМБУДСМЕН


Компанияның омбудсменін Директорлар кеңесі тағайындайды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Корпоративтік омбудсмені туралы ережеге сәйкес омбудсменнің негізгі функцияларына мыналар:

- Компания мен оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері, қызметкерлер тобы, жеткізушілері, клиенттері арасындағы шиеленістердің алдын алуға және оларды ерте кезеңдерде шешуге жәрдемдесу;
- Компания мен оның еншілес ұйымдарында Іскерлік этика кодексінің принциптері мен қағидаларын қолдауға жәрдемдесу;
- Компания мен еншілес ұйымдардың жергілікті актілерін талдауды жүзеге асыру, сондай-ақ Компания мен оның еншілес ұйымдарының әлеуметтік-еңбек мәселелерін реттейтін жергілікті актілерін әзірлеуге және мерзімді қайта қарауға қатысу;
- Компания мен оның еншілес ұйымдарының басшылығына, сондай-ақ еңбек немесе әлеуметтік шиеленіске қатысушыларға ауызша немесе жазбаша сұрау салу арқылы қажетті ақпаратты алуға жәрдемдесу;
- еңбек немесе әлеуметтік шиеленіске қатысушыларға шиеленісті жағдайларға байланысты мәселелер бойынша кеңес беру;
- Компанияның Директорлар кеңесіне және Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитетіне жылына кемінде 1 рет қызмет нәтижелері туралы есеп беру;
- еңбек және әлеуметтік шиеленістердің алдын алу мақсатында Компания мен оның еншілес ұйымдары қызметкерлерінің, қызметкерлер тобының, жеткізушілерінің, клиенттерінің Омбудсмен қарағаң өтініштерін талдау және қорыту;
- корпоративтік омбудсмендер институтының үздік әлемдік практикаларын зерделеу және енгізу жатады.

Есеп беріліп отырған кезеңде «ҚТЖ» ҰК» АҚ Корпоративтік омбудсменінің кеңсесіне 106 тұлғадан ауызша және жазбаша өтініштер келіп түсті, оның ішінде 69 өтініш «қауырт желі» бойынша және 37 өтініш Омбудсменнің кеңсесіне немесе сайтына келіп түсті.

ЕСЕП БЕРІЛІП ОТЫРҒАН ЖЫЛЫ КОРПОРАТИВТІК ОМБУДСМЕН КЕҢСЕСІНЕ КЕЛІП ТҮСКЕН МӘСЕЛЕЛЕР, %



Есеп беріліп отырған жылы кемсіту фактілері бойынша өтініштер түскен жоқ.

Келіп түскен 106 өтініштің 19-ы қаралып жатыр, қаралғаны - 87, оның ішінде басқа құрылымдық бөлімшелерге жіберілгені - 3, қайтарылғаны – 1, қараусыз қалдырылғаны - 1.

Тікелей қаралған 82 өтініштің нәтижелілігі 96,5%-ды құрады. 56 өтініш қанағаттандырылды.

Шиеленісті жағдайлардың алдын алу мақсатында қызметкер - Компания, клиент - Компания саласындағы қарама-қайшылықтарды тудыратын факторларды зерттеу және анықтау, қолданыстағы заңнаманы түсіндіру және кеңес беру бойынша жұмыс жүргізілуде.

2021 жылы бұл жұмыс тәртіптік тәжірибе жөніндегі істің жағдайын, теміржол көлігіндегі оқиғаларды тергеп-тексеру кезінде тепловоз машинистерін локомотивті мерзімсіз басқару құқығына арналған куәліктен айыру заңдылығын зерделеу, жүкті әйелдермен, 3 жасқа дейінгі балалары бар әйелдермен және 14 жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеп отырған жалғыз басты аналар еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзу мүмкіндігін шектеу жөніндегі Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 54-бабы 2-тармағының талаптарын орындау және сондай-ақ Компания мен еншілес ұйымдардың басшылығына жазбаша ұсынымдар мен түсіндірмелер жіберу арқылы жүргізілді.

2021 жылы Корпоративтік омбудсмен корпоративтік өзара іс-қимыл және коммуникацияны дамыту, корпоративтік мәдениет және Компания құндылықтарын ұстану мәселелері бойынша оқытудан өтті





КОМПЛАЕНС-ҚЫЗМЕТ

Компанияның Директорлар кеңесіне комплаенс-бақылау жүйесін құру және оның тиімді жұмыс істеуіне жәрдемдесу мақсатында «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобында Комплаенс-қызмет құрылды.

Комплаенс-қызметінің негізгі міндеттері:

- реттеушілік талаптарды белгілеу және комплаенс-тәуекелдерді бағалау;
- Компания және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері үшін Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы, этика және мінез-құлық мәселелері бойынша оқыту іс-шаралары мен тренингтерін өткізу;
- комплаенс-рәсімдерді әзірлеу және енгізу;
- «қауырт желіні» қоса алғанда, құпия ақпараттандыру арналарының тиісті жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- Қызметтік тексеру жүргізу, сондай-ақ түзету шараларын әзірлеу және қабылдауды қамтамасыз ету.

Есеп беріліп отырған жылы Комплаенс-қызметі мына іс-шараларды іске асырды:

4
комплаенс мәселесі бойынша ішкі құжаттар әзірленді және/немесе өзекті сипат берілді

52 188
Компания тобының қызметкері сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама, этика және мінез-құлық мәселелері бойынша оқытылды

Компанияның CEO-1, CEO-2 лауазымдарына және басқару органдары мен атқарушы органдардың құрамдарына
26 кандидат үлестес және мүдделер қақтығысы болмауы/болмауы тұрғысынан тексерілді

«қауырт желі» арқылы келіп түскен
227 хабарлама өтініш берушілерге кері байланыс ұсына отырып қаралды

8
қызметтік тексеру Комплаенс-қызметтің өз күшімен де, сондай-ақ жұмыс топтарының құрамында да жүргізілді

Компанияның ішкі құжаттарына
227 ұсыныс пен түсініктеме жіберілді

сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау бойынша есеп қалыптастырылды, оған Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасы, тізілімі және оларды барынша азайту жөніндегі 2022 жылға арналған жоспар кіреді.

2021 жылы Қызмет «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» және «Этика және мінез-құлық кодексі» тақырыптарында онлайн электрондық оқыту курсын әзірледі. Онлайн курс қашықтан оқыту және тестілеу жүйесінде орналастырылған, оның апробациясы жүргізілді. Қызмет курс әкімшісі ретінде Компанияның филиалдары мен еншілес ұйымдарының одан өтуін тағайындады.

Қашықтан оқыту және тестілеу жүйесі (ҚОТЖ) арқылы есеп беріліп отырған кезеңде 35 165 қызметкер этика және комплаенс мәселелері бойынша оқытудан өтті.

Курстардан өту және тест тапсыру нәтижелері бойынша келесі нәтижелер алынды:

- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» курсы бойынша 17 861 қызметкер оқытылды, тесттен өту қорытындысы бойынша орташа нәтиже - 75,2%
- «Этика және мінез-құлық кодексі» курсы бойынша 17 304 қызметкер оқытылды, тесттен өту қорытындысы бойынша орташа нәтиже - 79,4%.

Корпоративтік мобильді қосымшада контентке өзекті сипат беру және құжаттар мен бейнероликтерді жүктеу бөлігінде «Комплаенс» модулін әкімшілендіру және тиісті жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізілді.

2021 жылы Қызмет Компания мен оның еншілес ұйымдары қызметкерлері арасында келесі параметрлер бойынша қызмет жұмысына қанағаттану дәрежесіне сауалнама жүргізді (25 567 қызметкер қатысты):

1) Комплаенс-қызмет ұсынатын консультациялар мен қорытындылардың сапасын бағалау;

2) «ҚТЖ» ҰК» АҚ комплаенс-бақылау жүйесінің даму деңгейін бағалау;


3) Қызметтің консультациялар мен қорытындылар беру мерзімдерін бағалау;


4) Қызмет әзірлеген ақпарат пен құжаттардың қолжетімділігін бағалау;

5) «қауырт желі» жұмысы туралы хабардар болу дәрежесі;

6) өткізілетін оқыту семинарларының қолжетімділігі мен сапасы.

Сауалнама нәтижесі бойынша қанағаттанушылық бағасы 93% құрады.





МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН БАСҚАРУ

GRI 102-25

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңын сақтау аясында «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 6 мамырдағы шешімімен (№7 хаттама) «ҚТЖ» ҰК» АҚ лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мүдделер қақтығысын алдын алу және реттеу жөніндегі жаңа саясат бекітілді, ол мыналарды:

- Заңның және этика және комплаенс мәселелері бойынша Компанияның ішкі құжаттарының талаптарын;
- мүдделер қақтығысын басқарудың негізгі принциптерін;
- мүдделер қақтығысын уақтылы және толық анықтау тетіктерін;
- мүдделер қақтығысын реттеу тәртібі мен ықтимал шаралары;
- мүдделер қақтығысының алдын алу бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін Компанияның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің жауапкершілігін көздейді.

2021 жылдың қорытындылары бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері мүдделерінің ықтимал немесе нақты мүдделер қақтығыстарына жол бермеу/алдын алу бойынша барлық қажетті шаралар қабылданды

Есеп беріліп отырған жылы мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ.

КОРПОРАТИВТІК ЭТИКА

Компанияда этикалық стандарттар мен нормаларды құру және қолдау мақсатында Директорлар кеңесі «ҚТЖ» ҰК» АҚ және оның еншілес ұйымдарының этика және мінез-құлық кодексін бекітті (2019 жылғы 20 қыркүйектегі №14 хаттама).

Этика және мінез-құлық кодексі корпоративтік мәдениетті жетілдіруге бағытталған және Компанияның жарияланған құндылықтары, сондай-ақ миссиясы мен стратегиясы негізінде ашық және адал бизнесті жүргізу принциптерін, этика мен мінез-құлық стандарттары мен нормаларын көздейді.

Кодекске сәйкес Компания кадрлық шешімдер қабылдау кезінде объективтілік және адалдық принциптерін ұстанады. Персоналды жалдау, бағалау, ілгерілету және жұмыстан шығару кезінде комплаенс-тәуекелдерді болдырмау мақсатында Компания тиімді бақылау рәсімдерін енгізуде. Компания ұжымда барлық қызметкерлер бір-біріне өзара сыйластық қарым-қатынас орнататын, өзін дұрыс және кәсіби ұстайтын еңбек жағдайлары мен ахуал жасауға ұмтылады. Сондықтан Компания діни, нәсілдік, этникалық, жыныстық, жас және басқа да белгілері бойынша кемсітушілікке жол бермейді. Компания қорлайтын, агрессивті немесе дұшпандық сипаттағы кез-келген мінез-құлыққа тыйым салады.

Кодекстің ережелері атқаратын лауазымына қарамастан, «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарының барлық лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне қолданылады.

Компаниямен әрекеттесетін немесе Компанияның өкілі болып табылатын іскерлік серіктестер, клиенттер, жеткізушілер және басқа үшінші тараптар Кодекстің ережелерін ұстануы қажет.

Кодекс ашық құжат болып табылады және мүдделі тараптардың танысуы үшін Компанияның http://www.railways.kz корпоративтік веб-сайтында орналастырылады



«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ

Кодексте олардың негізінде Компания қызметі құрылатын төмендегі негіз қалаушы корпоративтік құндылықтар белгіленген:

ҚАУІПСІЗДІК

Біз өзіміздің әр қызметкеріміздің, жолаушымыздың өмірі, денсаулығы үшін және жүктің сақталуы үшін жауаптымыз. Бұл біздің басты басымдық. Ең кішкентай қатенің өзінің бағасы жоғары болуы мүмкін.

КӨШБАСШЫЛЫҚ

Біз үшін бір адамдай жұмыс істеу маңызды, өйткені біз әр клиенттің және толығымен ел игілігі үшін жұмыс істейтін бірыңғай жүйенің бөлігіміз. Біз келесі ұрпаққа жылдар бойы жинақталған білім мен тәжірибені қалдырамыз. Біз лауазымның деңгейіне, кәсібіне және жеке мүддесіне қарамай әр адамға құрметпен қараймыз және бағалаймыз.

АМБИЦИЯЛАР

Біз барлық қиындықтар мен сын-қатерлерді абыроймен қарсы аламыз, өзіміздің алдымызда тұрған кез келген кедергілерді табандылықпен еңсереміз, өйткені біздің клиенттеріміздің игілігі бізге байланысты, олардың мүдделері мен қажеттіліктері біз үшін – негізгі басымдық екенін біледі.

АБЫРОЙ

Біз салаға бар өмірімізді арнаймыз, өйткені халық үшін өте маңызды жүктерді жеткіземіз, қалалар мен мемлекеттерді байланыстырамыз және елдің ең шалғай өңірлерінде жұмыс істейміз. Біз өз кәсібімізді және аталарымыз мен әкелеріміздің темір жолда жұмыс істегенін мақтан етеміз.

ЖАУАПКЕРШІЛІК

Біз барлық клиенттеріміз үшін сапалы қызметтерді ұсынамыз, өйткені біз көлік қызметтері нарығындағы көшбасшымыз. Біз ең қиын жағдайларда да нәтижеге қол жеткіземіз, өйткені өз ісіміздің маманымыз және тәжірибе мен бай тарихқа сүйенеміз.

Корпоративтік құндылықтар мен «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарының Этика және мінез-құлық кодексінде көзделген мінез-құлық нормаларын енгізуді қамтамасыз ету шеңберінде Комплаенс-қызмет есеп беріліп отырған жылы Компания мен оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері үшін оқыту іс-шараларын өткізді.

СДОТ арқылы оқытылған қызметкерлердің жалпы саны 35 165 адам болды.

Бұдан басқа, Компанияның және оның еншілес ұйымдарының 17 304 қызметкері Кодексті білуіне тестілеуден өтті. Компанияның еншілес ұйымдары бойынша орташа балл 79,4%.

«Комплаенс» модулі жұмысының нәтижелері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, этика нормалары мен мінез-құлық саласында Қоғамның негізгі ойтастамын трансляциялау үшін енгізілген цифрлық платформаның талап етілетінін көрсетеді.

Комплаенс-қызмет тоқсан сайынғы негізде «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің назарына «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобы қызметкерлерінің Кодексті сақтау тәжірибесі туралы ақпаратты жеткізеді.



ЭТИКА ЖӨНІНДЕГІ КОНСУЛЬТАЦИЯЛАР КӨРСЕТУ ТЕТІКТЕРІ

Компанияда қызметкерлер мен басқа да тұлғалар корпоративтік этика жөніндегі консультациялар алу үшін хабарласа алатын және/немесе корпоративтік этиканы, адам құқықтарын нақты және болжалды бұзушылықтар, жалдау мен еңбектің тең емес шарттары, ұрлықтар, Компанияның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері жасайтын сыбайлас жемқорлық бұзушылықтар, денсаулыққа, қауіпсіздікке және қоршаған ортаға төнген қатерлер туралы хабарлай алатын тетіктер әзірленген.

Компания қызметкерлерінің аталған мәселелер бойынша:

- өзінің тікелей, жоғары тұрған басшысына;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ Комплаенс-қызметінің басшысына;
- 8 800 080 47 47 телефоны бойынша «қауырт желі» арқылы, 8 771 191 88 16 телефоны бойынша what's app немесе mail@sk-hotline.kz электронды мекен-жайы бойынша;
- KTZHSE корпоративтік мобильді қосымшасы арқылы;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ омбудсмені офисіне (ombudsman@railways.kz немесе +7 (7172) 60 40 31 телефоны арқылы) немесе Қор омбудсменіне (ombudsman@cscc.kz) (еңбек құқықтарын бұзу мәселелері бойынша) хабарласуына болады.

Басқа мүдделі тұлғалар үшін өтініштер:

- 8 800 080 47 47 телефоны бойынша «қауырт желі» арқылы, 8 771 191 88 16 телефоны бойынша what's app немесе mail@sk-hotline.kz электронды мекен-жайы бойынша қабылданады.

Одан басқа, Компания басшылығы қабылдау графигіне сәйкес жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауды жүзеге асырады.

Қабылдау графигі және тәртібі туралы неғұрлым толық ақпаратпен Компанияның www.railways.kz корпоративтік веб-сайтында «Байланыстар» бөлімінде танысуға болады.

Еңбек даулары

Компания мен оның еншілес ұйымдарында келісу комиссиялары қызмет етеді. Келісу комиссиялары қызметкер мен жұмыс берушінің арасындағы сот органдарына жүгінгенге дейінгі жеке еңбек дауларын қарайды.

Компания тобындағы келісу комиссияларының саны - 178 бірлік.

Есеп беріліп отырған жылы қызметкерлерден келіп түскен шағымдар саны 204 бірлікті құрады (2020 жылы – 264 бірлік). Келісу комиссиялары 204 шағымды қарады, оның ішінде қанағаттандырылғаны – 86, қанағаттандырылмағаны - 118.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Компания мен оның еншілес ұйымдарының корпоративтік басқару жүйесінің негізгі құрамдас бөлігі ретінде тәуекелдерді басқарудың маңыздылығын түсінеді, ол оның құны мен беделіне кері әсерін тигізуі мүмкін тәуекелдер деңгейін төмендету бойынша уақтылы сәйкестендіруге және шаралар қабылдауға бағытталған.

Компанияда «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау бойынша саясаты[27] қабылданды, ол Компанияда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылаудың корпоративтік жүйесін ұйымдастырудың негізгі принциптері мен тәсілдерін айқындайды.

Саясат Трэдвэй Комиссиясының Демеуші ұйымдар комитетінің (COSO) ұсынымдарына және тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау саласындағы өзге де үздік тәжірибелерге сәйкес әзірленді.

Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі мынадай мақсаттарға қол жеткізуге ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз етуге арналған:

1) стратегиялық мақсаттар;

2) операциялық мақсаттар – ресурстарды тиімді және нәтижелі пайдалану, активтердің сақталуы;

3) анық есептілікті дайындау саласындағы мақсаттар;

4) қолданылатын заңнаманы және ішкі талаптарды сақтау саласындағы мақсаттар.

Тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың корпоративтік жүйесінің міндеттері:

тәуекел мәдениетін арттыру және тәуекел менеджменті мен ішкі бақылауды Компания қызметінің барлық аспектілеріне интеграциялау;

2) Компанияның мақсаттарға қауіп төндіретін жағдайлардың алдын алу, жағымсыз «тосын сыйларға» тиімді әрекет ету және мұндай жағдайлардың салдарларын, егер олар орын алса, қолайлы деңгейге дейін қысқарту қабілетін арттыру есебінен қызмет нәтижелерінің құбылмалылығын төмендету;

3) ұзақ мерзімді перспективада Компанияның активтері құнын және кірістілігін арттыру үшін мүмкіндіктерді пайдалануды қамтамасыз ету болып табылады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-та тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау үшін жауапты құрылымдық бөлімше жұмыс істейді, ол тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс істеуін ұйымдастырады, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы жергілікті нормативтік актілерді әзірлеуді және оларға өзекті сипат беруді қамтамасыз етеді, басқа құрылымдық бөлімшелерге тәуекелдерді анықтау және бағалау бөлігінде әдіснамалық қолдау көрсетеді және ұсынымдар береді.

Компанияның ішкі бақылау жүйесі корпоративтік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады, басқарудың барлық деңгейлерін, Компанияның барлық ішкі процестері мен операцияларын қамтиды. Тәуекелдерді басқаруға және ішкі бақылауға жауапты құрылымдық бөлімше бизнес-процестер ішкі бақылаулар дизайнын бағалауды жүзеге асырады.

Компанияның корпоративтік басқаруына 2021 жылы «PwC» компаниясы жүргізген диагностика нәтижелері бойынша тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың корпоративтік жүйесі тиімділігінің деңгейі «ВВ» болды.

Компанияның Ішкі аудит жөніндегі қызметі жүргізген тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі тиімділігінің деңгейі 2021 жылы «ВВ» болды. Бұл тәуекелдерді басқару жүйесі барлық маңызды аспектілерде белгіленген критерийлердің көпшілігіне сәйкес келетіндігін білдіреді, бірақ жүйенің тиімді жұмыс істейтіндігі туралы жеткілікті дәлел жоқ.

[27] «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың 2019 жылғы 18 желтоқсандағы шешімімен (№20 хаттама) бекітілді.



Компанияның Ішкі аудит жөніндегі қызметі жүргізген бағалау нәтижелері бойынша ішкі бақылау жүйесінің тиімділік деңгейі 2021 жылы «BBB» болды, жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша ішкі бақылау жүйесі, яғни Компанияның ішкі бақылау жүйесі барлық маңызды аспектілерде белгіленген критерийлердің көпшілігіне сәйкес келеді, алайда принцип жоқ және/немесе ол жұмыс істемейді, жүйенің тиімді жұмыс істейтіндігі туралы жеткілікті дәлел жоқ.

2021 жылы Компания Басқармасы мен Директорлар кеңесінің жұмысы тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін одан әрі жетілдіруге және оны үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкес келтіруге бағытталды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ басымдығы бар бизнес-процестерге тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау элементтерін енгізу, сондай-ақ тәуекелдерді басқару мәдениетін дамыту болып табылады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Covid эпидемиясынан қалыптасқан жағдайдың маңыздылығын түсінеді. Компания өзінің қызметіне және стратегиялық мақсаттарға жетуге теріс әсерін тигізуі мүмкін келесі басты тәуекелдерге ұшырауы мүмкін:

экономикалық жағдайдың тұрақсыздығы, нарықтың құбылмалылығы, мұнай бағасының өзгеруі және COVID эпидемиясынан туындаған басқа да жағымсыз факторлар салдарынан жүк тасымалы мен жолаушылар айналымы деңгейінің төмендеуі;

карантин шараларын енгізу (жолаушылар пойыздарының жүруін тоқтата тұруы) салдарынан жолаушылар айналымы деңгейінің төмендеуі.

Экономикалық жағдайлардың нашарлауы теміржол көлігімен жүктер мен жолаушыларды тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтер көлемінің төмендеуіне, еңбек өнімділігінің төмендеуіне, өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құнының ұлғаюына әкеп соғуы мүмкін және жоспарланған көрсеткіштердің орындалуына теріс әсер етеді. Компания өз қызметінің тиімділігін арттыру, транзиттік тасымалдарды ұлғайту, сондай-ақ дағдарысқа қарсы шараларды іске асыру (шығындарды қосымша қысқарту) жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруда



Операциялық тәуекелдер (қозғалыс қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және экология тәуекелдері)

Компания Қазақстан темір жол инфрақұрылымының иесі және операторы, сондай-ақ Қазақстандағы жолаушылар және жүк жылжымалы құрамының, локомотивтердің ең ірі иесі мен операторы болып табылады. Осыған байланысты Компания магистральдық, станциялық және кірме жолдарда және/немесе станцияларда жылжымалы құраммен маневрлік жұмыс жүргізу кезінде жүк және/немесе жолаушылар пойыздарында жылжымалы құрамның соқтығысуын, рельстен шығып кетуін, дүлей апаттарды қоса алғанда, қозғалыс қауіпсіздігі тәуекелдеріне ұшырауы мүмкін. Осы тәуекелді басқару үшін Компания пойыздар қозғалысымен байланысты пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін ұйымдастыру және қамтамасыз ету бойынша алдын алу жұмыстарын күшейту жөніндегі іс-шараларды іске асырады. Өндірістік жарақаттану тәуекелдерін басқару шеңберінде Компания еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттанудың алдын алу және еңбек жағдайларын жақсарту жөніндегі іс-шараларды іске асыруды жүзеге асырады, қызметкерлер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оларды жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыруды қамтамасыз етеді.

Валюталық тәуекел

Компания негізінен АҚШ доллары мен швейцариялық франк бағамының өзгеруімен байланысты тәуекелге ұшырайды, өйткені Компания көбінесе несиелерді АҚШ доллары мен швейцариялық франк түрінде тартады және де теңгенің АҚШ доллары мен швейцариялық франкқа қатысты әлсіреуі (девальвация) бағамдық айырмашылықта шығыстардың ұлғаюын білдіреді. Осы тәуекелді басқару шеңберінде Компания күнделікті негізде USD/KZT, CHF/KZT валюта бағамдарының өзгеруіне, сондай-ақ валюта бағамының өзгеруіне әсер ететін басқа көрсеткіштер: USD/RUR, USD/EUR бағамдарына, мұнай, шикізат бағаларына мониторингті жүзеге асырады. Валюталық тәуекелдің Компанияның қаржылық нәтижесіне әсерін төмендету мақсатында қаржы нарықтарының конъюнктурасына мониторинг, ВСД валюталық бөлуді басқару, сондай-ақ шетел валютасындағы қарыздарды қайта қаржыландыру жөніндегі іс-шаралар жүргізіледі.






Ақпараттық-технологиялық тәуекелдер

Компания қозғалыс кестесін және өзінің теміржол операцияларының өзге де аспектілерін үйлестіру үшін, сондай-ақ, бухгалтерлік есепті жүргізу, жолаушылар пойыздарына билеттерді сату, жүк жеткізуді қадағалау және көптеген басқа да функцияларды орындау үшін телекоммуникация желілері мен компьютерлік жүйелерді пайдаланады. Компания пайдаланатын жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз ету оператор қатесінің, табиғи апаттың, электр энергиясының өшуі, саботаж, компьютерлік вирустар және басқа да жағдайлар нәтижесінде зақымдалуы мүмкін. Ақпараттық технологиялардың істен шығуы және ақпараттық қауіпсіздіктің бұзылуы тәуекелін төмендету үшін ақпараттық қауіпсіздік саласындағы жергілікті актілер мен корпоративтік саясаттың талаптарын сақтау, қызметтік, коммерциялық және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны қорғау мақсатында жыл сайын Компанияның құрылымдық бөлімшелерінде тексерулер жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

Сыбайлас жемқорлық құбылыстарының көріністеріне және сыбайлас жемқорлық жағдайлардың туындауына ден қою мақсатында Компанияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы қорғау іс-шараларын әзірлеу және іске асыру жүзеге асырылады. Бұл іс-шаралар реттеушілік талаптарды анықтауға және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалауға, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының мәселелері бойынша Компания қызметкерлері үшін оқыту іс-шаралары мен тренингтерді өткізуге бағытталған. Компанияда сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеуді, Компания қызметкерлерінің құқықтық сауаттылығын және Компания қызметіндегі сыбайлас жемқорлық көріністеріне мүлдем төзбеушілігін арттыруды қамтамасыз ететін рәсімдерді әзірлеу және енгізу, құпия ақпараттандыру арналарының тиісті жұмыс істеуін қамтамасыз ету, қызметтік тергеп-тексерулер жүргізу, Компанияның лауазымды адамдары мен қызметкерлері үшін уақтылы коммуникация мен консультациялар ұсыну жүзеге асырылады.





Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау процесіне қатысты топтың тәуекелдерін ішкі бақылау және басқару жүйесі

«ҚТЖ» ҰК» АҚ жеке және шоғырландырылған қаржылық есептілігіне қатысты ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесі «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалдары, құрылымдық бөлімшелері және еншілес ұйымдары жүзеге асыратын басқарудың барлық деңгейлерін, ішкі процестер мен операцияларды қамтиды.

Қаржылық есептілікті қалыптастыру кезінде ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімді және тиімді жұмыс істеуі «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарының барлық деңгейдегі лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін тартуды және олардың тұрақты өзара іс-қимылын талап етеді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарының жеке және шоғырландырылған қаржылық есептілігін қалыптастыруға қатысты ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің бірыңғай негізгі сипаттамалары бар:

- кешенділік: ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесі Компанияның филиалдары мен еншілес ұйымдарының қаржылық есептілігін қалыптастыру кезінде жұмыс істейді және бақылау рәсімдері қаржылық есептілікті қалыптастыру процестерінің барлық деңгейлерінде орындалады;

- жұмыс істеудің үздіксіздігі: ақпаратты қалыптастыру кезінде ішкі бақылау жүйесінің тұрақты және дұрыс жұмыс істеуі, ол объективтіліктен кез-келген ауытқулардың уақтылы алдын алуға және анықтауға мүмкіндік береді;

- жауапкершілік: ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің барлық субъектілері Компанияның ішкі және ішкі нормативтік құжаттарында бекітілген өз өкілеттіктері шеңберінде бақылау рәсімдерін тиісінше орындауға жауапты болады;

- ішкі бақылау жүйесіне қатысушылардың есептілігі – ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесіне тартылған әрбір тұлғаның міндеттер мен мақсаттарды сапалы және уақтылы орындауын жоғары тұрған қатысушы бақылайды;

- әдіснамалық базаның бірыңғай болуы - барлық құрылымдық бөлімшелер, еншілес және тәуелді ұйымдар үшін стандарттарды қолданудың бірыңғай тәсілі;

- өзін-өзі бақылау/алдын-ала ескерту: ішкі бақылау жүйелері өзін-өзі бақылауды жүзеге асыруы керек. Кейбір жүйелер өзін-өзі бақылауды автоматты түрде жүзеге асырады, ал басқалары мерзімді тексеруді қажет етеді. Бақылау жүйелері тексеруге немесе аудитке тәуелді емес, автоматты ескертуді қамтамасыз ету үшін орнатылуы тиіс.

- үздіксіз даму және жетілдіру – ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару рәсімдері кемшіліктер мен жақсартылуы қажет салаларды үнемі анықтауға, сондай-ақ тиісті түзету іс-шараларын қолдануға бағытталуы тиіс.

Қаржылық есептілікті және шоғырландырылған есептілікті қарау кезіндегі ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесі

Қаржылық есептілікті анық және уақтылы емес қалыптастыру тәуекелдерін іске асыруды болдырмау мақсатында бизнес-процестерді бақылау рәсімдерін әзірлеу қажет. Бақылау рәсімдері құжатталуы және тәуекелдерді барабар жабуды қамтамасыз етуі тиіс. Бизнес-процестің маңызды тәуекелдері мен бақылау рәсімдері Тәуекелдер мен бақылау-лар матрицасына енгізіледі.

Осылайша, 2021 жылы Компанияда Негізгі бизнес-процестерді бақылау және тәуекелдер матрицаларын қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізілді, ол қаржылық есептілік пен шоғырландырылған есептілікті қарау кезінде ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі сипаттамаларына сәйкес келеді.



6

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК



«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӨНІНДЕГІ БАСШЫЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ

«Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның (бұдан әрі – «Компания») басшылығы Компанияның және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі бірлесіп – «Топ» деп аталады) 2021 ж. 31 желтоқсандағы шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның аталған күні аяқталған жыл іші шоғырландырылған қызмет нәтижелерін, ақша қаражатының шоғырландырылған қозғалысы мен капиталдағы шоғырландырылған өзгерістерін шынайы көрсететін шоғырландырылған қаржылық есептілігін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес («ХҚЕСК») жариялаған Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес дайындауға жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау барысында басшылық:

- есеп саясаты қағидаттарын дұрыс таңдауға және қолданылуын қамтамасыз етуге;
- ақпаратты, соның ішінде есеп саясаты туралы деректерді мұндай ақпараттың орындылығын, нақтылығын, салыстырмалығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда беруге;
- пайдаланушыларға есептілікті түсіну үшін ХҚЕС талаптарының орындалуы жеткіліксіз болғанда, сондай-ақ өзге де оқиғалар немесе шарттар Топ қызметінің шоғырландырылған қаржылық жағдайы мен шоғырландырылған қаржылық нәтижелеріне әсер еткен жағдайларда қосымша ақпаратты ашуға; және
- Топтың өз қызметін келешекте жалғастыру қабілетін бағалауға жауапты.

Басшылық сондай-ақ:

- Топтың барлық кәсіпорындарында ішкі бақылаудың тиімді әрі сенімді жүйесін әзірлеуге, енгізуге және қолдауға;
- Топтың мәмілелерін ашуға және түсіндіруге, сондай-ақ Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайы туралы ақпаратты кез келген уақытта жеткілікті деңгейдегі дәлдікпен ұсынуға және шоғырландырылған қаржылық есептілігінің ХҚЕС талаптарына сәйкес болуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін нысан түріндегі есепті жүргізуге;
- бухгалтерлік есепті жергілікті заңнамаға және ХҚЕС-ке сәйкес жүргізуге;
- Топ активтерінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша мүмкін болатын барлық орынды шараларды қабылдауға; және
- қаржылық және өзге де асыра пайдалану фактілерін анықтауға және олардың алдын алуға жауапты.

2021 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілікті басшылық 2022 ж. 15 наурызда бекітті, Компанияның Директорлар Кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті алдын ала мақұлдады және оны кейіннен Директорлар Кеңесі мен Акционер бекітуі тиіс.

Топ басшылығы атынан:

Н.Е. Сауранбаев **Басқарма төрағасы**	**Д.Ә. Көшеров** **Қаржы жөніндегі басқарушы директор**	**Е.Б. Станкова** **Бас бухгалтер**
2022 ж. 15 наурыз	2022 ж. 15 наурыз	2022 ж. 15 наурыз

Deloitte.

«Делойт» ЖШС
Әл-Фараби д-лы, 36-үй
Алматы, 050059
Қазақстан Республикасы

Тел: +7 (727) 258 13 40
Факс: +7 (727) 258 13 41
deloitte.kz

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ

«Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесіне және Акционеріне

Пікір

Біз 2021 ж. 31 желтоқсандағы қаржы жағдай туралы шоғырландырылған есептен, 2021 ж. іші шоғырландырылған пайда мен шығын және өзге жиынтық кіріс туралы, шоғырландырылған капиталдағы өзгерістер туралы және шоғырландырылған ақша қаражатының қозғалысы туралы есептерінен, сонымен қатар шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулерден, соның ішінде есеп саясатының негізгі қағидаларына қысқаша шолудан тұратын «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның (бұдан әрі -«Компания») және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі бірлесіп – «Топ») шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қоса берілген шоғырландырылған қаржылық есептілік 2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржы жағдайын, сондай-ақ Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес («ХҚЕСК») шығарған Халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес осы күні аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржы нәтижелері мен шоғырландырылған ақша қаражатының қозғалысын барлық маңызды аспектілерде шынайы көрсетеді.

Пікір білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына («ХАС») сәйкес жүргіздік. Аталған стандарттарға сәйкес біздің жауапкершілігіміз есебіміздің *«Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі»* бөлімінде көрсетілген. Біз *Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары бойынша кеңестің Кәсіби бухгалтерлердің әдеп кодексіне* («Кодекс») сәйкес және Қазақстан Республикасында шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитіне қолданылатын әдеп талаптарына сәйкес Топқа қатысты тәуелсізбіз. Сонымен қатар, біз осы талаптарға және Кодексе сәйкес өзге де әдеп міндеттемелерін орындадық. Біздің пікірімізше, біз алған аудиторлық дәлелдемелер пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті әрі тиісті болып табылады.

Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселелері – бұл біздің кәсіптік пайымдамамызға сәйкес, ағымдағы кезең іші шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін ең маңызды болған мәселелер. Бұл мәселелер шоғырландырылған қаржылық есептілігіне біздің аудиттің мәліметінде және де осы есептілік туралы біздің пікіріміздің қалыптасуында жалпы сипатта қаралған және біз осы мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз.

«Делойт» атауы «Делойт Туш Томацу Лимитед» (бұдан әрі — «ДТТЛ») құрамына кіретін және бірлесіп «Делойт» ұйымы» деп аталатын заңды тұлғалардың (олардың үлестес тұлғаларын қоса алғанда) біреуіне не кез келген санына жатады. «Делойт» халықаралық желісі «деп аталатын «ДТТЛ» компаниясы, «ДТТЛ» — ға қатысушы барлық фирмалар және олардың үлестес тұлғаларының әрқайсысы бір-бірінің атынан үшінші тұлғаларға қатысты міндеттемелер қабылдауға құқығы жоқ дербес және тәуелсіз заңды тұлғалар болып табылады. «ДТТЛ» компаниясы, сондай — ақ «ДТТЛ» әрбір қатысушы-фирмасы және әрбір үлестес тұлға бір-бірінің іс-әрекеттері мен олқылықтарына қатысты емес, тек өз іс-әрекеттері мен олқылықтарына қатысты жауапты болады. «ДТТЛ» компаниясы клиенттерге тікелей қызмет көрсетпейді. Толығырақ ақпаратты сайттан білуге болады www.deloitte.com/about.

© 2022 ТОО «Делойт». Барлық құқықтар қорғалған.

Неге біз мәселені аудит үшін негізгі деп санаймыз?	Аудит барысында не жасалды?
Негізгі құралдардың құнсыздану индикаторларының болуын бағалау	
Көбінесе инфрақұрылым объектілері мен жылжымалы құрамнан тұратын Топтың негізгі құралдары Топтың жиынтық активтерінің 84% құрайды. Басшылық бүкіл Топ ақша ағындарын өндіретін бір бірлік болып табылатынын анықтады, бұл басшылықтан маңызды пайымдауларды қолдануды талап етті. Компания басшылығы 2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сыртқы және ішкі ақпарат көздерін пайдалана отырып, құнсыздану индикаторларының болуын бағалады, бұл басшылықтан елеулі пайымдаулар қолдануды талап етті. Талдау нәтижесінде 2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания басшылығы 2021 ж. болған, Топтың ақша ағындарын өндіретін бір бірліктің құнсыздану индикаторлары ретінде қаралуы мүмкін қандай да бір оқиғаларды немесе мән-жайларды анықтаған жоқ. Негізгі құралдардың маңыздылығына және жоғарыда сипатталған кәсіби пайымдардың мәніне және олардың шоғырландырылған қаржылық есептілікке әлеуетті әсеріне байланысты негізгі құралдардың құнсыздану индикаторларының болуын бағалау аудиттің негізгі мәселесі деп айқындадық. 4 және 6 Ескертулерді қараңыз.	Біз келесі рәсімдерді жүргіздік: > басшылықтың ақша ағындарын өндіретін бір бірлікті анықтауының негізділігін бағаладық, > негізгі құралдардың құнсыздану индикаторларының болуына Топтың талдауын дәлдігіне және толықтығына, сондай-ақ ХҚЕС (IAS) 36 «Активтердің құнсыздануы» талаптарына сәйкестігін тексердік, > басшылық ұсынған талдаумен ақпараттың бірізділігін бағалау үшін, сондай-ақ құнсыздану индикаторларының болуын бағалауға әлеуетті әсер етуі мүмкін ақпаратты сәйкестендіру үшін Топ басшылығымен талқылаулар өткіздік, басшылықтың ішкі коммуникациясымен және Директорлар кеңесі шешімдерінің хаттамаларымен таныстық, > транзиттік бағыттағы жүк айналымының өсуіне қатысты басшылық пікірінің орындылығын бағаладық, > қажет болған жерде бағалау жөніндегі мамандарымызды тарта отырып, индикаторлардың болуын бағалау кезінде басшылық пайдаланған факторлардың орындылығы мен толықтығын бағаладық, > шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашылатын ақпараттың толықтығы мен дұрыстығын тексердік.

Неге біз мәселені аудит үшін негізгі деп санаймыз?	Аудит барысында не жасалды?
Өтімділік және қызмет үздіксіздігі қағидаты	
2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың ағымдағы міндеттемелері ағымдағы активтерден 194,527 млн. теңгеге асып кетті. Ағымдағы міндеттемелерге есепті күннен кейін 12 ай ішінде өтелуі тиіс 215,809 млн. теңге сомасындағы несиелер кіреді. 15 Ескертуде көрсетілгендей, ЕҚДБ мен HSBC Франция, «Сбербанк» АҚ ЕБ және «Банк ВТБ» ЖАҚ банктерінен алынған жалпы баланстық құны 205,343 млн. теңге ұзақ мерзімді кредиттердің талаптарында белгілі бір ковенанттар қарастырылған, олардың сақталмауы кредиторларға борышты мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығын береді. Топ басшылығы «Банк ВТБ» ЖАҚ-мен Кредиттік келісімнің белгілі бір талаптарын сақтамауы туралы тұжырымға келді. Осыған байланысты есепті күн – 2021 ж. 31 желтоқсанға дейін басшылық банктен Кредиттік келісімнің осы талаптарын сақтамауды бұзушылық деп санамау туралы олардың келісімі туралы хаты алды. Бұл мәселе 15 Ескертуде ашып көрсетілген. Жоғарыда көрсетілген жағдайларға байланысты, басшылықтың Топтың өтімді активтерінің жеткіліктілігін бағалауға және оның ағымдағы міндеттемелерін уақтылы өтеу қабілетіне қатысты сыни пайымдаулары қажет. Басшылықтың осы мәселеге қатысты жоспарлары 2 және 31 Ескертулерде ашып көрсетілген. Қызмет үздіксіздігі туралы жорамалдың жарамдылығы туралы тұжырым шоғырландырылған қаржылық есептілікке тұтастай әсер етуін ескере отырып, осы мәселе біздің аудит үшін негізгі деп айқындалды.	Біздің қызмет үздіксіздігі қағидатын қолдануға қатысты аудиторлық рәсімдеріміз көбінесе басшылықтың қолданған жорамалдары мен жасаған тұжырымдарын сыни бағалауға бағытталды және төмендегілерді қамтыды: > активтер мен міндеттемелердің қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді ретінде жіктелу дұрыстылығын тексердік, > қабылданған міндеттемелер мен Топтың қолжетімді қаржыландыруын бағалап, басшылық жоспарлары ағымдағы және күтілетін экономикалық ортаны тиісті түрде көрсететініне көз жеткізе отырып, басшылық дайындаған қызметтің үздіксіздігі қағидатының қолданылуын бағалауды, сондай-ақ ағымдағы міндеттемелерді өтеу жоспарларын талдадық, > Топтың өтімділігін және қызметтің үздіксіздігі бойынша позицияны жақсарту үшін басшылыққа қолжетімді жұмсарту шараларын, мұндай іс-әрекеттер басшылықтың ықпал ету саласында бар-жоғын бағалауды қоса алғанда, қажет болған шамада бағаладық, > Топ өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне күмән тудыруы мүмкін ағымдағы және күтілетін оқиғалар мен шарттарды, соның ішінде қаржылық және операциялық оқиғалар мен шарттарды талдадық, > Топтың өтімділігіне және міндеттемелерді өтеу қабілетіне, соның ішінде несиелерге қызмет көрсету және оларды уақтылы өтеу үшін операциялық қызметтен ақша ағындарының жеткілікті деңгейін өндіру қабілетіне әсер ететін ең соңғы ақша қаражаты қозғалысының болжамын және басшылықтың негативті болжамды сценарийлерін, сондай-ақ шетел валюталары бағамдарының өзгерісінің міндеттемелер мен түсім сомаларына әсерін талдадық,

Неге біз мәселені аудит үшін негізгі деп санаймыз?	Аудит барысында не жасалды?
	> қаржыландырудың қолжетімділігін растайтын құжаттарды, соның ішінде кредиттік келісімдер, қаржы институттарымен хат алмасулар, Директорлар кеңесі шешімдерінің хаттамаларын және Акционерден қолдау Хатын тексердік, > кредит шарттары мен тиісті қаржылық және қаржылық емес ковенанттардың талаптарын талдадық, > есепті күнгі жағдай бойынша қаржылық ковенанттардың есебін математикалық дәлдікке тексердік, > 2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша белгілі бір талаптарды қолданбауы туралы кредитордың растайтын хатын тексердік, > Топтың қызметіне әсер етуі мүмкін қолайсыз жағдайлар мен оқиғалар туралы куәландыратын сыртқы факторларды бағаладық, және > шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашып көрсетілген ақпараттың толықтығы мен дұрыстығын тексердік.

Өзге ақпарат

Басшылық өзге ақпарат үшін жауапты. Өзге ақпарат жылдық есепте бар ақпаратты қамтиды, бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілік пен ол туралы біздің есебімізді қамтымайды. Болжалды түрде, жылдық есеп бізге осы аудитор есебі күнінен кейін ұсынылады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы біздің пікіріміз өзге ақпаратқа тарамайды және біз осы ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенімділікті білдіретін қорытынды ұсынбаймыз.

Біздің шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудит жүргізуімізге байланысты міндетіміз – бізге ұсынылған кезде жоғарыда аталған өзге ақпаратпен танысу және өзге ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есептілік немесе аудит барысында алынған біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктің бар-жоқтығы және өзге ақпаратта басқа да ықтимал елеулі бұрмалаушылықтардың болуы туралы мәселені қарастыру болып табылады.

Егер жылдық есеппен танысқан кезде біз онда елеулі бұрмалаушылық бар деген қорытындыға келсек, біз ол туралы корпоративті басқару үшін жауапты тұлғаларды хабардар етуіміз тиіс.

Басшылықтың және корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалардың шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауға және оның ХҚЕС сәйкес шынайы ұсынылуына, сонымен қатар басшылықтың пікірінше алаяқтық немесе қателесуден болатын айтарлықтай бұрмалаушылықтары болмайтын шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауға қажет болатын ішкі бақылау жүйесін жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау барысында басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, қызмет үздіксіздігіне байланысты деректерді тиісті жағдайларда ашып көрсетуге және қызмет үздіксіздігі жорамалы негізінде есептілікті дайындауға жауапты, алайда басшылық Топты таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниеттенген жағдайларды, немесе оның тарату немесе қызметін тоқтатудан басқа қандай да бір нақты баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда.

Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындауын бақылауға жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз ықылассыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаушылықтардың жоқтығына орынды сенімділік алу және біздің пікірімізді қосатын аудиторлық есеп шығару болып табылады. Орынды сенімділік – сенімділіктің жоғары дәрежесі болып табылады, бірақ ол ХАС сәйкес жүргізілген аудит барысында елеулі бұрмалаушылықтар бар болған жағдайда олардың әрдайым анықталуының кепілдігі болып табылмайды. Бұрмалаушылықтар ықылассыз әрекеттердің немесе қателесудің нәтижесінде туындауы мүмкін. Егер бұрмалаушылықтар пайдаланушылардың қаржылық есептілік негізінде қабылдайтын экономикалық шешімдеріне жекеше немесе бірлесіп әсер ете алса, елеулі бұрмалаушылықтар болып есептеледі.

ХАС сәйкес жүргізілетін аудит аясында біз кәсіби пайымдау қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби күмәншілдік сақтаймыз. Бұған қоса, біз келесілерді орындаймыз:

- ықылассыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіруге негіз болуы үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Ықылассыз әрекеттер салдарынан елеулі бұрмалануды табылмау тәуекелі қателесу салдарынан болатын елеулі бұрмалануды табылмау тәуекелінен жоғары, себебі ықылассыз әрекеттерге сөз байласу, жалғандық, әдейі қалдырып кету, ақпаратты бұрмалап ұсыну немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту арқылы әрекеттер жасау кіруі мүмкін;
- жағдайларға сәйкес аудиторлық рәсімдер әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін зерделейміз, бірақ Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі жайында пікір білдіру мақсатында емес;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің негізділігін және ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;

- басшылықтың қызмет үздіксіздігі жорамалын қолдануының заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде – Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыра алатынына елеулі күдік тудырта алатын оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздіктің бар немесе жоқ екендігі жайлы тұжырым жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екені туралы тұжырымға келсек, біз аудиторлық есебімізде шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі тиісті ақпарат ашуға назар аудартуымыз керек, немесе ақпарат тиісті түрде ашылмаған болса, пікірімізде ескертпе жасаймыз. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық есебіміздің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, келешек оқиғалар немесе жағдайлар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылуына әкелуі мүмкін;
- шоғырландырылған қаржылық есептіліктің жалпы ұсынылуын, оның құрылымын және мазмұнын, соның ішінде ақпараттың ашылуын, сондай-ақ қаржылық есептілікте оның негізі болатын операциялар мен оқиғалардың шынайы көрсетілуінің қамтамасыз етілуін бағалаймыз;
- шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікір білдіру үшін, Топ ішіндегі ұйымдардың қаржы ақпаратына немесе олардың қызметіне қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдерді аламыз. Біз Топтың аудитін басқару, бақылау және жүргізу үшін жауап береміз. Біз өз аудиторлық пікірімізге толықтай жауапты болып қаламыз.

Біз корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалармен ақпараттық әрекеттесуді жүзеге асырып, оларды аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері жөнінде, сондай-ақ аудит барысында анықталған елеулі ескертулер, соның ішінде біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы хабардар етеміз.

Біз сондай-ақ корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті әдеп талаптарын сақтағанымыз көрсетілетін және бұл тұлғаларға аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізді санауға болатын барлық өзара қарым-қатынастар мен өзге де мәселелер туралы, ал қажет болған жағдайларда – тиісті сақтық шаралары туралы хабарлағанымыз туралы мәлімдемені ұсынамыз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға хабарлаған мәселелерден ағымдағы кезең іші қаржылық есептіліктің аудиті үшін неғұрлым маңызды болған, демек, аудиттің негізгі мәселелері болып табылатын мәселелерді анықтаймыз. Біз бұл мәселелер туралы ақпаратты жария етуге заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған немесе өте сирек жағдайларда бұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оны хабарлаудан болатын қоғамдық маңызы бар пайдадан асып түсетінін негізді түрде болжауға болатындықтан, қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есепте хабарланбауы тиіс деген тұжырымға келген жағдайларды қоспағанда, осы мәселелерді біздің есебімізде сипаттаймыз.

Ольга Белоногова
Жоба бойынша серіктес
Қазақстан Республикасының
білікті аудиторы
2019 ж. 13 тамыздағы
№МФ – 0000865
біліктілік куәлігі

Жәңгір Жилысбаев
«Делойт» ЖШС
бас директоры

Қазақстан Республикасында
аудиторлық қызметпен айналысуға
№0000015 мемлекеттік лицензия,
сериясы МФЮ – 2,
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
2006 ж. 13 қыркүйекте берілген

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы
2022 жылғы 15 наурыз

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

(млн. теңгеде)

	Ескерту-лер	2021 ж. 31 желтоқсан	2020 ж. 31 желтоқсан
АКТИВТЕР			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	6	3,038,289	2,836,417
Гудвил	29	15,520	15,520
Материалдық емес активтер		16,481	9,931
Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	7	895	-
Қауымдастырылған кәсіпорындарға инвестициялар	7	26,793	21,218
Кейінге қалдырылған салық активтері	18	145	81
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	8	164,572	139,363
Ұзақ мерзімді активтер жиыны		**3,262,695**	**3,022,530**
Ағымдағы активтер			
Ақша қаражаты мен оның баламалары	9	178,000	155,407
Тауар-материалдық қорлар	10	42,401	37,119
Өтелетін ҚҚС		34,417	69,005
Сауда дебиторлық берешек	11	23,248	11,317
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша актив		6,644	7,158
Табыс салығы бойынша алдын-ала төлем		3,945	3,974
Басқа да ағымдағы активтер	12	52,680	53,927
		341,335	**337,907**
Сатуға және Акционердің пайдасына бөлуге арналған деп жіктелген активтер		104	6,760
Ағымдағы активтер жиыны		**341,439**	**344,667**
Активтер жиыны		**3,604,134**	**3,367,197**
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Капитал			
Жарғылық капитал	14	1,086,085	1,082,299
Хеджирлеу резерві		(51,997)	(52,820)
Шетел валютасын қайта есептеуден резерв		9,925	8,788
Бөлінбеген пайда		214,574	88,858
Акционер капиталы		1,258,587	1,127,125
Бақыламайтын үлестер		13,855	11,480
Капитал жиыны		**1,272,442**	**1,138,605**

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ)

(млн. теңгеде)

	Ескерту-лер	2021 ж. 31 желтоқсан	2020 ж. 31 желтоқсан
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Несиелер	15	1,361,403	1,398,515
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	18	308,300	279,954
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер	17	37,083	36,669
Жалдау бойынша міндеттемелер	16	34,443	30,687
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер	21	54,497	41,444
Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиыны		**1,795,726**	**1,787,269**
Ағымдағы міндеттемелер			
Несиелер	15	215,809	171,664
Сауда кредиторлық берешек	19	116,531	85,056
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша міндеттемелер	20	95,310	71,409
Жалдау бойынша міндеттемелер	16	25,355	19,499
Төленетін басқа да салықтар		17,250	30,390
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер	17	9,100	6,787
Басқа да ағымдағы міндеттемелер	21	56,611	53,009
		535,966	**437,814**
Сатуға арналған деп жіктелген активтермен байланысты міндеттемелер	13	-	3,509
Ағымдағы міндеттемелер жиыны		**535,966**	**441,323**
Міндеттемелер жиыны		**2,331,692**	**2,228,592**
Капитал мен міндеттемелер жиыны		**3,604,134**	**3,367,197**

Топ басшылығы атынан:

Н.Е. Сауранбаев
Басқарма төрағасы

2022 ж. 15 наурыз

Д.Ә. Көшеров
Қаржы жөніндегі басқарушы директор

2022 ж. 15 наурыз

Е.Б. Станкова
Бас бухгалтер

2022 ж. 15 наурыз

Төмендегі ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ПАЙДА МЕН ШЫҒЫН ЖӘНЕ ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

(млн. теңгеде)

	Ескерту-лер	2021 ж.	2020 ж.
Жалғасатын қызмет			
Түсім және басқа да кірістер			
Жүк тасымалынан түсім	22	1,184,271	1,062,524
Жолаушылар тасымалынан түсім	22	57,256	38,178
Мемлекеттік субсидиялар	5	39,235	25,546
Басқа да кірістер	23	47,775	47,086
Түсім және басқа да кірістер жиыны		**1,328,537**	**1,173,334**
Өткізудің өзіндік құны	24	(980,898)	(885,388)
Жалпы пайда		**347,639**	**287,946**
Жалпы және әкімшілік шығыстар	25	(90,777)	(85,898)
Қаржылық кіріс	26	17,847	46,897
Қаржылық шығындар	26	(126,268)	(167,378)
Бағам айырмасынан шығын	31	(11,147)	(52,647)
Қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындардың пайдасындағы үлес	7	10,826	11,111
Бірлескен кәсіпорындағы бұрын тиесілі үлестің әділ құнына дейін қосымша бағалау	29	-	9,035
Қауымдастырылған кәсіпорындағы үлесті өткізуден түскен пайда		-	10,000
Активтердің құнсыздануы		(2,065)	(20,399)
Басқа да пайда мен шығындар		8,688	(1,674)
Салық салуға дейінгі пайда		**154,743**	**36,993**
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	18	(34,132)	(20,700)
Жыл іші жалғасатын қызметтен пайда		**120,611**	**16,293**
Тоқтатылған қызмет			
Жыл іші тоқтатылған қызметтен шығын		-	(188)
Жыл іші пайда		**120,611**	**16,105**
Табыс салығы шегерілгеннен кейінгі өзге жиынтық кіріс/(шығын):			
Кейіннен пайда мен шығын құрамына жіктеуге жатпайтын баптар:			
Еңбек қызметі аяқталғаннан кейін қызметкерлерге сыйақы төлеу бойынша міндеттемелерді қайта бағалау	17	345	2,057
Келесі кезеңдерде пайда немесе шығын құрамына кейіннен жіктеуге жататын баптар:			
Ақша ағындарын хеджирлеу құралдары бойынша таза пайда/(шығын)	14	823	(15,220)
Шетелдік бөлімшені есептілік валютасына қайта есептеуден бағам айырмалары		1,137	2,327
Жыл іші өзге жиынтық кіріс/(шығын)		**2,305**	**(10,836)**
Жыл іші жиынтық кіріс жиыны		**122,916**	**5,269**
Келесілерге тиесілі жыл іші пайда/(шығын):			
Акционерге		119,085	16,233
Бақыламайтын үлестерге		1,526	(128)
		120,611	**16,105**
Келесілерге тиесілі жиынтық кіріс/(шығын):			
Акционерге		121,390	5,396
Бақыламайтын үлестерге		1,526	(127)
		122,916	**5,269**
Жалғасатын және тоқтатылған қызметтен акцияға шаққандағы пайда, теңгеде	27	240	33
Жалғасатын қызметтен акцияға шаққандағы пайда, теңгеде	27	240	33

Топ басшылығы атынан:

Н.Е. Сауранбаев	**Д.Ә. Көшеров**	**Е.Б. Станкова**
Басқарма төрағасы	**Қаржы жөніндегі басқарушы директор**	**Бас бухгалтер**
2022 ж. 15 наурыз	2022 ж. 15 наурыз	2022 ж. 15 наурыз

Төмендегі ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

(млн. теңгеде)

	Ескерту-лер	2021 ж.	2020 ж.
Операциялық қызмет:			
Жыл іші пайда		120,611	16,105
Тоқтатылған қызметті қоса алғанда пайда мен шығында көрсетілген корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар		34,132	20,894
Келесілерге түзету:			
Тозу және амортизация		140,846	136,508
Қаржылық шығындар		126,268	167,851
Активтердің құнсыздануына резерв		2,065	20,391
Қаржылық кіріс		(17,847)	(46,910)
Еңбек қызметі аяқталғаннан кейін қызметкерлерге төленетін сыйақы және қызметкерлерге төленетін басқа да ұзақ мерзімді сыйақылар бойынша шығыстар	24,25	6,113	4,553
Қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындардың пайдасындағы үлес	7	(10,826)	(11,111)
Бағам айырмасынан шығын		11,147	52,614
Бағалау міндеттемелері бойынша шығыстарды қалпына келтіру		(1,310)	(5,090)
Қауымдастырылған кәсіпорындағы үлесті өткізуден пайда		-	(10,000)
Бірлескен кәсіпорындағы бұрын тиесілі үлестің әділ құнына дейін қосымша бағалау	29	-	(9,035)
Басқасы		2,058	13,106
Айналым капиталындағы және баланстың басқа да баптарындағы өзгерістерге дейінгі операциялық кіріс		**413,257**	**349,876**
Сауда дебиторлық берешектің өзгеруі		(19,372)	(3,092)
Тауар-материалдық қорлардың өзгеруі		(2,647)	4,677
Басқа да ағымдағы және ұзақ мерзімді активтердің өзгеруі (оның ішінде ұзақ мерзімді қайтаруға жататын ҚҚС)		10,916	(48,562)
Сауда кредиторлық берешектің өзгеруі		20,679	(11,402)
Төленуі тиіс басқа да салықтардың өзгеруі		(12,864)	7,341
Басқа да міндеттемелердің өзгеруі		25,902	37,907
Қызметкерлерге төленетін сыйақылар бойынша міндеттемелердің өзгеруі		(3,041)	(3,539)
Операциялық қызметтен пайыздарға және корпоративтік табыс салығын төлеуге дейін алынған таза ақша қаражаты		**432,830**	**333,206**
Төленген пайыздар		(119,450)	(121,039)
Алынған пайыздар		8,893	5,718
Төленген корпоративтік табыс салығы		(5,706)	(2,068)
Операциялық қызметтен түскен таза ақша қаражаты		**316,567**	**215,817**
Инвестициялық қызмет:			
Негізгі құралдар үшін төленген аванстарды қоса алғанда негізгі құралдарды сатып алу		(256,843)	(203,479)
Негізгі құралдарды сатудан түскен түсімдер		3,427	295
Басқа да ұзақ мерзімді активтерді сатудан түскен түсімдер		2,330	4,337
Қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындардан алынған дивидендтер		5,743	6,635
Бірлескен кәсіпорындарға инвестицияларды сатып алу		(4,752)	-
Еншілес ұйымды сатып алудан ақша қаражатының таза жылыстауы	29	-	(26,499)
Қауымдастырылған кәсіпорындардың жарғылық капиталына салымдар	7	-	(4,120)
Қауымдастырылған кәсіпорындардағы үлесті өткізуден түсім		-	10,000
Басқасы		127	813
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты		**(249,968)**	**(212,018)**

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ)

(млн. теңгеде)

	Ескерту-лер	2021 ж.	2020 ж.
Қаржылық қызмет:			
Несиелерді алу		125,839	186,422
Несиелерді өтеу		(156,007)	(154,882)
Жалдау бойынша міндеттемелерді өтеу		(12,274)	(10,907)
Төленген бөлулер		-	(1,065)
Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу бойынша сыйлықақы мен комиссияларды өтеу		-	(24,221)
Басқасы		(1,619)	(1,493)
Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты		**(44,061)**	**(6,146)**
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза ұлғаюы/(азаюы)		**22,538**	**(2,347)**
Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	9	155,407	151,867
Шетел валютасында деноминацияланған ақша қаражаты мен оның баламаларының балансына валюта бағамдары өзгерісінің әсері		64	5,879
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтің өзгеруінің әсері		(9)	8
Жыл аяғындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	9	**178,000**	**155,407**
Ақшалай емес операциялар:			
Банк жеткізушіге тікелей аударған қарыз қаражаты есебінен негізгі құралдарды сатып алу	15	27,705	5,729

Топ басшылығы атынан:

Н.Е. Сауранбаев	**Д.Ә. Көшеров**	**Е.Б. Станкова**
Басқарма төрағасы	**Қаржы жөніндегі басқарушы директор**	**Бас бухгалтер**
2022 ж. 15 наурыз	2022 ж. 15 наурыз	2022 ж. 15 наурыз

Төмендегі ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

(млн. теңгеде)

	Жарғылық капитал	Хеджирлеу резерві	Шетел валюталарын қайта есептеуден резерв
2020 ж. 1 қаңтарына	**1,082,299**	**(37,600)**	**6,461**
Жыл іші пайда/(шығын)	-	-	-
Жыл іші өзге жиынтық (шығын)/кіріс	-	(15,220)	2,327
Жыл іші жиынтық (шығын)/кіріс жиыны	-	(15,220)	2,327
Басқа да салымдар (14 Ескерту)	-	-	-
Басқа да бөлулер (14 Ескерту)	-	-	-
Еншілес ұйымды есептен шығару (14 Ескерту)	-	-	-
2020 ж. 31 желтоқсанына	**1,082,299**	**(52,820)**	**8,788**
2021 ж. 1 қаңтарына	**1,082,299**	**(52,820)**	**8,788**
Жыл іші пайда	-	-	-
Жыл іші өзге жиынтық кіріс	-	823	1,137
Жыл іші жиынтық кіріс жиыны	-	823	1,137
Акциялар шығару (14 Ескерту)	3,786	-	-
Басқа да салымдар (14 Ескерту)	-	-	-
Еншілес ұйымды есептен шығару (14 Ескерту)	-	-	-
2021 ж. 31 желтоқсанына	**1,086,085**	**(51,997)**	**9,925**

Топ басшылығы атынан:

Н.Е. Сауранбаев	**Д.Ә. Көшеров**	**Е.Б. Станкова**
Басқарма төрағасы	**Қаржы жөніндегі басқарушы директор**	**Бас бухгалтер**
2022 ж. 15 наурыз	2022 ж. 15 наурыз	2022 ж. 15 наурыз

Төмендегі ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылад

Бөлінбеген пайда	Акционердің капиталы	Бақыламайтын үлестер	Капитал жиыны
78,697	**1,129,857**	**25,647**	**1,155,504**
16,233	16,233	(128)	16,105
2,056	(10,837)	1	(10,836)
18,289	5,396	(127)	5,269
16,686	16,686	-	16,686
(24,814)	(24,814)	-	(24,814)
-	-	(14,040)	(14,040)
88,858	**1,127,125**	**11,480**	**1,138,605**
88,858	**1,127,125**	**11,480**	**1,138,605**
119,085	119,085	1,526	120,611
345	2,305	-	2,305
119,430	121,390	1,526	122,916
-	3,786	-	3,786
6,286	6,286	-	6,286
-	-	849	849
214,574	**1,258,587**	**13,855**	**1,272,442**

ды.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «Компания») Қазақстан Республикасы Үкіметінің (бұдан әрі – «соңғы Акционер») қаулысына сәйкес Қазақстанда теміржол саласындағы мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі холдингтік компанияны ұйымдастыру мақсатында құрылған. Компания 2002 ж. 15 мамырда тіркелген. Шоғырландырылған қаржылық есептілік Компанияның және ол бақылайтын еншілес ұйымдардың (бұдан әрі бірлесіп – «Топ») қызмет нәтижесін көрсетеді. Компанияның тіркелген офисінің мекенжайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Д. Қонаев көшесі, 6.

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Акционер») Компанияның жалғыз акционері болып табылады.

Топ Қазақстан Республикасында (бұдан әрі – ҚР) мемлекеттік теміржол жүйесін пайдалануды жүк және жолаушылар тасымалы қызметін көрсету арқылы, магистральдық теміржол желісі қызметін көрсету арқылы және теміржол инфрақұрылымын жөндеу мен ұстау, модернизациялау арқылы жүзеге асырады. ҚР-сының теміржол саласын реттеу шеңберінде мемлекет магистральдық теміржол желісі қызметіне, сондай-ақ теміржол көлігімен жүк тасымалы қызметіне және әлеуметтік-маңызды бағдарлар бойынша жолаушылар тасымалына тарифтерді белгілейді (ҚР Кәсіпкерлік Кодексіне сәйкес), жолаушылар тасымалын жүзеге асырудағы шығыстардың бөлігін мемлекет субсидиялайды. Жүк тасымалындағы реттелетін тарифтердің деңгейі тасымалданатын жүктің түріне қарай ерекшеленеді. Халықаралық транзиттік қатынаста жүктерді тасымалдау тарифі, сондай-ақ жүктерді контейнерлерде тасымалдауды мемлекет реттемейді.

2020 ж. қарашада ҚР-сы Ұлттық экономика министірлігінің Табиғи монополияларды реттеу Комитеті (бұдан әрі – «ТМРК») 2021-2025 жж. арналған магистральдық теміржол желілерінің қызметтеріне тарифтерді бекітті. 2021 ж. 1 қаңтардан бастап магистральдық теміржол желісінің қызметтері үшін: жолдың электрлендірілмеген учаскелеріндегі тепловоздар үшін; жолдың электрлендірілген учаскелеріндегі электровоздар үшін тарифтерді саралау енгізілді. Саралау есебімен 2021 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші тарифтер деңгейінің ұлғаюы орта есеппен 13% құрады.

2021 ж. 1 наурыздан бастап ҚР-сы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министірлігі тұлғасындағы уәкілетті орган облысаралық бағыттарда жүретін бірқатар бағдарларда жолаушылар тасымалы бойынша тарифтердің 7% артуын келісті (2020 ж.: 7%).

Операциялық орта

Дамушы елдердің нарықтары, соның ішінде ҚР-сының нарығы, дамыған нарықтардың тәуекелдерінен өзгеше экономикалық, саяси, әлеуметтік, соттық және заңнамалық тәуекелдерге ұшырайды. ҚР-сында бизнес жүргізуді реттейтін заңдар мен нормативтік актілер тез өзгеріп, еркін талқылануы мүмкін. ҚР-сының келешек даму бағыты едәуір дәрежеде мемлекеттің салықтық және кредиттік-ақша саясатына, қабылданатын заңдар мен нормативтік актілерге, сондай-ақ елдегі саяси жағдайға байланысты.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

ҚР-сы мұнай мен газды үлкен көлемде өндіріп, экспортқа шығаратынына байланысты, ҚР-сының экономикасы мұнай мен газдың әлемдік бағаларының өзгерістеріне ерекше сезімтал.

Экономикалық жағдайдағы өзгерістер Топ қызметінің болашақ нәтижелеріне және қаржылық жағдайына елеулі әсер етуі мүмкін (32 Ескерту).

2020 ж. басында әлемде жаңа коронавирус (COVID-19) жылдам тарала бастады, осыған орай Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы 2020 ж. наурызда пандемияның басталғанын жариялады. Көптеген елдердің COVID-19 таралуын тежеу үшін қолданатын шаралар көптеген компаниялар үшін елеулі операциялық қиындықтар тудырады және әлемдік қаржы нарықтарына айтарлықтай әсер етеді. Осыған байланысты, COVID-19-дың жаһандық экономикаға және негізгі қаржы нарықтарына теріс әсер етуі нәтижесінде Топ оның одан да үлкен ықпалына тап болуы мүмкін. Топтың операцияларына COVID-19 әсерінің маңыздылығы көп дәрежеде вирустың әлемдік және Қазақстан экономикасына әсерінің ұзақтығы мен таралуына байланысты.

Топ басшылығы COVID-19 байланысты жағдайдың дамуын бақылауды жалғастыруда. ҚР-сының түрлі өңірлерінде және басқа елдерде кәсіпорындардың жұмыс режиміне, өндірісті тоқтата тұруға немесе жабуға қатысты вирустың таралуын тежеу бойынша шектеулер мерзімді түрде енгізіледі.

Бұл ретте шектеу шаралары ҚР-да және бірқатар басқа елдерде жүк тасымалдарына айтарлықтай әсер еткен жоқ, себебі бірде-бір мемлекет жүк теміржол қозғалысын тоқтатқан жоқ.

2020 ж. екінші жартысында Қытай халық республикасы (бұдан әрі – «ҚХР») ҚР-сымен шекарада транзит аймағында бірқатар карантиндік шараларды енгізді. Карантинге байланысты қосымша тексерулер мен іс-шаралар екі бағыттағы да импорттық, экспорттық және транзиттік қатынастардағы составтардың өткізу қабілетіне әсер етті. 2021 ж. ішінде Топ тұрып қалған жүктердің көлемін азайту мақсатында Достық өткелі арқылы ҚХР бағытында контейнерлердегі жүктерді есептемегенде, жүктерді қабылдауға және тасымалдауға уақытша тыйым мерзімді енгізіп отырды. Топ ҚР-сының мемлекеттік ведомстволарының өкілдерімен бірлесіп, екі мемлекеттің шекарасында өткізу қабілетін және үздіксіз қатынасты қалпына келтіруге бағытталған бірқатар шаралар қабылдауды жалғастыруда.

Жоғарыда сипатталған жағдайға қарамастан, 2021 ж. ішінде салыстырмалы өткен кезеңмен салыстырғанда транзиттік жүк тасымалы көлемінің өсуі байқалды.

ҚР-да карантин режимін енгізу жолаушылар тасымалына елеулі әсер етеді. Өңірлердегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты «Жолаушылар тасымалы» АҚ еншілес ұйымына тиесілі жолаушылар және қала маңындағы пойыздардың басым бөлігінің жүруі тоқтатыла тұрады және халықтың сұранысын ескере отырып, кезең-кезеңімен қайта басталады.

Жолаушылар және қала маңындағы пойыздар қозғалысының уақытша тоқтатылғанына қарамастан, пандемия басталғаннан бері мемлекет қаржыландыру жоспарына сәйкес жолаушылар тасымалын субсидиялауды жалғастыруда.

Топ басшылығы Топтың одан әрі қызметіне пандемияның елеулі әсерін күтпейді.

Мемлекет Топтың құрылымына бақылау жүргізе отырып, ҚР-сындағы теміржол қызметінің ұзақ мерзімді саясатын айқындайды. ҚР-сының теміржол саласы 1997 ж. бастап қайта құрылымдау барысында. Ол жүк тасымалы және инфрақұрылымды бөлу, реттеушілік ортаны өзгерту және салаға инвестицияларды тарту үшін жағдай жасауға бағытталған.

Топтың 2029 ж. дейінгі даму Стратегиясына сәйкес 2021 ж. Мемлекеттік жекешелендіру бағдарламасына сәйкес тиімділікті арттыру, транзиттік тасымалдауды дамыту бойынша және корпоративтік қоржын құрылымын оңтайландыру, Топтың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету, клиенттердің қанағаттанушылығын арттыру, пойыздар қозғалысының қауіпсіздігіне кепілдік беру, сондай-ақ Топтың тұрақты дамуын қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жалғастырылды.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

Сәйкестік туралы мәлімдеме

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңес (бұдан әрі – «ХҚЕСК») жариялаған Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі мәтін бойынша – «ХҚЕС») сәйкес дайындалған.

Қызмет үздіксіздігі қағидаты

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі қызметтің үздіксіздігі жорамалы негізінде дайындалған. Қызметтің үздіксіздігі Топ жақын болашақта өзінің активтерін сату мен міндеттемелерін өтеуді өзінің негізгі шаруашылық қызметі барысында жүзеге асыруын шамалайды. 2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың ағымдағы міндеттемелері оның ағымдағы активтерінен 194,527 млн. теңгеге үлкен (2020 ж. 31 желтоқсан: 96,656 млн. теңге). 2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ағымдағы міндеттемелер 215,809 млн. теңге сомасындағы несиелерді қамтиды, олар есепті күннен кейін он екі ай ішінде өтелуі тиіс. Сонымен қатар, 2020 ж. басында әлемде жаңа коронавирус (COVID-19) өте тез тарала бастады. Осы оқиғалардың Топ қызметіне әсері 1 Ескертуде сипатталған. Бұл ретте 2021 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші пайда 120,611 млн. теңгені құрады (2020 ж.: 16,105 млн. теңге), ал операциялық қызметтен ақша қаражатының түсімі 316,567 млн. теңгені құрады (2020 ж.: 215,817 млн. теңге).

Топ басшылығы ақша қаражатына деген қажеттілігін, соның ішінде алынған несиелерді өтеу міндеттемелерін және даму жоспарын бағалады. Топ ірі инвестициялық жобаларды операциялық қызметтен түскен ақша қаражатынан басқа ҚР Үкіметінен алынған капитал есебінен және сыртқы несиелер есебінен тарихи қаржыландырды. ҚР-сының транзиттік әлеуетін іске асыру мақсатында Топ транзиттік жүктердің қосымша көлемдерін тарту және мультимодальдық тасымалдар нарығына ықпал ету саласын кеңейту жөнінде шаралар қабылдауды жалғастыруда. Топ басшылығы есепті күннен кейін он екі ай ішінде өтеуге жататын несиелерді қайта қаржыландыру мақсатында инвесторлармен келіссөздер жүргізуде, олардың оң шешімі жоғары ықтимал деп бағаланады.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды бағалау кезінде басшылық сондай-ақ Топтың қаржылық жағдайын, күтілетін болашақ қаржылық нәтижелерді және қызметтен түсетін ақша ағындарын, несиелерді, қолжетімді кредиттік қаражатты және өзінің инвестициялық сипаттағы міндеттемелерін, тарифтердің күтілетін ұлғаюын, валюта бағамдарын, сондай-ақ Топ тап болатын басқа да тәуекелдерді назарға алды. Бұдан басқа, Топ Акционерден Топқа жақын болашақта ұзақ мерзімді қаржылық және операциялық қолдау көрсету ниеті мен қабілетіне қатысты қолдау хатын алды. 32 Ескертуде сипатталған оқиғалар, сондай-ақ Топ өтімділігін жақсарту үшін басшылыққа қолжетімді жеңілдету шаралары есебімен тиісті талдау жүргізген соң басшылық Топта операциялық қызметті жалғастыру үшін және өзінің міндеттемелерін (31 Ескерту) өтеу үшін жеткілікті қорлары бар деген және осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындаған кезде қызмет үздіксіздігі қағидатын қолдану орынды деген қорытындыға келді.

Құнды анықтау негізі

Есепті күнге бағалау немесе әділ құнмен есепке алынатын кейбір қаржылық құралдарды қоспағанда, шоғырландырылған қаржылық есептілік тарихи құн қағидаты негізінде дайындалған.

Шоғырландыру қағидаттары

Шоғырландырылған қаржылық есептілік Компанияның қаржылық есептілігін және Компания мен 29 Ескертуде тізімі көрсетілген оның еншілес ұйымдары бақылайтын кәсіпорындардың қаржылық есептілігін қамтиды. Елеулі ықпалы бар Топ инвестициялары үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынады. Топтың компаниялары арасындағы барлық операциялар, сальдо және өткізілмеген пайда мен шығындар шоғырландыру кезінде алынып тасталынады.

Функционалдық валюта және ұсыну валютасы

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі Қазақстандық теңгемен (бұдан әрі – «теңге») берілген. Топтың функционалдық валютасы теңге болып табылмайтын шетел кәсіпорындарының активтері мен міндеттемелері есептік күнге бағам бойынша аударылады, егер айырбастау бағамдары жыл ішінде айтарлықтай өзгермеген болса, пайда немесе шығындар жыл іші орташа бағам бойынша аударылады, әйтпеген жағдайда мәмілелер жасалған күнгі айырбас бағамдары қолданылады. Қайта есептеу бойынша туындайтын бағам айырмалары өзге жиынтық кірісте есепке алынады. Шетелдік ұйымдар есептен шығарылған кезде аталған шетелдік ұйымдарға тиесілі барлық жинақталған бағам айырмалары пайда мен шығында танылады.

Теңге ҚР-сынан тыс жерде толық айырбасталатын валюта болып табылмайды. Топтың функционалды валютасынан басқа валютадағы (шетелдік валютадағы) операциялар Қазақстандық қор биржасы (бұдан әрі - «ҚҚБ») белгілеген операцияны жасау күніне нарықтық бағам бойынша ескеріледі. ҚҚБ сессиясында сауда-саттық өткізілмеген шетелдік валюталар бойынша валюталардың айырбастау бағамын ҚР-сының Ұлттық Банкі Reuters ақпараттық агенттігінің арналары бойынша алынған баға белгілеуге сәйкес АҚШ долларына кросс-бағамды қолданып есептейді.

Шетелдік валюталарда берілген ақша активтері мен міндеттемелер есептік күндегі бағам бойынша ұйымның функционалды валютасына қайта есептеледі. Операция жасалған күннен кейін айырбастау бағамдарының өзгеруі нәтижесінде туындайтын барлық бағамдық айырмалар пайда мен шығында көрсетіледі. Әділ құны бойынша шетелдік валюталарда берілген ақшалай емес активтер мен міндеттемелер әділ құнын белгілеу күніндегі қолданыстағы бағам бойынша теңгеге қайта есептеледі. Шетелдік валютада тарихи құны бойынша берілген ақшалай емес активтер мен міндеттемелер қайта есептелмейді. Пайда мен шығынға тиесілі бағам айырмашылығынан шығын/кіріс пайда мен шығын және өзге жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте жеке көрсетілген.

Келесі кестеде шетел валютасының теңгеге айырбастау бағамдары көрсетілген:

	2021 ж. 31 желтоқсан	2020 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. іші орташа өлшемді бағам	2020 ж. іші орташа өлшемді бағам
АҚШ доллары	431.80	420.91	426.03	412.95
Еуро	489.10	516.79	503.88	471.44
Швейцария франкі	473.15	477.60	466.13	440.52
Ресей рублі	5.76	5.62	5.79	5.73

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ

2021 ж. 1 қаңтардан бастап күшіне енген қайта қаралған стандарттарды және қолданыстағы стандарттарға түзетулерді қабылдау

2021 ж. 1 қаңтардан бастап стандарттарға төмендегі түзетулер күшіне енді:

- ХҚЕС (IFRS) 9, ХҚЕС (IAS) 39, ХҚЕС (IFRS) 7, ХҚЕС (IFRS) 4 және ХҚЕС (IFRS) 16 – Базалық пайыздық мөлшерлемелердің реформасы (2 Кезең) түзетулері. Қабылданған түзетулер қаржылық есептілікті жасайтындарға тәуекелсіз пайыздық мөлшерлемеге көшуге байланысты бірқатар уақытша босатуларды ұсынады.

COVID-19-ға байланысты ХҚЕС (IFRS) 16 «COVID-19-ға байланысты жалдау бойынша жеңілдіктерді модификациялау мәніне бағалаудан босатуды ұзарту» түзетуі 2021 ж. 1 сәуірінде күшіне енді және жалға алушы үшін практикалық сипаттағы жеңілдетуді бір жылға ұзартуды көздейді, ол COVID-19-ға тікелей байланысты жалдау бойынша концессияны (жеңілдіктерді) жалға алу шартының модификациясы ретінде есепке алмауға мүмкіндік береді. 2020 ж. 1 маусымнан бастап күшіне енген ХҚЕС (IFRS) 16-ға түзетумен ұсынылған практикалық сипаттағы жеңілдету жалдау төлемдерінің төмендеуі кезінде қолданылды және тек 2021 ж. 30 маусымға дейін есептелген төлемдерге ғана ықпал етті. Түзету бұл кезеңді 2022 ж. 30 маусымға дейін ұзартады.

Аталған түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген жаңа немесе қайта қаралған стандарттар

Бірқатар жаңа стандарттар, түсініктемелер және стандарттарға өзгерістер 2022 ж. 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Атап айтқанда, Топ мынадай стандарттарды, түсіндірулерді және стандарттарға түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ:

- ХҚЕС (IFRS) 17 «Сақтандыру шарттары» (2023 ж. 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты қолданылады);
- ХҚЕС (IFRS) 10 және ХҚЕС (IAS) 28 түзетулер – Инвестор мен оның қауымдастырылған ұйымы немесе бірлескен кәсіпорны арасындағы мәмілелердегі активтерді сату немесе енгізу (күшіне ену күні анықталмаған);
- ХҚЕС (IAS) 1 түзетулер – Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу (2021 ж. қарашасында шығарылған қосымша түзетулер жобасын есепке алғанда 2024 ж. 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты қолданылады);
- ХҚЕС (IFRS) 3 түзетулер – Қаржылық есептіліктің Тұжырымдамалық негіздеріне сілтемелерді жаңарту (2022 ж. 1 қаңтардан бастап немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты қолданылады);
- ХҚЕС (IAS) 16 түзетулер – Негізгі құралдар: активті нысаналы қолдануға дейін алынған түсімдер (2022 ж. 1 қаңтардан бастап немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты қолданылады);
- ХҚЕС (IAS) 37 түзетулер – Ауыртпалықты шарттар: шартты орындауға шығындар (2022 ж. 1 қаңтардан бастап немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты қолданылады);
- 2022 ж. 1 қаңтардан бастап немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты қолданылатын 2018-2020 жж. Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын жыл сайынғы жетілдіру (ХҚЕС (IFRS) 1 түзету – ХҚЕС бірінші рет қолданатын еншілес қоғам; ХҚЕС (IFRS) 9 түзетулер – қаржы міндеттемелерін тануды тоқтатуға «10% тестте» комиссиялық сыйақыны есепке алу; ХҚЕС (IFRS) 16 түзету – Жалға алынған негізгі құралдарға күрделі салымдарды өтеуге қатысты мысалды алып тастау; ХҚЕС (IAS) 41 түзету – Әділ құнын бағалау кезінде салықтық төлемдерді есепке алу);
- ХҚЕС (IAS) 1 түзетулер – Есеп саясаттарын ашып көрсету (2023 ж. 1 қаңтардан бастап немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты қолданылады);
- ХҚЕС (IAS) 8 түзетулер – Есепке алу бағалауларын анықтау (2023 ж. 1 қаңтардан бастап немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты қолданылады);
- ХҚЕС (IAS) 12 – Бір операция нәтижесінде туындайтын активтер мен міндеттемелерге байланысты кейінге қалдырылған салық (2023 ж. 1 қаңтардан бастап немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты қолданылады).

Көрсетілген стандарттар мен түзетулер күшіне енгеннен кейін Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне елеулі әсер етпейді деп күтілуде.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Есеп саясатының негізгі қағидалары

Негізгі құралдар

Негізгі құралдар жинақталған тозуды және құнсызданудан болған шығындарды шегергеннен кейінгі нақты шығындар бойынша есепке алу моделі бойынша көрсетіледі. Тозуды есептеу актив пайдалану үшін қолжетімді болған сәттен басталады.

Кейінгі шығындар

Активті пайдалы қолдану мерзімі ішінде шығындалатын негізгі құралдарға күнделікті техникалық қызмет көрсету шығыстары (активті жақсы қалпында ұстау үшін жүргізілетін техникалық қызмет көрсету бойынша тұрақты жұмыстар), сондай-ақ жөндеуге шығыстар (техникалық тексеру, техникалық қызмет көрсетуге келісімшарттар және т.б.) олардың пайда болуына қарай пайда немесе шығын құрамында танылады.

Активті ХҚЕС (IAS) 16 «Негізгі құралдар» сәйкес тану үшін қажетті сипаттамаларды қанағаттандыратын шығындар ғана капиталдандырылады.

Аяқталмаған құрылыс

Аяқталмаған құрылыс негізгі құралдарды сатып алуға және құрылыс кезінде келтірілген тікелей қатысты ауыспалы үстеме шығыстарды тиісті бөлуді қоса алғанда, салуға тікелей байланысты шығындарды қамтиды. Аяқталмаған құрылыстың ағымдағы құны құнсызданудан болған шығындарды тану қажеттілігі тұрғысынан тұрақты түрде қайта қаралып отырады.

Жалдау шарттары

Топ жалға алушы ретінде

Белгілі бір кезең ішінде өтеу орнына Топқа сәйкестендірілген активтің (оны ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалдау» анықтайтындай) пайдаланылуын бақылау құқығы берілетін шарттарға (немесе шарттардың жекелеген компоненттеріне) қатысты Топ пайдалану құқығы нысанындағы активті және тиісті міндеттемені жалдауды бастау күніне таниды. Шарттардың жалданбайтын компоненттері өзге орынды стандарттарға сәйкес есепке алынады.

ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалдау» сәйкес Топ жалдауды танудан босатуды жалдаудың басталу күніне көзделген жалдау мерзімі 12 айдан аспайтын және сатып алуға арналған опционды қамтымайтын жалдау шарттарына, индексе немесе мөлшерлемеге байланысты емес ауыспалы жалдау мөлшерлемесімен жалдау шарттарына, сондай-ақ құны төмен (2 млн. теңгеден кем) активтерді жалдау шарттарына қолданады. Қысқа мерзімді жалдауды және құны төмен активтерді жалдауды Топ жалдау мерзімі ішінде желілік әдіспен шығыс ретінде таниды.

Жалдау басталған күні Топ осы күні әлі жүзеге асырылмаған жалдау төлемдерінің келтірілген (ағымдағы) құны бойынша жалдау бойынша міндеттемені бағалайды. Дисконттау, егер оларды оңай анықтауға болатын болса, жалдау шарттарында салынған мөлшерлемелерді қоспағанда, Топтың қосымша қарыз қаражатын тартудың пайыздық мөлшерлемесін пайдалана отырып жүзеге асырылады.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Топ жалдау бойынша міндеттемені төмендегі жағдайларды әр кез қайта бағалайды (және пайдалану құқығы нысанында тиісті активті тиісті түзетулер енгізеді):

- жалдау мерзімі өзгерсе немесе елеулі оқиға, не өзгеріс сатып алу опционын орындалуын бағалауда өзгертуге әкеп соққан жағдайларда өзгеріс болса және бұндай жағдайда жалдау бойынша міндеттеме қайта қаралған дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып, қайта қаралған жалдау төлемдерін дисконттау жолымен қайта бағаланады.
- жалдау төлемдері индекстің немесе мөлшерлеменің өзгеруіне немесе кепілдік берілген тарату құны бойынша күтілетін төлемнің өзгеруіне байланысты өзгерсе және осы жағдайларда жалдау бойынша міндеттеме өзгермеген дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып қайта қаралған жалдау төлемдерін дисконттау жолымен қайта бағаланады (егер жалдау төлемдерінің өзгеруі құбылмалы пайыздық мөлшерлеменің өзгеру салдары болып табылмаса, бұл жағдайда қайта қаралған дисконттау мөлшерлемесі пайдаланылады).
- жалға алу шарты модификацияланса және жалдау шартын өзгерту жеке жалдау шарты ретінде ескерілмесе және бұл жағдайда жалдау бойынша міндеттеме модификацияланған жалдау шартын жалдау мерзімі негізінде қайта қарастырылған қайта қаралған дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып, қайта қаралған жалдау төлемдерін дисконттау жолымен қайта бағаланады.

Жалдау басталған күнге Топ пайдалану құқығы нысанындағы активті жалдау бойынша міндеттемені бастапқы бағалау шамасын, жалдау басталған күнгі немесе жалдау бойынша алынған ынталандырушы төлемдерді шегере отырып, осындай күнге дейінгі жалдау төлемдерін, жалға алушы шеккен кез келген бастапқы тікелей шығындарды қамтитын бастапқы құн бойынша бағалайды. Пайдалану құқығы нысанындағы активтерді кейіннен есепке алуға қатысты меншігінде тұрған активтерге қатысты қолданылатын есеп саясаты қолданылады, оның ішінде тозуды және амортизацияны есептеуге, сондай-ақ құнсыздану мәніне тексеруге қатысты.

Пайдалану құқығы нысанындағы танылған актив мынадай кезеңдердің неғұрлым қысқа мерзімі ішінде желілік әдіспен амортизацияланады: активті пайдалы қолданудың болжамды мерзімі немесе жалдау мерзімі. Егер жалдау шарты базалық активке меншік құқығын берсе немесе пайдалану құқығы нысанындағы активтің құны Топтың сатып алу жөніндегі ниетін көрсетсе, пайдалану құқығы нысанындағы тиісті актив базалық активті пайдалы қолдану мерзімі ішінде амортизацияланады.

Топ жалдау бойынша міндеттемелерді қаржылық жағдай туралы жеке есепте жеке бапта ұсынады (16 Ескерту), ал пайдалану құқығы нысанындағы активтер, егер олар меншігінде болса, яғни негізгі құралдар (6 Ескерту) және материалдық емес активтер құрамында болғандағы сияқты, тиісті базалық активтер ұсынылатын баптарда ұсынылады.

Топ жалға беруші ретінде

Топ негізгі құралдардың кейбір объектілеріне қатысты жалға беруші ретінде жалдау шарттарын жасайды (6 және 23 Ескертулер).

Топ жалға беруші болып табылатын жалдау қаржылық немесе операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Жалдау шарттарына сәйкес жалға алушыға меншік құқығымен байланысты барлық тәуекелдер мен пайдалар іс жүзінде өткен жағдайларда жалдау шарты қаржылық жалдау шарты ретінде жіктеледі. Жалдаудың барлық өзге түрлері операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Операциялық жалдаудан түскен кіріс жалдау мерзімі ішінде желілік негізде танылады.

Компаниялардың бірігуі және гудвил

Бизнесті біріктіру жөніндегі мәмілелер есепте сатып алу әдісін пайдалана отырып көрсетіледі. Сатып алу күні Топ сатып алынатын компанияға нақты бақылау алатын күн болып табылады.

Сатып алу құны сатып алу күніне әділ құны бойынша бағаланған берілген сыйақының және сатып алынатын компаниядағы бақыламайтын қатысу үлесінің сомасы ретінде бағаланады. Бизнесті біріктіру жөніндегі әрбір мәміле үшін Топ сатып алынатын компаниядағы бақыламайтын қатысу үлесін: не әділ құны бойынша, не сатып алынатын компанияның сәйкестендірілетін таза активтеріндегі пропорционалды үлесі бойынша қалай бағалау керектігі туралы шешім қабылдайды. Сатып алуға байланысты шеккен шығындар олар келтірілген кезде жалпы және әкімшілік шығыстардың құрамына енгізіледі.

Бизнесті кезең-кезеңімен біріктіру кезінде сатып алынған ұйымдағы бұрын Топқа тиесілі болған қатысу үлестері (бірлескен операцияларды қоса алғанда) бақылауды сатып алу күніне әділ құн бойынша қайта бағаланады, ал туындайтын айырма пайдада немесе шығында көрсетіледі.

Гудвил берілген сыйақының, бастапқыда танылған бақыланбайтын қатысу үлесінің және бұрын Топқа тиесілі болған қатысу үлестері сомасының Топ сатып алған таза сәйкестендірілетін активтердің және ол қабылдаған міндеттемелердің әділ құнынан асып кетуі ретінде айқындалатын бастапқы құны бойынша бағаланады. Егер берілген сыйақының, танылған қатысудың бақыланбайтын үлесі және бұрын Топқа тиесілі болған қатысу үлестерінің жиынтық шамасы таза сәйкестендірілетін активтердің және ол қабылдаған міндеттемелердің әділ құнынан аз болса, онда айырма кезең ішіндегі пайда мен шығындар құрамында танылады.

Бастапқы танылғаннан кейін гудвил құнсызданудан жинақталған шығындарды шегергендегі бастапқы құны бойынша бағаланады. Бизнесті біріктіру кезінде сатып алынған гудвилдің құнсыздануын тексеру мақсаттары үшін Топ еншілес ұйымды сатып алған күннен бастап гудвил ақша қаражатын өндіретін бірліктерге бөлінеді, оларға қатысты еншілес ұйымның сатып алған басқа активтері немесе міндеттемелері көрсетілген бірліктерге жатқызылғанына немесе жатпайтынына қарамастан, олар бизнесті біріктіруден пайда алады деп болжанады.

Топ фактілер мен мән-жайлар бақылаудың үш компонентінің біреуінің өзгергенін айғақтайтын кезде инвестициялар объектілеріне қатысты бақылаудың болуын бағалайды.

Несиелер бойынша шығындар

Топ сыныпталатын активтерді сатып алумен, салумен және өндірумен тікелей байланысты несиелер бойынша шығындарды, сондай-ақ осы активтің құнының бір бөлігін капиталдандырады.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Топ ортақ мақсатқа тартылған несиелерді олардың сыныпталатын активті алу үшін тікелей жұмсалған шығындарының көлемінде ғана капиталдандырады. Капиталдандыру мөлшерлемесі ретінде активтерді сатып алуға тікелей байланысты несиелерді есептемегенде, Топтың сыныпталатын активтерінің салынуы мен өндіруін қаржыландыру үшін бағытталған несие шығындары бойынша орташа өлшемді мәні алынады. Бұл ретте, егер тиісті сыныпталған актив болжамды пайдалануға дайын болған соң несие өтелмеген болып қалған жағдайда, капиталдандыру мөлшерлемесін есептеген кезде бұндай несие жалпы мақсатта тартылған несиелер құрамына енгізіледі.

Оларды сыныпталатын активтерге пайдалану күтілетін жекелеген несиелердің уақытша инвестицияларынан алынған инвестициялық кіріс капиталдандыруға жарамды несиелер бойынша шығындардан шегеріледі.

Несиелер бойынша шығындар сондай-ақ пайыздарды төлеуге арналған шығындарды түзету болып есептелетін шамада шетел валютасымен несие алу нәтижесінде туындайтын бағамдық айырмаларды қамтиды. Нәтижесінде, бағамдық айырмаларды ескере отырып, шетел валютасында көрсетілген несиелер бойынша капиталдандырылған шығындар, егер несие функционалдық валютада көрсетілсе, капиталдандырылатын несиелер бойынша шығындар сомасынан аспауға тиіс. Бағамдық айырманың кез келген асып кетуі пайда немесе шығындарда көрсетіледі.

Несиелер бойынша барлық өзге шығындар олар туындайтын кезеңдегі пайда немесе шығын құрамында танылады.

Тауар-материалдық қорлар

Тауар-материалдық қорлар өзіндік құн немесе өткізудің таза құнының ең кіші мәні бойынша бағаланады. Өзіндік құнға қорларды жеткізуге және болжамды пайдалану үшін қажетті жағдайға келтіруге байланысты жұмсалған шығындарды қамтиды. Өткізудің таза құны аяқтауға жұмсалған шығындарды және өткізуге жұмсалатын бағалау шығындарын шегергенде кәдімгі қызмет барысында қорларды өткізу құнын бағалауды білдіреді. Қорларды өндіріске босату кезінде, өткізу және өзге де есептен шығару кезінде оларды бағалау орташа өлшемді құны бойынша жүргізіледі.

Қаржы құралдары

Қаржы активтері мен міндеттемелері Топ тиісті қаржы құралына қатысты шарт бойынша тарап болған кезде Топтың қаржылық жағдайы туралы есепте көрсетіледі.

Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері бастапқыда әділ құны бойынша бағаланады.

Барлық танылған қаржы активтері кейіннен амортизацияланған құны немесе қаржы активтерін басқару жөніндегі Топтың бизнес-моделі және қаржы активтерінің ақша ағындарының шарттық сипаттамалары негізінде әділ құны бойынша бағаланады.

Бұл ретте:

- мақсаты шартта көзделген ақша ағындарын алу болып табылатын бизнес-модель шеңберінде ұсталатын борыштық құралдар және мұндай ақша ағындары негізгі соманы және ол бойынша пайыздарды төлеуді ғана қамтиды, әдетте, кейіннен амортизацияланған құны бойынша бағаланады;
- мақсаттары шартта көзделген ақша ағындарын алу және қарыз құралын сату болып табылатын бизнес-модель шеңберінде ұсталатын үлестік құралдар және мұндай ақша ағындары негізгі сома мен ол бойынша пайыздарды төлеуді ғана қамтиды, кейіннен өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланады (ӨЖКАӘҚБ); және
- барлық басқа борыштық инвестициялар мен үлестік инвестициялар кейіннен пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланады (ПШАӘҚБ).

Ағымдағы жылы ТОП ӨЖКАӘҚБ және амортизацияланған құны бойынша бағалау критерийлеріне сәйкес келетін борыштық құралдарға инвестицияларды ПШАӘҚ бойынша жіктеген жоқ.

Кейіннен амортизацияланған құны бойынша немесе ӨЖКАӘҚ бойынша бағаланатын борыштық құралдар құнсыздану мәніне бағаланады (4 Ескерту).

Бастапқы танудан кейін барлық қаржы міндеттемелері тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, амортизацияланған құны бойынша немесе ПШАӘҚ бойынша бағаланады.

Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы міндеттемесінің елеусіз модификациясынан туындайтын кіріс немесе шығыс пайданың немесе шығынның құрамында көрсетіледі. Кіріс немесе шығыс модификациялау күніне баланстық құны мен қаржы құралының бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемесін қолданып дисконттай отырып, шартта көзделген жаңа талаптарға сәйкес болашақ ақша ағындарының келтірілген құны арасындағы айырма ретінде есептеледі.

Елеулі модификация есепке алуда бастапқы қаржылық міндеттемені өтеу және жаңа қаржылық міндеттемені тану ретінде көрсетілуі тиіс.

Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер

Ұзақ мерзімді активтер және есептен шығарылатын активтер топтары, егер олардың баланстық құны өндірістік қызметте пайдалану барысында емес, сату кезінде өтелетін болса, сатуға арналған ретінде жіктеледі. Егер ұзақ мерзімді актив (немесе есептен шығатын активтер тобы) өзінің ағымдағы жай-күйінде сатылуы мүмкін болса және жіктеу күнінен бастап 12 ай ішінде сатудың жоғары ықтималдығы бар болса, осы шарт орындалды деп есептеледі. Сатуға арналған ретінде жіктелген ұзақ мерзімді активтер (және есептен шығарылатын активтер топтары) екі шаманың ең азы бойынша бағаланады: алдыңғы баланстық құны және сатуға шығындарды шегергендегі әділ құны.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Айналымнан тыс активті сатуға арналған ретінде жіктелуі тоқтатылуы тиіс болған кезде Топ жіктеу критерийлерінің қанағаттандырылуы тоқтаған кезең ішінде жалғасатын қызметтен пайда немесе шығынның құрамына айналымнан тыс активтің баланстық құнын талап етілетін түзетулерді қамтиды. Егер сатуға арналған ретінде жіктелуі тоқтатылған есептен шығарылатын топ немесе айналымнан тыс актив еншілес ұйым, бірлескен операциялар, бірлескен кәсіпорын, қауымдастырылған ұйым немесе бірлескен кәсіпорындағы не қауымдастырылған ұйымдағы қатысу үлесі болып табылса, онда активті сатуға арналған ретінде жіктеу сәтінен бастап барлық кезеңдер іші қаржылық есептілік тиісті түрде түзетіледі.

Капитал

Жарғылық капитал

Жай акциялар капитал ретінде жіктеледі. Жаңа акцияларды шығаруға тікелей қатысты шығындар ұйымдарды біріктіру жағдайларынан басқа капитал түсімінің сомасынан шегеру ретінде көрсетіледі. Жарғылық капиталға барлық ақшалай емес салымдарды тәуелсіз бағалаушы беру күніндегі жағдай бойынша әділ құны бойынша бағалайды.

Топ орналастыруды заңды тіркеуді жүзеге асырмаған орналастырылатын жай акциялар үшін алынған қаражат мұндай түсімдер жарғылық капиталға көшірілетін тіркеу сәтіне дейін қосымша төленген жарғылық капитал ретінде танылады.

Басқа да салымдар

Топ Акционермен активтерді алу, нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша алынған несиелер бойынша әділ құнға дейін түзету сияқты операцияларды және Топтың жарғылық капиталында қосымша үлес алуға әкелмейтін өзге операцияларды жүргізеді. Топ бұндай операцияларды капитал арқылы бөлінбеген пайда құрамында көрсетеді.

Басқа да бөлулер

Бөлу, егер Топ ақша қаражатын немесе ақшалай емес активтерді Акционерге/соңғы Акционерге өтеусіз негізде беруді міндеттенгенде және мұндай міндеттеменің сомасы сенімді бағалануы мүмкін болғанда капиталдың құрамында танылады. Бөлу қолданылатын жерде кейінге қалдырылған салықтың кез келген тиісті әсерін шегере отырып, капитал құрамында танылады.

Хеджирлеу есебі

Топ туынды қаржы құралдарын және туынды емес қаржы құралдарын (валюталық тәуекелдер бойынша) қоса алғанда, әділ құнды хеджирлеу, ақша ағындарын хеджирлеу немесе шетелдік бөлімшеге таза инвестицияларды хеджирлеу құралдары ретінде хеджирлеудің жекелеген құралдарын білдіреді. Болашақ мәмілелер міндеттемелері бойынша валюталық тәуекелді хеджирлеу құралдары ақша ағындарын хеджирлеу құралдары ретінде есепке алынады.

Топ хеджирлеу құралдары мен хеджирленетін бап арасындағы қатынастарды тәуекелдерді басқару және хеджирлеу стратегиясына сәйкес оларды белгілеу сәтінен бастап құжатпен ресімдейді. Бұдан басқа, хеджирлеу қатынастарын белгілеу сәтінде және одан әрі Топ хеджирленетін тәуекелге жататын хеджирленетін бапқа байланысты әділ құнның немесе ақша ағындарының өзгерістерін өтеу тұрғысынан хеджирлеу құралының тиімділігін тұрақты түрде құжаттайды.

Ақша ағындарын хеджирлеу

Ақша ағындарын хеджирлеу құралдары ретінде белгіленген және тану критерийлерін қанағаттандыратын қаржы құралдарының әділ құны өзгерістерінің тиімді үлесі өзге жиынтық кірісте көрсетіледі және ақша ағындарын хеджирлеу резервінің бабы бойынша жинақталады. Ақша ағындарын хеджирлеу құралдарының әділ құны өзгерістерінің тиімсіз үлесі есепті кезеңдегі пайданың немесе шығынның құрамына енгізіледі және қаржылық шығындар жолы бойынша көрсетіледі.

Өзге жиынтық кірісте бұрын танылған сомалар хеджирленетін бап пайдаға немесе шығынға әсер еткен кезеңдерде пайда немесе шығын құрамына, хеджирленетін бапты шығынға жазу көрсетілген жолға қайта жіктеледі.

Хеджирлеуді есепке алу:

а) Топ хеджирлеу қатынасын тоқтатқан кезде,
б) хеджирлеу құралының әрекет ету мерзімі аяқталған кезде, ол сатылған, бұзылған немесе орындалған кезде, немесе
в) қаржы құралы хеджирлеу құралы ретінде есепке алу талаптарын қанағаттандыруды тоқтатқан күні тоқтатылады.

Өзге жиынтық кірісте танылған және капиталда жинақталған өзгерістер бұрын ықтималдығы жоғары ретінде қарастырылатын мәміле нәтижелерімен бір уақытта пайда немесе шығын құрамына есептен шығарылады. Егер бұрын ықтималдылығы жоғары деп қаралған мәмілені жүзеге асыру енді күтілмесе, өзге жиынтық кірісте жинақталған сәйкес өзгертулер бірден пайда немесе шығынға жатқызылады.

Мемлекеттік субсидиялар

Мемлекеттік субсидиялар субсидияны алу үшін қажетті барлық шарттар орындалатынына және субсидия алынатынына жеткілікті сенім пайда болған кезде танылады.

Мемлекеттік субсидиялар субсидиялармен өтелетін шығындарды пайдада және шығында танумен бір мезгілде жүйелі негізде пайда мен шығында танылады. Атап айтқанда, Үкімет Топтың ҚР-сындағы әлеуметтік маңызды бағыттар бойынша жолаушыларды тасымалдау шығыстарын ішінара жабу үшін мемлекеттік гранттар түрінде субсидиялар алуға құқығы бар деп қаулы етті. Мемлекеттік субсидиялар осы субсидиялар әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша тасымалдаушылардың шығыстарын жабуға жатқызылатындай кезеңдер ішінде тұрақты негізде танылады.

Келтірілген шығындарды, шығыстарды өтейтін немесе болашақ шығындарға байланысты емес қаржылық көмек түрінде берілген мемлекеттік субсидиялар оларды алу құқығы туындайтын кезеңнің кірістеріне жатады.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Түсім

Түсім сатып алушыларға уәде етілген тауарларды немесе қызметтерді беруді Топ оның күтулері бойынша көрсетілген тауарларға немесе қызметтердің орнына алуға құқығы бар өтеу мөлшерінде көрсету деп танылады. Түсім ҚҚС мен жеңілдіктерді шегеріп көрсетіледі.

Жүк тасымалдары бойынша қызмет көрсетуден түскен түсімді есепке алу

Жүк тасымалдары бойынша қызмет көрсетуден түсім уақыт ішінде танылады. Есепті күнге қызметтердің орындалу дәрежесін бағалау әдісі ретінде есепті күнге көрсетілген қызметтер көлемінің тасымалдау бойынша қызметтердің жалпы көлеміне пайыздық арақатынасы пайдаланылады.

Қызметтер сатып алушылармен жасалған шарттарда келісілген айлық көлемнің 100% алдын ала төлем шартымен ұсынылады. Әлі көрсетілмеген көлік қызметтері үшін тапсырыс берушілерден алынған алдын ала төлем сомалары қысқа мерзімді болып табылады және ақша қаражаты түскен күні алынған аванстар ретінде сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша міндеттемелер құрамында көрсетіледі.

Республикаішілік, халықаралық экспорттық және транзиттік қатынастарда жүк тасымалдау қызметтері үшін тапсырыс берушілерден алынған аванстар сатып алушылармен шарттар бойынша міндеттемелер құрамында тасымалдау басталған кездегі болашақ кезеңдердің кірістері ретінде көрсетіледі. Қызмет көрсету шамасына қарай болашақ кезеңдердің кірістері есепті кезеңнің кірістері ретінде танылады.

Топтың сатып алушыларымен жасалған шарттарында сатып алушыға уәде етілген қызметтерді беру мен сатып алушының осы қызметтерді төлеу сәті арасындағы уақыт аралығы қысқа болғандықтан қаржыландырудың елеулі компоненті жоқ.

Жүктерді тасымалдау кезінде магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифіне уақытша төмендету коэффициентін бекіту туралы ТМРК бұйрық қолданылатын шарттарда тұтынылған қызметтің көлеміне байланысты жеңілдіктер көзделген. Бұл қызметтерден түскен түсім шегерімдердің бағалау мөлшерін шегергенде, келісімшартта көрсетілген баға негізінде танылады. Жеңілдіктер сомасын бағалау үшін Топ күтілетін құн әдісін пайдаланады.

2021 және 2020 жж. 31 желтоқсанға жеңілдік беру бойынша контрагенттерге міндеттеме сомасы жоқ.

Топ жүк тасымалдарынан түскен түсім құрамында операция жасау қызметтерінен түскен түсімді көрсетеді және есепті күнге қызмет көрсету процесінің аяқталуына қарай операция жасау қызметтерінен түскен түсімді таниды, себебі қызмет көрсету жөніндегі міндеттеме уақыт ішінде орындалады, ал сатып алушы бір мезгілде Топтың көрсетілген міндеттерді орындауына байланысты пайданы оның орындалуына қарай алады және тұтынады. Сатып алушыға қызметтің орындалу дәрежесін бағалау әдісі ретінде Топ есепті күнге көрсетілген қызметтер көлемінің тасымалдау жөніндегі қызметтердің жалпы көлеміне пайыздық арақатынасын пайдаланады.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Жылжымалы құраммен операция жасау қызметтері, әдетте, сатып алушылармен шарт бойынша міндеттемелер құрамында алынған аванстар ретінде көрсетілетін алдын ала төлем шарттарында ұсынылады.

2021 ж. ішінде Топ тасымалдау процесіне байланысты қосымша алымдар мен жүк тасымалынан түскен басқа да кірістер уақыт ішінде танылады деген тұжырым жасады.

Жолаушылар тасымалынан түскен түсімді есепке алу

Жолаушылар тасымалынан түскен түсім сатып алушының есепті күнге сапарының аяқталу дәрежесі бойынша уақыт ішінде танылады. Билеттерді сатудан түскен сомалар сатып алушылармен шарттар бойынша міндеттемелер ретінде ескерілетін болашақ кезеңдер кірістерінің құрамында көрсетіледі, олар жолаушы жөнелтілген кезден бастап кірістерге жатады. Әлі көрсетілмеген көлік қызметтері үшін тапсырыс берушілерден алынған алдын ала төлем сомасы алу сәтіндегі аванстар құрамында көрсетіледі. Жолаушыларды тасымалдауға және билеттерді жазып беруге арналған өтінімдерді алу шамасына қарай күтілетін есептік кіріске шамамен тең аванс сомалары болашақ кезеңдердің кірістеріне көшіріледі. Болашақ кезеңдердің кірістері жолаушы жөнелтілген сәттен бастап кірістерге ұқсас жатқызылады.

Жолаушылар тасымалы қызметтері әдетте бірнеше сағат/күн ішінде аяқталады. Осының алдындағы тәжірибені талдау есепті күнгі ауыспалы түсім елеулі емес екенін көрсетті.

Өзге де кірістер

Өзге кірістерге алынған айыппұлдар, тауарларды, материалдар мен металл сынықтарын сатудан, сондай-ақ жүктерді ауыстырып тиеу және кемелерге қызмет көрсету бойынша өзге де қызметтерді ұсыну кіреді.

Қызмет көрсетуден түскен өзге де кірістер қызмет көрсету шамасына қарай уақыт ішінде танылады. Егер Топ кезең ішінде орындау міндетін орындамаса, демек, орындау міндеті белгілі бір уақыт кезеңінде орындалады (тауарларды, материалдарды және металл сынықтарын және басқалар сатудан түскен кірістер).

Клиентке уәде етілген тауарларды немесе қызметтерді беру мен клиенттің төлеуі арасындағы кезең бір жылдан асатын елеулі келісімшарттарды есепке алу кезінде Топ мәміленің бағасын ақшаның уақытша құнына түзетеді.

Кері жалдаумен сату операциялары

Топ кері жалдаумен сату операцияларында активті беруді, егер беру ХҚЕС (IFRS) 15 «Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім» талаптарына сай келсе ғана сату ретінде ескереді.

ХҚЕС (IFRS) 15 сәйкес, егер жалға алушы-сатушы сатуды мойындайтын болса, жалға алынатын активті пайдалану құқығы жалға алушы-сатушы сақтайтын пайдалану құқығымен байланысты активтің алдыңғы баланстық құнының бөлігі ретінде бағаланады. Сатушы-жалға алушы сатып алушы-жалға берушіге берілген құқықтарға жататын пайданың немесе шығынның сомасын ғана таниды.

Егер жалға алушы-сатушының активті өткізуі активті сату ретінде есепке алу үшін ХҚЕС (IFRS) 15 талаптарын қанағаттандырмаса, жалға алушы-сатушы өткізілген активті тануды жалғастырады және ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары» қолданып, өткізуден түсімдер мөлшеріндегі қаржылық міндеттемені мойындайды.

4. ЕЛЕУЛІ ПАЙЫМДАУЛАР МЕН БАҒАЛАУДАҒЫ БЕЛГІСІЗДІК КӨЗДЕРІ

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес дайындау шоғырландырылған қаржылық есептілігінде есептік күндегі активтер мен міндеттемелердің алынған сомаларына, әлеуетті активтер мен міндеттемелер туралы ақпараттың ашылуына, есептік кезең бойындағы табыс пен шығынның есептілікке алынған сомаларына әсерін тигізетін пайымдауларды және субъективті бағалаулар мен жорамалдарды Топ Басшылығымен қолдануын көздейді. Осы бағалар тарихи білімге немесе маңызды факторларға негізделгеніне қарамастан, нақты нәтижелер осы субъективті бағалаулардан ерекшеленуі мүмкін.

Есеп саясатын қолданған кезде пайдаланылған елеулі пайымдаулар

Топтың есеп саясатын қолданған кездегі және шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген сомаларға елеулі әсер еткен елеулі пайымдаулардан басқа, бағалауда белгісіздік орын алған елеулі пайымдаулар төменде көрсетілген.

Бақылауды анықтау

Топ бақылайтын ұйымдар еншілес ұйымдар болып табылады. Топ еншілес ұйымды инвестиция нысанына қатысуынан өзгермелі кіріске байланысты шығынға ұшырағанда немесе ондай кірісті алуға құқығы болса, сондай- ақ инвестициялар нысанына қатынасты ықпал өзінің билігін жүзеге асырумен кіріске иелік ету мүмкіндігі болса ғана бақылайды. Еншілес ұйымдардың қаржылық көрсеткіштері шоғырландырылған қаржылық есептіліктің құрамына Топ еншілес ұйымға бақылау алған күннен бастап, бақылау тоқтаған күнге дейін енгізіледі. Еншілес ұйымдардың есеп саясаты олардың есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкестендіру керек болған жағдайда өзгертілетін. Еншілес ұйымдардағы бақыланбайтын үлеске тиесілі шығындар толық көлемде бақыланбайтын үлестер шотына дебеттік сальдоның («дефицит») пайда болуына әкеліп соқтырса да жатқызылады (29 Ескерту).

Акционермен сенімгерлік басқару шарты шеңберінде Акционер компанияға өз меншігіндегі «Ақтау теңіз сауда порты» ұлттық компаниясы» АҚ акцияларының 100%-ын басқаруға берді, компанияға қызметті басқару және осы акциялар пакетіне билік ету бойынша кең өкілеттіктер берді. Компания «Ақтау теңіз сауда порты» ұлттық компаниясы» АҚ-ны еншілес ұйым ретінде таныды, өйткені шарт оған осы кәсіпорынның маңызды қызметін жеке дара басқаруға және дивидендтер алуға практикалық мүмкіндік береді.

Пайыздық мөлшерлемесі нарықтық пайыздық мөлшерлемеден төмен несиелер

Топ ұқсас несиелер үшін нарықтық пайыздық мөлшерлемеден төмен пайыздық мөлшерлемемен Акционерден/соңғы Акционерден несиелерді алады. Бұл несиелер бастапқыда қарыз қаражатын тартумен байланысты шығыстар есебімен алынған ақша қаражатының әділ құны болып табылатын құн бойынша есепке алынады. Топ осы несиелердің әділ құнын (амортизацияланған құнын) ҚР-сының теміржол саласындағы монополист ретіндегі Топтың мәртебесін және 100%-дық мемлекеттік меншікті ескере отырып, мерзімдері ұқсас ұзақ мерзімді мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер бойынша мөлшерлемелерді пайдалана отырып есептейді және капитал құрамындағы несиенің әділ құнына дейін (тиісті кейінге қалдырылған салықты шегергенде) түзетуді таниды. Ұқсас мерзімдер болмаған жағдайда, Топ көбірек сәйкес келетін нарықтық мөлшерлемені Топ алған несие мерзіміне экстраполяциялайды. Бастапқы танудан кейін несиелер тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолданып амортизацияланған құнмен есепке алынады.

Топ несиелерді алу кезінде нарыққа барлық қатысушылар үшін мемлекет белгілеген белгілі бір өлшемдерге сәйкес келетін пайыздық мөлшерлемесі нарықтықтан төмен мемлекеттік несиелерден пайданы Топ мемлекеттік субсидия ретінде есепке алады. Өзге жағдайларда Топ осы несиелерді соңғы Акционермен операциялар ретінде қарайды және нарықтық бағадан төмен мөлшерлеме бойынша алынған несиелер бойынша әділ құнға дейінгі түзетулерді капитал құрамында есепке алады.

Сатуға арналған деп жіктелген активтер

ҚР-сының Үкіметі «2016-2020 жж.-ға арналған жекешелендірудің кешенді жоспарын» және «2021-2025 жж.-ға арналған жекешелендірудің кешенді жоспарын» (бұдан әрі – «Жоспарлар») тиісінше 2015 ж. және 2020 ж. бекітті. Жоспарларға сәйкес Топ басшылығы өткізуге жататын Топтың еншілес ұйымдарының, қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындарының тізбесін бекітеді. ХҚЕС (IFRS) 5 «Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер және тоқтатылған қызмет» активті сату бойынша басшылықтың жоғары ықтималдылықпен шешімді қабылдауды талап етеді. 2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Топ басшылығы Жоспарлардың орындалу мәртебесін талдады және ХҚЕС (IFRS) 5 критерийлеріне сәйкес келетін кәсіпорындарға қатысты, сатуға арналған есептен шығарылатын топтар жоқ деген қорытындыға келді. 2020 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ басшылығы белгілі бір активтер мен міндеттемелерді ХҚЕС (IFRS) 5 критерийлеріне сәйкес келетін кәсіпорындарға қатысты, сатуға арналған есептен шығарылатын топтар деп жіктеген (13 Ескерту).

Ақша қаражатын өндіретін бірлікті анықтау

Топ барлық сегменттерді ақшы қаражатын өндіретін біртұтас бірлік (АҚӨБ) деп қарастырады, себебі ағымдағы Топтың операциялық моделінде әр сегменттің ақша ағындары жеткілікті дәрежеде тәуелсіз болып табылмайды. Теміржол инфрақұрылымы біртұтас болып табылады және жүк және жолаушылар көлігі қызметіне бөлінбейді, сондықтан да жүк және жолаушылар бағыты бойынша алынған ақша ағындарының инфрақұрылымын жүк және жолаушылар бағытына объективті түрде бөлуге болмайды. Жүктерді тасымалдау тарифтерінің реттеу ерекшеліктерін, сондай-ақ жолаушылар тасымалын кросс-субсидиялау қажеттілігін ескере отырып, теміржол инфрақұрылымы тәуелсіз ақша ағындарын өндіре алмайды, тиісінше Топ бір АҚӨБ ретінде қарастырылады.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

ҚР-сы Үкіметі Компанияның соңғы Акционері ретінде Топтың белгілі бір кәсіпорындарын жекешелендіру жоспарын бекітті, оны іске асыру нәтижесінде Топтың бизнес-бірліктері арасында өзара әрекеттесудің жаңа схемалары әзірленеді. Топтың қайта құрылу үдерісінің аяқталмағанына байланысты бұл ықтимал оқиғалар ағымдағы жылы АҚӨБ анықтаған кезде назарға алынған жоқ. АҚӨБ анықтаудағы кейінгі өзгерістер Топ активтерінің баланстық құнына ықпал етуі мүмкін.

Негізгі құралдардың құнсыздануының индикаторларын талдау

Негізгі құралдардың құнсыздану белгілерінің болуын бағалау кезінде Топ сыртқы және ішкі ақпарат көздерін қарастырады. Топ басшылығы қандай да бір оқиғалар немесе мән-жайлардағы өзгерістер активтердің баланстық құны өтелмеуі мүмкін екенін көрсететінін анықтау үшін сыртқы және ішкі ақпарат көздерін қарады.

Активтердің құнсыздану индикаторларының болуын айқындау: теміржол индустриясының күтілетін өсуіндегі өзгеріс, болжамды ақша ағындары, болашақта қаржыландыру қолжетімділігінің өзгеруі; технологиялық ескіру, қызметтер көрсетуді тоқтату, орын ауыстыруға арналған ағымдағы шығындар және шарттардың басқа да өзгерістері сияқты факторлардың көп санына негізделеді.

2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ негізгі құралдардың құнсыздануының жоғарыда көрсетілген сыртқы және ішкі индикаторларының болуын бағалады, атап айтқанда пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі, жоспарлы көрсеткіштермен салыстырғанда нақты көрсеткіштердің орындалуын талдау, сондай-ақ транзиттік бағыттағы жүк айналымы бойынша көлемдерді және транзиттік бағыттағы тариф Швейцария франкімен белгіленгендіктен, теңгенің Швейцария франкіне бағамының өзгеруіне талдау жүргізді.

Сыртқы және ішкі факторлардың әрқайсысы құнсыздану индикаторы болуын немесе болмауын бағалау басшылықтың елеулі пайымдауын талап етеді. Басшылықтың негізгі пайымы нарықтың транзиттік қатынастағы жүк айналымының өсіміне жағымды орта көрсететініне негізделген.

2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания басшылығы 2021 ж. болған, біртұтас АҚӨБ құнсыздану индикаторы ретінде қарастырылуы мүмкін қандай да бір оқиғаларды анықтаған жоқ.

«Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-мен қаржылық келісімдер шарттарын есепке алу

«Жолаушылар тасымалы» АҚ және «Тұлпар» вагон жасау зауыты» ЖШС еншілес ұйымдары тұлғасындағы Топ жолаушылар вагондары паркін жаңарту үшін соңғы Акционердің жалпы бақылауындағы «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-мен сатып алу-сату және қаржылық лизинг туралы бірқатар үш жақты шарттарын жасасты. Осы шарттарға сәйкес, «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ 100% алдын ала төлем негізінде оларды меншікке сатып алу және кейіннен «Жолаушылар тасымалы» АҚ қаржылық жалға беру үшін «Тұлпар» вагон жасау зауыты» ЖШС жолаушылар вагондарын шығаруды қаржыландырады.

Топ басшылығы «Тұлпар» вагон жасау зауыты» ЖШС мен «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арасындағы өзара қарым-қатынас бөлігінде транзакция Топтың деңгейінде активті сату ретінде есепке алу үшін ХҚЕС (IFRS) 15 «Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім» талаптарына жауап бермейді, себебі вагондарды бақылау «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-ға ауыспайды, Топта қалады.

«Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ вагондар өндірісін қаржыландырады, бірақ кейіннен пайдалану тәсілін анықтау және активтен қалған барлық пайданы алу қабілетіне шектеу қойылған. Тиісінше, Топ ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары» сәйкес қаржылық міндеттеме (несие) ретінде «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ алдындағы міндеттемені, ал жолаушылар вагондары мен аяқталмаған өндірісті ХҚЕС (IFRS) 16.103 «Жалдау» сәйкес меншік құқығындағы негізгі құралдар мен аяқталмаған құрылыс объектілері ретінде таниды (3 Ескерту).

Қаржыландыру жеңілдікті мөлшерлемелер бойынша бөлінгендіктен және мұндай шарттар тек қана ҚР-сы Үкіметінің жекелеген Қаулысы негізінде «Жолаушылар тасымалы» АҚ жолаушылар вагондары паркін жаңартуды қаржыландыру үшін көзделгендіктен, Топ осы транзакцияларды соңғы Акционермен операциялар ретінде қарайды және басқа да салымдар ретінде бөлінбеген пайда құрамында капитал арқылы нарықтағыдан төмен мөлшерлеме бойынша алынған несиелер бойынша әділ құнға дейін түзетулерді көрсетеді (14 және 15 Ескертулер).

Бағалаулардағы белгісіздіктің негізгі көздері

Төменде есепті кезеңнің соңына болашаққа қатысты негізгі пайымдау және бағалаудағы белгісіздіктің басқа негізгі көздері көрсетілген. Бұлардың келесі есепті жылы актив мен міндеттемелердің баланстық құнына елеулі әсер етуінің ықтималдылығы жоғары.

Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің және гудвилдің құнсыздануы

Топ әрбір есепті күнге негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің баланстық құнының құнсыздану индикаторларының бар болуына тексеру жүргізеді.

Егер мұндай индикаторлар бар болса, активтердің өтелетін құны бағаланады және активтердің баланстық құнымен салыстырылады. Активтердің баланстық құны өтелетін құнынан артық болған жағдайда құнсыздану танылады. Өтелетін құн екі мәннің: өткізу шығынын шегергендегі активтердің әділ құны мен пайдалану құнының ең үлкені ретінде белгіленеді. Пайдалану құнын бағалау кезінде ақша қаражатының есептік келешек ағындары, Топ басшылығының пікірінше, ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және активтерге тән тәуекелдерді көрсететін капиталдың орташа өлшенген құны негізінде есептелген салық салуға дейінгі дисконт мөлшерлемесін (WACC мөлшерлемесі) қолданып олардың ағымдағы құнына дейін дисконтталады. Өтелетін бағалау құнындағы өзгеріс қосымша құнсыздануға немесе оның болашақ кезеңдерде қалпына келуіне әкелуі мүмкін.

Басшылық гудвилдің өтімділігін 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жыл сайын немесе біртұтас АҚӨБ құнсыздану индикаторлары пайда болған кезде әр кез бағалайды.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Гудвилдің құнсыздануын бағалау үшін басшылық 2020 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша алдыңғы кезеңде жасалған біртұтас өндіруші бірлікті пайдалану құндылығының жан-жақты есебін келесі факторларды ескере отырып жаңартты:

- Топтың АҚӨБ баланстық құнын құрайтын активтер мен міндеттемелерде елеулі өзгерістер болған жоқ;
- өткен жыл іші пайдалану құндылығын жан-жақты есептеу елеулі қорға әкелді және басшылық 2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қордың азаюына әкелетін оқиғалар мен жағдайлардың жоқтығына көз жеткізді;
- пайдалану құндылығын соңғы есептеу уақытынан бастап оқиғаларды және жағдайлардағы өзгерістерді талдауды негізге ала отырып, ағымдағы өтелетін сома бірліктің баланстық құнынан төмен болуы екіталай.

Жоғарыда аталған факторларды талдау үшін басшылық 2021 жыл іші негізгі операциялық көрсеткіштердің бюджеттен асып түсетініне көз жеткізді және төмендегідей ең сезімтал болжамдардың өзгеруінің әсерін талдады:

- транзиттік қатынастағы жүк тасымалдарының көлемі – нарық транзиттің өсуіне жағымды ортаны көрсетеді; және
- дисконттау мөлшерлемесі (WACC) – дисконттау мөлшерлемесін есептеу үшін қолданылатын кіріспе деректерде елеулі өзгерістер болған жоқ.

Топ 2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша гудвилдің өтелетін құны оның баланстық құнынан артық деген қорытындыға келді.

Топ сезімталдыққа талдау жүргізді және негізгі жорамалдардың жеке-жеке негізді ықтимал өзгерістері және қалған параметрлер өзгеріссіз болғанда негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің және гудвилдің әділ құны баланстық құнына тең болады деген қорытындыға келді:

- *Транзиттік қатынастағы жүк тасымалдарының көлемі* – есептік көрсеткішпен салыстырғанда көлемдердің 9.84% - ға төмендеуі;
- *Дисконттау мөлшерлемесі (WACC)* – дисконттау мөлшерлемесін 11.46%-дан 12.65%-ке дейін ұлғаюы.

Болашақта сыртқы немесе ішкі индикаторлардағы елеулі өзгерістер немесе бір мезгілде бірнеше факторлардың теріс әсері кезінде сыртқы немесе ішкі көрсеткіштердің болуын талдау әлеуетті құнсыздануды болуын көрсетуі мүмкін.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

ҚҚС өтеу

Әрбір есепті күндегі жағдай бойынша Топ халықаралық тасымалдар бойынша қызметтер көрсетуден туындаған ҚҚС өтелмейтін сомасына қатысты резервті бағалайды. Топ сатып алушыларға ҚҚС қоя алмайды және сәйкесінше бұл соманы салық органдарынан алғаннан кейін ғана іске асыра алады. Топ өзінің салық департаментінен алынған ҚҚС бойынша күтілетін қайтару туралы ақпаратты, мемлекеттік салық органдарымен хат алмасуды, сондай-ақ оны өтеуге қатысты тарихи деректерді қарайды. ҚҚС өтеудің нақты сомасы Топтың бағалау сомасынан өзгешеленуі мүмкін, бұл болашақ операциялық нәтижелерге елеулі әсер етуі мүмкін. 2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 34,417 млн. теңге сомасына қайтарылатын ҚҚС қысқа мерзімді актив құрамында жіктелген. Топ аталған соманы салық органдары 2022 ж. қайтарады деп күтеді.

Негізгі құралдардың тозуы және материалдық емес активтердің амортизациясы

Негізгі құралдардың тозуы және материалдық емес активтердің амортизациясы активтердің пайдалы қызмет ету мерзімі ішінде тура сызықтық әдіс негізінде есептеледі. Пайдалы қызметтің болжамды мерзімдеріне, тарату құнына байланысты бағалар, сондай-ақ тозуды есептеу әдістері әрбір есепті күнге қайта қаралады және қажет болған жағдайда түзетіледі. Кез келген түзетулер есептік бағалаудағы өзгеріс ретінде перспективалы түрде ескеріледі. Пайдалы қызмет мерзімдеріне және активтердің тарату құнына қатысты бағалар күтіліп отырған пайдалануға, жөндеу және қолдау жөніндегі бағдарламаларға, қызмет көлеміне, технологияларды жетілдіруге және қызметтің өзге де жағдайларына байланысты болады. Осы бағалардың өзгеруі нәтижесінде тозу сомасы өткен жылдары көрсетілген сомалардан айтарлықтай өзгешеленуі мүмкін.

Топ қолданатын пайдалы қызметтің бағалау мерзімдері төменде берілген (жылдарда):

Ғимараттар мен құрылыстар	10-140
Теміржол жолдарының инфрақұрылымы	5-100
Машиналар мен жабдықтар	3-35
Көлік құралдары	4-40
Басқасы	2-50
Материалдық емес активтер	1-10

Салық салу

Әр түрлі қазақстандық заңнамалық актілер мен нормалар әрдайым анық жазылмайды. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдары арасындағы пікірлердің алшақтық жағдайлары болуы мүмкін. Бұл ретте, салық органдары қосымша салықтарды қосымша есептеген жағдайда, айыппұл мен өсімпұлдың қолда бар мөлшері елеулі мөлшерде белгіленген; айыппұл мөлшері қосымша есептелген салық сомасының 80% - ын құрайды және өсімпұл мөлшері қосымша есептелген немесе төленбеген салық сомасының жылдық 12.19% - ын құрайды. Нәтижесінде, айыппұлдар мен өсімпұлдар қосымша есептелген салық сомасынан асып кетуі мүмкін.

Жоғарыда көрсетілген белгісіздікке байланысты салықтардың, айыппұл санкциялары мен өсімпұлдардың әлеуетті сомасы, егер ондайлар қосымша есептелген болса, 2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шығыстарға жатқызылған сомадан асып кетуі мүмкін. Бағалау мен нақты төленген сомалар арасындағы айырмашылықтар, егер мұндайлар туындайтын болса, келешектегі кезеңдерде операциялық нәтижелерге елеулі әсер етуі мүмкін.

Кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артуы

Топ 1-сатыдағы активтер үшін 12 айлық күтілетін кредиттік шығынға немесе 2 не 3-сатыдағы активтер үшін барлық мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығынға тең сомада қаржы құралдары бойынша шығындар үшін бағалау резервін құрады. Актив бастапқы тану сәтінен бастап оның кредиттік тәуекелі айтарлықтай артқан кезде 2-сатыға өтеді. ХҚЕС (IFRS) 9-да кредиттік тәуекелдің айтарлықтай жоғарылауының анықтамасы жоқ. Активтің кредиттік тәуекелі айтарлықтай артқанын бағалау кезінде Топ сапалық және сандық негізделген және расталатын болжамды ақпаратты ескереді.

Топ сондай-ақ қаржылық кепілдіктер шарттары бойынша күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервті бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік тәуекелдегі өзгерістерге байланысты 12 ай ішінде не барлық мерзімде таниды. Күтілетін кредиттік шығындардың сомасы тиісті қаржы құралы бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекелдің өзгерістерін көрсету үшін әрбір есепті күнге жаңартылады.

Кредиттік тәуекелді ішкі басқару мақсаттары үшін Топ келесілерді дефолт ретінде қарайды, себебі өткен тәжірибе мынадай критерийлердің біріне сәйкес келетін қаржы активі әдетте өтелмейтін болып табылатынын көрсетеді:

- мерзімін кешіктіру: контрагенттің міндеттемелері бойынша 90 күннен астам мерзімін кешіктіру (Компанияның төлемді ұзақ мерзімге кешіктіруді көздейтін дефолт критерийін пайдалану неғұрлым орынды екенін көрсететін негізделген және расталған ақпарат болған жағдайларды есепке алмағанда);
- контрагенттің сыртқы кредиттік рейтингін дефолттық D деңгейіне дейін төмендету;
- контрагенттің қаржылық қиыншылықтары нәтижесінде міндеттемелерді орындау қабілетінің болмауы (қаржы активі бойынша пайыздарды есептеуді тоқтата тұру/пайыздық мөлшерлемені төмендету, негізгі борышты шығынға жазу, қаржы активін өтеу мерзімін ұлғайту, несие құнын төмендетуге/шығынға жазуға/берешекті кешіруге әкелетін қайта құрылымдау және т.б.); немесе
- ішкі деңгейде қалыптастырылған немесе сыртқы көздерден алынған ақпарат, қарыз алушы Компанияны қоса алғанда (Топ ұстап отырған кепілді есепке алмағанда) кредиторлардың пайдасына төлемдерді толық көлемде жүзеге асырмайтынын көрсетеді.

5. СЕГМЕНТТЕР БОЙЫНША АҚПАРАТ

Топтың операциялық сегменттері көрсетілетін қызметтер негізінде анықталады. Топ екі есепті сегментті бөліп көрсетеді: жүк тасымалы және жолаушылар тасымалы бойынша қызметтер. Барлық өзге сегменттер, соның ішінде негізінен коммуналдық қызметтер, жүктерді тиеу мен босату және кемелерге қызмет көрсету қызметтерінен тұратын, бірлесіп сандық шектерден аспайтын сегменттер жеке ашып көрсетілмейді және «Басқаларға» біріктірілген.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Топ басшылығы Топтың операциялық сегменттерінің келесідей көптеген пайда көрсеткіштерін бақылайды: салық салуға дейінгі пайда, жалғасатын қызметтен жыл іші пайда және жалпы пайда. Бұл ретте жалғасатын қызметтен жыл іші пайда ресурстарды бөлу және сегменттер қызметін бағалау үшін басшылық пайдаланатын негізгі көрсеткіш болып табылады.

Топта сегментішілік сатулар бойынша белгіленген баға қалыптастыру саясаты жоқ.

	2021 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші					
	Жүк тасымалы	Жолаушылар тасымалы	Есептік сегменттер	Басқалары	Шоғырландыру	Жиыны
Негізгі операциялық көрсеткіштер						
Түсім және өзге кірістер						
Сыртқы сатып алушылардан тасымалдаудан түсетін түсім	1,184,271	57,256	1,241,527	-	-	1,241,527
Сегменттер арасындағы операциялардан тасымалдаудан түскен түсім	1,129	58,371	59,500	-	(59,500)	-
Мемлекеттік субсидиялар	-	39,235	39,235	-	-	39,235
Сыртқы сатып алушылардан өзге кірістер	33,334	3,022	36,356	11,419	-	47,775
Сегменттер арасындағы операциялар бойынша өзге кірістер	27,519	629	28,148	6,292	(34,440)	-
Түсім және өзге кірістер жиыны	**1,246,253**	**158,513**	**1,404,766**	**17,711**	**(93,940)**	**1,328,537**
Өткізудің өзіндік құны	(932,063)	(127,798)	(1,059,861)	(13,121)	92,084	(980,898)
Жалпы пайда	**314,190**	**30,715**	**344,905**	**4,590**	**(1,856)**	**347,639**
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(78,238)	(10,737)	(88,975)	(3,171)	1,369	(90,777)
Қаржылық кіріс	18,026	1,803	19,829	977	(2,959)	17,847
Қаржылық шығындар	(120,040)	(4,783)	(124,823)	(3,178)	1,733	(126,268)
Бағам айырмасынан (шығын)/пайда	(11,776)	577	(11,199)	(24)	76	(11,147)
Қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындардың пайдасындағы үлес	10,826	-	10,826	-	-	10,826
Активтердің (құнсыздануы)/құнсыздануын қалпына келтіру	(1,075)	(375)	(1,450)	(785)	170	(2,065)
Басқа пайда мен шығындар, нетто	8,323	256	8,579	109	-	8,688
Салық салынғанға дейінгі пайда/ (шығын)	**140,236**	**17,456**	**157,692**	**(1,482)**	**(1,467)**	**154,743**
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	(32,660)	(4,284)	(36,944)	(11)	2,823	(34,132)
Жалғасатын қызметтен жыл іші пайда/(шығын)	**107,576**	**13,172**	**120,748**	**(1,493)**	**1,356**	**120,611**
Сегменттер туралы басқа да негізгі ақпарат						
Негізгі құралдар бойынша күрделі шығындар	344,865	183	345,048	238	11,854	357,140
Негізгі құралдардың тозуы	130,643	8,643	139,286	1,694	(5)	140,975

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

	2020 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші					
	Жүк тасымалы	Жолаушылар тасымалы	Есептік сегменттер	Басқалары	Шоғырландыру	Жиыны
Негізгі операциялық көрсеткіштер						
Түсім және басқа кірістер						
Сыртқы сатып алушылардан тасымалдаудан түсетін түсім	1,062,524	38,178	1,100,702	-	-	1,100,702
Сегменттер арасындағы операциялардан тасымалдаудан түскен түсім	10,959	2,644	13,603	-	(13,603)	-
Мемлекеттік субсидиялар	-	25,546	25,546	-	-	25,546
Сыртқы сатып алушылардан өзге кірістер	33,750	2,676	36,426	10,660	-	47,086
Сегменттер арасындағы операциялар бойынша өзге кірістер	3,759	393	4,152	5,277	(9,429)	-
Түсім және өзге кірістер жиыны	**1,110,992**	**69,437**	**1,180,429**	**15,937**	**(23,032)**	**1,173,334**
Өткізудің өзіндік құны	(816,821)	(75,034)	(891,855)	(15,253)	21,720	(885,388)
Жалпы пайда/(шығын)	**294,171**	**(5,597)**	**288,574**	**684**	**(1,312)**	**287,946**
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(74,536)	(8,673)	(83,209)	(3,365)	676	(85,898)
Қаржылық кіріс	48,898	1,591	50,489	697	(4,289)	46,897
Қаржылық шығындар	(163,096)	(4,736)	(167,832)	(3,440)	3,894	(167,378)
Бағам айырмасынан (шығын)/пайда	(53,303)	226	(53,077)	74	356	(52,647)
Қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындардың пайдасындағы үлес	11,111	-	11,111	-	-	11,111
Бірлескен кәсіпорындағы бұрын тиесілі үлестің әділ құнына дейін қосымша бағалау	9,035	-	9,035	-	-	9,035
Қауымдастырылған кәсіпорындардағы үлесті өткізуден пайда	500	-	500	9,500	-	10,000
Активтердің (құнсыздануы)/құнсыздануын қалпына келтіру	(19,879)	23,570[1]	3,691	(331)	(23,759)	(20,399)
Басқа да пайда мен шығындар, нетто	7,101	(8,961)	(1,860)	373	(187)	(1,674)
Салық салынғанға дейінгі пайда /(шығын)	**60,002**	**(2,580)**	**57,422**	**4,192**	**(24,621)**	**36,993**
Корпоративтік табыс салығы бойынша (шығыстар)/үнемдеу	(20,723)	2,268	(18,455)	(168)	(2,077)	(20,700)
Жалғасатын қызметтен жыл іші пайда/(шығын)	**39,279**	**(312)**	**38,967**	**4,024**	**(26,698)**	**16,293**
Сегменттер туралы басқа да негізгі ақпарат						
Негізгі құралдар бойынша күрделі шығындар	218,406	248	218,654	561	3,122	222,337
Негізгі құралдардың тозуы	126,298	7,875	134,173	2,240	(8)	136,405

[1] Активтердің (құнсыздануы)/құнсыздануын қалпына келтіру Топ ішінде 23,805 млн. теңге мөлшерінде берілген ұзақ мерзімді аванстар бойынша осы аванстарды қайтаруға байланысты құнсыздануды қалпына келтіруді қамтиды.

Топтың географиялық ақпараты

Топ әр түрлі географиялық өңірлерде сатып алушылардан кірістер алады. Төмендегі кестеде 31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде сатып алушылардың орналасқан жеріне негізделген кірістер туралы ақпарат көрсетілген:

Сатып алушылардың орналасқан жері	2021 ж.	2020 ж.
Қазақстан	1,291,832	1,137,941
Ресей	23,576	22,127
Басқасы	13,129	13,266
	1,328,537	**1,173,334**

Негізінен Топтың барлық ұзақ мерзімді активтері ҚР-сында орналасқан.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

6. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

	Теміржол жолдарының инфрақұрылымы	Ғимараттар мен құрылыстар	Машиналар мен жабдықтар
2020 ж. 1 қаңтарына баланстық құн	**1,133,479**	**315,806**	**252,898**
Сатып алу	1	169	3,765
Жалдау бойынша түсімдер	-	107	37,728
Еншілес ұйымды сатып алу	-	10,979	3,516
Есептен шығару	(133)	(633)	(1,781)
Еншілес компанияны бақылауды жоғалту	-	(10,911)	(9,187)
Тозу бойынша шығыстар	(36,702)	(7,672)	(36,828)
Есептен шығару бойынша тозу	100	84	1,712
Құнсыздануды қалпына келтіру/(құнсыздану)	27	(611)	222
Сатуға арналған деп жіктелген активтерге аудару	-	(9,482)	(5,844)
Басқа да қозғалыстар мен аударулар[2]	60,678	23,486	35,680
2020 ж. 31 желтоқсанға баланстық құн	**1,157,450**	**321,322**	**281,881**
Бастапқы құны	1,442,279	379,336	505,516
Жинақталған тозу мен құнсыздану	(284,829)	(58,014)	(223,635)
2020 ж. 31 желтоқсанға баланстық құн	**1,157,450**	**321,322**	**281,881**
Соның ішінде:			
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер:			
Бастапқы құны	-	1,868	37,728
Жинақталған тозу мен құнсыздану	-	(330)	(9,039)
Баланстық құны	-	1,538	28,689
Операциялық жалдау мәні болып табылатын негізгі құралдар (Топ жалға беруші ретінде)	-	141	37

[2] Басқа да қозғалыстар, аударулар сондай-ақ тауар-материалдық қорларға немесе одан шығу бойынша аударуларды қамти

Көлік құралдары	Жер	Басқалары	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
886,664	**1,770**	**14,678**	**174,667**	**2,779,962**
30,780	18	136	141,470	176,339
7,559	-	-	-	45,394
8,697	2,837	209	1,079	27,317
(15,045)	(4)	(522)	(60)	(18,178)
(32)	(2)	(87)	-	(20,219)
(52,803)	-	(2,400)	-	(136,405)
2,514	-	517	-	4,927
(44)	-	65	(408)	(749)
(17)	(650)	(140)	-	(16,133)
58,246	-	1,721	(185,649)	(5,838)
926,519	**3,969**	**14,177**	**131,099**	**2,836,417**
1,425,022	3,969	29,389	142,844	3,928,355
(498,503)	-	(15,212)	(11,745)	(1,091,938)
926,519	**3,969**	**14,177**	**131,099**	**2,836,417**
17,449	-	7,241	-	64,286
(3,289)	-	(1,086)	-	(13,744)
14,160	-	6,155	-	50,542
46,847	-	-	-	47,025

ды.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

	Теміржол жолдарының инфрақұрылымы	Ғимараттар мен құрылыстар	Машиналар мен жабдықтар
2021 ж. 1 қаңтарына баланстық құн	**1,157,450**	**321,322**	**281,881**
Сатып алу	55	701	6,430
Жалдау бойынша түсімдер	-	122	-
Есептен шығару	(4,296)	(506)	(2,425)
Тозу бойынша шығыстар	(37,139)	(7,957)	(36,940)
Есептен шығару бойынша тозу	4,076	317	2,323
(Құнсыздану)/құнсыздануды қалпына келтіру	(618)	(13)	(131)
Басқа да қозғалыстар, аударулар[3]	86,303	(8,551)	15,764
2021 ж. 31 желтоқсанға баланстық құн	**1,205,831**	**305,435**	**266,902**
Бастапқы құны	1,511,717	371,214	525,167
Жинақталған тозу мен құнсыздану	(305,886)	(65,779)	(258,265)
2021 ж. 31 желтоқсанға баланстық құн	**1,205,831**	**305,435**	**266,902**
Соның ішінде:			
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер:			
Бастапқы құны	-	1,925	37,728
Жинақталған тозу мен құнсыздану	-	(506)	(18,900)
Баланстық құны	-	1,419	18,828
Операциялық жалдау мәні болып табылатын негізгі құралдар (Топ жалға беруші ретінде)	-	184	5

[3] Басқа да қозғалыстар, аударулар сондай-ақ тауар-материалдық қорларға немесе одан шығу бойынша аударуларды қамт

Көлік құралдары	Жер	Басқалары	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
926,519	**3,969**	**14,177**	**131,099**	**2,836,417**
31,575	-	89	274,437	313,287
42,552	-	-	-	42,674
(4,733)	(8)	(419)	-	(12,387)
(56,858)	-	(2,081)	-	(140,975)
4,546	-	389	-	11,651
(268)	-	4	(834)	(1,860)
128,371	(1)	278	(232,682)	(10,518)
1,071,704	**3,960**	**12,437**	**172,020**	**3,038,289**
1,619,960	3,960	29,474	183,870	4,245,362
(548,256)	-	(17,037)	(11,850)	(1,207,073)
1,071,704	**3,960**	**12,437**	**172,020**	**3,038,289**
59,990	-	7,614	-	107,257
(6,991)	-	(1,857)	-	(28,254)
52,999	-	5,757	-	79,003
24,225	-	-	-	24,414

иды.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша аяқталмаған құрылыс, негізінен, «Жезқазған - Бейнеу», «19 жол айырығы - Достық» теміржол желілерін салу жобасы бойынша, Құрық портында сал кешенін салу бойынша шығындардан және теміржол жолдарының инфрақұрылымын қайта құрудың басқа да объектілері бойынша шығындардан тұрады.

2021 және 2020 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың баланстық құны 19,577 млн. теңге және 14,264 млн. теңге болатын негізгі құралдары тиісінше белгілі бір несиелер бойынша кепілдік қамтамасыз ету ретінде әрекет етті.

2021 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші Топ 14,410 млн. теңге сомасына жалдау шарттары бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша тозу бойынша шығыстарды есептеді (2020 ж. 31 желтоқсанда: 12,848 млн. теңге).

2021 және 2020 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде алынған несиелер бойынша капиталдандырылған шығыстардың сомасы тиісінше 4,794 млн. теңгені және 1,626 млн. теңгені құрады. Топ бойынша капиталдандырудың орташа мөлшерлемесі 2.08%-ден 10.78%-ге дейін (2020 ж.: 6.58% - дан 10.56% - ға дейін) өзгереді.

2021 және 2020 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың пайдалануындағы толығымен амортизацияланған негізгі құралдардың бастапқы құны тиісінше 337,592 млн. теңгені және 317,460 млн. теңгені құрайды.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

7. ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН ЖӘНЕ БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАРҒА ИНВЕСТИ

Қауымдастырылған кәсіпорынның атауы	**Негізгі қызметі**
«Еуразиялық теміржол бірлестігі - Бірлескен транспорттық-логистикалық компаниясы» АҚ («ЕТБ БТЛК» АҚ)	Ішкі және халықаралық қатынаста жүктерді тасымалдау бойынша транспорттық-экспедиторлық қызмет көрсетуді ұйымдастыру
«Трансгелеком» АҚ	Телекоммуникациялық қызметтер
Халықаралық қытайлық-қазақстандық логистикалық компаниясы, Ляньюнган қ.	Халықаралық мультимодальды тасымалдаулар
Басқалары	
Қауымдастырылған кәсіпорындарға инвестициялар жиыны	
Бірлескен кәсіпорындар	
«KIF Warehouses (КИФ Веэрхаусис)» ЖШС	Қойма операциялары және қосалқы көлік операциялары
Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар жиыны	

ЦИЯЛАР

Негізгі қызмет жүзеге асырылатын ел/ тіркелген елі	2021 ж. 31 желтоқсан		2020 ж. 31 желтоқсан	
	Баланстық құны	Иелену үлесі	Баланстық құны	Иелену үлесі
Ресей Федерациясы	12,312	33.33%	8,874	33.33%
ҚР	11,239	25%	9,945	25%
ҚХР	3,242	49%	2,399	49%
	-	40-47%	-	40-47%
	26,793		**21,218**	
ҚР	895	50%	-	-
	895		**-**	

Қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялардағы қозғалыстар төмендегідей берілген:

	2021 ж.	2020 ж.
Қауымдастырылған ұйымдар		
1 қаңтарға	21,218	16,164
Шетел валютасын қайта есептеу	1,144	1,299
Жарғылық капиталға жарналар	-	4,120
Пайдадағы үлес	10,893	10,860
Құнсыздану	-	(16,215)
Берілген кепілдіктердің әділ құны	-	268
Алынатын дивидендтер	(6,462)	(4,364)
«Транстелеком» АҚ еншілес ұйымын бақылауды жоғалтқан кезде қалған үлестің әділ құны	-	9,086
31 желтоқсанға	**26,793**	**21,218**
Бірлескен ұйымдар		
1 қаңтарға	-	17,389
Сатып алу	962	-
(Шығындағы)/пайдадағы үлес	(67)	251
Бірлескен бақылауды жоғалтқан және бақылауды алған күнге Logistic System Management B.V.-ге инвестициялардың баланстық құны (29 Ескерту)	-	(14,670)
Алынатын дивидендтер	-	(2,970)
31 желтоқсанға	**895**	**-**

2021 ж. наурызда Топ «KTZ Express» АҚ тұлғасында үшінші тараптан «KIF Warehouses (КИФ Веэрхаусис)» ЖШС қатысудың 50% үлесін сатып алу туралы шарт жасасты. Мәміле сомасы 11,908,897 АҚШ долларын (5,162 млн. теңгені) құрады, соның ішінде Топ шартқа сәйкес ұстап қалған қамсыздандырма. Мәміле талаптарының бірі – бұрын «KTZ Express» АҚ мен «KIF Warehouses (КИФ Веэрхаусис)» ЖШС арасында жасалған қойма кешенін жалдау туралы Алдын ала шартын бұзу болды, ол шарт бойынша экономикалық тиімділіктің жылыстауы ықтималдығының жоғары болуына байланысты бұрын 4,200 млн. теңге мөлшерінде резерв есептелген. Топ мәмілені 2021 ж. маусымында аяқтады. Сатып алу күніне таза активтердегі үлес 962 млн. теңгені құрады. Топ таза активтердің әділ құны мен берілген сыйақы арасындағы айырманы Алдын ала жалдау шарты бойынша бұрын есептелген міндеттемені өтеу ретінде есепке алды. Сатып алу нәтижесінде Топ бірлескен бақылауға ие болып, «KIF Warehouses (КИФ Веэрхаусис)» ЖШС-қа инвестицияларды бірлескен кәсіпорынға инвестиция ретінде жіктеді.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

31 желтоқсандағы жағдай бойынша және сол күнге аяқталатын жылдар жиынтық ақпарат:

	2021 ж.			
	Халықаралық Қытай-қазақстандық логистикалық компания Ляньюнган қ.	«Ақтау Теңіз Солтүстік Терминалы» ЖШС	«Транстелеком» АҚ	«Еуразиялық теміржол бірлестігі - Бірлескен транспорттық-логистикалық компаниясы» АҚ
Қысқа мерзімді активтер	5,060	873	42,524	47,302
Ұзақ мерзімді активтер	25,152	38,399	156,379	48,348
Активтер жиыны	**30,212**	**39,272**	**198,903**	**95,650**
Қысқа мерзімді міндеттемелер	1,058	15,625	52,501	25,338
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	357	43,068	110,340	33,375
Міндеттемелер жиыны	**1,415**	**58,693**	**162,841**	**58,713**
Таза активтер/ (міндеттемелер) жиыны	**28,797**	**(19,421)**	**36,062**	**36,937**
Иелену үлесі	49%	40%	25%	33.33%
Топқа тиесілі таза активтер/(міндеттемелер)	14,111	(7,768)	9,016	12,312
Жинақталған құнсыздану	(10,869)	-	-	-
Құнсыздану есебімен Топқа тиесілі таза активтер/(міндеттемелер)	3,242	(7,768)	9,016	12,312
Жинақталған танылмаған шығын	-	(7,768)	-	-
Инвестициялардың баланстық құнын кәсіпорынның таза активтерінің өзгеруіне түзету (басқа акционерден жеңілдікпен алынған несиені әділ құнына дейін түзету)	-	-	2,223	-
Инвестицияның баланстық құны	**3,242**	**-**	**11,239**	**12,312**
Кірістер	3,705	3,642	83,947	375,449
Пайда/(шығын) және жыл іші жиынтық кіріс/(шығын) жиыны	183	(831)	5,176	28,528
Пайдадағы Топтың танылған үлесі	**90**	**-**	**1,294**	**9,509**

р іші елеулі қауымдастырылған кәсіпорындарға қатысты жалпы қаржылық

2020 ж.					
Халықаралық Қытай-казақстандық логистикалық компания Ляньюнган қ.	«Ақтау Теңіз Солтүстік Терминалы» ЖШС	«Транстелеком» АҚ	«Еуразиялық теміржол бірлестігі - Бірлескен транспорттық-логистикалық компаниясы» АҚ	«Ақтөбе рельс арқалық зауыты» ЖШС	«Continental Logistics» ЖШС
3,499	490	38,946	39,100	-	-
24,365	40,114	137,794	32,562	-	-
27,864	**40,604**	**176,740**	**71,662**	**-**	**-**
574	9,996	44,599	22,945	-	-
212	49,199	101,254	22,095	-	-
786	**59,195**	**145,853**	**45,040**	**-**	**-**
27,078	**(18,591)**	**30,887**	**26,622**	**-**	**-**
49%	40%	25%	33.33%	-	-
13,268	(7,436)	7,722	8,874	-	-
(10,869)	-	-	-	-	-
2,399	(7,436)	7,722	8,874	-	-
-	(7,436)	-	-	-	-
-	-	2,223	-	-	-
2,399	**-**	**9,945**	**8,874**	**-**	**-**
3,631	2,343	65,175	285,367	29,481	1,355
2,086	(6,340)	2,364	24,062	(11,154)	10,361
1,022	**-**	**591**	**8,021**	**-**	**1,226**

8. БАСҚА ДА ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР

	2021 ж. 31 желтоқсан	2020 ж. 31 желтоқсан
Негізгі құралдар үшін төленген аванстар	104,054	104,341
Өтелетін ҚҚС	43,797	33,367
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	8,629	8,733
Басқалары	1,027	249
Шегеру: өтелмейтін ҚҚС бойынша резерв	(10,380)	(19,169)
Шегеру: негізгі құралдар үшін жеткізушілерге аванстар бойынша резерв	(4,362)	(4,630)
Басқа да қаржылық емес активтер жиыны	**142,765**	**122,891**
Пайдаланылуы шектеулі ақша қаражаты	13,737	11,512
Берілген несиелер	6,146	-
Қызметкерлерге несиелер	2,178	3,203
Қазақстандық екінші деңгейдегі банктердің және өзге де кредиттік институттардың облигациялары және өзге де борыштық бағалы қағаздар	1,262	1,158
Ұзақ мерзімді сауда дебиторлық берешек (11 Ескерту)	47	54
Басқалары	1,663	1,124
Шегеру: берілген несиелер бойынша күтілетін кредиттік шығындар бойынша резерв	(2,349)	-
Шегеру: басқа да ұзақ мерзімді қаржылық активтер бойынша күтілетін кредиттік шығындарға резерв	(877)	(579)
Басқа да қаржылық активтер жиыны	**21,807**	**16,472**
	164,572	**139,363**

2021 ж. ішінде вагондар мен дөңгелек жұптарын «Вагонсервис» АҚ еншілес ұйымының жарғылық капиталына беру нәтижесінде Топ «Жолаушылар тасымалы» АҚ еншілес компаниясы тұлғасында бұрын құнсыздануға арналған резерв есебінен 9,101 млн. теңге жалпы сомаға есепке жатқызылмайтын өтеуге ҚҚС шығынға жазды.

2021 ж. қаңтарда Топ «Востокмашзавод» АҚ-ға берілген несиені осы еншілес ұйымның есептен шығарылуына байланысты таныды (13 Ескерту). Шарт талаптарына сәйкес, 14% мөлшерінде сыйақы есептеу 2024 ж. 1 қаңтардан бастап жүзеге асырылады. Негізгі борыш пен сыйақы 2025 ж. қазанда толық өтелгенге дейін тиісінше 2024 ж. қаңтардан және сәуірден бастап тоқсан сайынғы төлемдермен алынуы тиіс.

Қолданылуы шектелген ақша қаражаты, негізінен, Франция HSBC-ден алынған несиелер бойынша қамтамасыз ету ретінде кепілге салынған еуродағы сомаларды білдіреді. Ақша қаражатын пайдалануға қойылған шектеу осы несиелерді өтегеннен кейін алынады.

31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі құралдар үшін төленген аванстар мыналарды қамтыды:

	2021 ж. 31 желтоқсан	2020 ж. 31 желтоқсан
Локомотивтерді жеткізу	68,036	64,654
Рельстерді сатып алу	21,356	9,501
Тепловоздарды жеткізу	4,996	15,891
Жүк вагондарын жеткізу	3,000	3,100
Құрық портында паром кешенін салу	2,244	7,261
Басқалары	4,422	3,934
	104,054	**104,341**

9. АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

	2021 ж. 31 желтоқсан	2020 ж. 31 желтоқсан
Қысқа мерзімді банктік салымдар, теңгеде	128,371	116,993
Қысқа мерзімді банктік салымдар, ресей рублінде	597	900
Банктерде ағымдағы шоттардағы ақша, теңгеде	30,653	18,977
Банктерде ағымдағы шоттардағы ақша, АҚШ долларында	13,098	10,258
Банктерде ағымдағы шоттардағы ақша, ресей рублінде	2,482	2,013
Банктерде ағымдағы шоттардағы ақша, еурода	1,667	5,469
Банктерде ағымдағы шоттардағы ақша, басқа валюталарда	1,158	813
Кассадағы қолма-қол ақша	5	6
Шегеру: ақша қаражаты мен оның баламалары бойынша күтілетін кредиттік шығындарға резерв	(31)	(22)
	178,000	**155,407**

2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты бойынша орташа өлшемді пайыздық мөлшерлеме теңгемен 1.75% және басқа валюталарда 1.92% құрады (2020 ж. 31 желтоқсан: теңгемен 0.19% және басқа валюталарда 0.93%).

Теңгедегі және валютадағы қысқа мерзімді банктік депозиттер Топтың ақша қаражатына қажеттілігіне байланысты үш айға және одан аз мерзімге әртүрлі мерзімге орналастырылады. 2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қысқа мерзімді банктік салымдар бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме теңгеде 9.18% және басқа валютада 8%- ды құрады (2020 ж. 31 желтоқсан: тиісінше 8.48% және 3%).

Топ ақша қаражаты мен оның баламаларының көп бөлігін банктерде және «А+»-дан «В»-ға дейінгі рейтингісі бар басқа да қаржы институттарында орналастырады. Осының негізінде Топ 2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражаты мен олардың баламаларының кредиттік тәуекелі төмен деп санайды.

Ақша қаражаты мен оның баламалары бойынша күтілетін кредиттік шығындарға арналған резерв 12 айлық күтілетін кредиттік шығындар негізінде есептелген, бұл олардың өтеу мерзіміне сәйкес келеді.

10. ТАУАР-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР

	2021 ж. 31 желтоқсан	2020 ж. 31 желтоқсан
Жолдың үстіңгі құрылысы материалдары	11,050	7,801
Шикізат пен материалдар	10,995	11,449
Отын және жанар-жағармай материалдары	9,401	6,718
Қосалқы бөлшектер	7,129	7,329
Құрылыс материалдары	1,278	1,509
Аяқталмаған өндіріс	117	198
Басқалары	3,463	2,572
	43,433	**37,576**
Шегеру: тауар-материалдық қорлар бойынша резерв	(1,032)	(457)
	42,401	**37,119**

11. САУДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

	2021 ж. 31 желтоқсан	2020 ж. 31 желтоқсан
Сауда дебиторлық берешек	28,541	12,460
Шегеру: күтілетін кредиттік шығындар бойынша резерв	(5,246)	(1,089)
	23,295	**11,371**
Сауда дебиторлық берешектің ағымдағы бөлігі	23,248	11,317
Сауда дебиторлық берешектің ұзақ мерзімді бөлігі (8 Ескерту)	47	54
	23,295	**11,371**

2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сатып алушылармен жасалған шарттар салдарынан туындаған сауда дебиторлық берешек 26,031 млн. теңгені (2020 ж. 31 желтоқсан: 11,668 млн. теңге) құрады, осындай сауда дебиторлық берешек бойынша күтілетін кредиттік шығындар 3,060 млн. теңгені (2020 ж. 31 желтоқсан: 835 млн. теңге) құрады.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

12. БАСҚА ДА АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР

	2021 ж. 31 желтоқсан	2020 ж. 31 желтоқсан
Басқа да салықтар бойынша алдын ала төлем	41,874	42,157
Берілген аванстар	6,777	6,498
Болашақ кезеңнің шығыстары	1,223	1,107
Басқалары	4,598	4,229
Шегеру: берілген аванстардың құнсыздануына және басқа да ағымдағы қаржылық емес активтер бойынша резерв	(6,034)	(5,570)
Басқа да қаржылық емес активтер жиыны	**48,438**	**48,421**
Талап-тілектер, өсімпұлдар және айыппұлдар	1,721	2,235
Қызметкерлердің берешегі	1,664	1,750
Басқалары	2,973	2,631
Шегеру: басқа да ағымдағы қаржылық активтер бойынша күтілетін кредиттік шығындар бойынша резерв	(2,116)	(1,110)
Басқа да қаржылық активтер жиыны	**4,242**	**5,506**
	52,680	**53,927**

13. ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР, ЕСЕПТЕН ШЫҒАРЫЛАТЫН ТОПТЫҢ САТУҒА АРНАЛҒАН ДЕП ЖІКТЕЛГЕН АКТИВТЕРІ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

«Востокмашзавод» АҚ

2020 ж. 30 желтоқсанында еншілес ұйым «Қамқор» Жөндеу корпорациясы» ЖШС тұлғасында Топ үшінші тараппен «Востокмашзавод» АҚ акцияларын өткізу жөніндегі сату-сатып алу шартын жасасты. Топ 2020 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Востокмашзавод» АҚ активтері мен міндеттемелерін сатуға арналған шығыстарды шегергендегі баланстық және әділ құнының неғұрлым азы бойынша сатуға арналған активтер құрамында жіктеді.
2021 ж. 8 қаңтарда Топ акцияларды сату бойынша мәмілені аяқтады, нәтижесінде осы еншілес ұйымды бақылауды жоғалтты.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

«Востокмашзавод» АҚ есептен шығу күніне және 2020 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша оның жеке есептілігіндегі активтері мен міндеттемелері төмендегідей көрсетілген:

	2021 ж. 8 қаңтар	2020 ж. 31 желтоқсан
Активтер		
Негізгі құралдар	5,466	5,466
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	35	35
Тауар-материалдық қорлар	664	664
Сауда дебиторлық берешек	28	28
Басқа да ағымдағы активтер	463	463
Активтер жиыны	**6,656**	**6,656**
Міндеттемелер		
Несиелер	5,529	-
Сауда кредиторлық берешек	1,915	1,409
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	1,031	1,031
Басқа да салықтар	536	536
Сатып алушылармен жасалған міндеттемелер	347	131
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер	34	34
Басқа да міндеттемелер	588	368
Міндеттемелер жиыны	**9,980**	**3,509**
Есептен шыққан таза міндеттемелер	**(3,324)**	**-**

Еншілес ұйымның есептен шығу нәтижесі төмендегідей көрсетілген:

	2021 ж.
Бұрын алынған аванс	100
Есептен шыққан таза міндеттемелер	3,324
Бақыламайтын акционерлердің есептен шыққан үлестері	(849)
Бұрынғы еншілес кәсіпорынның алынатын несиелері мен дебиторлық берешегін әділ құнына дейін түзету	(2,575)
«Востокмашзавод» АҚ есептен шығуының нәтижесі	**-**

Есептен шыққан күнгі жағдай бойынша «Востокмашзавод» АҚ Топ алдында баланстық құны тиісінше 5,529 млн. теңге және 938 млн. теңге несиелер бойынша берешегі және сауда дебиторлық берешегі болған. «Востокмашзавод» АҚ үлесін сатып алу жөніндегі мәміле аясында сатып алушы осы берешекті өтеуге кепілдік берді. Осыған байланысты есептен шығару нәтижесінде Топ жоғарыда көрсетілген салыстырып тексеруде әділ құнға дейін түзетуді көрсетіп, тиісінше 3,251 млн. теңге және 641 млн. теңге мөлшерінде алынатын несиелерді (8 Ескерту) және дебиторлық берешекті олардың әділ құны бойынша таныды. Нәтижесінде 2021 ж. еншілес кәсіпорынның есептен шығуы Топтың қаржылық нәтижесіне әсер еткен жоқ.

14. КАПИТАЛ

2021 және 2020 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жарғылық капитал мына түрде көрсетілген:

	Шығаруға рұқсат етілген шығарылған акциялардың саны	Шығарылған және төленген акциялардың саны	Жарғылық капитал, млн. теңге
2020 ж. 1 қаңтарға	502,040,458	496,654,806	1,082,299
2020 ж. 31 желтоқсанға	**502,040,458**	**496,654,806**	**1,082,299**
Орналастырылған акциялар	-	37,859	3,786
2021 ж. 31 желтоқсанға	**502,040,458**	**496,692,665**	**1,086,085**

Компанияның жарғылық капиталы ақша қаражатына, негізгі құралдар нысандарына немесе акциялар үлесіне айырбастап, акциялар шығарылымдарының сериялары арқылы қалыптастырылған. Акционер дивидендтер алуға құқылы, Компанияны таратқан жағдайда Компания мүлігінің бөлігіне құқылы және Компанияның акцияларына айырбасталған Компанияның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын сатып алу артықшылығына құқылы.

Салымдар

Акцияларды шығару

2021 ж. ішінде Топ 37,859 акция шығарды, оларды Акционер 3,786 млн. теңге сомаға материалдық емес активтермен төледі.

Басқа да салымдар

2021 ж. ішінде Топ нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлемемен алынған несиеледі 1,571 млн. теңге (2020 ж.: 4,172 млн. теңге) сомаға кейінге қалдырылған салық әсерін шегергенде 7,857 млн. теңге (2020 ж.: 20,858 млн. теңге) сомаға әділ құнына дейін түзетуді таныды (18 Ескерту).

Хеджирлеу резерві

2015 ж. 7 тамызда Топ Швейцария франкінде көрсетілген қызметтер көрсетуден түскен түсімнің теңгемен баламасының өзгеру тәуекелін азайту үшін ақша ағындарын хеджирлеуді жүзеге асырды. Швейцария қор биржасында 2014 ж. 20 маусымда шығарылған және 20 маусымда 2022 жж. өтеуге жататын негізгі борыш мөлшеріндегі еурооблигациялар хеджирлеу құралы болып табылады, ол жеке сәйкестендіріледі және сенімді бағалауға беріледі. Осы хеджирлеуге қатысты хеджирлеу объектісі швейцариялық франкпен транзиттік тасымалдардан түсетін ықтималдығы жоғары түсім, атап айтқанда 2022 ж. 1 қаңтардан бастап 20 маусымға дейінгі кезеңде алынған алғашқы сату болып табылады.

2021 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде 823 млн. теңге мөлшеріндегі тиімді бөлік хеджирлеу құралы бойынша таза пайда түрінде өзге жиынтық кірістегі хеджирлеу резервіне жатқызылды (2020 ж.: 15,220 млн. теңге таза шығын түрінде).

Басқа да бөлулер

2020 ж. наурызда еншілес ұйым «KTZ Express» АҚ тұлғасында Топ соңғы Акционердің тапсырмасына сәйкес еншілес ұйым «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА БК» АҚ 100% акцияларын Алматы облысының әкімдігіне өтеусіз берді және 24,809 млн. теңге сомаға есептен шығарылған таза активтерді өзге де бөлулер құрамында көрсетті.

2018 ж. желтоқсанында ҚР-сының Үкіметі мен жалғыз Акционер Топқа Түркістан қаласындағы оқушылар Сарайының құрылысының қаржыландырылуын қамтамасыз етуді тапсырды. Соның салдарынан Топ Түркістан қаласындағы оқушылар Сарайының құрылысын қаржыландыру бойынша күші жойылмайтын міндеттеме қабылдады және нәтижесінде Акционерге 5,300 млн. теңге мөлшерінде құрылысқа жұмсалған бағаланған шығындар мөлшерінде бөлуді мойындады. 2020 ж. маусымында Түркістан қаласындағы оқушылар Сарайының құрылысы құнының ұлғаюына байланысты Топ қосымша 5 млн. теңге сомаға міндеттемені қосымша таныды.

Еншілес ұйымдардың есептен шығуы

2021 ж. қаңтарда «Востокмашзавод» АҚ еншілес компанияны бақылауды жоғалту нәтижесінде Топ 849 млн. теңге сомаға бақыламайтын қатысу үлесінің есептен шығуын таныды.

2020 ж. қаңтарда еншілес ұйым «Транстелеком» АҚ бақылауды жоғалту нәтижесінде Топ 14,040 млн. теңге сомасына бақыламайтын қатысу үлесінің есептен шығуын таныды.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

15. НЕСИЕЛЕР

Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын есептелген пайыздарды қоса алғанда, несиелер:

	2021 ж. 31 желтоқсан		2020 ж. 31 желтоқсан	
	Сомасы	Орташа өлшемді тиімді пайыз мөлшерлемесі (%)	Сомасы	Орташа өлшемді тиімді пайыз мөлшерлемесі (%)
Пайыздық мөлшерлемесі тұрақты несиелер				
Алынған несиелер	240,890		244,623	
- теңгеде	*164,644*	*7.51*	*182,047*	*7.84*
- АҚШ долларында	*-*	*-*	*461*	*2.88*
- еурода	*76,246*	*6.57*	*62,115*	*6.57*
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	1,158,930		1,147,976	
- теңгеде	*468,570*	*10.81*	*467,713*	*10.81*
- АҚШ долларында	*396,207*	*6.95*	*386,652*	*6.95*
- Швейцария франкінде	*207,321*	*3.42*	*209,047*	*3.42*
- басқа валютада	*86,832*	*8.75*	*84,564*	*8.75*
Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы несиелер				
Алынған қнесиелер	124,017		124,817	
- теңгеде	*13,066*	*12.39*	*16,459*	*10.43*
- Ресей рублінде	*110,951*	*11.00*	*108,358*	*7.49*
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	53,375		52,763	
- теңгеде	*53,375*	*9.92*	*52,763*	*8.12*
	1,577,212		**1,570,179**	
Несиелердің ағымдағы бөлігі	215,809		171,664	
Несиелердің ұзақ мерзімді бөлігі	1,361,403		1,398,515	
	1,577,212		**1,570,179**	

Борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, дисконтты негіздегі келесі несиелердің өтелу мерзімі төмендегідей:

	2021 ж. 31 желтоқсан	2020 ж. 31 желтоқсан
1 жыл ішінде	23,743	153,980
1 жылдан 2 жылға дейін	8,269	7,272
2 жылдан 3 жылға дейін	148,969	8,014
3 жылдан 4 жылға дейін	9,627	38,367
4 жылдан 5 жылға дейін	11,390	9,472
5 жылдан астам	162,909	152,335
	364,907	**369,440**

Алынған несиелер

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ

2021 ж. қаңтарда Топ 2015 ж. 26 ақпанда жасалған «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-мен кредиттік желі беру туралы Келісім шеңберінде Топ Компания тұлғасында 25,000 млн. теңге сомаға несиені мерзімінен бұрын өтеді.

«HSBC Франция»

2021 ж. ішінде еншілес ұйым «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС тұлғасында Топ «COFACE» экспорттық-кредиттік агенттік кепілдігімен «HSBC Bank Plc» және «HSBC Қазақстан» ЕБ» АҚ бірлесіп «HSBC Франция» банкімен 2012 ж. 31 мамырда жасалған, 880,877,000 еуро жалпы сомаға жүк және жолаушылар электровоздарын сатып алуды қаржыландыру туралы Бас негіздемелік келісім және оған қосымша келісімдер шеңберінде 64,063,394 еуро (31,790 млн. теңге) (COFACE сыйлықақысын қоса алғанда) жалпы сомаға қарыз қаражатын игерді. Несие бойынша пайыздар әрбір траншы игеру күніне белгіленетін EUR CIRR + маржа 0.4% пайыздық мөлшерлемесі бойынша жарты жылдық төлемдермен өтеледі. Негізгі борыш 2031 ж. толық өтелгенге дейін жарты жылдық төлемдермен өтелуі тиіс.

«Банк ВТБ» ЖАҚ

2021 ж. желтоқсанда Компания «Московский кредитный банк» ЖАҚ несиеін өтеу мақсатымен «Банк ВТБ» ЖАҚ-мен кредиттік шарт аясында 19,400,000,000 ресей рублі (112,714 млн. теңге) мөлшеріндегі қарыз қаражатын игерді. Несие бойынша пайыздар «Ресей Федерациясының негізгі мөлшерлемесі + 2.75%» пайыздық мөлшерлемесі бойынша тоқсан сайынғы төлемдермен өтеледі. Негізгі борыш 2024 ж. желтоқсанда біржолғы төлеммен өтелуі тиіс (32 Ескерту).

«Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ

2021 ж. ішінде Топ еншілес ұйымдар «Жолаушылар тасымалы» және «Тұлпар» вагон жасау зауыты» ЖШС тұлғасында жолаушы вагондар паркін жаңарту үшін соңғы Акционердің ортақ бақылауындағы «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-мен сату-сатып алу және қаржылық лизинг туралы 13,125 млн. теңге жалпы сомаға үш жақты шарттарды жасасты. Пайыздар 1.5% пайыздық мөлшерлеме бойынша жылдық төлемдермен өтеледі. Негізгі борыш 2041 ж. толық өтелгенге дейін жылдық төлемдермен өтелуі тиіс. Негізгі борышты төлеу бойынша жеңілдікті кезең 6 жылды құрайды.

4 Ескертуде көрсетілгендей, осындай түрдегі шарттар бойынша қаржы міндеттемелерін Топ несиелер ретінде есепке алады.

Несиелер нарықтық мөлшерлемелерден төмен пайыздық мөлшерлемелермен ұсынылған, және алынған несиелердің әділ құны 10.78% нарықтық пайыздық мөлшерлемелерге сүйене отырып есептелді. Топ өзге салымдар сияқты бөлінбеген пайда құрамындағы капитал арқылы 1,571 млн. теңге сомасына кейінге қалдырылған салық әсерін шегере отырып, 7,857 млн. теңге мөлшеріндегі несиенің әділ құнына дейінгі түзетуді таныды (14 Ескерту).

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Шығарылған борыштық бағалы қағаздар

31 желтоқсандағы жағдай бойынша шығарылған борыштық бағалы қағаздар мынаны қамтыды:

	Өтеу күні	Биржалар	2021 ж.	2020 ж.
Бағасы бойынша орналастырылған борыштық бағалы қағаздар				
АҚШ долларындағы 6.95%-дық еурооблигациялар (105.521%)[4]	2042 ж. 10 шілде	LSE/KASE	396,207	386,652
Теңгедегі 11.5%-дық облигациялар (100%)	2034 ж. 3 қазан	KASE	308,433	308,433
Швейцария франкіндегі 3.638%-дық еурооблигациялар (100%)	2022 ж. 20 маусым	SIX Swiss Exchange	89,208	90,036
Ресей рубліндегі 8.75%-дық еурооблигациялар (100%)	2022 ж. 7 маусым	MOEX	86,832	84,563
Швейцария франкіндегі 3.25%-дық еурооблигациялар (100%)	2023 ж. 5 желтоқсан	SIX Swiss Exchange	79,713	80,016
Теңгедегі 9.25%-дық облигациялар (100%)	2024 ж. 15 қараша	KASE	76,831	76,831
Теңгедегі инфляция мөлшерлемесі +2.52% (9.92%) облигациялар (100%)	2026 ж. 25 сәуір	KASE	53,376	52,763
Теңгедегі 11.5%-дық облигациялар (100%)	2034 ж. 12 қыркүйек	KASE	41,380	41,380
Швейцария франкіндегі 3.25%-дық еурооблигациялар (104.238%)	2023 ж. 5 желтоқсан	SIX Swiss Exchange	38,400	38,996
Теңгедегі 11%-дық облигациялар (100%)	2027 ж. 23 шілде	KASE	26,184	26,184
Теңгедегі 2%-дық облигациялар (100%)	2034 ж. 20 тамыз	KASE	15,741	14,885
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар жиыны			**1,212,305**	**1,200,739**
Шығарылған борыштық бағалы қағаздардың ағымдағы бөлігі			192,066	17,684
Шығарылған борыштық бағалы қағаздардың ұзақ мерзімді бөлігі			1,020,239	1,183,055
			1,212,305	**1,200,739**

Несиелердің әділ құны 31 Ескертуде ұсынылған.

Кредиттік келісімдер және оларды бұзу

Шығарылған борыштық бағалы қағаздармен байланысты талаптар бизнесті өзгертумен және мүлікті иеліктен алумен; басқа да заңды тұлғалармен қосылу және қауымдасумен байланысты талаптардан тұрады, алайда осы талаптармен шектелмейді. Борыштық бағалы қағаздар шығару шарттарында белгіленген дефолт оқиғасы болған жағдайда инвесторлар шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша берешекті өтеуді талап етуге құқылы.

Топ несиелер ретінде есепке алатын «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-мен қаржылық лизинг шарттары шеңберінде Топ кейбір қаржылық емес талаптарды сақтауға міндетті, олар 2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша орындалған.

[4] Жақша ішіндегі пайыз номиналдан облигацияларды/еурооблигацияларды орналастыру құнын білдіреді (сыйақымен / дисконтпен немесе номиналы бойынша)

Еуропа жаңғыру және даму банкісінен алынған несиелердің талаптары Adjusted (түзетілген) EBITDA түзетілген борыш, капиталға түзетілген борыш және пайыздарды өтеу коэффициенті (Adjusted (түзетілген) EBITDA негізделген) сияқты белгілі бір қаржылық коэффициенттерді (ковенанттарды) сақтауды көздейді. 2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл талаптар орындалған.

Қаржылық және қаржылық емес талаптарға қатысты «Франция HSBC»-мен уағдаластықтар шеңберінде Топ келесі талапты сақтауы қажет: Компанияда BB-дан төмен емес деңгейде үш корпоративтік рейтингтің (S&P, Fitch, Moody's) кез келген екеуінің болуы.
2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл талап орындалды.

«Сбербанк» АҚ ЕБ Кредиттік келісім шеңберінде «Кедентранссервис» АҚ еншілес ұйымының деректері негізінде тоқсан сайын есептелетін EBITDA-ға борыш және пайыздарды өтеу коэффициенті сияқты белгілі бір қаржылық коэффициенттерді (ковенанттарды) сақтау көзделген. 2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл талаптар орындалды.

«Банк ВТБ» ЖАҚ-мен Кредиттік келісім шеңберінде 2021 ж. 31 желтоқсаннан бастап және одан әрі тоқсандық негізде Топтың шоғырландырылған деректері негізінде есептелетін EBITDA-ға Таза борыш, Пайыздарды өтеу коэффициенті және Өтеу коэффициенті (ол (a) борышкерлердің жалпы EBITDA-ның Топтың EBITDA-ға қатынасын; (b) Борышкерлердің жалпы түсімінің Топтың түсіміне қатынасын; (c) Борышкерлер активтерінің жалпы баланстық құнының Топ активтерінің баланстық құнына қатынасын қамтиды) сияқты белгілі бір қаржылық коэффициенттерді сақтау көзделген. 2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл талаптар орындалған. Сонымен қатар, 2021 ж. 30 желтоқсанында Компания «Банк ВТБ» ЖАҚ-дан егер Топтың кез келген қатысушысы активтерінің құны оның міндеттемелерінен аз болса (шартты және перспективті міндеттемелерді ескере отырып), кросс-дефолтқа және дәрменсіздікке қатысты Кредиттік келісім талаптарын сақтамауды бұзушылық деп санау құқығынан бас тарту туралы келісім-хат (вейвер) алды.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Қаржылық қызметтен ақша ағындары мен міндеттемелердің өзгеруін салы

	2021 ж.	
	Несиелер мен шығарылған борыштық бағалы қағаздар	**Жалдау бойынша міндеттемелер (16 Ескерту)**
1 қаңтарға	**1,570,179**	**50,186**
Қаржылық қызметтен ақша ағындарына байланысты өзгерістер		
Несиелер бойынша негізгі борышты төлеу	(156,007)	-
Алынған несиелер бойынша түсімдер	125,839	-
Жалдау міндеттемелері бойынша төлемдер	-	(12,274)
Қаржылық қызметтен ақша ағындарына байланысты өзгерістер жиыны	**(30,168)**	**(12,274)**
Басқа да өзгерістер		
Шетел валютасы айырбас бағамдары өзгеруінің әсері	10,528	(103)
Ақша ағындарын хеджирлеу	(823)	-
Несиелер есебінен негізгі құралдарды сатып алу	27,705	-
Жаңа жалдау шарттары	-	21,411
Еншілес ұйымды сатып алу	-	-
Нарықтық бағадан төмен мөлшерлемелер бойынша Акционерден/соңғы Акционерден алынған несиелердің әділ құнына дейін түзету (14 Ескерту)	(7,857)	-
Капиталдандырылатындарды қоса алғанда, пайыздар бойынша шығындар және дисконт амортизациясы	123,093	7,414
Төленген пайыздар	(113,757)	(7,056)
Басқа да өзгерістер	(1,688)	220
Міндеттемелерге байланысты басқа да өзгерістер жиыны	**37,201**	**21,886**
31 желтоқсанға	**1,577,212**	**59,798**

ıстыру

	2020 ж.		
Жиыны	Несиелер мен шығарылған борыштық бағалы қағаздар	Жалдау бойынша міндеттемелер (16 Ескерту)	Жиыны
1,620,365	**1,486,106**	**26,563**	**1,512,669**
(156,007)	(153,289)	-	(153,289)
125,839	176,422	-	176,422
(12,274)	-	(10,786)	(10,786)
(42,442)	**23,133**	**(10,786)**	**12,347**
10,425	59,558	(339)	59,219
(823)	15,252	-	15,252
27,705	5,729	-	5,729
21,411	-	45,418	45,418
-	-	1,037	1,037
(7,857)	(20,858)	-	(20,858)
130,507	122,288	6,879	129,167
(120,813)	(114,321)	(6,325)	(120,646)
(1,468)	(6,708)	(12,261)	(18,969)
59,087	**60,940**	**34,409**	**95,349**
1,637,010	**1,570,179**	**50,186**	**1,620,365**

16. ЖАЛДАУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың жалдау бойынша міндеттемелері келесідей:

	2021 ж.		2020 ж.	
	Жалдау төлемдері	Жалдау төлемдерінің ағымдағы құны	Жалдау төлемдері	Жалдау төлемдерінің ағымдағы құны
Бір жыл ішінде	27,269	25,355	20,671	19,499
Екі жылдан бес жылды қоса алғанға дейін	36,592	22,857	39,386	28,255
Бес жылдан астам	55,996	11,586	12,911	2,432
Жиыны	**119,857**	**59,798**	**72,968**	**50,186**
Болашақ қаржылық шығындарды шегергенде	(60,059)	-	(22,782)	-
Жалдау міндеттемелерінің ағымдағы құны	**59,798**	**59,798**	**50,186**	**50,186**
12 ай ішінде өтелуі тиіс міндеттемелер сомасын шегергенде		(25,355)		(19,499)
12 айдан кейін төленуге тиісті сома		**34,443**		**30,687**

«Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-мен жалдау шарттары

Ашық вагондар

2020 ж. қарашада Топ «Қазтеміртранс» АҚ еншілес ұйымы тұлғасында жалпы құны 23,330 млн. теңге және пайыздық мөлшерлемесі жылдық 15%, оның ішінде жылдық 10% мемлекет субсидиялайтын, 1,000 бірлік мөлшерінде ашық вагондарды жалдау шартын жасасты. Негізгі борышты төлеу бойынша жеңілдікті кезең 2 жылдық құрайды. Топ жалға алушы ретінде әрекет етеді.

2021 ж. ішінде осы шарт аясында Топ 1,000 бірлік мөлшерінде ашық вагондарды алды және 20 жыл мерзімге 20,467 млн. теңге мөлшерінде пайдалану құқығы нысанындағы активтерді және 15 жыл мерзімге 11,369 млн. теңге мөлшерінде жалдау бойынша міндеттемені таныды.

Платформа вагондар

2020 ж. қарашада Топ «KTZ Express» АҚ еншілес ұйымы тұлғасында жалпы құны 51,692 млн. теңге және пайыздық мөлшерлемесі жылдық 15%, оның ішінде жылдық 10% мемлекет субсидиялайтын, 2,000 бірлік мөлшерінде платформа вагондарды жалдау шартын жасасты. Негізгі борышты төлеу бойынша жеңілдікті кезең 2 жылдық құрайды. Топ жалға алушы ретінде әрекет етеді.

2021 ж. ішінде осы шарт аясында Топ 957 бірлік мөлшерінде платформа вагондарды алды және 32 жыл мерзімге 22,085 млн. теңге мөлшерінде пайдалану құқығы нысанындағы активтерді және 15 жыл мерзімге 9,920 млн. теңге мөлшерінде жалдау бойынша міндеттемені таныды.

2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайыздар сомасын есептеу 2.5% - 21.69% аралығындағы тиімді пайыздық мөлшерлемелерге негізделген (2020 ж. 31 желтоқсан: 2.5% - 19.48% аралығы).

«KTZ Express» АҚ мен «Қазтеміртранс» АҚ еншілес ұйымдары тұлғасындағы Топтың «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-мен жалдау шарттарына байланысты талаптар ерікті түрде таратуды жүзеге асыру жолымен құқықтық мәртебесін өзгерту; сомасы активтердің баланстық құнының 25%-ынан асатын мәмілені немесе бірнеше мәмілені жасасу; лизинг нысаналарын немесе олардың бір бөлігін қосалқы лизингке беру бойынша шектеулерге байланысты талаптарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді. Жалдау шарттарының талаптарында айқындалған дефолт оқиғалары басталған жағдайда лизинг беруші лизинг нысаналарын даусыз сұратуды талап етуге құқылы.

АҚШ долларымен көрсетілген басқа да жабдықтарды жалдау бойынша міндеттемелерді қоспағанда, барлық жалдау міндеттемелері негізінен, теңгемен көрсетілген.

17. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ СЫЙАҚЫЛАР БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Еңбек қызметі аяқталуына байланысты төленетін сыйақылар жоспары мен қызметкерлерге басқа да ұзақ мерзімді сыйақылар

ҚР заңнамасына сәйкес зейнетақылық аударымдар қызметкерлердің міндеттемесі болып табылады және Топтың көзделген міндеттемелерден басқа, қызметкерлердің алдында олар зейнеткерлікке шыққаннан кейін төлемдер бойынша не ағымдағы, не болашақ міндеттемелері жоқ.

2019 ж. ішінде Топ келесі 5 жыл ішінде қызметкерлер санын қысқарту жөніндегі жоспарларды орындау мақсатында зейнеткерлікке ерте шығу жөніндегі ережені (бұдан әрі – 1 Ереже) бекітті. 1 Ереже заңдарда белгіленген зейнеткерлік жасқа дейін кемінде 5 жыл қалған қызметкерлерге қолданылады.

2021 ж. ішінде Топ қызметкерлер санын қысқарту жөніндегі жоспарларды орындау мақсатында Компанияның және оның еншілес ұйымдарының босатылатын қызметкерлеріне өтемақы төлеу Ережелерін (бұдан әрі – «2 Ереже») бекітті. 2 Ереже лауазымдары оңтайландырудың әсеріне ұшырайтын және тараптардың келісімі бойынша еңбек шарттары бұзылған қызметкерлерге өтемақы төлеу тәртібін айқындайды.

Қызметкерлерге еңбек қызметі аяқталғаннан кейінгі сыйақылар және өзге де ұзақ мерзімді сыйақылар 1 Ережеге, 2 Ережеге және Компания мен оның еңбек ұжымы арасында жасалған 2021-2023 жж. арналған Ұжымдық шартқа сәйкес төленеді.

Осы құжаттарға сәйкес Топ келесідей негізгі төлемдер мен жеңілдіктерді қорға айналдырылмаған жоспар шегінде жүзеге асырады:

Еңбек қызметі аяқталғаннан кейінгі сыйақылар:

- зейнетке шығу кезіндегі бір жолғы жәрдем;
- 1 Ережеге сәйкес саладағы жұмыс өтіліне байланысты еңбек шартын мерзімінен бұрын бұзу кезіндегі біржолғы төлем;
- қызметкер зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін кемінде 70 мың теңге және айына 200 мың теңгеден аспайтын мөлшерде біржолғы тәртіппен қызметкер зейнеткерлік жасқа жеткенге дейінгі барлық кезеңде немесе 1 Ережеге сәйкес ай сайынғы негізде төленетін жәрдемақы;
- 2 Ережеге сәйкес еңбек шарты бұзылған күннен бастап алты ай ішінде айына кемінде 70 мың теңге және 200 мың теңгеден аспайтын мөлшерде жәрдемақы;
- зейнеткерлерге мереке күндері материалдық көмек;
- зейнеткерлерге санаторлық-курорттық сауықтыруға жолдамалар ұсыну;
- зейнеткерлердің салттық қызметтеріне ақы төлеуге материалдық көмек;
- зейнеткерлерге мерейтойлық күндерге бір жолғы материалдық көмек;
- зейнеткерлерге тіс протездеу үшін шығыстарды өтеу;
- зейнеткерлерге теміржол көлігімен жол жүру ақысын төлеуге шығындарды өтеу.

Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер:

- қызметкерлерге санаторлық-курорттық емделуге материалдық көмек;
- қызметкерлерге тіс протездеу ақысының шығыстарын өтеу;
- мерейтойлық күндерге қызметкерлерді бір жолғы көтермелеу;
- қызметкерлерге теміржол көлігімен жол жүру ақысының шығындарын өтеу.

Бұл бағдарламалар қаржыландырылмайды. Топтың осы бағдарламаларға қатысты саясаты міндеттемелерді жабу үшін активтерді жинақтауды көздемейді, бағдарлама қызметкерлер тарапынан қосымша жарналарды талап етпейді.

	2021 ж. 31 желтоқсан	2020 ж. 31 желтоқсан
Қызметкерлерге сыйақылар жөніндегі міндеттемелердің ұзақ мерзімді бөлігі	37,083	36,669
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі	9,100	6,787
Жыл соңына міндеттемелердің жалпы сомасы	**46,183**	**43,456**

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Төменде 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші міндеттемелердің келтірілген құнының қозғалысы келесі түрде көрсетілген:

	2021 ж.	2020 ж.
Жыл басындағы міндеттемелердің жалпы сомасы	43,456	44,379
Есепті кезең қызметтерінің құны	1,335	2,026
Өткен жылдар қызметтерінің құны	619	123
Пайыздық шығыстар	4,474	4,046
Қызметкерлерге басқа да ұзақ мерзімді сыйақылар бойынша актуарлық пайда	(315)	(1,642)
Пайда мен шығындарда танылған шығыстардың жиыны	6,113	4,553
Өзге жиынтық кірісте танылған актуарлық қайта бағалау:	(345)	(2,057)
- қаржылық жорамалдардың өзгеруі	326	(484)
- тәжірибеге негізделген түзетулер	(353)	(1,475)
- демографиялық жорамалдардың өзгеруі	(318)	(98)
Жыл ішінде жасалған төлемдер	(3,041)	(3,540)
Еншілес ұйымды сатып алу	-	158
Еншілес ұйымдардың есептен шығуы	-	(37)
Жыл соңындағы міндеттемелердің жалпы сомасы	**46,183**	**43,456**

31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде пайда мен шығындарда танылған, еңбек қызметін аяқтау және қызметкерлерге басқа да ұзақ мерзімді сыйақылар жөніндегі міндеттемелер сомаларының жиыны былайша берілген:

	2021 ж.	2020 ж.
Өткізудің өзіндік құны (24 Ескерту)	5,558	4,198
Жалпы және әкімшілік шығыстар (25 Ескерту)	555	355
Жыл іші пайда мен шығында танылған жиыны	**6,113**	**4,553**

Топ міндеттемелерін есептеу Топтың қызметкерлерінің және зейнеткерлерінің саны, жасы, жынысы мен өтіл жылдары мен қызметкерлер санының өзгеруі бойынша нақты деректер, сонымен бірге өлім деңгейі бойынша жарияланып отыратын статистика деректерінің негізінде дайындалған, 1 Ережені пайдалану мүмкіндігі берілетін барлық қызметкерлер оларды ең төменгі қажетті жасқа жеткен кезде, яғни заңнамамен белгіленген зейнеткерлік жасқа дейін кемінде 5 жыл бұрын пайдаланады деп күтілуде. Зейнетке шыққаннан кейін жұмыс істейтін және зейнеткерлікке шыққан бұрынғы қызметкерлер үшін орташа өмір сүру ұзақтығы ерлер үшін 14.3 жасты және әйелдер үшін 18.4 жасты құрайды.

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепті жасау күніндегі өзге негізгі жорамалдар төменде келтірілген:

	2021 ж.	2020 ж.
Дисконт мөлшерлемесі	10.4%	10.3%
Болашақта материалдық көмектің күтілетін жылдық өсуі	4.2% (орташа)	4.2% (орташа)
Болашақта ең төмен еңбекақының күтілетін жылдық өсуі	5.3% (орташа)	4.6% (орташа)
Болашақта теміржол билеттері құнының күтілетін жылдық өсуі	5.6% (орташа)	7.1% (орташа)

Актуарий жүргізген сезімталдық талдауына сай қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелердің максималды жоғарлауы 6.5%-ды құрайды, бұл жағдай инфляция деңгейі 1%-ға жоғарласа орын алады.

Жоғарыда келтірілген сезімталдықты талдау еңбек қызметінің аяқталуы бойынша міндеттемелердің нақты өзгерістерін көрсетпеуі мүмкін, себебі жорамалдардың бір-бірінен бөлек өзгеруі екіталай (кейбір жорамалдар өзара байланысты).

Сонымен қатар, сезімталдықты талдау кезінде еңбек қызметінің аяқталуы бойынша міндеттемелердің келтірілген құны есепті күнге болжанатын шартты бірлік әдісі бойынша есептелді. Дәл осындай әдіс қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген еңбек қызметінің аяқталуы бойынша міндеттемелерді есептеу кезінде қолданылды.

Сезімталдықты талдау кезінде пайдаланылған әдістер мен жорамалдар алдыңғы жылдары пайдаланылғаннан ерекшеленбейді.

18. КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫ

31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші табыс салығы бойынша шығыстар мыналарды қамтыды

	2021 ж.	2020 ж.
Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыстар	6,678	1,247
Өткен жылдардың табыс салығын түзету	62	(6)
Төлем көзінен төленген табыс салығы	681	687
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша шығыстар	28,947	15,373
Танылмаған кейінге қалдырылған салық активтерінің өзгеруі, оның ішінде ауыстырылған салық шығындары бойынша	(2,236)	3,399
	34,132	**20,700**

Төменде 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші табыс салығы бойынша шығыстармен ресми белгіленген мөлшерлеме бойынша салық салынғанға дейінгі бухгалтерлік пайдадан есептелген корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарды салыстыру көрсетілген:

	2021 ж.	2020 ж.
Жалғасатын қызметтен салық салуға дейінгі пайда	154,743	36,993
Ресми салық мөлшерлемесі	20%	20%
Ресми мөлшерлеме бойынша корпоративтік табыс салығы бойынша теориялық шығыс	30,949	7,399
Салық салу мақсаты үшін шегеруге жатпайтын шығыстардың салықтық әсері және басқа да әсерлер:		
Өткен жылдардағы табыс салығын түзету	62	(6)
Шегерілмейтін шығыстар	5,357	9,908
Танылмаған кейінге қалдырылған салық активтерінің өзгеруі, оның ішінде ауыстырылған салық шығындары бойынша	(2,236)	3,399
Пайда мен шығындарда көрсетілген табыс салығы бойынша шығыстар (жалғасатын қызметке қатысты)	**34,132**	**20,700**

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген сомалар арасындағы уақытша айырмаларға шоғырландырылған қаржылық жағдай туралы тиісті есептердің күніне қолданылатын ресми белгіленген салық мөлшерлемелерін қолдану арқылы есептелген кейінге қалдырылған салық сомалары мыналарды қамтыды:

	2021 ж. 31 желтоқсан	2020 ж. 31 желтоқсан.
Кейінге қалдырылған салық активтері:		
Ауыстырылған салық шығындары	105,420	110,322
Қаржылық кепілдік шарттары бойынша міндеттеме	5,991	6,426
Дебиторлық берешектегі айырма	5,307	5,482
Қызметкерлерге қатысты есептелген міндеттемелер	4,624	4,017
Несие бойынша дебиторлық берешек бойынша дисконт	1,650	1,939
Басқалары	8,536	10,319
	131,528	**138,505**
Шегеру: кейінге қалдырылған салық міндеттемелерімен есепке жатқызылған кейінге қалдырылған салық активтері	(131,383)	(138,424)
Кейінге қалдырылған салық активтері	**145**	**81**
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері:		
Негізгі құралдар және басқа да ұзақ мерзімді активтер	(381,908)	(360,712)
Нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлемелер бойынша Акционерден/соңғы Акционерден алынған несиелерді әділ құнға дейін түзету	(57,766)	(57,650)
Басқалар	(9)	(16)
	(439,683)	**(418,378)**
Шегерулер: кейінге қалдырылған салық міндеттемелерімен есепке жатқызылған кейінге қалдырылған салық активтері	131,383	138,424
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	**(308,300)**	**(279,954)**
Кейінге қалдырылған таза салық міндеттемелерінің жиыны	**(308,155)**	**(279,873)**

	2021 ж.	2020 ж.
Жыл басындағы кейінге қалдырылған таза салық міндеттемелері	(279,873)	(254,467)
Пайда және шығында көрсетілген	(26,711)	(18,772)
Капиталда көрсетілген (14 Ескерту)	(1,571)	(4,172)
Сатуға арналған ретінде жіктелген есептен шығатын топтың міндеттемелеріне аудару (13 Ескерту)	-	1,031
Еншілес ұйымды сатып алу	-	(3,560)
Қауымдастырылған кәсіпорындарға инвестицияларда көрсетілген	-	67
Жыл соңындағы кейінге қалдырылған таза салық міндеттемелері	**(308,155)**	**(279,873)**

Топ ауыстырылған салық шығындарына жатқызылатын кейінге қалдырылған салық активтерін таныған жоқ. Басшылықтың пікірінше, болашақта осы кейінге қалдырылған салық активтеріне қарсы есепке алынатын салық салынатын пайданың жеткілікті болуы екіталай. 2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша танылмаған ауыстырылған салық шығындарының жалпы салық әсері 19,785 млн. теңгені құрады (2020 ж. 31 желтоқсан: 22,021 млн. теңге). Осы ауыстырылған салық шығындары салық салу мақсаттары үшін олар туындаған күннен бастап 10 жыл ішінде аяқталады.

19. САУДА КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

	2021 ж. 31 желтоқсан	2020 ж. 31 желтоқсан
Көрсетілген қызметтер үшін кредиторлық берешек	56,208	55,475
Негізгі құралдарды жеткізгені үшін кредиторлық берешек	29,336	9,230
Алынған тауар-материалдық қорлар үшін кредиторлық берешек	26,287	17,062
Басқа да кредиторлық берешек	4,700	3,289
	116,531	**85,056**

31 желтоқсандағы жағдай бойынша сауда кредиторлық берешек мына валюталарда берілген:

	2021 ж.	2020 ж.
Теңге	105,782	72,429
АҚШ доллары	4,634	7,308
Еуро	3,995	3,864
Басқа валюталарда	2,120	1,455
	116,531	**85,056**

Кредиторлық берешек бойынша айналымның орташа мерзімі 37 күнді құрайды (2020 ж.: 41 күн).

20. САТЫП АЛУШЫЛАРМЕН ЖАСАЛҒАН ШАРТТАР БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

	2021 ж. 31 желтоқсан	2020 ж. 31 желтоқсан
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша алынған аванстар	82,920	63,265
Болашақ кезеңдер кірістері	12,390	8,144
	95,310	**71,409**

Есептік кезеңде танылған және жыл басына алынған аванстар мен болашақ кезеңдер кірістерінің құрамына қосылған түсім 67,411 млн. теңгені құрады (2020 ж.: 59,753 млн. теңге).

2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша міндеттемелер есепті күннен кейінгі келесі 12 ай ішінде түсім ретінде танылатын болады.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

21. БАСҚА ДА ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

	2021 ж. 31 желтоқсан	2020 ж. 31 желтоқсан
Болашақ кезеңдердің кірістері (мемлекеттік субсидиялар)	24,427	4,312
Пайдаланылмаған демалыстар және қызметкерлерге басқа да сыйақылар бойынша резервтер	23,265	20,223
Бағалау міндеттемелері	4,291	11,550
Алынған аванстар	701	1,041
Басқалары	3,336	2,547
Басқа да қаржылық емес міндеттемелер жиыны	**56,020**	**39,673**
Қаржылық кепілдік шарттары бойынша міндеттемелер	29,953	32,132
Міндетті зейнетақы жарналары, әлеуметтік сақтандыруға аударымдар және міндетті медициналық сақтандыру бойынша аударымдар	9,696	6,908
Еңбекақы бойынша берешек	7,563	6,516
Басқалары	7,876	9,224
Басқа да қаржылық міндеттемелер жиыны	**55,088**	**54,780**
	111,108	**94,453**
Басқа да міндеттемелердің ағымдағы бөлігі	56,611	53,009
Басқа да міндеттемелердің ұзақ мерзімді бөлігі	54,497	41,444
	111,108	**94,453**

28 Ескертуде көрсетілгендей, Топ «Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ мен «Ақтөбе рельс-арқалық зауыты» ЖШС ұйымдары және «Транстелеком» АҚ қауымдастырылған кәсіпорны алған несиелер бойынша банктерге қаржылық кепілдік ұсынған және қаржылық кепілдік шарттары бойынша міндеттемелерді таныды. 2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық кепілдік шарттары бойынша міндеттемелер «Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ бойынша 15,476 млн. теңге, «Ақтөбе рельс-Арқалық зауыты» ЖШС бойынша 13,953 млн. теңге және «Транстелеком» АҚ бойынша 524 млн. теңгені құрады (2020 ж. 31 желтоқсан: «Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ бойынша 15,635 млн. теңге, «Ақтөбе рельс-Арқалық зауыты» ЖШС бойынша 14,829 млн. теңге және «Транстелеком» АҚ бойынша 1,668 млн. теңге).

Бағалау міндеттемелері 2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша оларды реттеу үшін экономикалық пайдаларды қамтитын ресурстардың есептен шығарылуы талап етілетін жоғары ықтималдығы бар келісімдер бойынша резервтерді қамтиды. Бағалау міндеттемелері бойынша шығыстар басқа да пайда мен шығындарда көрсетілген.

2021 және 2020 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басқа да қаржылық міндеттемелер негізінен теңгемен көрсетілген.

22. ТҮСІМ

2021 және 2020 жж. аралығында жүк тасымалынан түсім келесілерден тұрады:

	2021 ж.	2020 ж.
Сатып алушыларымен жасалған шарттар бойынша түсім:		
Халықаралық (транзиттік) қатынаста	425,755	372,582
Республикаішілік бағыттар бойынша	342,125	307,437
Халықаралық (экспорттық) қатынаста	191,782	189,792
Халықаралық (импорттық) қатынаста	134,718	118,807
Тасымалдау процесімен байланысты қосымша алымдар	44,495	34,926
Жүк тасымалынан басқа да түсім	45,396	38,980
	1,184,271	**1,062,524**

Жүк тасымалдарынан түскен түсім уақыт ішінде танылды.

2021 және 2020 жж. ішінде жолаушылар тасымалынан түсім келесілерден тұрды:

	2021 ж.	2020 ж.
Сатып алушыларымен жасалған шарттар бойынша түсім:		
Жолаушылар тасымалы бойынша	49,580	32,959
Жолаушылар тасымалынан басқа да түсім	7,676	5,219
	57,256	**38,178**

Жолаушылар тасымалынан түскен басқа да түсімнің бөлігіне қатысты 1,001 млн. теңге мөлшеріндегі жолаушылар тасымалынан түскен түсім белгілі бір уақыт кезеңінде (2020 ж.: 629 млн. теңге), 56,255 млн. теңге мөлшерінде – уақыт ішінде (2020 ж.: 37,549 млн. теңге) танылды.

23. БАСҚА ДА КІРІСТЕР

	2021 ж.	2020 ж.
Тауарларды сатудан және басқа да қызметтер көрсетуден түскен кірістер	33,679	30,694
Айыппұлдардан кіріс	5,754	3,575
Вагондарды жалға беруден түскен кіріс	4,742	9,693
Басқа да негізгі құралдарды жалға беруден түскен кірістер	3,600	3,124
	47,775	**47,086**

Тауарларды сатудан және басқа да қызметтерді ұсынудан түскен кірістер, негізінен, жүктерді ауыстырып тиеу, кемелерге қызмет көрсету, материалдар мен металл сынықтарын сатудан түскен кірістер болып табылады.

Топ бір жылға дейінгі мерзімге операциялық жалдау шарттары бойынша вагондар мен өзге де негізгі құралдарды жалға береді. Операциялық жалдау шарттары бойынша дебиторлық берешек бір жыл ішінде төленуі тиіс. Операциялық жалдау шарттарында ұзарту немесе мерзімінен бұрын тоқтату опциясы жоқ. Топ операциялық жалдау шарттарының нәтижесінде валюталық тәуекелге ұшырамайды, өйткені барлық жалдау шарттары теңгемен көрсетілген. Жалға алушының жалдау мерзімі аяқталғаннан кейін вагондар мен өзге де негізгі құралдарды сатып алуға мүмкіндігі жоқ.

Айыппұлдардан түскен кірістер, негізінен, тағайындалған станциялардан жүктерді уақтылы әкетпеуге байланысты және шаруашылық шарттарының талаптарын бұзғаны үшін өсімпұлдан түскен кірістер болып табылады.

15,543 млн. теңге мөлшеріндегі түсім белгілі бір уақыт сәтінде (2020 ж.: 11,845 млн. теңге), 23,890 млн. теңге мөлшерінде – кезең ішінде (2020 ж.: 22,424 млн. теңге) танылды.

24. ӨТКІЗУДІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

	2021 ж.	2020 ж.
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резервтерді, аударымдар мен салықтарды қоса алғанда қызметкерлерге жұмсалатын шығындар	337,482	286,794
Жөндеу және қызмет көрсету	152,310	146,476
Тозу және амортизация	135,666	131,350
Отын және жанар-жағармай материалдары	133,907	115,474
Өндірістік сипаттағы жұмыстар мен қызметтер	59,596	50,947
Электр энергиясы	51,200	49,584
Материалдар мен қорлар	44,400	40,271
Әлеуметтік салық пен әлеуметтік аударымдарды қоспағанда, мүлік салығы және өзге де салықтар	25,217	24,995
Еңбек қызметі аяқталуы бойынша сыйақы шығыстары және қызметкерлерге басқа да ұзақ мерзімді сыйақылар (17 Ескерту)	5,558	4,198
Коммуналдық шығыстар және ғимараттарды ұстау	4,269	3,986
Байланыс қызметтері	2,931	3,099
Басқа да шығыстар	28,362	28,214
	980,898	**885,388**

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

25. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

	2021 ж.	2020 ж.
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резервтерді, аударымдар мен салықтарды қоса алғанда қызметкерлерге жұмсалатын шығындар	53,202	47,694
Әлеуметтік салық пен әлеуметтік аударымдарды қоспағанда, мүлік салығы және өзге де салықтар	9,168	10,940
Тозу және амортизация	5,030	5,045
Бөгде ұйымдардың басқа да қызметтері	2,564	1,058
Консультациялық, аудиторлық және заң қызметтері	1,973	2,848
Мерекелік және мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізуге арналған шығыстар	1,532	936
Жалдау шығыстары	1,157	1,315
Іссапар шығыстары	947	649
Коммуналдық шығыстар және ғимараттарды ұстау	857	730
Байланыс қызметтері	645	655
Еңбек қызметі аяқталуы бойынша сыйақы шығыстары және қызметкерлерге басқа да ұзақ мерзімді сыйақылар (17 Ескерту)	555	355
Банк қызметтері	464	434
Әлеуметтік сала объектілерін ұстау шығыстары	432	1,310
Сақтандыру	407	355
Материалдар	313	657
Жөндеу және қызмет көрсету	192	357
Дебиторлық берешек бойынша күтілетін кредиттік шығындарға және берілген қысқа мерзімді аванстардың құнсыздануына арналған резервтерді (қалпына келтіру)/есептеу	(171)	541
Басқа да шығыстар	11,510	10,019
	90,777	**85,898**

26. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІСТЕР ЖӘНЕ ШЫҒЫНДАР

Қаржылық кірістер	**2021 ж.**	**2020 ж.**
Ақша қаражаты мен оның баламалары бойынша пайыздар түріндегі кіріс	10,379	6,679
Берілген кепілдіктер бойынша кірістер	2,218	2,695
Қаржылық міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялаудан түскен кірістер	2,176	29,558
Басқа қаржылық кірістер	3,074	7,965
	17,847	**46,897**

Қаржылық шығындар	**2021 ж.**	**2020 ж.**
Пайыздар бойынша шығындар және несиелер бойынша дисконт амортизациясы	118,260	120,554
Жалдау бойынша пайыздық шығыстар	7,414	6,879
Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу үшін сыйлықақыны өтеу және комиссиялар	-	24,221
Берілген кепілдіктер бойынша күтілетін кредиттік шығындар	-	12,757
Басқа да қаржылық шығындар	594	2,967
	126,268	**167,378**

27. АКЦИЯҒА ШАҚҚАНДАҒЫ ПАЙДА

Акцияға шаққандағы базалық пайда ретінде акцияға шаққандағы пайда жыл ішіндегі шығарылған жай акциялардың орташа өлшемді саны негізінде саналады. Жай акциялар бойынша сома мен көбейту әсеріндегі жай акциялардың сомасы тең, өйткені Компанияның көбейту әсерін жасаушы құралдары жоқ. 2021 және 2020 жж. ішінде Компанияда көбейтуге қарсы әсері бар құралдар болған жоқ.

	2021 ж.	2020 ж.
Жай акциялардың орташа өлшемді саны	496,674,099	496,654,806
Акционерге жататын жыл іші пайда (млн. теңге)	119,085	16,233
Жалғасатын және тоқтатылған қызметтен жай акцияға шаққандағы жыл іші пайда, теңгеде	**240**	**33**
Акционерге жататын жалғасатын қызметтен жыл іші пайда, млн. теңгеде	119,085	16,421
Жалғасатын қызметтен жай акцияға шаққандағы жыл іші пайда, теңгеде	**240**	**33**
Материалдық емес активтерді, гудвил және бақыламайтын үлестерді қоспағандағы таза активтер	1,226,586	1,101,674
Айналымдағы жай акциялардың саны (тіркелген)	496,692,665	496,654,806
Бір акцияның баланстық құны, теңгеде[5]	**2,470**	**2,218**

28. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Инвестициялық сипаттағы міндеттемелер

2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың ұзын өлшемді рельстерді сатып алу, жүк және жолаушылар электровоздарын, жүк және жолаушылар тепловоздарын сатып алу бойынша жалпы сомасы 1,613,814 млн. теңгеге міндеттемелері, соның ішінде «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-мен жалдау шарттары бойынша міндеттемелері болды (2020 ж. 31 желтоқсан: 1,679,287 млн. теңге).

«Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-мен жалдау шарттары бойынша міндеттемелер

2017 ж. тамызда Топ еншілес ұйымы «KTZ Express» АҚ тұлғасында жалпы құны 33,264 млн. теңге 1,995 вагон-платформаларды жалдау туралы «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-мен жалдау шарттарын жасасты. Жалға алу мерзімі-15 жыл, сыйақы мөлшерлемесі жылдық 15%, оның жылдық 10%-ын мемлекет субсидиялайды. Негізгі борышты төлеу бойынша жеңілдікті кезең 5 жылды құрайды. Топ жалға алушы ретінде әрекет етеді. 2021 ж. 31 желтоқсанға жалпы құны 26,862 млн. теңге мөлшеріндегі вагон-платформалар жеткізілген жоқ. Топ 2022 ж. аяғына дейін жалдау шартына 2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 6,402 млн. теңге мөлшерінде нақты жеткізілген жеткізу көлемдерін төмендету бөлігінде қосымша келісімге қол қоюды жоспарлап отыр.

[5] Акциялардың баланстық құны KASE талаптарына сәйкес есептеледі.

2020 ж. қарашада Топ «KTZ Express» АҚ еншілес ұйымы тұлғасында жалпы құны 51,692 млн. теңге 2,000 вагон-платформаларды жалдау шартын жасасты. Жалдау мерзімі – 15 жыл, пайыздық мөлшерлемесі жылдық 15%, оның жылдық 10%-ын мемлекет субсидиялайды. Негізгі борышты төлеу бойынша жеңілдікті кезең 2 жылды құрайды. Топ жалға алушы ретінде әрекет етеді. 2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жеткізілмеген вагон-платформалар бойынша шартты міндеттеменің сомасы 26,958 млн. теңгені құрады.

Басқа да шарттық міндеттемелер

2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топта еншілес ұйым «KTZ Express» АҚ тұлғасында 2015 ж. 28 желтоқсанда қауымдастырылған ұйым «Ақтау Теңіз Солтүстік терминалы» ЖШС, «Сбербанк» АҚ ЕБ және Inter Port Development PTE LTD жасалған жүк тиеу-түсіру қызметтерін және жүктерді болашақта сақтау жөніндегі қызметтерді көрсету туралы келісім бар. Келісімнің талаптарында Топтың 10 жылға арналған қызметтердің ең төменгі көлемдерін сатып алу және осындай көлемдер үшін елеулі төлемдер төлеу жөніндегі міндеттемесі көзделген.

Топ басшылығы «Ақтау Теңіз Солтүстік Терминалы» ЖШС-мен Келісім бойынша қызмет көрсету кезеңінің басталу күні басталмаған, өйткені Топ объектіні коммерциялық пайдаланудың басталу күні және қызмет көрсету кезеңінің басталу күні туралы хабарлама алмаған және тараптар Келісім бойынша міндеттемелерді орындауға қатысты өзара іс-қимылды ұйымдастырмаған. Топ басшылығы 2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша экономикалық пайданы қамтитын ресурстардың есептен шығып кету ықтималдығы жоғары емес деп есептейді.

Шартты міндеттемелер

Сот талаптары

Топ мүліктік залалды қайтару бойынша талаптар сияқты өзінің шаруашылық қызметіне қатысты түрлі сот қарауларына қатысады. Топ осыған ұқсас, қарастыру кезеңіндегі немесе әлеуетті талап арыздар жекеше немесе жиынтығында оның шоғырландырылған қаржылық жағдайына, қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесіне немесе ақша қаражатының қозғалысына елеулі теріс әсер етпейді деп есептейді.

Қазақстандық салық жүйесімен байланысты шартты міндеттемелер

Қазақстандық салық салу жүйесіне тән белгісіздікке байланысты салықтардың, айыппұл санкциялары мен өсімпұлдардың әлеуетті сомасы 2021 және 2020 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шығыстарға жатқызылған сомадан асып кетуі мүмкін. Кез келген мәлімделмеген талаптың сомасын немесе қолайсыз нәтиженің ықтималдылық дәрежесін анықтау іс жүзінде мүмкін емес.

Топ басшылығы ҚР тиісті заңнамасын Топтың түсіндіруі дұрыс және салық позициясы расталады деп санайды. Алайда, салық органдары ҚР қолданыстағы салық заңнамасы бойынша басқа позицияны ұстануы, бұл Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне елеулі әсер етуі мүмкін.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Сақтандыру

Қазақстанда сақтандыру саласы дамудың бастапқы сатысында, сондықтан басқа да мемлекеттік кәсіпорындар сияқты, жолаушыларды дене жарақатынан, жолаушылардың өлімі мен мүлкіне шығын немесе залалды міндетті сақтандырудан басқа, Топтың өзінің меншігіне, активтер мен жабдығына (инфрақұрылымды, жылжымалы құрам мен станцияларды қоса алғанда) зиян келтіру тәуекелін, және қаржы-шаруашылық қызметінің тоқтау тәуекелі мен Топ объектілеріндегі авариялардың нәтижесінде немесе оның қызметіне байланысты үшінші тараптардың мүлкіне немесе қоршаған ортаға шығын келтіргені үшін жауапкершіліктің сақтандыру өтелімі жоқ. Топтың Қазақстанның коммерциялық сақтандыру компанияларынан сатып алған сақтандыру полистеріне сәйкес міндетті сақтандыру өтелімі бар.

Кепілдіктер

2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кепілдіктер келесі түрде көрсетілген:

Кредитор	Кепілдік мақсаты	Кепілдіктің берілген күні	Кепілдік мерзімі	Кепілдік сомасы, млн. теңге
«Қазақстан Даму Банкі» АҚ	«Ақтөбе рельс-арқалық зауыты» ЖШС-нің Ақтөбе қаласында рельс-арқалық зауытының құрылысын қаржыландыру бойынша міндеттемелерін орындау	4 шілде 2013 ж.	2033 ж. дейін	18,008
«Қазақстан Даму Банкі» АҚ	«Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ Нұр-Сұлтан қаласындағы халықаралық әуежайды жаңартуды қаржыландыруға міндеттемелерін орындау	28 наурыз 2018 ж.	2033 ж. дейін	22,500
Еуразиялық Даму Банкі	«Транстелеком» АҚ «Талшықты-оптикалық байланыс желісінің (ТОБЖ) құрылысы» жобасын іске асыру үшін қауымдастырылған кәсіпорынның міндеттемелерін орындау	21 қазан 2014 ж.	2024 ж. дейін	3,066
«Қазақстан Даму Банкі» АҚ	«Транстелеком» АҚ «АСУ Энергодиспетчерлік тартым» жобасын іске асыруға қауымдастырылған кәсіпорынның міндеттемелерін орындау	30 маусым 2014 ж.	2024 ж. дейін	7,487

21 Ескертуде осы кепілдіктердің баланстық құны көрсетілген.

2021 және 2020 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жоғарыда аталған қаржылық кепілдіктерді пайдалану жағдайлары болған жоқ.

Есепті күнге дейін кредиторлар алдындағы міндеттемелерді орындамау жағдайларын болдырмау мақсатында Топ «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-мен жасалған қаржылық кепілдік шарты шеңберінде 2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық коэффициенттерді қолданбау туралы келісім-хат алды.

29. ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАР

Топ құрамы туралы ақпарат төменде көрсетілген:

Еншілес ұйым[6]	Қызмет сипаты	Орналасқан елі	Қатысу үлесі, % 2021 ж. 31 желтоқсан	Қатысу үлесі, % 2020 ж. 31 желтоқсан
1. «Қазтеміртранс» АҚ	Жүк вагондарын пайдалану		100	100
2. «Жолаушылар тасымалы» АҚ	Жолаушыларды тасымалдау	ҚР	100	100
3. «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС	Жүк тасымалдау және локомотив тартымы қызметтерін көрсету	ҚР	100	100
4. «KTZ Express» АҚ	Көлік-экспедиторлық қызметтер, мультимодалды тасымалдау	ҚР	100	100
5. «Кедентранссервис» АҚ	Көлік-экспедиторлық қызметтер, жылжымалы құраммен операция жасау, терминалдық қызмет көрсету	ҚР	100	100
6. «Теміржолсу» АҚ	Коммуналдық қызметтер	ҚР	100	100
7. «Әскерилендірілген теміржол күзеті» ЖШС	Күзет қызметтері	ҚР	100	100
8. «Ақтау теңіз сауда порты» Ұлттық компаниясы» АҚ[7]	Жүк тиеу-түсіру жұмыстары, кемелерге қызмет көрсету	ҚР	100	100
9. «Құрық-Порты» ЖШС	Жүктерді ауыстырып тиеу және кемелерге қызмет көрсету	ҚР	100	100
10. «КТЖ Финанс» ЖШҚ	Топ қатысушыларының қызметі мен жобаларын қаржыландыру мақсатында облигациялардың эмиссиясын жүзеге асыру	Ресей Федерациясы	100	100
11. «ҚТЖ-Жолаушылар локомотивтері» ЖШС	Тартқыш жылжымалы құрам қызметін ұсыну	ҚР	100	-
12. «Ремлокомотив» АҚ	Жылжымалы құрам өндіру	ҚР	-	100
13. «Қамқор» жөндеу корпорациясы» ЖШС	Машина жасау өнімдерін өндіру	ҚР	-	100

2021 ж. ішінде «Ремлокомотив» АҚ және «Қамқор» жөндеу корпорациясы» ЖШС еншілес ұйымдарын қосу арқылы «Қазтеміртранс» АҚ еншілес ұйым қайта ұйымдастырылды.

[6] Бірінші деңгейдегі еншілес ұйымдар, олардың кейбіреулері бақыланбайтын қатысу үлестері бар еншілес ұйымдарды қамтиды.
[7] 2013 ж. қарашасында Акционер «Ақтау теңіз сауда порты» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның 100% акциясын Топтың сенімді басқаруына берді. «Ақтау теңіз сауда порты» Ұлттық компаниясы» АҚ Топтың еншілес ұйымы болып табылады, бірақ заңды түрде акцияларын иеленбейді.

2021 ж. ішінде «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС құрамынан бөлу арқылы «ҚТЖ-Жолаушылар локомотивтері» ЖШС еншілес ұйымы құрылды.

2020 ж. ішінде Топ екінші серіктестен (үшінші тараптан) Logistic System Management B.V. бірлескен кәсіпорнының 50% акцияларын сатып алу арқылы бақылауға ие болды. Сатып алу бойынша ақша қаражатының таза есептен шығуы 26,499 млн. теңгені құрады. Сатып алу әдісін қолданып, сатып алу есепке алынды. Сатып алу күніне бірлескен кәсіпорынның таза активтеріндегі бұрын Топқа тиесілі үлесі 14,670 млн. теңгені құраған, ал оны әділ құны бойынша қайта бағалау 9,035 млн. теңгені құрады. Сатып алу күніне сатып алу бағасының және бұрын тиесілі үлестің әділ құнының таза сәйкестендірілетін активтердің әділ құнынан асып кетуі 15,520 млн. теңгені құрады және гудвил ретінде көрсетілді. 2020 ж. қарашада Logistic System Management B.V. компаниясы өзінің еншілес ұйымы «Кедентранссервис» АҚ 100% акциялар пакетін Топтың тікелей иелігіне берді. 2021 ж. мамырда Logistic System Management B.V. компаниясы таратылды.

30. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН МӘМІЛЕЛЕР

Осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің мақсаттары үшін Тараптар, егер бір Тарап екінші Тарапты бақылауға немесе ол қаржылық немесе операциялық шешімдерді қабылдаған кезде екінші Тарапқа елеулі ықпал етуді жүзеге асыру мүмкіндігі болса, байланысты ретінде қаралады. Топпен жалпы бақылаудағы тараптар да байланысты деп есептеледі. Байланысты тараптардың ықтимал қатынастарын қарау кезінде әрбір жағдайда құқықтық нысанға ғана емес, қатынастардың мәніне назар аударылады.

Байланысты тараптар байланысты емес тараптар жасаса алмайтын мәмілелер жасай алады, және байланысты тараптардың арасындағы мәмілелер байланысты емес тараптардың мәмілесі сияқты талаптар, ережелер мен сома негізінде жүзеге аспауы мүмкін.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ байланысты тараптарымен елеулі мәмілелер жүргізген немесе төленбеген сальдосы болған байланысты тараптармен қарым-қатынастар сипаты төменде көрсетілген .

		Акционер	Қауымдасты-рылған компаниялар	Топ қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар	Акционер тобына кіретін компаниялар	Басқа да байланысты тараптар[8]
Байланысты тараптардың тауарлар, қызмет және ұзақ мерзімді активтер үшін берешегі	2021 ж.	-	4,748	-	356	5
	2020 ж.	-	488	-	1,726	4
соның ішінде күтілетін кредиттік шығындарға және берілген аванстардың құнсыздануына резерв	2021 ж.	-	(35)	-	(23)	-
	2020 ж.	-	(85)	-	(21)	-
Байланысты тараптарға тауарлар, қызмет және ұзақ мерзімді активтер үшін берешек	2021 ж.	-	19,425	-	2,722	2,437
	2020 ж.	-	15,707	-	3,802	4,626
Пайдаланылуы шектеулі ақша қаражаты	2021 ж.	-	-	-	-	117
	2020 ж.	-	-	-	-	117
Алынған несиелер	2021 ж.	128,769	-	-	-	72,720
	2020 ж.	126,093	-	-	-	65,920
Жалдау бойынша міндеттемелер	2021 ж.	48	27,012	-	-	27,291
	2020 ж.	225	37,994	-	-	5,571

[8] Басқа да байланысты тараптар соңғы Акционердің жалпы бақылауындағы басқа да коммерциялық кәсіпорындарды қамтиды.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші байланысты тараптармен мәмілелер төмендегідей ұсынылған:

		Акционер	Қауымдасты-рылған компаниялар	Топ қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар	Акционер тобына кіретін компаниялар	Басқа да байланысты тараптар[8]
Тауарларды, қызметтерді және ұзақ мерзімді активтерді сату	2021 ж.	-	133,393	-	7,822	689
	2020 ж.	5	99,207	15,135	5,183	499
Күтілетін кредиттік шығындарға және берілген аванстардың құнсыздануына қалпына келтірілген/ (есептелген) резервтер	2021 ж.	-	55	-	(3)	-
	2019 г.	-	4,036	-	54	-
Тауар, қызмет және ұзақ мерзімді активтерді сатып алу	2021 ж.	-	28,983	-	7,623	1,487
	2020 ж.	-	110,619	43	3,661	1,664
Несиелер алу	2021 ж.	-	-	-	-	13,125
	2020 ж.	-	-	-	-	35,714
Алынған несиелерді өтеу	2021 ж.	1,175	-	-	-	1,077
	2020 ж.	1,175	-	-	-	1,077
Жаңа жалдау шарттары (Топ жалдаушы ретінде)	2021 ж.	-	25	-	-	21,289
	2020 ж.	-	45,417	-	-	-
Жалдау міндеттемелері бойынша төлемдер	2021 ж.	197	15,319	-	-	2,298
	2020 ж.	345	12,620	-	-	557
Қаржылық кірістер	2021 ж.	-	1,144	-	-	158
	2020 ж.	-	2,289	-	-	205
Қаржылық шығыстар	2021 ж.	9,576	4,311	-	-	8,331
	2020 ж.	9,402	12,447	-	-	9,017
Алынатын дивиденттер	2021 ж.	-	6,462	-	-	-
	2020 ж.	-	4,364	2,734	-	-
Жарғылық капиталға салым	2021 ж.	3,786	-	-	-	-
	2020 ж.	-	-	-	-	-

2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топта «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-дан және «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-дан жалпы сомасы 72,720 млн. теңгеге алынған несиелер бар (15 Ескерту).

2021 және 2020 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қауымдастырылған ұйымның, өзге де байланысты және үшінші тараптардың кейбір несиелері бойынша Топ банктер алдындағы міндеттемелерді орындауға кепілдік беру мақсатында кепілдіктер берді (21 және 28 Ескертулер).

2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың Акционерден алған несиелері негізінен өтеу мерзімі 13 жылдан 50 жылға дейінгі нарықтық мөлшерлемелерден 0.075% - дан 2% - ға дейінгі мөлшерлемелер бойынша алынды және бастапқы тану кезінде әділ құн бойынша 5.4% - дан 11.5% - ға дейінгі мөлшерлемелер бойынша көрсетілді.

Акционер тобына кіретін компаниялармен, қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындармен және басқа да байланысты тараптармен операциялар, негізінен, Топтың «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» АҚ (дизель отыны және бензин), «Транстелеком» АҚ (байланыс қызметі), «Қазақтелеком» АҚ (байланыс қызметі), «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ (электр қуаты), «КЕГОК» АҚ (электр қуаты), «Қазпошта» АҚ (почта қызметтері), «Қазақстан Инжиниринг» Ұлттық Компаниясы» АҚ (машина жасау өнімі) және «Самұрық-Энерго» АҚ (электр қуаты) операцияларымен ұсынылған. Сондай-ақ, Топ Акционердің тобына кіретін компанияларға, қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындарға теміржол тасымалы қызметтерін ұсынады.

Топтың негізгі басқарушы қызметкерлеріне сыйақы

Негізгі басқарушы персонал 2021 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде 15 адамнан тұратын Басқарма мен Директорлар кеңесінің мүшелерін қамтиды (2020 ж. 31 желтоқсанда: 15 адам). Қоса берілген пайда мен шығындар және өзге жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте еңбекақы бойынша шығыстарға енгізілген негізгі басқарушы персоналға сыйақылардың жалпы сомасы 2021 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші 807 млн. теңгені құрады (2020 ж.: 602 млн. теңге). Негізгі басқарушы персоналға төленген сыйақы негізінен келісім-шартта белгіленген жалақы және операциялық нәтижелерге негізделген сыйлықақылар бойынша шығыстардан тұрады.

31. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ӘДІЛ ҚҰНЫ

Топтың негізгі қаржы құралдарына несиелер, шығарылған борыштық бағалы қағаздар (облигациялар), жалдау бойынша міндеттемелер, ақша қаражаты мен оның баламалары, сонымен қатар сауда дебиторлық, сауда кредиторлық берешектер және басқа қаржы активтері мен міндеттемелері жатады. Пайыздық мөлшерлемелермен байланысты тәуекелдер, шетелдік валюта бағамының өзгеруі мен кредиттік тәуекелдер Топтың қаржы құралдары бойынша негізгі тәуекелдері болып табылады. Топ барлық қаржы құралдары бойынша пайда болатын өтімділік пен нарық тәуекелдерін бақылап отырады.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Капиталдың жеткіліксіздік тәуекелін басқару

Топ капиталдың жеткіліксіздік тәуекелін басқарып отырады, себебі Топ Акционер үшін пайданы барынша арттырғанда кәсіпорын үздіксіз қызметін капитал мен қарыз балансын оңтайлау арқылы жалғастыра алатынына сенімді болуы керек. Топтың жалпы стратегиясы 2020 ж.-мен салыстырғанда өзгерген жоқ.

Топта капиталдың минималды көлеміне қатысты талаптары жоқ.

Топтың капитал құрылымы таза қарыз қаражатынан (ақша қаражаты мен оның баламаларын шегергеннен кейінгі несиелер, борыштық бағалы қағаздар мен жалдау бойынша міндеттемелер) және Топ капиталынан (ол жарғылық капитал, шетелдік валютаны қайта есептеуден резерв, бөлінбеген пайда мен бақыламайтын үлесті қамтиды) тұрады.

Қаржы тәуекелдерін басқару мақсаттары

Тәуекелді басқару – Топ қызметінің маңызды элементі. Компания Топтың операцияларына қатысты қаржы тәуекелдерін бақылау мен басқаруды тәуекелдер бойынша ішкі есептер арқылы жүзеге асырады. Бұл есептерде тәуекелге ұшырағыштық тәуекелдің дәрежесі мен мөлшері арқылы талданады. Бұл тәуекелдер нарық тәуекелін (валюта тәуекелін, баға тәуекелін және әділ құнға қатысты пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі), өтімділік тәуекелін және ақша ағындарына қатысты пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелін қамтиды. Төменде Топтың тәуекелді басқару саясатына сипаттама беріледі.

Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел нарық бағаларының өзгеруі нәтижесінде қаржы құралы құнының ықтимал ауытқуынан тұрады. Топ нарықтық конъюнктураның теріс өзгерістерінен туындауы мүмкін ықтимал шығындарды мерзімді бағалау арқылы нарықтық тәуекелді басқарады.

Пайыздық мөлшерлемеге байланысты тәуекел

Топ үшін пайыздық мөлшерлемелерге байланысты тәуекел нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі тәуекелін білдіреді. Пайыздық мөлшерлеменің өзгеруі Топтың инвестицияларынан жалпы пайдасының азаюына және/немесе Топтың несиелері мен борыштық бағалы қағаздары бойынша ақша ағынының ұлғаюына әкелуі мүмкін. Топ пайыздық мөлшерлемеге байланысты тәуекелді валюталардағы қаржылық құралдардың пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруін бақылау арқылы және тұрақты және құбылмалы пайыздық мөлшерлемедегі несиелер арасындағы қолайлы қатынасты қолдау арқылы шектейді.

Топтың пайыздық мөлшерлемелерге байланысты тәуекелге шалдыққыштығы негізінен Топтың пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы несиелер мен шығарылған борыштық бағалы қағаздарына байланысты.

2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Келесі кесте Топтың салық салуға дейінгі пайдасы мен капиталының кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелерінің болуы мүмкін орынды өзгерістеріне (пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы кредиттер бойынша пайыздарға әсері арқылы) сезімталдығын басқа айнымалы шамалар тұрақты болған кезде көрсетеді.

	2021 ж. 31 желтоқсан		2020 ж. 31 желтоқсан	
	Базистік пункттердегі пайыздық мөлшерлемелердің ұлғаюы/ (азаюы)[9]	Салық салынғанға дейінгі пайдаға/ капиталға әсері	Базистік пункттердегі пайыздық мөлшерлемелердің ұлғаюы/ (азаюы)[9]	Салық салынғанға дейінгі пайдаға/ капиталға әсері
Теңгедегі несиелер	125/(25)	(788)/158	100/(25)	(665)/166
Ресей рубліндегі несиелер	125/(25)	(1,380)/276	100/(25)	(1,084)/271

Валюталық тәуекел

Топ шетелдік валютада мәмілелерді жүзеге асырады, демек валюталық бағам ауытқуларына ұшырау тәуекелі пайда болады .

Топтың қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді берешегінің елеулі бөлігі АҚШ долларында көрсетілген. Берешек көрсетілген АҚШ долларына және басқа шетелдік валюталарға қатысты теңге бағамының өзгеруінің нәтижесінде айырбас бағамынан кіріс немесе шығын туындайды. 2021 ж. ішінде Топтың бағам айырмасынан 11,147 млн. теңге мөлшерінде шығынға ұшырады, оның айтарлықтай бөлігі 19 Ескертуде көрсетілгендей, несиелерге қатысты (2020 ж.: 52,647 млн. теңге).

Келесі кестеде Топтың салық салынғанға дейінгі пайдасының АҚШ доллары, еуро, Ресей рублі және басқа да валюталардың болуы мүмкін өзгерістеріне сезімталдығы басқа айнымалы шамалар тұрақты болған кезде көрсетілген.

	2021 ж. 31 желтоқсан			2020 ж. 31 желтоқсан		
	Айырбас бағамындағы ұлғаюы/ (азаюы)	Салық салынғанға дейінгі пайдаға әсері	Капиталға тікелей әсері	Айырбас бағамындағы ұлғаюы/ (азаюы)	Салық салынғанға дейінгі пайдаға әсері	Капиталға тікелей әсері
АҚШ доллары	13%/ (10%)	(49,117)/ 37,782	-	14%/ (11%)	(53,045)/ 41,678	-
Еуро	13%/ (10%)	(8,393)/ 6,456	-	14%/ (11%)	(6,852)/ 5,384	-
Ресей рублі	13%/ (13%)	(25,393)/ 25,393	-	15%/ (15%)	(28,587)/ 28,587	-
Швейцария франкі	13%/ (10%)	(102)/79	(26,952)/ 20,732	14%/ (11%)	(83)/65	(29,267)/ 22,995
Басқа валютада	13%/ (10%)	200/(154)	-	14%/ (11%)	87/(68)	-

[9] 1 базистік пункт – 0.01%

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

2015 ж. 7 тамызда Топ Швейцария франкінде көрсетілген сатудан түсімнің теңгемен баламасының өзгеру тәуекелін азайту мақсатында ақша ағындарын хеджирлеуді бастады. Швейцария қор биржасында 2014 ж. 20 маусымда шығарылған еурооблигациялар хеджирлеу құралы болып табылады. Швейцария франкіндегі транзиттік тасымалдардан түсім хеджирлеу объектісі болып табылады. Хеджирлеу нәтижесінде 2021 ж. 823 млн. теңге сомасына әсер өзге жиынтық кірісте көрсетілді (2020 ж.: 15,220 млн. теңге).

Кредиттік тәуекел

Топтың қаржы құралдарымен контрагенттердің шарттар талаптарын орындамау нәтижесінде пайда болатын кредиттік тәуекел әдетте осы контрагенттердің алдында контрагент міндеттемелерінің шамасы Топтың міндеттемелерінен асып түсетін сомалармен (мұндайлар болған кезде) шектеледі. Топтың саясаты бірқатар кредитке қабілетті контрагенттермен қаржы құралдарымен операциялар жасауды қарастырады. Кредиттік тәуекелге ұшырағыштықтың максималды шамасы әрбір қаржы активінің баланстық құнына тең.

Кредиттік тәуекел концентрациясы экономикалық жағдайлары немесе басқа да оқиғалары олардың өз міндеттемелерін орындау қабілетіне бірдей әсер етуі мүмкін деген болжамға қатысты қызмет сипаттары ұқсас қарыз алушы топтары немесе бір қарыз алушыдан бірнеше берешек сомасы болғанда туындауы мүмкін.

2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражаты мен оның баламалары, негізінен, «тұрақты» BB+ кредиттік рейтингісі бар «Қазақстан Халық банкі» АҚ-да орналастырылған (ақша қаражаты мен оның баламаларының 71%).

Топта берілген кредит лимиттерінен асып кетпейтін, және барабар кредит тарихы бар тапсырыс берушілермен мәмілелер жасалатындай үнемді бақылауды қарастырып отыратын саясат әрекет етеді. Топ өз клиенттерінің көпшілігімен алдын ала төлем негізінде жұмыс істейтіндігінің арқасында кредиттік тәуекел төмендейді.

Сонымен қатар, Топ банктерге берілген қаржылық кепілдіктер бойынша кредиттік тәуекелге ұшырайды. Осыған байланысты Топтың ең жоғары тәуекелі 28 Ескертуде көрсетілген кепілдіктер бойынша талаптар қойылған жағдайда Топ төлеуге міндетті болатын ең жоғары сомаға тең.

Өтімділік тәуекелі

Топ Акционердің талаптарына сай қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді және орта мерзімді қаржыландырудың өтімділік тәуекелін бақылап отырады. Топ барабар резервтерді, банктік несиелерді және қолжетімді кредит желілерін қолдау, қаржы активтері мен міндеттемелерін өтеу мерзімдерін салыстыру мен ақша қаражатының болжанған және нақты қозғалысын үнемі мониторинг жасау арқылы өтімділік тәуекелін басқарады.

2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топта жалпы сомасы 72,954 млн. теңге (2020 ж. 31 желтоқсан: 36,389 млн. теңге) игерілмеген қалдықпен «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және «Қазақстан Сити Банкі» АҚ кредиттік мекемелерінде қолжетімді кредиттік желілер бар.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Топ тұрақты негізде Акционер белгілеген және кредиттік келісімдерде/кепілдік шарттарында көзделген қаржылық коэффициенттердің шекті мәндерінің орындалуын бақылауды және мониторингті жүзеге асырады.

Келесі кестелерде Топтың қаржы міндеттемелері бойынша келісімшарттық мерзімдері көрсетілген. Кесте Топтан төлем талап етуі мүмкін ең бастапқы мерзім негізінде қаржы міндеттемелері бойынша ақша ағынының дисконтты емес қозғалысы негізінде құрылған. Кесте пайыздар бойынша да, сондай-ақ борыштың негізгі сомасы бойынша да ақша ағындарын қамтиды.

	1 айға дейін	1-3 ай	3 ай - 1 жыл	1-5 жыл	5 жылдан астам	Жиыны
2021 ж.						
Пайызсыз:						
Кредиторлық берешек	114,487	2,043	1	-	-	116,531
Басқа да міндеттемелер	7,563	9,696	5,883	1,993	-	25,135
Пайыздық:						
Несиелер	15,847	9,461	280,869	838,401	1,974,796	3,119,374
Жалдау	2,401	6,479	18,389	36,592	55,996	119,857
Қаржылық кепілдіктер	-	479	2,326	30,152	54,875	87,832
	140,298	**28,158**	**307,468**	**907,138**	**2,085,667**	**3,468,729**
2020 ж.						
Пайызсыз:						
Кредиторлық берешек	82,710	1,910	436	-	-	85,056
Басқа да міндеттемелер	6,516	6,908	5,088	4,136	-	22,648
Пайыздық:						
Несиелер	2,856	21,784	239,269	821,983	2,043,631	3,129,523
Жалдау	4,463	3,126	13,082	39,386	12,911	72,968
Қаржылық кепілдіктер	-	4,168	7,995	46,141	64,686	122,990
	96,545	**37,896**	**265,870**	**911,646**	**2,121,228**	**3,433,185**

Қаржылық кепілдік шарттары бойынша кестеде келтірілген сомалар контрагент кепілдік шарты бойынша талаптарды ұсынған кезде Топ өтеуге тиіс болатын ең жоғары сомаларды көрсетеді. Есепті күнге Топ 50%-дан астам ықтималдықпен осы шарттар бойынша ешқандай төлемдер талап етілмейді деп есептейді. Сонымен бірге, бұл бағалау контрагенттің кепілдік талаптарын ұсыну ықтималдығы өзгерген кезде өзгеруі мүмкін. Бұл ықтималдық контрагенттің кепілдендірілген дебиторлық берешегі бойынша дефолт ықтималдығына байланысты.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Келесі кестеде Топтың қаржы активтері бойынша күтілетін өтеу мерзімдері көрсетілген. Кесте Топтың ақша қозғалысы басқа кезеңде болады деп күтетін жағдайларды қоспағанда, осы активтер бойынша алынатын пайыздарды қосқанда, қаржы активтері бойынша дисконтталмаған келісімшарттық ақша ағындарының негізінде құрылған.

	1 айға дейін	1 - 3 ай	3 ай - 1 жыл	1 жылдан астам	Өтеу мерзімі белгісіз[10]	Жиыны
2021 ж.						
Пайыздық:						
Қысқа мерзімді салымдар	128,941	-	-	-	27	128,968
Қысқа мерзімді салымдар бойынша пайыздар	453	-	-	-	-	453
Басқа да қаржы активтері	2	-	-	-	-	2
Ақша қаражаты мен оның баламалары	17,577	-	-	-	4	17,581
Берілген несиелер	-	-	-	6,326	2,349	8,675
Пайызсыз:						
Ақша қаражаты мен оның баламалары	31,482	-	-	-	-	31,482
Пайдалануы шектелген ақша қаражаты	-	-	235	13,737	-	13,972
Сауда дебиторлық берешек	22,147	1,074	27	47	5,246	28,541
	200,602	**1,074**	**262**	**20,110**	**7,626**	**229,674**

	1 айға дейін	1 - 3 ай	3 ай - 1 жыл	1 жылдан астам	Өтеу мерзімі белгісіз[10]	Жиыны
2020 ж.						
Пайыздық:						
Қысқа мерзімді салымдар	117,874	-	-	-	19	117,893
Қысқа мерзімді салымдар бойынша пайыздар	23					23
Басқа да активтер	-	-	1	-	-	1
Ақша қаражаты мен оның баламалары	3,336	-	-	-	3	3,339
Пайызсыз:						
Ақша қаражаты мен оның баламалары	34,197	-	-	-	-	34,197
Пайдалануы шектелген ақша қаражаты	-	-	127	11,512	-	11,639
Сауда дебиторлық берешек	11,081	196	40	54	1,089	12,460
	166,511	**196**	**168**	**11,566**	**1,111**	**179,552**

Қаржы құралдарының әділ құны

Әділ құн тарату кезінде сату немесе еріксіз сату жағдайларын есепке алмағанда коммерциялық шарттармен хабардар болған тараптардың арасында құрал ауыстырылуы мүмкін сома ретінде анықталады. Топтың қаржы құралдарының көбісі үшін әділ құнын анықтауға арналған нарық механизмдері жоқ болғандықтан, әділ құнын бағалау кезінде құралға қатысты нақты тәуекелдер мен ағымдағы экономикалық жағдайлардың негізіндегі жорамалдарды қолдану керек.

[10] Өтеу мерзімі белгісіз сомалар күтілетін кредиттік шығындар есептелген сомаларды білдіреді

Топ қаржы құралдарының әділ құнын есептеу үшін келесі әдістер мен жорамалдарды қолданылады:

Ақша қаражаты мен оның баламалары

Ақша қаражаты мен оның баламаларының баланстық құны осы қаржы құралдарының қысқа мерзімді өтелу сипатына байланысты олардың әділ құнына шамамен тең келеді.

Қаржы активтері мен міндеттемелері

Өтеу мерзімі он екі айдан кем активтер мен міндеттемелердің баланстық құны шамамен олардың әділ құнына тең, себебі осы қаржы құралдар қысқа мерзімде өтеледі.

Өтеу мерзімі он екі айдан астам активтер мен міндеттемелер үшін есепті жылдың соңына бар нарық мөлшерлемесін қолданып дисконтталған ақша қаражатының есепті болашақ қозғалысының келтірілген құнын білдіреді.

Несиелер

Банктік несиелердің әділ құнын есептеу осындай өтеу мерзімдері мен кредиттік рейтинг параметрлері бар несиелер бойынша тиісті жылдың соңында басым болатын нарықтық мөлшерлемелерді пайдалана отырып, өтеудің есепті кезеңі ішінде жекелеген несиелер бойынша ақша қаражатының күтілетін болашақ ағындарын дисконттау арқылы жасалды. Банктік несиелердің көп бөлігін Топқа халықаралық қаржы институттары мен шетелдік банктер берген. Нәтижесінде осы несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелер ҚР жеке коммерциялық кредиттік ұйымдарының пайыздық мөлшерлемесінен төмен болса да, кредиторлардың осы санаты үшін нарықтық пайыздық мөлшерлемелер ретінде қарастырылады. Шығарылған борыштық бағалы қағаздардың (облигациялардың) әділ құны есептік күнгі нарықтық баға негізінде анықталған.

Тұрақты түрде әділ құны бойынша бағаланбайтын (бірақ әділ құны міндетті түрде көрсетілетін) Топтың қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінің әділ құны

2021 және 2020 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша несиелер мен шығарылған борыштық бағалы қағаздарды есепке алмағанда, қаржы активтері мен міндеттемелердің әділ құны олардың баланстық құнынан айтарлықтай айырмашылығы болған жоқ.
31 желтоқсандағы жағдай бойынша несиелер мен шығарылған борыштық бағалы қағаздардың (облигациялардың) баланстық және әділ құны төмендегідей түрде көрсетілген:

	2021 ж.		2020 ж.	
	Баланстық құны	Әділ құны	Баланстық құны	Әділ құны
Берілген несиелер	3,797	5,299	-	-
Басқа да қаржы активтері	15,031	15,031	12,608	12,608
Несиелер	364,907	359,599	369,440	354,281
Борыштық бағалы қағаздар	1,212,305	1,330,260	1,200,739	1,405,563

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Әділ құнды бағалау иерархиясы

Топ әділ құнды бағалауды төменде көрсетілген әділ құнды бағалау иерархиясын қолдану арқылы бағалайды. Ол аталған бағалауды қалыптастыруда қолданылатын деректердің маңыздылығын есепке алады:

- 1-ші деңгей: ұқсас қаржылық құралдарға қатысты белсенді нарықтағы баға белгілеулер (түзетілмеген).
- 2-ші деңгей: тікелей қолжетімді (баға белгілеулер) немесе тікелей емес қолжетімді (яғни баға белгілеуден туындайтын деректер) 1-ші деңгейге жататын баға белгілеуден өзгеше деректер. Бұл санат құрамына келесілерді қолданып бағаланатын құралдар енеді: ұқсас құралдар үшін белсенді нарықтардағы нарықтық баға белгілеулер, белсенді ретінде қарастырылмайтын нарықтарда ұқсас құралдар үшін нарықтық баға белгілеулер немесе жорамалдардың пайдалану талап етілетін ұқсас құжаттар үшін баға белгілеу негізінде бағаланатын құралдардан тұрады.
- 3-ші деңгей: қолжетімді болып табылмайтын деректер. Бұл санат байқалатын бастапқы деректерге негізделмейтін ақпаратты қолданып бағаланатын құралдардан тұрады. Алайда бұндай бақыланбайтын деректер құралдың бағалануына елеулі ықпал етеді. Бұл санат оларға қатысты құралдар арасындағы айырмашылықты көрсету үшін маңызды бақыланбайтын түзетулерді немесе жорамалдарды пайдалану талап етілетін ұқсас құжаттар үшін баға белгілеу негізінде бағаланатын құралдардан тұрады.

Төмендегі кестеде 2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құнының иерархиясы негізіндегі қаржылық құралдардың талдауы көрсетілген.

	1 деңгей	2 деңгей	3 деңгей	Жиыны
Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері:				
- берілген несиелер	-	5,299	-	5,299
- басқа да қаржы активтері	-	14,930	-	14,930
Пайда мен шығындар арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін басқа да қаржы активтері	-	-	101	101
Жиыны	**-**	**20,229**	**101**	**20,330**
Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы міндеттемелері:				
- борыштық бағалы қағаздар	1,288,064	-	-	1,288,064
- байланысты тараптардың борыштық бағалы қағаздары	42,196	-	-	42,196
- банктік кредиттер	-	298,145	-	298,145
- байланысты тараптардан несиелер	-	61,454	-	61,454
Жиыны	**1,330,260**	**359,599**	**-**	**1,689,859**

Төмендегі кестеде 2020 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құнының иерархиясы негізіндегі қаржылық құралдардың талдауы көрсетілген.

	1 деңгей	2 деңгей	3 деңгей	Жиыны
Қаржы активтері				
Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін басқа да қаржы активтері	-	12,507	-	12,507
Пайда мен шығындар арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін басқа да қаржылық активтер	-	-	101	101
Жиыны	**-**	**12,507**	**101**	**12,608**
Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы міндеттемелері:				
- борыштық бағалы қағаздар	1,366,896	-	-	1,366,896
- байланысты тараптардың борыштық бағалы қағаздары	38,667	-	-	38,667
- банктік кредиттер	-	268,796	461	269,257
- байланысты тараптардан несиелер	-	85,024	-	85,024
Жиыны	**1,405,563**	**353,820**	**461**	**1,759,844**

2 және 3-ші деңгейлі қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінің әділ құны, көпшілік мойындаған бағалау модельдері бойынша ақша қаражатының дисконтталған ағымын талдау негізінде есептелген. Бұл ретте контрагенттердің кредиттік тәуекелдерін көрсететін дисконттау мөлшерлемесі елеулі бастапқы дерек болып табылды.

2021 және 2020 жж. іші әділ құнның иерархиясы деңгейлері арасында ауыстырулар болған жоқ.

32. ЕСЕПТІК КҮННЕН КЕЙІН БОЛҒАН ОҚИҒАЛАР

Операциялық орта

2022 ж. қаңтардың басында ҚР-да жаппай наразылықтар басталып, жаппай тәртіпсіздіктерге ұласты. 2022 ж. 5-19 қаңтар аралығында ҚР аумағында төтенше жағдай режимі енгізілді. Жаппай наразылықтар мерзімінде бүкіл ҚР аумағында интернетке қолжетімділік шектелді, банктердің жұмысы тоқтатылды, қор нарығында операциялар, тауар биржаларында сауда-саттық жүргізілмеді, әуе қатынасы тоқтатылды. 2022 ж. 5 қаңтардан бастап теміржолдардың жабылуына байланысты кейбір станцияларда пойыздардың қозғалысы тоқтатылды. 2022 ж. 11 қаңтардан бастап жүк және жолаушылар тасымалының тұрақтылығы толығымен қамтамасыз етілді. 2022 ж. 15 қаңтарға қарай ҚР жағдай тұрақтанды және билік органдарының бақылауына алынды. Үкімет саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайларды тұрақтандыруға бағыт алды.

Бұл оқиғалар Топтың операциялық қызметіне және оның ішкі бақылауларына айтарлықтай әсер еткен жоқ.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

2022 ж. 24 қаңтарда Акционер Топты қоса алғанда, Акционер мен оның портфельдік компаниялары қызметінің барлық бағыттарын реформалау мәселелері бойынша ҚР Президентінің тапсырмаларын орындау үшін әзірленген Іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі – «Жоспар») бекітті. Жоспарда кадрлық саясаттағы, сатып алу жүйесіндегі өзгерістер бойынша жүйелі шаралар, Акционер мен портфельдік компаниялардың корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігін арттыру, бизнесті қолдау, комплаенс қызметінің жұмыс процестерін жетілдіру жөніндегі бастамалар, дивидендтік және инвестициялық саясаттағы, активтерді жекешелендіру мен адами капиталды дамытудағы жаңа тәсілдер көрсетілген. Топ Жоспарды іске асыруға кірісті.

2022 ж. ақпанда өңірдегі шиеленістің артуына байланысты болған сыртқы геосаяси жағдай аясында теңге негізгі шетел валюталарына қатысты айтарлықтай құнсызданды. Сыртқы факторлардың Қазақстан экономикасына теріс әсерін төмендету мақсатында ҚР Ұлттық Банкі базалық мөлшерлемені +/- 1.0 т.т. дәлізбен жылдық 10.25%-дан 13.5%-ға дейін көтерді, сондай-ақ шетел валюталарына қатысты теңгенің айырбас бағамын қолдау үшін валюта нарығында интервенциялар жүзеге асырылды. Алайда геосаяси тәуекелдердің болашақта өзгеруіне және олардың ҚР экономикасына әсеріне қатысты белгісіздік бар.

Топ басшылығы ҚР-да және әлемдегі экономикалық және саяси жағдайдағы ағымдағы өзгерістерді қадағалап, жақын болашақта Топ бизнесінің тұрақтылығы мен дамуын қолдау үшін қажетті деп есептейтін шараларды қабылдайды. Бүгінгі күні ағымдағы өзгерістерден Топтың бизнесі мен операцияларына айтарлықтай теріс әсер болған жоқ және ол күтілмейді, себебі жүк теміржол қозғалысы, оның ішінде халықаралық (транзиттік) қатынастағы қозғалыс ҚР-да да, бірқатар басқа елдерде де тоқтатылған жоқ.


Алайда болған оқиғалардың салдары және олармен байланысты болашақ өзгерістер Компанияның қызметіне елеулі әсер етуі мүмкін.

Ұзақ мерзімді несиелерді мерзімінен бұрын өтеу

Топ басшылығы «Банк ВТБ» ЖАҚ және «Сбербанк» АҚ ЕБ несиелері бойынша тиісінше 19,400,000,000 ресей рублі және 5,064 млн. теңге мөлшерінде негізгі борышты мерзімінен бұрын өтеу туралы шешім қабылдады. 2022 ж. 14-15 наурызда Топ «Банк ВТБ» ЖАҚ несиесі бойынша 9,980,000,000 Ресей рублі (44,553 млн. теңге) мөлшерінде негізгі борыш бөлігін және 567,623,219 Ресей рублі (2,509 млн. теңге) мөлшерінде есептелген сыйақыны мерзімінен бұрын өтеді.

7

ҚОСЫМША АҚПАРАТ



Есеп туралы

Осы «ҚТЖ» ҰК» АҚ 2021 жылғы біріктірілген жылдық есебі біздің мүдделі тараптарды Компания қызметінің нәтижелері туралы, соның ішінде тұрақты даму саласындағы жетістіктер туралы ақпаратпен таныстыруға бағытталған.

Есеп беріліп отырған жылы Компания ақпаратты интеграцияланған форматта ашу практикасын жалғастырды. Есеп GRI (Global Reporting Initiative) Standards-қа сәйкес дайындалды.

Есеп Компанияның барлық еншілес және тәуелді ұйымдарын қамтиды және 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғандағы кезеңдегі көрсеткіштерді, сондай-ақ көрсеткіштердің өзгеру серпінін көрсету мақсатында өткен кезеңдер мен болжамды мәндерді көрсетеді.

Тұрақты даму туралы барлық есептер Компанияның веб-сайтында қолжетімді: https://www.railways.kz/articles/sustainable-development/sustainability-report.

2020 жылғы Тұрақты даму саласындағы алдыңғы есеп 2021 жылғы маусымда бекітілді және сайтқа орналастырылды.

Осы есеп «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы ___ маусымдағы шешімімен бекітілген.

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

Мемлекеттің, бизнестің және халықтың қажеттіліктерін жақсырақ түсіну, сондай-ақ тиімді кері байланыс орнату және мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау үшін Компания айқындық және ақпараттық ашықтық қағидаттарында барлық стейкхолдерлермен диалог құруға тырысады.

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жүйесі тұрақты дамыту мақсаттарына қол жеткізуге және барлық мүдделі тараптардың мүдделерін үйлестіруге бағытталған.

Компания өзінің әлеуметтік жауапкершілігін мүдделі тараптар үшін сенімді серіктес бола білуден көреді және мүдделі тараптарды анықтау мен іріктеудің келесі принциптерін басшылыққа алады.

ТӘУЕЛДІЛІК
Компанияның қызметіне айтарлықтай тәуелді мүдделі тараптар

СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТЕР
Компанияның стратегиялық перспективаларын ескере отырып, ынтымақтастық маңызды болып табылатын мүдделі тараптар

ШИЕЛЕНІС
оларға қатысты неғұрлым белсенді ден қою талап етілетін мүдделі тараптар

ЫҚПАЛДЫЛЫҚ
Компанияның қызметі мен нәтижелілігіне ықпал етудің жоғары дәрежесі бар мүдделі тараптар.



Компания тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу кезінде жеткізушілермен өзара іс-қимыл жасау кезінде жеткізушілерге қажетті іс-шараларды орындау және Қазақстан Республикасының қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және экология жөніндегі нормативтік құқықтық актілерін сақтау туралы талаптар қояды.

Компанияда «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарында мердігер ұйымдардың жұмыстарды орындауы кезінде қауіпсіздікті басқару» корпоративтік стандарты қабылданды, онда:

- мердігерлердің Компанияның заңнамалық және жергілікті актілерінің талаптарын сақтау жөніндегі міндеттемелерін келісімшарттарға енгізу;
- мердігерлермен нұсқамалық кеңес өткізу;
- мердігерлердің персоналымен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша кіріспе нұсқама өткізу;
- мердігерлер персоналының Компанияның заңнамалық және жергілікті актілерінің талаптарын сақтауына мониторингті қамтамасыз ету көзделген.

Мүдделі тараптар тәуелсіздік өлшемшарттарын, топтың мүдделерін және ықпал ету дәрежесін ескере отырып анықталды.

Есеп мүдделі тараптардың анықталған күтулеріне сәйкес қалыптастырылған ақпаратты ашады.

МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ

Компания Есепті қалыптастыру мақсатында аспектілердің маңыздылығын айқындау мәніне онлайн-сауалнама арқылы мүдделі тараптарға сауалнама жүргізді.

Сауалнама GRI Standards тақырыптарын және алдыңғы есеп беріліп отырған кезеңдерде елеулі айқындалған тақырыптарды жіктеу негізінде жүргізілді.


Мүдделі тараптардың онлайн-сауалнамадан өту ыңғайлылығы үшін сауалнама 4 тілде: қазақ, орыс, ағылшын және қытай тілдерінде жүргізіледі.

Сауалнама тұрақты даму аспектілерін бағалау тұрғысынан ішкі және сыртқы мүдделі тараптар арасында жүргізілді. Жауаптардың нәтижелері бойынша тұрақты даму аспектілері бойынша Маңыздылық матрицасы қалыптастырылды. Маңыздылық матрицасы Компания үшін де, мүдделі тараптар үшін де маңызды тұрақты даму тақырыптары туралы көрнекі түсінік береді. Көлденең ось бойынша мүдделі тараптар үшін аспектілердің маңыздылығын бағалау, тік ось бойынша Компания үшін аспектілердің маңыздылығын бағалау келтірілген. Мүдделі тараптар мен Компания үшін (матрицаның жоғарғы бөлігі) маңыздылығы бойынша ең жоғары баға алған тақырыптар ең маңызды деп танылды және осы Есепте ашып көрсетілген. Маңызды тақырыптар Есепте шартты белгісімен бөліп көрсетілген.



«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ

Маңызды аспектілер матрицасы



ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

1. Компанияның экономикалық көрсеткіштері туралы ақпараттың маңыздылығы

2. Клиенттердің қанағаттануы туралы ақпараттың маңыздылығы

3. Компанияның қатысу аймақтарына тікелей емес экономикалық әсері туралы ақпараттың маңыздылығы

4. Компанияның сатып алу тәжірибесі туралы ақпараттың маңыздылығы

5. Реттеушімен қарым-қатынас туралы ақпараттың маңыздылығы

ӘЛЕУМЕТТІК КӨРСЕТКІШТЕР

6. Қызметкерлер мен басшылықтың өзара қарым-қатынасы туралы ақпараттың маңыздылығы

7. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу туралы ақпараттың маңыздылығы

8. Жұмыс орнындағы денсаулық және қауіпсіздік туралы ақпараттың маңыздылығы

9. Қызметкерлерге әлеуметтік пакетті ұсыну туралы ақпараттың маңыздылығы

10. Еңбек қатынастары тәжірибесіне шағым беру тетіктері туралы ақпараттың маңыздылығы

11. Оқыту және кәсіби өсу туралы ақпараттың маңыздылығы

12. Кемсітушілікке жол бермеу туралы ақпараттың маңыздылығы

13. Тасымалдау қауіпсіздігі туралы ақпараттың маңыздылығы

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

14. Компания ішіндегі энергия тұтыну тиімділігі туралы ақпараттың маңыздылығы

15. Компанияның экологиялық міндеттемелерге сәйкестігі туралы ақпараттың маңыздылығы

16. Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған шығыстар мен инвестициялар туралы ақпараттың маңыздылығы

17. Парниктік газдар шығарындылары мен басқа да ластағыш заттардың төмендеуі туралы ақпараттың маңыздылығы

18. Заңнамалық және нормативтік талаптарға сәйкестігі туралы ақпараттың маңыздылығы

МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАР ТІЗІМІ

GRI 102-54

Стандарттар мен нұсқаулықтар

Осы Есепте ұсынылған ақпарат GRI (Global Reporting Initiative) Standards-қа, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Компанияның ішкі талаптары мен регламенттеріне, сондай-ақ корпоративтік басқарудың халықаралық практикаларына сәйкес қалыптастырылған.

GRI 102-32

Сыртқы растама

Осы Есеп тәуелсіз верификациядан өткен жоқ. Болашақта Компания есептілікті верификациялаудың осындай тәжірибесін енгізуді жоспарлап отыр.

Есепке енгізілген деректердің дұрыстығы ақпаратты есепке алу мен жинаудың қолданыстағы жүйелерімен, ішкі регламентке сәйкес келетін тәртіппен Компанияның барлық құрылымдық бөлімшелерімен келісу арқылы қамтамасыз етіледі.

GRI 102-56

Жариялау алдында осы Есеп Компания Басқармасының шешімімен мақұлдануға шығарылады және Компанияның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітіледі.

ЕСЕПТЕ GRI СТАНДАРТТАРЫН АШЫП КӨРСЕТУ КӨРСЕТКІШІ

GRI 102-55

Жалпы ашып көрсетулер

Стандарт және көрсеткіштер	Ашып көрсетулер	Есептегі бет
GRI 101 (2016): НЕГІЗДЕРІ		
GRI 102 (2016): ЖАЛПЫ АШЫП КӨРСЕТУЛЕР		
ҰЙЫМ ПРОФИЛІ		
102-1	Ұйым атауы	11
102-2	Қызмет, брендтер, тауарлар және қызмет көрсету	13
102-3	Штаб-пәтердің орналасуы	311
102-4	Қызмет орнының орналасуы	311
102-5	Меншік құқығы және құқықтық нысаны	11, 311
102-6	Қызмет көрсетілетін нарықтар	13, 33, 311
102-7	Ұйым ауқымы	36, 41, 47, 105
102-8	Қызметкерлер және басқа да жұмыскерлер туралы ақпарат	114
102-9	Жеткізу тізбегі	96
102-10	Ұйымдағы және оның жеткізу тізбегіндегі елеулі өзгерістер	47
102-11	Сақтық принципі немесе сақтық принципіне негізделген тәсіл	195
102-12	Сыртқы бастамалар	23
102-13	Қауымдастықтарға мүшелік	23

Стандарт және көрсеткіштер	Ашып көрсетулер	Есептегі бет
СТРАТЕГИЯ		
102-14	Аға жетекшінің өтініші	**7, 9**
102-15	Негізгі әсерлер, тәуекелдер және мүмкіндіктер	**195**
ЭТИКА ЖӘНЕ АДАЛДЫҚ		
102-16	Мінез-құлық құндылықтары, принциптері, стандарттары мен нормалары	**192**
102-17	Әдеп бойынша консультациялар беру тетіктері	**194**
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ		
102-18	Басқару құрылымы	**141, 158**
102-20	Атқарушы басшылықтың экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тақырыптар бойынша жауапкершілігі	**158**
102-22	Жоғары басқару органының және оның комитеттерінің құрамы	**158, 144**
102-23	Жоғары басқару органының төрағасы	**144**
102-24	Жоғары басқару органының мүшелерін тағайындау және іріктеу	**144**
102-25	Мүдделер қақтығысы	**191**
102-26	Мақсатты, құндылықтар мен стратегияны анықтаудағы жоғары басқару органының рөлі	**25**
102-28	Жоғары басқару органының жұмысын бағалау	**166**
102-29	Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік әсерлерді анықтау және басқару	**195**
102-30	Тәуекелдерді басқару процестерінің тиімділігі	**195**
102-31	Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тақырыптарға шолу	**158, 195**
102-32	Тұрақты даму туралы есептілікте жоғары басқару органының рөлі	**305**
СЫЙАҚЫ САЯСАТЫ		
102-35	Сыйақы саясаты	**180**
102-36	Сыйақыны анықтау процесі	**180**
МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ		
102-40	Мүдделі тараптар топтарының тізімі	**303**
102-41	Ұжымдық шарттар	**117**
102-42	Мүдделі тараптарды анықтау және іріктеу	**301**
102-43	Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау тәсілі	**301, 303**
ЕСЕП БЕРУ РӘСІМДЕРІ		
102-45	Шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізілген ұйымдар	**301**
102-46	Есеп мазмұны мен тақырыптар шекарасын анықтау	**301**
102-47	Маңызды тақырыптар тізімі	**301, 303**
102-49	Есептіліктегі өзгерістер	**47, 303**

Стандарт және көрсеткіштер	Ашып көрсетулер	Есептегі бет
ЕСЕП ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР		
102-50	Есеп беріліп отырған кезең	301
102-51	Соңғы есеп беріліп отырған күні	301, 311
102-52	Есеп беру циклі	303, 312
102-53	Есепке қатысты сұрақтар қоюға арналған байланыс ақпараты	312
102-54	GRI стандарттарына сәйкес есеп беруге өтініш	305
102-55	GRI мазмұн индексі	305, 307
102-56	Сапаны сыртқы бақылау	305

Маңызды тақырыптар бойынша ашып көрсету

Стандарт және көрсеткіштер	Ашып көрсетулер	Есептегі бет
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫПТАР		
GRI 103 (2016): БАСҚАРУ ТӘСІЛДЕРІ		
103-1	Маңызды тақырыпты және оның шекараларын түсіндіру	303
103-2	Басқару тәсілі және оның компоненттері	89
GRI 201 (2016): ЭКОНОМИКАЛЫҚ НӘТИЖЕЛІЛІК		
201-1	Құрылған және бөлінген тікелей экономикалық құн	93
GRI 202 (2016): НАРЫҚТАРҒА ҚАТЫСУ		
202-1	Әртүрлі жыныстағы қызметкерлердің бастапқы деңгейінің стандартты еңбекақысының қызметтің маңызды аймақтарында белгіленген ең төменгі еңбекақыға қатынасы	119
GRI 203 (2016): ЖАНАМА ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫҚПАЛ ЕТУ		
203-1	Инфрақұрылымға және өтеусіз қызметтерге инвестициялардың дамуы және әсер етуі	60
203-2	Елеулі жанама экономикалық ықпал ету	95
GRI 204 (2016): САТЫП АЛУ ТӘЖІРИБЕСІ		
204-1	Жергілікті өнім жеткізушілерге арналған шығыстардың үлесі	96
GRI 205 (2016): СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ТӘЖІРИБЕ		
205-1	Сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдер мәніне бағаланатын өндірістік бөлімшелер	98
205-2	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың саясаты мен әдістері туралы хабардар ету және оларды оқыту	98
205-3	Сыбайлас жемқорлықтың расталған жағдайлары және қабылданған іс-әрекеттер	98
GRI 207 (2019): САЛЫҚТАР		
207-1	Салық салу тәсілі	94

Стандарт және көрсеткіштер	Ашып көрсетулер	Есептегі бет
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАҚЫРЫПТАР		
GRI 302 (2016): ЭНЕРГИЯ		
302-1	Ұйым ішінде энергияны тұтыну	137
302-2	Ұйымнан тыс энергияны тұтыну	137
302-3	Энергия сыйымдылығы	137
302-4	Энергияны тұтынуды азайту	137
GRI 303 (2018): СУ ЖӘНЕ ТӨГІНДІЛЕР		
303-1	Қайнар көздер бойынша бөлінген алынатын судың жалпы мөлшері	133
GRI 305 (2016): ШЫҒАРЫНДЫЛАР		
305-1	Парниктік газдардың тікелей шығарындылары	129
GRI 306 (2016): ТӨГІНДІЛЕР ЖӘНЕ ҚАЛДЫҚТАР		
306-2	Айналыс түрлері мен әдістері бойынша бөлінген қалдықтар	133
GRI 307 (2016): ТАЛАПТАРҒА СӘЙКЕСТІГІ		
307-1	Экологиялық заңнаманы және нормативтік талаптарды сақтау	128, 129
ӘЛЕУМЕТТІК ТАҚЫРЫПТАР		
GRI 401 (2016): ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ		
401-1	Жаңадан жалданған қызметкерлер және кадрлардың тұрақтамауы	107
401-3	Ана/әке болуына байланысты демалыс	114
GRI 402 (2016): БАСШЫЛЫҚ ПЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ		
402-1	Операциялық өзгерістер туралы хабарлаудың ең аз кезеңі	117
GRI 403 (2018): ЖҰМЫС ОРНЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ		
403-1	Денсаулық және қауіпсіздік жөніндегі ресми бірлескен комитеттерде ұсынылған персоналдың үлесі	77
403-2	Өндірістік жарықтандырудың түрлері мен деңгейі, жұмыс орнында болмаған және жоғалған күндер коэффициенті, сондай-ақ өлім-жітімнің жалпы саны	79, 123
403-3	Жарақаттануы жоғары және сырқаттану қаупі жоғары жұмыскерлер	77, 79
403-4	Кәсіподақтардың ресми келісімдерінде денсаулық және қауіпсіздік мәселелерін көрсету	77
GRI 404 (2016): ДАЙЫНДЫҚ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ		
404-1	Бір қызметкерге шаққанда оқу сағаттарының орташа жылдық саны	121
404-2	Дағдыларды дамыту және білім беру бағдарламалары, сондай-ақ мансапты аяқтау кезіндегі қолдау бағдарламалары	120
404-3	Нәтижелілігі мен мансабының дамуына мерзімді бағалау жүргізілетін қызметкерлердің үлесі	115
GRI 405 (2016): ӘРТҮРЛІЛІК ЖӘНЕ ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР		
405-1	Корпоративтік басқару органдары мен қызметкерлердің әртүрлілігі	105
405-2	Ерлер мен әйелдердің негізгі еңбекақысының қатынасы	119
GRI 412 (2016): Адам құқықтарын бағалау		
412-2	Қызметкерлерді адам құқықтарын сақтау саясаты мен рәсімдеріне оқыту	187

ГЛОССАРИЙ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ	«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
Қор	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы
ЖІӨ	жалпы ішкі өнім – пайдаланылған өндіріс факторларының ұлтына қарамастан мемлекет аумағындағы экономиканың барлық салаларында тұтыну, экспорт және жинақтау үшін бір жыл ішінде өндірілген барлық түпкілікті тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің (яғни тікелей пайдалануға, пайдалануға немесе қолдануға арналған) нарықтық құнын көрсететін макроэкономикалық көрсеткіш
Жүк айналымы	белгілі бір уақыт ішінде тасымалданатын жүк массасының тасымалдау қашықтығына көбейтіндісіне тең көлік жұмысының экономикалық көрсеткіші (жүк тасымалы көлемінің көрсеткіші). Жүк айналымы тонна-километрмен өлшенеді.
Жұмыс уақытын жоғалтумен тіркелетін оқиғалардың жиілік коэффициенті	бөлімшеде немесе кәсіпорында бір жыл ішінде жұмыс істеген жиынтық жұмыс уақытына жатқызылған және 1 млн адам/сағатқа нормаланған жұмыс уақытын жоғалту жағдайларының санын айқындайды.
КЗХ	Қазақстан темір жолдары
МТЖ	магистральдық теміржол желісі
МАТП	Мемлекетаралық түйісу пункттері
Операциялық пайда	кәсіпорынның негізгі қызметтен нетто-түсім (өзіндік құнды шегергендегі түсім) мен негізгі қызмет бойынша шығыстар (соңғысына тікелей және операциялық шығыстар қосылады) арасындағы немесе жалпы пайда мен операциялық шығыстар арасындағы айырмашылыққа тең келетін пайдасы.
Жолаушылар айналымы	жолаушылар-километрмен өлшенетін жолаушылар тасымалы көлемінің көрсетілу көрсеткіші жолаушылар санының тасымалдау қашықтығына көбейтіндісі ретінде есептеледі.
Негізгі жолдардың кеңейтілген ұзындығы	барлық негізгі жолдардың ұзындығының қосындысы (бірінші, екінші, үшінші және т.б.).
БАҚ	бұқаралық ақпарат құралдары
ОЭР	отын-энергетикалық ресурстар
Энергия сыйымдылық	өнім (жұмыс) бірлігіне отын-энергетикалық ресурстардың үлестік шығыстарын төмендету көрсеткіші
Пайдалану ұзындығы	екінші басты, станциялық және т. б. сияқты жолдарды есепке алмағанда станциялар арасындағы теміржол желілерінің ұзындығы
EBITDA	пайыздарды, салықтарды, тозуды және есептелген амортизацияны төлеу бойынша шығыстарды шегергенге дейінгі пайда көлеміне тең талдамалық көрсеткіш
EBITDA margin	Компанияның кірістілік мөлшері EBITDA мен кірістің қатынасы ретінде есептеледі
ЖФБ	жиырма футтық эквивалент
GRI	Global reporting initiative (жаһандық есептілік бастамасы)
ТЖЫҰ	Темір жолдар ынтымақтастығы ұйымы
ХТЖО	Халықаралық темір жолдар одағы
ХТЖО АТӨА	Халықаралық темір жолдар одағының Азия-Тынық мұхит өңірлік ассамблеясы
ЕАЭО	Еуразиялық экономикалық одағы
ШЫҰ	Шанхай ынтымақтастық ұйымы
ЭДТ АБЖ	«Энергодиспетчерлік тартым» автоматтандырылған басқару жүйесі
LCL	less than container load (контейнерді ішінара жүктеу)
ТТҮК	Транс-Еуразия тасымалдары жөніндегі халықаралық үйлестіру кеңесі

ҚНК	қызметтің негізгі көрсеткіштері
ХТТ	халық тұтынатын тауарлар
БКЛК ЕРА	«Еуразиялық теміржол альянсы бірлескен көліктік-логистикалық компаниясы» АҚ (БКЛК-ЕРА)
ТХКМ	Транскаспий халықаралық көлік маршруты
КТС	корпоративтік табыс салығы
ТМҚ	тауар-материалдық қорлар
ЖӘШ	жалпы және әкімшілік шығыстар
ROACE	орташа қолданысқа енгізілген капиталдың рентабельділігі
NOPAT	салықтан кейінгі операциялық пайда
NAV	активтердің таза құны
ИЖЖ	интеграцияланған жоспарлау жүйесі
ТЧЭ	локомотив пайдалану депосы
ТД	айналым депосы
АТ	ақпараттық технологиялар
БҚО	бірыңғай қызмет көрсету орталығы
ЭЦҚ	электрондық цифрлық қолтаңба
IFTMIN	жөнелтпе құжат үшін жүктің жөнелтілгені туралы электрондық хабарлама
ДӨО	Деректерді өңдеу орталығы
СОБ	сигнал беру, орталықтандыру және блоктау құрылғылары
ЖҚҚ	жеке қорғану құралдары
ӨҚ ИЖ	«Өндірістік қауіпсіздік» интеграцияланған жүйесі
ТМҚ	тауарлық-материалдық құндылықтар
HR KPI	персоналды басқару тиімділігінің негізгі көрсеткіштері
ЕҚК	еңбекке қатысу коэффициенті
ЕТЕМ	ең төменгі еңбекақы мөлшері
БЖЗҚ	Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры
USIC	Спортшы теміржолшылардың халықаралық одағы
ДКН	денсаулықтың кенеттен нашарлауы
НТҚ	нормативтік-техникалық құжаттама
ҚОҚ	қоршаған ортаны қорғау
ҚТҚ	қатты тұрмыстық қалдықтар
ESG	environmental, social, and corporate governance (экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару)
LSE	Лондон қор биржасы
АХҚО	«Астана» халықаралық қаржы орталығы
ТСК	Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитет
СҚК	Стратегия және қаржы жөніндегі комитет
ҚҚОҚК	Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет
АК	Аудит жөніндегі комитет

8

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

GRI 102-51

GRI 102-3

GRI 102-4

GRI 102-5

GRI 102-6

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы

010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ-сы, Д. Қонаев к-сі, 6

Анықтама қызметі: +7 (7172) 93 01 13

Баспасөз қызметі: +7 (7172) 60 42 87

www.railways.kz kense@railways.kz

Инвесторлармен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша

Исмаилов Дәулет Қанатұлы

Тел.: +7 (7172) 60 37 22

Электрондық пошта: Ismailov_D@Railways.kz

Аудитор

«Делойт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Қазақстан Республикасы, Алматы қ-сы, Әль-Фараби д-лы, 36

Тел.: +7 (727) 258 13 40

Электрондық пошта: almaty@deloitte.kz

Тіркеуші

«Қазақстан қор биржасы» АҚ

Қазақстан Республикасы, Алматы қ-сы Байзаков к-сі, 280,

«Almaty Towers» көпфункционалды кешенінің

Солтүстік мұнарасы, 8-қабат

Тел.: +7 (727) 237 53 00

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ТЫҢ ШЕТЕЛДЕГІ ӨКІЛДІКТЕРІ

ҚХР-ның Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданындағы өкілдік, Үрімші қ-сы

Мекенжайы: Қытай Халық Республикасы, Үрімші, Бэйсанлу көшесі, 108

Тел.: +8 10 86 (991)788 82 77 43 (Жетекшісі-Төлегенов Олжас Алмасұлы)

Электрондық пошта: tolegenov.olzhas@bk.ru

Орталық Азия аймағындағы өкілдік, Ташкент қ-ы

Мекен-жайы: Өзбекстан Республикасы, Ташкент қаласы,

Мирабат ауданы, Шевченко көшесі, 7

Тел.: + 8 10 (99871) 237 90 43 (Жетекшісі - Кенжебеков Нұрлан Тұрашұлы)

Электрондық пошта: ntk77@mail.ru

Түрікменстандағы өкілдік, Ашхабад қ-сы

Мекен-жайы: Түрікменстан Республикасы, Ашхабад қ-сы, Андалиев к-сі, 70

Тел.: +8 10 (99312) 47 41 29 (Жетекшісі - Кәкенов Шыңғыс Абайұлы)

Электрондық почта: kzhtrkrail@mail.ru

«ҚТЖ – ЖҮК ТАСЫМАЛЫ» ЖШС-НІҢ ШЕТЕЛДЕГІ ӨКІЛДІКТЕРІ

Ресей Федерациясындағы өкілдік, Мәскеу қ-сы

Мекен-жайы: Ресей Федерациясы, Мәскеу қ-сы, Гончарная к-сі, 21

Тел.: 8 (495)514 16 42 (Жетекшісі – Захаров Владимир Леонидович)

Электрондық пошта: ktzrf2012@yandex.ru

ҚХР және ОША елдеріндегі өкілдік, Бейжің қ-сы

Мекен-жайы: Қытай Халық Республикасы,

Пекин қаласы, Дуншуйцзинь даңғылы 11, с-709 кеңсесі

Тел.: + 8 10 (86105) 864 33 27 (Жетекшісі – Әубәкіров Ерік Жеңісұлы)

Электрондық пошта: ktz_beijing@qq.com, ktzbeijing@mail.ru

Иран Ислам Республикасындағы өкілдік, Тегеран қ-сы

Мекен-жайы: Иран Ислам Республикасы,

Тегеран қ-сы, Джамалзаде Шумали к-сі, 37, 1-офис

Тел.: +8 10 (98938) 231 07 77 (Басшысы – Тырсынбеков Нұржан Мәлікұлы)

Электрондық пошта: tnm1881@mail.ru

Біз барлық мүдделі тараптарды маңызды тақырыптарды анықтау үшін онлайн-сауалнамаға қатысуға және сілтеме бойынша осы біріктірілген жылдық есепке қатысты пікіріңізді қалдыруға шақырамыз:

https://www.railways.kz/articles/sustainable-development/otchet_v_oblasti_ustoichivogo_razvitiya

GRI 102-53

Есепке қатысты сұрақтар қоюға арналған электрондық пошта: Sustainability@railways.kz



ҚАЗАҚСТАН
ТЕМІР
ЖОЛЫ